Білім берудегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертті. Мұнда мұғалімнің кәсіби-әдістелік шеберлігінің маңызы зор. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ы.Алтынсарин қалыптастырды.

Ы. Алтытынсариннің ізгі ойлары, талғамы, педагогикалық идеялары бүгінгі күні ерекше орын алады.Еліміздің үлкен бір проблемасы – ол жас ұрпақ проблемасы болып есептеледі. Сондықтан бүгінгі мақсат Ыбырай Алтынсаринның еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру. Ұлы ұстаз әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Егер, жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бірі табылса, біртұтас мінез қалыптасады. Бұлар ұстаздардың оқушыларға дұрыс, жүйелі, табанды түсіндірумен, балаға дұрыс талап қоя білулерімен жүзеге асырылады және ұзақ уақытты қажет етеді. [2, 232б].

Бүкіл адамзат қоғамындағы материалдық және рухани байлықтың бәрі де адам еңбегінің құдіреті арқылы жүзеге асады.

«Еңбек-байлық атаулының негізі. Ол бүкіл адамзат өмірінің бірінші алғы шарты. Адамның өзін жасаған еңбек»-деп Ыбырай Алтынсарин ғылыми түрде тұжырымдап көрсетті. Сол адамзат қоғамы тарихымен тығыз бірлікте жасап келе жатқан жасампаз тәрбие нысаны-еңбек пен кәсіпке үйрету, оның еңбегін үнемді ету.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөлген «Тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады»-деген ұлы ұстаз. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға Ыбырай Алтын-сарин терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі

деген анықтама береді. Ал бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын. Сондай-ақ тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білу.мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі дегенді де ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жазған. Міне, кезінде аса көргендікпен көпшілікке ұсынған осы ұғым тұжырымдары қазір де мұғалімдердің қажетіне жарап жүр. Еңбекті қадірлеу-оның шығармаларының басты тақырыбы өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастады. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, «бағып-қағып үлкен мән бер бала тәрбиесіие» жеміс ағашын өсіруші бағбан еңбегімен парапар [1, 333б]. «Дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызда дарып, сіңеді»-деген тұжырым жасады.

Ыбырай әңгімелерінің ішіндегі оқушылар үшін биік шығармаларының бірі - «бай баласы мен жарлы баласы».Қазақ қоғамындағы өмір шыңдығын, тап жігін аша отырып, ауыр тұрмыстың ыстық қазынасында пісіп, тағдыр тауқыметін көрген кедей баласының еңбек қорлығын баяндайды. Мұғалім үшін өз сабағында осы мәселеге көңіл қойып, үйретудегі мақсат: Асан мен Үсенге салыстырмалы мінездеме бере отырып, кедей баласының сабырлығы мен көрегендігін, еңбекқор, өмірге икімділігін; екіншісінің шыдамсыздығын жинақтай отырып, жазушының айтайын деген ойын, шығарманың идеялық мазмұнын айқын түсіндіру. [2, 432б]. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай Алтынсарин еңбектенсең, талаптансаң, мақсат- мұратыңа жетерсің-дей келіп, осы идеяны ашып көрсетеді. Балаға білім берудегі еңбекке баулудың рөлі өте зор деген ой тастайды. Ыбырай Алтынсарин оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеу, оқыту өз еңбегіңің нәтижесін көруге, одан қанағат, ләззат алуға үйретеді, еңбек етіп үйренген адамға білім беру жеңілірек болады- деген пікірді ұсынды. [3, 233б]

Ы.Алтынсариннің алға қойған мақсаттарына тоқталсақ, жоғарыда айтылғандай: оқушыларға жан-жақты және кең көлемде білім беру; мұғалімнің рөлін жоғары көтеру, оқулықтардың сапасына көңіл аудару; оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп,толықтырып отыру; оқушылар білімін қосымша материалдармен толықтыруға аса мән берілген**.** Сонымен қатар, ұлы ағартушы адамгершілікке тәрбиелеу идеясын көтерді, оны шешу жолдарын іздестірді. Қазіргі біз пайдаланып жүрген тәрбиенің қазіргі қай бағытын алатын болсақ, Ы. Алтынсарин еңбектерінен табуға болады. [3, 213б].

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы - жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Мұғалім оқушынын табиғи дарын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология әлементтерін тиімді пайдалану керек бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен, тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ - ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Ы.Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ы.Алтынсариннің педагогикалық иделарының өміршендігін-байқатады. Ол мұғалімнің беделін көтере отырып, сол мұғалімге талап қойған. [2, 345б].

Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологияларда бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп - саралап оқыту, проблемалық оқу, интерактивті, белсенді оқыту т.б. - қайсысын алсақ та негізінде Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары бар. Осы жерде «Новое - это хорошо забытое старое» - деген сөзбен келіспеуге болмайды**.**

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің тиімділігінің басты көрсеткіші-білім сапасы мұғалімнің негізі міндеті-оқушыны білімге, өз бетінше ізденіске және шығармашылық жұмысқа баулу болып табылатыны бәрімізге белгілі. Бүгінгі күннің міндетінде «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» делінген. Қазіргі жас ұрпақ жан-жақты терең білімді, саяси- экономикалық сауатты, яғни интелектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сенімізміз мол.

Ы.Алтынсариннің алға қойған мақсаты-қайткен күнде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегелі, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңмен жалғыз алысып», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш-қайратын, ақыл-парасатын сарп еткен ұлы ұстаз қалың бұқараны шынайы қамқоршылары бола білді. Ыбырай идеяларын дамытып, қоғамда пайдалана білу- үлкен жетістік. [3, 321б]

Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құрамыз десек, дәл бүгін бесікте жатқан бөбектерді, балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз керек . Осы талап пен міндеттерді орындалудағы ең бір пәрменді құрал – оқу, тәлім – тәрбие жұмыстарында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын пайдалану. Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандар даярлау және жасампаз іс әрекетті қалыптастыру. Олай болса, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы мәселелер ауқымындағы ой пікірлерін зерделеу, сипаттау, таразылау, жинақтау, оларды қоғамдық іс – тәжірибе шеңберіне енгізу.

Ы.Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы – педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым – қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Ол өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанды. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл – парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балғожаның ықпалы ерекше болды. Ыбырай бала жастан халықтық

педагогикадан алған тәлім – тәрбиесін, үлгі – өнегесін көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңдіре білді. Ы.Алтынсариннің ұлттық эстетикалық тәрбие проблемаларын қозғайтын арнайы еңбектерін жазып қалдырмағаны белгілі, бірақ Ы.Алтынсариннің ұлттық – эстетикалық тәрбиеге қатысты оның педагогикалық қызметінен көрініс тапты. Ы.Алтынсарин шығармалары халқымыздың салт – дәстүрі, әдет – ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнде келеді. Ы.Алтынсарин жастарды оқу – білім, өнерге баулу пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әр түрлі ұстаздық амал тәсілдерді қолданады.

Бір Аллаға сыйынып Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық! – деген өлеңінде білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа қарсы болды. Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей – жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл, қыздарының оң қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген.

Ы.Алтынсарин өзінің төл туындыларында тәрбиелік, нақыл – насихаттық мәніне ерекше көңіл аударып отырды. [2, 323б]. Сол арқылы жас буынды адамгершілік пен ізгілікке, еңбек пен зейінділікке, өнер – білімге баулуды көздейді. Ол ел жұртқа қажет білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы жүзеге асады деп санады. Ы.Алтынсарин қызметінде балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысы ерекше орын алады. Мектептегі оқыту мен тәрбие процесін жүргізуші мұғалім деп таныды. Ы.Алтынсарин надандықтың зиянын, ғалымның қоғамдық маңызын түсіндіреді. Бұл әсіресе «Талаптың пайдасы» т. б. әңгімелерімен көрінеді.

Шығармаларында оның өнерге деген ықылас – ілтипаты анық байқалады. Өзінің өлеңдері мен әңгімелері арқылы жастарды табиғаттың әсемдігін, адам сезімін қабылдап, түсіне білуге тәрбиелейді, оның өлеңдері мен ғибрат әңгімелері жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Ол аймақта мектептер мен кәсіптік училищелер ашу арқылы жалпы және кәсіптік білім беру ісінің негізін қалады.

Сиса көйлек үстінде,Тоқуменен табылған.Сауысқанның тамағы, Шоқуменен табылған,- деп педагогтік тәсіліменен балаға еңбек атаулыдан хабар аңғартады. Мектеп – қазақ балаларына білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында,тек осы мектептерде ғана деп жазған болатын. Ы.Алтынсарин шығармаларында еңбекті сүю, білімдіден үйрену, талпыну, адамды сыйлау үгіттеледі.

Алайда ұлы ағартушының сан қырлы педагогикалық, ғылыми зерттеулері, сондай – ақ өлеңдері мен прозасы, аудармалары біздің заманымызда ғана терең зерттеліп, өзінің тиісті, әрі байсалды бағасын алды. Қоғамдық ой – сананың дамуына өзіндік үлес қосқан ұлы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсарин есімі де тұрады. [3, 132б].Ұлы ғалым – педагог Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» және «Таза бұлақ» деген оқу – әдістемелік еңбектері қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында аса зор оқиға болып бағаланады. Және болашақ ұрпақтың ақыл ойы мен жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік, эстетикалық еңбек дағдылары мен қасиетін тәрбиелеудің негізі болып есептеледі. Жеке тұлғаны оқу мен өнерге, мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде Ы.Алтынсарин аса бағалы, бай қор – қазақ фольклорына ерекше назар аударды. Бұлдан ұлы ағартушының істеген ісінен, шығармаларынан бала тұрғысынан қалыптастыру мен тәрбиелеуде қазақ отбасының тәлім аларлық ең жақсы дәстүрлеріне жоғары баға бергендігін көреміз.

Кім сендерді, балалар тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,

Қамқор анаң көз жасын көлдететін,- деген, ақын бұл өлең шумақтарынан отбасындағы ата – ана тәрбиесі мен баланы сүйіп, еркелететіндігін және ата – ана баланың алғашқы табиғи тәрбиешісі, балажандық қасиеті мен ерекше мейірімділігін көреміз. Ы. Алтынсарин еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре біледі. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы Абай айтқандай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегінде топтасқан. Мәселен. «Бай баласы мен жарлыбаласы». Асан мен Үсен әңгімесі шындық реалистік әңгіме. Осы әңгімесінде Алтынсарин бүкіл ағартушылық еңбегінің негізгісырын, әлеуметтік тенденциясын айқын ашып береді. Үсен арқылы еңбекші бұқараның жас ұрпағының еңбек сүйгіштігін, әр нәрсенің ретін таба білетіндігін көрсетеді. Ал, Асан бейнесінде мұндай қасиет байқалмайды. Үсен бейнесінен тек еңбексүйгіштіктен басқа дәрменсіз Асанға көмегі оның адамгершілік жағынан бейнесін сомдай түседі. Мұнда қазақ өміріндегі Асанға лайық ұқсас мінездерін айқын көрсетіп береді. «Ол жастайынан сұрағанын әперетін, дегеніністейтін кісі болғандықтан жатыпішерболуға әрекеттенеді». «Олеш нәрсе істеуге әдеттенген жоқ, демек, өзінің не істей алатынын, несі жоқ екенін жақсылап айыра алмайды». Осы жерде қортынды жасай кететін болсам: мұндай балалар қазірдің өзінде де кездесіпотырады. Олар әке – шешелерінен көмек күтіп таңнан кешке дейін отырудан тайынбайтындар кездессе, керісінше бос уақыттарында пайдалы іспен айналысып, ата – аналарынан көмектерін аямайтын балаларды да жиі кездестіруге болады. Осы әңгіме арқылы мектеп оқушыларына жақсы мен жаман, кедей мен бай, сараңдықпен жомарттық туралы сөздермен біраз мағлұматтар беруге болады. Ы.Алтынсарин осы іспеттес әңгімелерінде еңбек процесінің адамның сана – сезімін, психологиясын қалыптастыруда

ерекше орын алатынын жақсы түсінген. [4, 432б]. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей жасөспірімдердің басында кездесетін түрлі жаман мінездерді отбасындағы тәрбиемен терең астастырады. Адамның жеке басының мінез – құлқын қалыптастыру, оның бойынан жойылып бара жатқан адамгершілік қасиеттерді сіңіру, иманжүзді етіп тәрбиелеу ата – ананың тікелей әсерімен отбасынан басталып, мектепте жүзеге асатынын ескерген жөн. Ыбырай келешегінен үміт күткен, өз халқын жан тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот азаматтар еді. Өз заманының ақыл ойшылдары ірі қоғам қайраткерлері, олардың дарқан бейнелері мен іс әрекетінен қазақ халқының мәдени экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін, жаппай сауатты, мәдениетті, оқыған ел болуын көксеген біртуарасылазаматы. [1, 345б]. Қазақ педагогикасының дамып, өркендеуіне белсене ат салысып мынандай үлес қосты: қазақ балаларына алғаш мектеп ашты, Ырғыз қазақ қыздарына арналған мектеп – интернат ашты, «Қазақ хрестоматиясын», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жазды. Қоғамның заңды тіршілік етуі тек қана халықтың ағартушылық деңгейі қоғамдық және дара санының дамуы арқылы мүмкін болатынын тарихи іс тәжірибе көрсетіп отыр .Әлемдік деңгейдегі барлық құқықтық мемлекеттерде азаматтық қоғам ғасырлар бойы жинақталған құндылықтар негізінде қалыптасқаны белгілі. Осы бағытта Ы.Алтынсарин игілікті ісін ықыласпен қолдап, оны егемен елдің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық үлгісі ретінде жандандырып, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану білім беру міндеттерінің талабы болған абзал.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж
2. Ы. Алтынсарин «Өнер білім бар жұрттар» Алматы, 1989ж
3. Ы.Алтынсарин . Таңдамалы шығармалары.320 бет
4. Ы.Алтынсарин тағылымы. Құрастырған М.Жармұхамедов
5. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. А, Ғылым .1990.
6. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. А, 1965.
7. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А, Санат. 1994.
8. Керімбаев Н. Жасымда ғылым бар депескермедім. А ,Рауан. 1995.
9. Қирабаев С. Бес ғасыр жырлайды 2-т. А, Жазушы. 1989.
10. Ламашев Ә. ЫбырайАлтынсарин. А, Анатілі. 1991.
11. Сыздықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеяларымен ағартушылық қызметі. А, 1969.


ӘОЖ: 373.71

## ТАБЫСТЫ МЕКТЕП БОЛУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰСТАЗДАР ҚЫЗМЕТІ


**Алимова Айткуль Едресовна,**
Н.Наушабаев атындағы мектеп – гимназия директоры
**Саржанова Нурзия Молдабаевна,**
мектеп директорының ғылыми – әдістемелік ісі
жөніндегі орынбасары
Тобыл қ., Қазақстан



**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Ұстаздық қызметтің табысты болуы үшін мектептегі әдістемелік жұмыс жүйесі бойынша әдістемелік жұмыстың мазмұны, әдістемелік жұмыс формаларының оптимальді түрлері, мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдірудің жолдары туралы мектептегі іс – шаралармен негізделе отырып жазылған. Әдістемелік қызметтің басты идеясы ынтымақтастық, өзара байланыс, шығармашылдық табысқа жетудің жолы.Шығармашыл, шебер ұстаздыққа жетудегі мектептегі кәсіби педагогикалық ынтымақтастықтың жүйелілігінің маңызы туралы айтылған.


**Түйін сөздер:** ұстаздық қызмет, мектептегі басқару, табыс, білік, білім, дағды.


**Аннотация**

Актуальность и цель. Успешная преподавательская деятельность заключается в системности методической работы в школе. Оптимальные формы методической работы, пути совершенствования профессионального мастерства учителя были составлены с учетом внутришкольных мероприятий. Главная идея методической деятельности - сотрудничество, взаимодействие, творческий путь к успеху. Путь к творчеству и профессионализму учителя лежит системности работы профессионального педагогического сотрудничества в школе.


**Ключевые слова:** педагогическая деятельность, управление в школе, успех, умения, знания, навыки.

**Annotation**

Relevance and goal. Successful teaching lies in the consistency of methodological work at school. The optimal forms of methodological work, ways to improve the professional skills of the teacher were made taking into account intra-school activities. The main idea of methodical activity is cooperation, interaction, creative way to success. The way to creativity and professionalism of the teacher lies in the systematic work of professional pedagogical cooperation in school.
**Keywords:** pedagogical activity, school management, success, skills, knowledge, skills.

Әлемдегі білім беру үрдісі қоғамдық іс-әрекет ретінде қоғамда өзінің өзгерісіні, ізін қалдырады. Білім беру жүйесі деңгейі қоғамдық дамудың деңгейін көрсетеді,- деп те айтуға болады. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, білім берудегі сапалылыққа бетбұрыс қоғамның болашақ дамуының тек қана салдары болып қоймай, қажетті шарттары да болып табылады. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын қажет етеді.

Тез өзгеріп отырған жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, білімін, біліктілігін арттырып отыру жүйелі жұмысты және педагогтардың ғылыми, әдістемелік, кәсіптік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісін қажет етеді. Мектеп педагогтарының жоғары әдістемелік мәдениетте жұмыс жасауы және өз еңбегінің сапасы мен нәтижесіне талап қоя білудің маңызды бағыты ол оқытуды ұтымды, тиімді әдістермен ұштастырғанда ғана табыс пен тиімділікке әкелері сөзсіз. Оқушыны шығармашылықпен оқыту немесе шебер ұстаз ғана оқушыларда танымдық, ойлау қызметін жандандырып, терең, берік білімді, іскерлік пен дағдыны қалыптастыратын болады.

Шебер ұстаз дегенді шығармашыл ұстаз деп те атар едім. Шығармашыл ұстаз күнделікті әрбір сабағын түрлендіріп өткізуге тырысады. Оқушының білімін көтерудің ең басты шарты-оның пәнге деген қызығушылығын арттыру. Пәнге деген қызығушылығы болса ғана, бала оған көңіл қойып тыңдап, тереңдете оқып үйрене бастайды. Пәнге қызыққан оқушының білім сапасының жоғары болатыны белгілі. Шебер мұғалім үнемі оқушының ойлау белсенділігін арттырып, білімге қызығушылығын тудыру үшін сабақтарын құрастыруда жүйелі жұмысты ұйымдастыра алады. «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы «Қостанай ауданы әкімдігінің білім бөлімі Нұржан Наушабаев атындағы мектеп – гимназиясы (жанындағы интернатымен)» КММ – де жалпы 100-ге жақын мұғалім ұстаздық қызмет етеді. Ұжымдағы мұғалімдердің негізгі жұмыс мақсаты - сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы, білімді шәкірттердің бәсекеге қабілеттілігін, сапасын арттыру,- деп таңдалған.

Ұстазсыз, оның ішінде білімді, танымы мол, шығармашыл ұстазсыз мектеп ешқашан да табысты бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер - тағылымы терең өнер. Ал ұстаздық табиғатынан өнерлі болу деген сөз, ол кез- келген педагогта кездейсоқ бола бермейді. Олай болса, талантты ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбек ұштастырылуы шарт. «Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау», -деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай әр педагог аянбай еңбек етіп, өз білімін үнемі жетілдіріп отырғанда ғана ұстаз бақытына ие бола алады.

Ал осы ұстаздың талантына қанат бітіретін, алға жетелейтін де көбіне мектеп әкімшілігінің дұрыс, мақсатты ұйымдастырылған қызметінен болатыны сөзсіз. Мектебіміздегі әдістемелік жұмыс жүйесінің моделі де осындай шығармашыл ұстаздарды шыңдау мақсатында өз жұмыс жүйесін құрастырған. Осы жүйенің орталығы, яғни жүрегі ұстаз десек, осы жүректің жақсы жұмыс жасауы да ұстаздардың үндестігі мен ынтымақтастығын қамтиды.

Мектептегі басқару мен атқару қызметіндегі синхронды қызмет қана нәтижелі жұмыс берері сөзсіз.Мектептегі жұмыстың жоғарғы органы педагогикалық ұжымның қабылдаған шешімі барлық атқарылар істің бастауы болуы шарт. Педагогикалық кеңес ол білім берудің үздіксіздігі: үрдістер, үдерістер, мәселелер, осы мәселелерді шешудің және анықтаудың мен жобалаудың бастауы осы педагогикалық кеңестен басталуы сөзсіз.

Әр педагогикалық іс – әрекет тек педагогикалық теория ғана емес, нормативті құжаттар негізінде жүргізілуі қажетттігі де үнемі естен шықпауы қажет.

*Кесте -1*

## Өз біліктілігін арттырумен жоспарлы жұмыс

Педагогикалық кеңес тапсырмаларын орындау әдістемелік кеңес жұмысы негізінде жүзеге асуы керек. Себебі әдістемелік үндестік болған жерде табысқа жету оңайырақ болады. Осы орайда Генри Фордтың «Бір жерге жиналу – бұл жұмыстың басы, Шешу үшін бірігіп отыру - бұл прогресс, Бірге бастау – бұл жетістік» дегеніндей бір жерде болу табысқа жету үшін бірлесудің мәні зор екеніне әріптестеріміздің көзін жеткізу мақсатында көптеген іс – шаралар мен зерттеулер жүргізуге тура келді.

Мектеп – гимназия мұғалімдерінің қызметін тиімді әрі өнегелі, табысты жүргізу мақсатындағы ең негізгі құрал ол «Шың» мұғалімдер кәсіби бірлестігі.

*1-сурет*

Кәсіби бірлестіктің негізгі «Біздің не істейін деп жатқанымыз онша маңызды емес, оны кіммен жасайын деп жатқанымыз маңызды» - деп Д.Коллинз айтқандай біз өз қадамымызды бірге бастайтын топ мүшелерімен кеңесіп біз не жасай аламыз, оны қалай жасаймыз, сонда не болады? –сұрақтарының жауаптарын болжап жоба жасадық. Жобаны жасау үшін оны жүзеге асыратын құралдарды таңдадық. Оған әр кез талдау жасап отырдық. Нәтижеге келе жатқанымызды немесе оны өңдеуіміздің қажеттігін білсек әрекетті қайта бастаудан жалыққан жоқпыз.

Енді міне осы жұмыстың алғашқы табыстарын да көрудеміз. Осы бірлестіктегі мұғалімдер жұмысының жүйелілілігі табыстылығын 3 оқу жылында облыстық сараптамалық кеңес шешімімен қорғалып, өз авторлық құқығына ие болған мына ұстаздардың еңбегінен байқауға болады. Олар;

Есмуханова Г.Р., Кишкентаева Б.Ж, Жусіпбекова Р.Қ – ның «Сыйқырлы жіптер» дамыту бағдарламасы, әзірлемесі, Жусипбекова Р.Қ., Мырзаханова Ш.Х «Қызықты логика» қолданбалы курс бағдарламасы, әзірлемесі, психолог Тюлекенова Д.А. «Сенімділік күш береді» емтиханға психологиялық-педагогикалық дайындау бойынша әдістемелік құралы, Хакимова С.Ж., Байбатырова А.Т, Темирбаева М.М., Кулахметова К.Р. бірлесуімен - «Тригонометриялық өрнектерді шешу» 10-сыныпқа арналған оқу құралы, физика мұғалімі Кожаниязова Г.М.-ның «9-11-сыныптарға арналған электронды оқу құралы», Нарикбаева К.А.-ң «Экономика негіздері» 4 сынып оқушыларына арналған факультатив курсының бағдарламасы мен сабақтар жинағы, Тосмагамбетова Б.Ш., Иргасимова Д.И., Ибраева Ж.Б., «Ұлттық ойын – денсаулық негізі» 1-5 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік құралы», Ергалиева М.Т., Шунгулова Р.А., жұптасуымен «Табиғатты аяла» атты қолданбалы курсының бағдарламасы мен сабақтар жинағы, Буркитбаева А.М., Сейтмагамбетова Ш., Нуржанова С.Т., Ахмет Г.Т., Байгенжина Г.Т. бірлесуімен «Сөз сыры» қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған қолданбалы курс бағдарламасы, Алимова А.Е, Бикенова А.Ф, Байгенжина Г, Бүркітбаева А.М «Нұржантану» таңдау курсының бағдарламасы 5-6 сынып, Алимова А.Е, Кулахметова К.Р, Рахимова С.Ж «Есептер практикумы» Алгебра пәні бойынша 8-9 сыныпқа арналған оқу құралы, Байхасынова А.К, Мырзаханова Ш, Байгенжина Г.К – ның «Ата мұрасы – асыл қазына» 3- сыныпқа арналған таңдау бойынша сабақтар жинағы, Жангалиева Д.А, Молдагалиева Н.Н, Изимкулова М.Т -ң тобы құрастырған «Ағылшын тілі грамматикасы» 8 сыныпқа арналған таңдау курсы, Жаппасбаева Б.Б, Дарибаева К.Ж, Ибраева Ж.Б «Математика – ақыл ойдың патшасы» таңдау курсынан мұғалімдерге арналған сабақтар жинағы, география пәнінен Саржанова Н.М –ң «Өлкетану» оқу құралы, логопед Турсынова Е.К-ның «Дыбыс әлемі» логопедиядан бастауыш сынып оқушыларына арналған түзете - дамыту курсы бағдарламасы, Оспанова Ж.А –ның «Дидактический материал по рускому языку для учащихся 8-9 класов по подготовке к олимпиадам» оқу кешені және Қаратаева К.С, Саржанова Г.С – 5 сыныптың «Жаратылыстану пәніне арналған жиынтық бағалау жұмыстар» құрастырмасы, Әбдісалық Қ.А 7 сынып оқушыларын арналған «Денсаулық және денсаулықты сақтау» оқу құралы авторлық қосымша оқыту құралы ретінде мектептің әдістемелік қоржынына өз үлестеріне қосуда.

Сонымен 2019 – 2021 оқу жылдары аралығында облыстық оқу – әдістемелік сараптамалық кеңес шешімімен мектептің 39 мұғалімі бұл мектеп мұғалімдерінің 40%, 17 тақырыптағы авторлық жұмыстарын қорғады деген сөз. Бұның сыртында мектебіміздің 6 мұғалімі Сейтмағанбетова Ш.Ж, Ахмет Г.Т, Байбатырова А.Т, Темирбаева М.М, Рахимова Г.У, Нарибаева К.А., Саржанова Н.М облыстық деңгейде дарынды балаларды дайындаудағы өз іс – тәжірибелерін таратып «Ұлағат» клубының мүшелері атанды. Бұған қоса халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде өтетін конференция, семинарларда әртүрлі тақырыпта әріптестерімен өз іс – тәжірибелерімен бөлісіп жүрген; Алимова А.Е, Каратаева К.С., Саржанова Н.М, Абишев А.Э, Сейілхан Н, Жусупбекова Р.Қ, Рахметова К.М, Кишкентаева А.А, Сагымбаева Н.М, Еримбетова Г.Т еңбектерін атап өтуге болады.

Мектепте «Жас мамандар» мектебі жұмыс жасайды. Жаңа ғана педагогтық жұмысын бастаған мұғалімге өздігінен дамудағы қажеттіліктерін қалыптастыру мақсатында жүргізілетін жұмыстар, міндетті толтыруы керек мектеп құжаттарын рәсімдеу, сабақ жоспарын құрастыру, сабақты жоспарлау барысындағы сыныптың «барлығын, бірге» оқыту туралы, сабақты басқару, оқыту әдістері мен тәсілдері, оқыту құралдары бағыттар бойынша жұмыс жобалары қарастырылған. Педагогикалық шеберлікке ынталандыратын ғылыми – педагогикалық ізденіс , қажетті нәтижеге жету үшін оқу процесіне қатынасатындардың «барлығын» біріктіретін интегративті қызметке баулу басты назарда болуы шарт екенін бірлесіп қабылдаған. Мектептегі «Педагог - тәлімгер мектебі» тәжірибелі, озат тәлімгер ұстаздың жас маманға қолдау жасауы,алғашқы қиындықтарды жеңу әдістері, өз білімін көтерудің тиімділігін қажеттілікке айналдыру дағдысын қалыптастыру үшін жобалы жұмыс жасауды көздейді. Биылғы жылы мектебімізге 5 жас маман келсе, 0-3 жыл өтіл аралығында былтырғы оқу жылынан бергі жас мамандармен барлығы 12 жас маман бар. Оларға мектеп директоры бұйрығымен тәлімгерлер

бекітілген. Оның төртеуіне ақы төленеді. Жас мамандарға және мектепке биылғы оқу жылында келген ұстаздар үшін айына екі рет өз қажеттіліктері мен сұраныстарына сай мектеп жоспарына бойынша коучинг, семинарлар өткізіліп тұрады. Жас мамандар арасында Жақсыбай Е республикалық деңгейде, Нарчаев К.К, Нурмаганбетова А, Әбдісалық Қ сияқты облыстық деңгейге дейін сайыстарға барып құрмет грамотасы, жүлделі орын, диплом, сертификат алған, болашағынан үлкен үміт күттіретін жастарымыз да бар.

Мектебіміз өз әдістемелік жұмыстарымен қоса тірек және қамқор мектеп болып табылғандықтан Қостанай ауданының Владимировка, Озерный мектептерімен Наурызым ауданының «Наурызым ОМ» кәсіби қоғамдастықта жұмыс жасаймыз. Осы мектептермен де коучинг, семинар, ресми кездесулер өткізіп, достасып та алдық.

*2-сурет*

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, білім жүйесіне жаңа өзгерістер енгізу мақсатында құрылған «Педагогикалық шеберлік орталығынынан», «Өрлеу» ПҚ БАИ оқу орталығынан, басқа да қашықтықтан оқытатын оқу орталықтармен байланыса отырып, мұғалімдер біліктілігін артыру перспективалық жоспар арқылы жүзеге асырылып отырады. Қазіргі күні мектебіміздің 100% мұғалімі біліктіліктерін арттыру курстарынан өтіп болды деп айтуға болады.

Негізі біліктілікті мектепішілік жетілдірудің мақсаты-

- Педагогты үнемі үздіксіз білімін жетілдіруге арналған дамытушылық жұмыс.
- Мұғалімдерді біліктілік санттарын алуға ерте бастан дайындау болып табылады.
- Ал оның формаларына тоқталсақ; семинарлар, ғылыми – практикалық конференциялар, дөңгелек стол, конференция, жиналыс, кездесу, зерттеу сабақтары, мастер – класс, ашық сабақтренингтер болып табылады.

Осығын қосымша әр сенбі сайын мектеп мұғалімдері арасындағы фокус топтар сұрауымен мектептің сапалы оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу және әріптестермен, оқушылармен табысты қарым – қатынас жасаудың жаңа әдіс – тәсілдерін меңгеру үшін кездесу, отырыстар болып отырады.

Мектептің жұмысын табысты ету үшін басымдылық бағыттарын зерттеу арқылы анықтап мектептің даму жоспарын жасауда қандай қадамдарды қалай жүзеге асыру керек және одан қандай нәтижеге жетуге болады деген нақты сұрақтар төңірегінде жұмысшы, яғни өзгеріс енгізу тобымен талқылау жүргізіліп отырады, ұлттық жоба мақсатына сай даму жоспары қайта жасалып бекітілді.

Мұғалімдер бірінші кезекте көшбасшылық, қоғамдастық, коучинг, менторинг, Lesson Study, сабақтағы іс – әрекетті зерттеу, кері байланыс, формативті және суммативті бағалау, іс - әрекеттегі зерттеу т.б. жаңа ұғымдармен тереңірек іс – жүзінде танысып болып, іс – жүзіндегі жүзеге асыру барысындағы өзгерістерді зерттеп білуге жұмыс жасауда.

Сабақтағы іс – әрекетті зерттей отырып жұмыс жасау мектебімізде ай сайын әр бірлестікте өткізу тәжірибесінің қолға алынғанына биыл үш оқу жылы өтті. Осы іс - әрекеттегі зерттеу барысында біз тек оқушыны қалай оқытқан тиімді сұрағына емес, мұғалім сабақты қалай бергенде сабақ табыстырақ өтетініне де қоса назар аударудамыз. Алғашқы кезеңде мұғалімдер ынтымақтастықта топ болып жұмыс жасауда, бір - біріне деген сенімсіздік пен «өзім, жақсырақ білемін» ой - әрекеті басымырақ байқалса, соңғы уақыттарда сабақ өткізу үшін бірлесудің нәтижелерін айқын көре бастағандарын айта бастады.

Мектеп ұстаздары топпен бірлесе отырып жұмыс істеуге, өз білгенін практикалық және теориялық тұрғыдан дәлелдеуді үйренді. Уақытты тиімді пайдаланатын, проблемаларды шешу жолдарын бірге іздестіретін мұғалімдердің керек екенін мойындап әлеуметтік жағдайда ойлауды дағдыға айналдыра бастады. Идеяларын ортаға салатын, сайыстарға қорықпай баратын. бәсекелестіке дайын ұстаздар шоғыры үлкейе бастады.

Осының ең негізгі дәлелі ретінде жыл сайын 2 мәрте біліктілік санаттарын арттыру мақсатындағы аттестаттау комисиясының негізінде «педагог – шебер, педагог – зерттеуші, педагог- эксперттер»

саны жыл сайын көбейіп, қазіргі таңда кадр сапасы 67,3%- ға жетті. Жоба 2023 жылы 70%- десек, бұған да аз қалды деуге болады.

Мектебімізде осы үш жыл ішінде төрт мұғалім Қазақстан республикасының Білім ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасын, алты мұғалім «Алғыс хатын» алса, бір ұстазымыз Ы.Алтынсарин атындағы медаль иегері атанды.

Үшжылдық жүйелі жұмыс нәтижесінде мектеп педагогтары:

- өз сабақтарында Қазақстан және әлемнің ақпаратты білім беру жүйесімен жұмыс жасай отырып сабақ өткізуді, оқытудың электронды даму процестерін пайдалана алады;
- -жаңа ақпараттық технология және желілік ақпараттық технологияны, оқу бағдарламалары
- негізінде білім алуға бағыттай алады;
- -мультимедиялық құралдарды тиімді қолдана алады;
- -ақпараттық технологияның негізін пайдалана отырып, күрделі бағдарламаларды тиімді пайдалана отырып алған білімнің сапалы деңгейіне көше алады;
- оқытуда тиімді оқу әдістемелік құралдарды жүйелі пайдаланудың жолдарын біледі;
- саралап оқытудағы сапаға жету үшін сабақтарда табысты болу үшін алгоритімді іске асыру сәттерін тиімді таңдай алады;
- сабақтағы іс – әрекетті зерттеуде сабақтарға жаңа тиімді әдістерді ынтымақтастық жұмыс нәтижесінде таңдап конструкциялай алады.

Міне, осы табысты жұмыстар бастамасы «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым Аристотель», - деген Ескендір Зұлқарнайын сөзін қайталайтын шәкірт-теріміздің саны көбею үшін бұдан әрі де, шығармашылықпен еңбек ететін ұстаздар саны көбейеді деген оймен өз ойымызды аяқтаймыз.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Айзенк М. Психология для начинающих. М., 2004г
2. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. 2013ж
3. Дейл Х. Шунк. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. 2015ж


УДК 376.3

## ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРІЛУІНЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУҒА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ ПРОБЛЕМАСЫ


**Алипбаева Гульжан Агыбаевна,**
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің
аға оқытушы, биология магистрі, Қостанай қ., Қазақстан
**Базарбаева Севара Айдарқызы,**
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің
«5В010500 Дефектология» білім бері бағдарламасының
4 курс студенті Қостанай қ., Қазақстан



**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Мақала ерекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын қалыптастырудың өзекті мәселесіне арналған. Инклюзивті білім беру жағдайында балалармен жұмыс істеуге болашақ мұғалімдерді даярлаудың маңыздылығы мен қажеттілігі ұсынылған және негізделген.


**Түйінді сөздер:** инклюзивті білім беру, дайындықты қалыптастыру, кәсіби дайындық, педагогтердің дайындығы, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар.


**Аннотация**

Актуальность и цель. Статья посвящена актуальной проблеме формирования профессиональной готовности будущих педагогов к осуществлению инклюзивного образования детей с особыми потребностями. Представлена и обоснована важность и необходимость подготовки будущих педагогов к работе с детьми в условиях инклюзивного образования.


**Ключевые слова:** инклюзивное образование, формирование готовности, профессиональная подготовка, подготовка педагогов, дети с особыми образовательными потребностями.


**Abstract**

Relevance and goal. The article is devoted to the actual problem of the formation of professional readiness of future teachers for the implementation of inclusive education of children with special needs. The

importance and necessity of training future teachers to work with children in inclusive education is presented and justified.
**Keywords:** inclusive education, readiness formation, vocational training, teacher training, children with special educational needs.

Қазіргі күрделі әлеуметтік даму жағдайында, құндылықтар мен әлеуметтік нормалардың өзгере бастаған заманында, отбасында берілетін тәрбиенің ықпалы азайған заманда балаларды психологиялық-педагогикалық тұрғыда қолдаудың маңызы өсетіні белгілі. Педагог пен баланың қарым-қатынасындағы ұстанымдар мен парадигмалар да өзгереді: «оқушы мен оқытушы» орнына, «адам мен адам» парадигмасы қалыптаса бастайды. Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бұл - баламен кеңесе отырып оның жеке қызығушылықтарын анықтау, оның белгілі бір мақсаттарға деген ұмтылыстары мен мүмкіндіктеріне қолдау көрсету, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отырып дамуына, оқыту нәтижелеріне өз бетінше қол жеткізуіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне, көпшілікпен араласуына, өмір сүру салтын қалыптастыруға кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуіне көмектесу болып табылады. [1, 5б].

Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға білім беру басқа білім алушылармен бірге, сондай-ақ жеке сыныптарда, топтарда немесе білім беру қызметін жүзеге асыратын жекелеген ұйымдарда ұйымдастырылуы мүмкін. Яғни, арнаулы білім беру бағдарламалары мен оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, арнайы оқулықтар мен оқу құралдарын, арнайы технологиялық оқыту құралдарын пайдалануды қамтитын білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасалған жалпы білім беретін мекемелермен (ұйымдармен) қатар және денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын игеруі онсыз мүмкін болмайтын немесе қиындық тудыратын басқа да жағдайлар (бұрын арнаулы (түзету) білім беру мекемелерінде іске асырылған), енді қарапайым жалпы білім беретін мектептерде (ұйымдарда) осы санаттағы балаларға енгізілген (инклюзивті) білім беруді жүзеге асыру ұсынылады. Алайда, заңның өзінде де, бірқатар ғылыми еңбектерде де осы санаттағы студенттердің инклюзивті білімін қайда, қашан, қалай және кім жүзеге асыратыны туралы нақты түсінік жоқ [2, 15, 20б].

Инклюзивті оқыту хронологиялық, идеологиялық және технологиялық тұрғыдан инклюзиядан бұрын интеграцияланған оқыту идеяларының логикалық жалғасы болып табылады. Сондықтан оларды тағайындалған, бірақ балама терминдер ретінде қарастыру керек.

Рудь Н.Н. «Инклюзивті білім беру: проблемалар, ізденістер, шешімдер» басылымында инклюзивті немесе енгізілген білім беруді жалпы білім беретін (бұқаралық) мектептерде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесін сипаттау үшін қолданылатын термин ретінде сипаттайды. Инклюзивтік білім берудің негізіне ерекше білім беру қажеттіліктері бар барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін балаларды кез келген кемсітуді болдырмайтын идеология алынған.

Инклюзивті білім беру идеяларын қарапайым балалар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар айналысатын жалпы білім беру мекемелеріне енгізудің маңыздылығы мен әлеуметтік маңыздылығын түсіне отырып, педагогика ғылымы мен ата-аналар қоғамы идеяны жариялаудан бастап оны жүзеге асыруға дейін бірқатар мәселелерді шешу қажет екенін түсінуі керек.

Инклюзивті білім берудің қажетті нормативтік-құқықтық базасының болмауымен, осы жобаны қаржыландыру деңгейінің жеткіліксіздігімен, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын (немесе жүзеге асырғысы келетін) жалпы білім беру мекемелерін қажетті материалдық-техникалық және технологиялық қамтамасыз етудің болмауымен қатар, қоғамның (қарапайым оқушылардың ата-аналарының) жалпы білім беретін сыныптардағы денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды қабылдауға дайындығы және педагог кадрлардың (пән мұғалімдерінің) осы санаттағы балалармен жұмыс істеуге дайын еместігі проблемасы өткір болып отыр [3, 158б].

Біздің ойымызша, «оқыту мен тәрбиелеудің арнайы педагогикалық тәсілдері мен әдістерін» меңгерген педагог қызметкерлерді даярлауды «психологиялық-педагогикалық білім беру» бағытының негізінде дайындаған жөн, ол үшін тиісті ғылыми-әдістемелік база құрылды, ал «педагогикалық білім беру» бағытының бакалаврлары үшін болашақ педагогтарға инклюзивті білім берудің мәні, оның қазіргі білім беру жүйесіндегі орны туралы түсінік беретін «ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері» курсы қажет, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктерін ашатын, қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастыратын, білім беру процесін дараландыруды жүзеге асыру біліктерін іске асыруға, білім алушылармен толерантты өзара қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін.

Инклюзивті білім беруді педагогикалық және әлеуметтік құбылыс ретінде түсіндіру әмбебап болып табылады, ол барлық балалардың сапалы білім алуына тең қол жетімділікті қамтамасыз етеді, гуманизмге, зияткерлік, этникалық, эмоционалды және физиологиялық компоненттердің тепе-теңдігіне негізделген. Осы тұрғыдан алғанда, мұғалімдердің балаларға инклюзивті білім беруге дайындығын қалыптастыру мұғалімнің инклюзивті білім беруге деген жеке көзқарасын қалыптастыру, инклюзивті білім берудің философиясы мен негізгі санаттарын дамыту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға мектепке дейінгі инклюзивті білім беру стратегиясын жүзеге асыру қабілеттерін дамыту процесі ретінде қарастырылады.

Кәсіби дайындық мұғалімнің сана-сезіміне және оның инклюзивті білім беру жағдайында баланы толыққанды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін кәсіби қызметті жүзеге асыру қабілетінде көрінеді. Кәсіби дайындықтың объективті сипаттамалары-мұғалімнің инклюзивті білім берудегі мақсаттары, оның құрылымы, мұғалім шешетін мәселелер шеңбері және қажетті нәтижеге жету үшін оның кәсіби функцияларын орындау.

Балалардың инклюзивті білім беруіне педагогтердің кәсіби дайындығы құрылымына келесі негізгі мазмұндық компоненттер кіреді [4, 12б].

Жеке-семантикалық компонент ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беруді дамытуға және жүзеге асыруға мұғалімнің ішкі және сыртқы көзқарасын, мотивациясын, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу қабілетін және мұғалімнің рефлексивті даму процесінде тұрақты және субъективті маңызды болатын жеке бағдарларының жиынтығын көрсетеді.

Когнитивті компонент тұжырымдамалық инклюзивті теориялар мен әдістемелерді түсіну үшін қажетті ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін міндетті арнайы әдіснамалық, теориялық және практикалық білім жүйесімен ұсынылған.

Технологиялық компонент ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім берудің оңтайлы нәтижелеріне қол жеткізу әдістерін, әдістемелерін, технологияларын, құралдарын пайдаланудың практикалық іскерліктерін қамтиды. Ол инклюзивтік процестің операциялық сипаттамаларын, кәсіптік-практикалық біліктер кешені негізінде педагогтің балаларға инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру мақсаттарына барабар қабілеттілігін көрсетеді, білім беру ортасын модельдеуге және оқыту мен тәрбиелеу процесінде вариативтілікті пайдалануға дайындығын қамтиды [5, 12,13].

Педагогтердің кәсіби дайындығының қалыптасуы педагогтердің дайындығын оңтайлы деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік беретін негізгі критерийлерді пайдалана отырып, білім алушылардың арнайы білімді, дағдыларды белсенді игеруін, дайындықтың тиімділігін бағалауды қамтамасыз ететін модульдік технологияны үздіксіз іске асыру арқылы дайындық компоненттерін синхронды қалыптастыруды көздейтін ақпараттық модельді енгізу арқылы жүзеге асырылады. Ұсынылып отырған технология оқытушылар мен студенттердің рефлексивті-дамытушылық өзара іс-қимылын, инклюзивті білім берудің теориялары мен әдістемелерін бірлесіп қабылдау мен меңгеруді, идеялармен алмасуды, студенттердің үздіксіз кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамыту режимінде рефлексивті үдерістер түрінде кері байланысты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Әзірленген және білім беру процесіне енгізілген модульдік технология Модульдік бағдарламаны дәйекті іске асыруды қамтыды, оның әрбір модулі болашақ педагогтарды даярлаудың белгілі бір міндеттерін шешуге бағытталған.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейімдеуді педагогикалық қолдау моделі. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 39 б.
2. Гонеев А.Д., Лифинцева Н.И., Ялпаева Н.В. «Түзету педагогикасының негіздері»: оқу құралы: / 7-ші басылым. М.: «Академия», 2011 ж. 277 б.
3. Староверова М.С. «Инклюзивті білім беру. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын мұғалімнің үстел кітабы»: әдіс.жәрдемақы. М.: ВЛАДОС, 2015 ж. 167 б.
4. Руд Н.Н. «Инклюзивті білім беру: мәселелер, ізденістер, шешімдер»: әдіс. жәрдемақы. М.: «Болашақ», 2014 ж. 28 б.
5. Самарцева Е.Г. «Болашақ педагогтардың мектеп жасына дейінгі балалардың инклюзивті білім алуына кәсіби дайындығын қалыптастыру»: реферат. дисс. канд. пед. ғылым: 13.00.08. Бүркіт, 2012 ж. 24 б.

УДК 371.3:54

# ОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Алтынбекова Минаш Оразбаевна,**
химия ғылымдарының кандидаты, доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан
**Жунаева Мафтуна Надиржанқызы,**
2-курс магистранты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Органикалық химия пәнін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану оқушылардың алған білімдерін практикамен ұштастыруда, тақырыпты жақсы меңгеруге және олардың білім беру сапасы мен жетістіктерін арттыру мақсатында білім берудің әрбір бағыты алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Зерттеу жұмысының мақсаты мектепте органикалық химия курсында жаңа тақырыптарды түсіндіруде, есептер мен жаттығулардыг тапсырмаларды орындауда интербелсенді («Миға шабуыл», проблемалық оқыту, АКТ) әдістерді қолданудың тиімді тұстарын көрсету болып табылады. Мақалада мектеп оқушыларына органикалық химия курсын оқытуда есептер мен жаттығуларды шешуді үйретуде интербелсенді әдістерді қолданудың тиімділігі және маңыздылығы қарастырылған.Органикалық химия пәнін оқытуда АКТ, «Миға шабуыл», проблемалық оқыту әдістерін қолдану арқылы 10-сынып оқушыларына зерттеу жұмыстары жүргізілді. Тәжірибелік эксперименталдық жұмыстың нәтижесінде бақылау тобынақарағанда эксперименталды топтың оқу үлгерім көрсеткіштері жоғары болды.

**Кілт сөздер:** интербелсенді әдістер, АКТ, проблемалық оқыту, «Миға шабуыл», органикалық химия.

**Аннотация**

Актуальность и цель. Использование интерактивных методов в преподавании органической химии является одной из актуальных проблем, стоящих перед каждым направлением образования в сочетании полученных знаний учащихся с практикой, с целью лучшего усвоения темы и повышения качества и успешности их образования. Целью исследовательской работы является демонстрация эффективных способов применения интерактивных («мозговой штурм», проблемное обучение, ИКТ) методов при объяснении новых тем в курсе органической химии в школе, при выполнении задач и упражнений. В статье рассматривается эффективность и значимость использования интерактивных методов в обучении школьников решению задач и упражнений при изучении курса органической химии. В преподавании органической химии была проведена исследовательская работа для учащихся 10-х классов с использованием ИКТ, «мозгового штурма», методов проблемного обучения. В результате экспериментальной экспериментальной работы при поступлении в контрольную группу показатели успеваемости экспериментальной группы были высокими.

**Ключевые слова:**интерактивные методы, ИКТ, проблемное обучение, «мозговой штурм», органическая химия.

**Abstract**

Relevance and goal. The use of interactive methods in the teaching of organic chemistry is one of the urgent problems facing each area of education in combination of the knowledge gained by students with practice, in order to better assimilate the topic and improve the quality and success of their education. The purpose of the research work is to demonstrate effective ways of using interactive («brainstorming», problem-based learning, ICT) methods when explaining new topics in the organic chemistry course at school, when performing tasks and exercises. The article discusses the effectiveness and importance of using interactive methods in teaching schoolchildren to solve problems and exercises while studying the course of organic chemistry. In the teaching of organic chemistry, research work was carried out for 10th grade students using ICT, brainstorming, and problem-based learning methods. As a result of experimental experimental work, when entering the control group, the performance indicators of the experimental group were high.

**Keywords:**interactive methods, ICT, problem-based learning, brainstorming, organic chemistry.

Қазіргі жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқушы мұғалімнен тәуелсіз оқу материалымен өз бетінше жұмыс жасауға, ізденуге, алған теориялық білімін практикада қолдануға, логикалық ойлауға,

қойылған проблемаларды өзіндік шешуге және өз идеясын дәлелдеуге ықпал жасау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселені мектеп бағдарламасында оқытудың интербелсенді әдістерін кеңінен қолдану арқылы шешуге болады. Органикалық химия жаратылыстану пәндері қатарында болғандықтан интеллектуалды дамуды, қоршаған ортаға деген көзқарасты және органиканың күнделікті өмірмен байланысын қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан да бүгінгі таңда мектепте оқушылардың оқу материалын өз бетінше игеруге жағдай жасау маңызды болып табылады. Оқытудың интербелсенді әдістері оқушыларды сыни ойлауға, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, жаңа идеялар тудыруға мүмкіндік береді.

Оқытудың интербелсенді әдістері білім алушыларға өз білімдері мен бұрын алған дағдыларына сүйене отырып, оқу процесінде өздерінің күшті жақтары мен қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар өзін-өзі бағалауы және оқытудың тиімділігі артады, танымдық дағдылардан басқа интерактивті әдістерді пайдалану процесінде білім алушылардың коммуникативті құзіреттіліктері қалыптасады, іскерлік қарым-қатынас дағдылары, келісім іздей білу, ымыраға келу, командада жұмыс істей білу секілді қасиеттері дамиды [1, 92б].

Интербелсенді әдістер арқылы оқытуда білім беру процесінің барлық қатысушылары бір-бірімен бірлесе отырып жұмыс жасайды, ақпарат алмасады, мәселелерді бірлесіп шешеді, бір-біріне баға береді және ынтымақтастықта болады. Органикалық химияда есептер мен жаттығулар орындауда және зертханалық жұмыстарды орындау барысында да интербелсенді әдістерді қолданудың тиімді тұстары көп [2, 81б].

Интербелсенді әдістердің басқа әдістерден айырмашылығы келесідей:

- білім сапасын арттырады, себебі білім алушылар оқу үрдісіне белсенді қатысады;
- оқу үрдісінде білім алушылардың ынтасын арттырады, енжар тыңдаушы ретінде емес белсенді қатысушы ретінде жаңа материалды меңгереді;
- оқуда икемділік пен ыңғайлылықты қамтамасыз етеді [3, 2б].

Мектеп бағдарламасында органикалық химия курсын оқытуда, есептер мен жаттығулар, зертханалық жұмыстар орындауда интербелсенді (проблемалық оқыту, «Миға шабуыл», ақпараттық-коммуникативтік технологиялар) әдістер арқылы оқыту жүзеге асырылды.

Проблемалық оқыту әдісі – оқушылардың сыни және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға арналған әдістердің бірі. Бұл әдісті қолданудың нәтижесінде оқушы қойылған мәселені өз бетінше шешуге, теория мен практиканв ұштастыруға, құбылыстарды күнделікті өмірмен байланыстыруға және нақты шешім қабылдауға дайдыланады. Проблемалық оқытудың дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – ола педагогикалық процесті ұйымдастырудың мақсаты және принциптерімен ерекшеленеді [4, 67б].

Органикалық химияда реакциялардың механизмдері мен жүру жағдайлары, заттардың алуан түрлілігі зерттеледі. Химиялық реакциялардың жүру жағдайларын қарастырғанда химиялық қасиеттерімен танысуда оқушылар олардың механизмдерінің ерекшеліктері мен себептерін іздеуге көшеді, белгілі бір факторлармен байланыстырады және одан туындайтын проблеманы анықтап, шешуге талпыныс жасайды. Осы құбылыстармен таныса отырып, оның мәнін анықтауда интербелсенді әдістерді қолдану арқылы органикалық химияның ерекшеліктерін ашып көрсетуге болады. Органикалық химияны зерттей отырып олар салыстыру, талдау, синтездеу, абстракциялау және жалпылау сияқты логикалық қабілеттерді үнемі қолдануға дағдыланады [5, 122б].

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды органикалық химияда қолдану арқылы химиялық реакциялардың жүру мүмкіндіктерін қарастыруда интербелсенді әдістер тиімді болып табылады. Қазіргі білім беру процесінде синтездік органикалық қосылыстар адамзат тіршілігінің түрлі салаларында қолданылады. Қазіргі таңда табиғатта кездеспейтін көптеген заттар бар, мысалы, пластмассалар, синтетикалық талшықтар, дәрі-дәрмектер, жарылғыш заттар, бояғыштар және мұнайдан алынған әртүрлі өнімдерді синтездеу нәтижесінде алынады. Синтездеу арқылы алынған органикалық заттардың қасиеттерін оқып үйренуде АКТ-ны қолданудың мүмкіндіктері зор. Олардың көмегімен интернет арқылы тақырыпқа қатысты қосымша ақпараттар ала алады, ізденеді, өз пікірлерін білдіреді, жұмыс жасауға үйренеді, пәнге деген қызығушылығы артады. Органикалық химия курсын оқытуда мұғалім сабақтыпрезентациялар, көрнекіліктер, видеоматериалдар, ойындар, демонстрациялық және лабараториялық жұмыстардың видеолары, қосымша қызықты ақпараттар және заттардың 3D моделдерін, кеңістікте орналасуын көрсету арқылы жүзеге асырады [6, б.67].

«Миға шабуыл» әдісі – бұл көптеген оқушыларға қызықты әрі жаңа тақырыпты пысықтауда және қорытындылауда қолдануға тиімді. Бұл әдіс ұжымдық талқылауда, мәселені шешу барысында қолданылады. мәселені шешуге қатысушылар барынша өз идеяларын, сұрақтың жауабын табуда бар білімдері мен қабілеттерін іске қосады. «Миға шабуыл» 3 кезеңнен тұрады:

1. алдын ала мәселені белгілеу;
2. идеяларды қалыптастыру;
3. сараптамалық кезең.

Бұл әдісті әрбір мұғалім өзінің шеберлігіне байланысты қолданады. Органикалық химияда көбінесе бұл әдісті сұрақтар қою, мәселелерді шешу және топпен жұмыс жасауда қолданады.

Интербелсенді әдісті қолдана отырып, органикалық химия сабақтарын ұйымдастыру оқушыларға талдау және талқылау, пікір алмасу, сыни ойлау, өз идеяларын ұсыну, көзқарастарын еркін білдіру, мәселелерді шешуде тапқырлық танытуға ықпалын тигізеді. Бұл әдістер органикалық химия курсының тақырыптарын оқытуда қолданылды және тиімділігіне көз жеткізілді. Осыған сәйкес «Алкендер» және «Алкиндер» тақырыбы бойынша өткізілген сабақтың нәтижелеріне жасалынған талдаулары ұсынылып отыр.

*Сурет 1. Сабақта қолданылған әдістер*

*Кесте 1. «Алкендер», «Алкиндер» тақырыбын оқыту әдістемесі*

| **Сабақтың тақырыбы** | Алкендер. Алкендердің қосылу реакциялары. Алкиндер. |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты** | 1. электрофильді және нуклеофильді бөлшектерді ажырату;<br>2. алкендер үшін электрофильді қосылу реакциясы механизмін түсіндіру;<br>3. алкиндердің құрылымдық формулаларын құрастыру, алкиндердің химиялық қасиеттері мен алыну жолдарын зерделеу. |
| **Сабақ мақсаттары** | *Білу керек:*<br>– қанықпағандық ұғымын, алкендердің химиялық қасиеттерін электрофильді және нуклеофильді бөлшектер, алкендердің қосылу реакциялары туралы біледі;<br>– қанықпағандық ұғымын, алкендердің химиялық қасиеттеріне байланысты реакция теңдеулерін және олардың электрофильді қосылу реакциясы механизмін көрсете алады;<br>– алкиндер туралы жалпы ақпарат және олардың физикалық, химиялық қасиеттерін, алыну жолдарын біледі; |
| **Оқу дағдыларының деңгейі** | Білу, түсіну, қолдану |
| **Бағалау критерийі** | – қанықпағандық ұғымын және алкендердің химиялық қасиеттеріне тән реакцияларды теңдеулермен дәлелдейді;<br>– алкендердің электрофильді қосылу реакциясы механизмін реакция теңдеулерімен көрсетеді;<br>– алкиндер туралы жалпы ақпаратты біледі, құрылымдық формулаларын құрастырады;<br>– алкиндердің химиялық қасиеттерін, алыну жолдарын химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдейді. |
| **Тілдік мақсаттар** | *Тақырыпқа байланысты терминология:*<br>– алкендер-алкены-alkenes<br>– физикалық қасиеттері- физические свойствы - physical properties<br>– химиялық қасиеттері- химические свойствы - chemical properties<br>– қолданылуы- применение - usage<br>– электрофиль-электрофиль-electrophile<br>– нуклеофиль-нуклеофиль-nucleophile<br>– алкиндер-алкины- alkynes<br>– сапалық реакция-качественная реакция-qualitative reaction |
| **Құндылықтарға баулу** | Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, ізденушілік қасиеттерге баулу, бір-бірлерімен ой пікірлерін бөлісуге үйрету, өз ісіне деген жауапкершілік пен сенімділік дағдыларын дамыту. |
| **Қолданылған әдістер** | Проблемалық оқыту, баяндау, топпен жұмыс, АКТ-ны қолдану арқылы оқыту, Миға шабуыл. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта, бейнебаян, колонка. |
| **Пәнаралық байланыс** | Экология, жаратылыстану, физика. |

Интербелсенді әдістердің тиімділігі және оқытуда қолданудың ұтымды тұстары жоғарыда айтылды. Осыған сәйкес 10-сынып оқушыларына органикалық химия курсын оқытуда оы әдіс-тәсілдер қолданылды және төменде «Алкендер» тақырыбына өтілген сабақтың талдаулары келтірілді. Алкендер – қанықпаған көмірсутектер қатарына жатады. Бұл тақырыпты оқытудың мақсаты – олардың табиғаттағы ролі, орын басу, қосылу реакцияларының механизмін түсіндіру болып табылады.

*Сурет 2. «Алкендер» тақырыбы бойынша өтілген сабақ сызбанұсқасы*

Бұл тапсырмалардан бөлек топпен, жұппен және жеке орындауға арналған тапсырмалар, алкендердің химиялық қасиеттеріне негізделген есептер берілді.

**Тапсырма.** Атаулары берілген алкендердің құрылымдық формулаларын және изомерлерін жазыңыздар:

| | |
|---|---|
| а) 2-метилпентен-1 | б) 2,3-диметилбутен-2 |
| с) 2-метил, 3-этилпентен-2 | д) 2-метилпропен |
| е) 2,2,4-триметилгексен-3 | ж) 2,2,4,3-тетраметилгексен-1 |

Енді «Алкиндер» тақырыбына өткізілген сабақтың талдау жұмыстары ұсынылып отыр

*Сурет 3. «Алкиндер» тақырыбы бойынша өтілген сабақ сызбанұсқасы*

**Нәтижесі:** қолданылған технологиялар сабақта өз нәтижесін берді. Оқушылар қойылған проблемалық сұрақтарға белсене жауап беріп, мәселені шешуге бірлесе атсалысты. Мәселенің жауабын реакция тендеулері және күнделікті өмірмен байланыстырып, өз нұсқаларын негіздеді. Қосымша тапсырмаларды дұрыс орындады. Ұсынылған видеоматериалдар, демонстрациялық жұмыстар негізінде қорытынды жұмыстарын жүргізді, реакция тендеулерін ұсынды, алкиндардың алыну жолдарын, сапалық реакцияларын түсіндірді. Видеоматериал негізінде қойылған сұрақтарға толықтай жауап берді. Барлығы сабаққа толықтай қатысып, өз нәтижелерін көрсетті.

Тақырып негізінде қосымша тапсырмалар,құрылысын анықытауға арналған, тізбекті, логикалық және шығымға байланысты есептер берілді. Оқушылар бірлесе отырып барлық тапсырмаларды жоғарғы деңгейде орындап шықты.

Сабақ барысында қолданылған әдістер өзінің оң нәтижесін берді. Оқушылар берілген ақпараттар негізінде қойылған проблемалық сұрақтарға бірлесе отырып дұрыс шешім тапты және өздерінің нұсқаларын ұсынып, талқылау жұмыстарын жүргізді. Топта, жұпта және жеке жұмыстар орындауда өз белсенділіктерін көрсетті, тапсырмаларды толықтай орындады. Өтілген сабақтар бойынша оқушылардан бақылау жұмыстары алынды. Бақылау жұмысының тапсырмалары төменнен күрделіге қарай құрастырылды.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, теория мен практиканы ұштастыру, танымдық белсенділіктерін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған сабақта қолданылған интербелсенді әдістері тәжірибеде өз нәтижесін көрсетті. Оқытудың нәтижелілігі 4-суретте диаграммада көрсетілген.

*Сурет 4. Бақылау нәтижелері*

Алынған бақылау нәтижелеріне сәйкес оқушылардың білім сапасы 93% ды құрады. Өткізілген сабақтар бойынша оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың басым көпшілігі дәстүрліге қарағанда оқытудың интербелсенді әдістері бойынша өтілген сабақты қолдайтынына көз жеткізілді.

**Қорытынды.**

Органикалық хиияда интербелсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, оқу материалдарын меңгеру сапасы жоғарылауы және ақпараттық коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы оқытудың әдістер і мен формаларын таңдауда, ақпарат табуға және жаңа тәжірибе жинақтауға, дискуссия, іскерлік ойын алуға көмектесетін жағдайлар жасайды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша 10-сынып оқушыларына органикалық химия пәнін оқытуда интербелсенді әдістердің тиімділігі көрсетілді. Эксперименттік топтағы оқушылардың үлгерім деңгейі 93%-ды құрады. Интербелсенді әдістерді қолдану оқушыларды ізденімпаздық дағдыларына шығармашылық жобаларын іске асыру және логикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде 10-сынып оқушыларына органикалық химия курсында «Алкендар» және «Алкиндер» тақырыбын оқыту барысында интербелсенді әдістерді қолдану білім алушылардың сабаққа деген қызығушылықтары, белсенділік деңгейлері, топпен және жұппен жұмыс істеу дағдылары білімді меңгеру деңгейлерінің жоғарылауына ықпалын тигізгені анықталды. Сонымен қатар жаңа тақырыпты түсіндіріп, практикамен ұштастыруда осы әдістерді пайдаланудың тиімділігі дәлелденді. Интербелсенді әдістердіоқу процесінде қолдану оқушылар арасындағы еркін серіктестік, адамгершілік және ынтымақтастық қатынастарды дамытуға мүмкіндік береді, командада жұмыс істеуге үйренуі, негізгі мәселелерге назар аудару қабілеті жоғарылағаны айқындалды. Таңдалған интербелсенді әдістер оқушылардың материалды тәуелсіз, белсенді зерттеуіне, сабақта сыни және логикалық ойлауды дамытуға, қорытынды жасау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Уразгалиева Н.Т., Азгалиева Г.С. Бейорганикалық және органикалық химия пәнін оқытуда белсенді әдістерді қолдану арқылы білім алушылардың білімін салыстырмалы талдау // Педагогикалық ғылымдар сериясы. - 2019. - №3 (60). – 91-99 б.
2. Кузьменок. Н.М., Михалёнок. С.Г. Метод интерактивного обучения в организации лабараторного практикума по курсу «органическая химия» // Труды БГТУ. - 2014. - №8.- с 80-82.
3. Timur Sadykov, Hana Čtrnáctová. Application interactive methods and technologies of teaching chemistry // Chemistry Teacher International. – 2019.- с 1-7.
4. В.М. Кордан, Ю.А. Бобровская, О.Я. Зелинская. Использование возможностей проблемного обучения на уроках органической химии в школе. // Методика преподавания химических и экологических дисциплин. – 2013.- с 66-69.

5. Панкова Т.И. Элементы проблемного обучения при изучении органической химии. [Конференция] // Инновационные образовательные технологии и методы их реализации [Текст]: материалы научно-методической конференции 25-26 марта 2013 года. – Курский институт кооперации (филиал) БУКЭП. – Курск, 2013. – с 121-124.
6. Shernazarov I. Use of pedagogical, information and communication technologies, as well as interactive teaching methods in consolidating of organic chemistry lessons.// Section 8. Chemistry.-2016. – p. 66-69.

УДК 7.78

## ДОМБЫРА ҮЙРЕНУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗАМАНАУИ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

**Амирхамзин Наурызбай Касенгалиевич,**
педагогика және психология магистрі
өнер кафедрасының аға оқытушысы
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай қ., Қазақстан

**Аннотация**

Көптеген оқу орындарында, ол институт, университет болсын, тіпті мектеп қабырғасы болсын, өзіміздің ұлттық мәдениетке аса көңіл бөлуде. Бұған дәлел, әр мектептегі домбыра, вокал үйірмелері, ақындар үйірмесі және т.б. жатқызуға болады. Қазіргі білім ордалары жастардан жан – жақты қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, дүниетанымы жоғары мәдениетті тұлға тәрбиеленуін қалайды. Осы орайда, балаларға музыкалық тәрбие беру – қоғам талаптарының бірі. Еліміздің қазіргі даму барысында балалардың домбыра аспабына деген қызығушылығы артуда. Ал домбыра үйренудің барша тәсілдерінің қазіргі таңда толық бір жүйеге келтірілмегендігі, өзекті мәселе ретінде музыкалық педагогика ғылымының зерттеу нысаны болып келеді.
**Түйінді сөздер:** музыка, домбыра, тәсілдер, музыкалық қабілет.

**Аннотация**

Во многих учебных заведениях, будь то институт, университет или даже школьная стена, особое внимание уделяется нашей национальной культуре. Об этом свидетельствуют домбровые, вокальные кружки в каждой школе, кружок поэтов и др. Современные образовательные учреждения хотят, чтобы из молодежи воспитывалась всесторонне сформированная, конкурентоспособная, с высоким мировоззрением личность. В этой связи музыкальное воспитание детей-одно из требований общества. В современном развитии страны растет интерес детей к инструменту домбры. А тот факт, что все подходы к изучению домбры в настоящее время не полностью систематизированы, является актуальной проблемой, является предметом исследования музыкальной педагогической науки.
**Ключевые слова:** музыка, домбра, приемы, музыкальные способности.

**Abstract**

In many educational institutions, be it an institute, a university or even a school wall, special attention is paid to our national culture. This is evidenced by dombra, vocal circles in each school, poets' circle, etc. Modern educational institutions want young people to be brought up to be comprehensively formed, competitive, with a high worldview personality. In this regard, musical education of children is one of the requirements of society. In the modern development of the country, children's interest in the dombra instrument is growing. And the fact that all approaches to the study of dombra are currently not fully systematized is an urgent problem, is the subject of research of musical pedagogical science.
**Keywords:** music, dombra, techniques, musical abilities.

Өткен жылдың ортасынан бастап тек қана біздің өлкеде ғана емес, барлық Қазақстан бойынша көп сұранысқа ие жаңа art-sport мемлекеттік бағдарлама дүниеге келді. Барламаға арнайы бөлінген қыруар қаржы аясында еліміздің түкпір-түкпірінен шығармашылық және спорттық үйірмелер ашыла бастады. Бағдарлама аясында балалар барлық үйірмелерге тегін қатысуға мүмкіндік алды. Онымен қоса, келер оқу жылынан бастап, еліміздің орта білім беру мекемелерінде музыка пәні бағдарламасына домбыра аспабын меңгеру сабақтары еніп жатыр. Осының бәрі, мемлекеттің өнерге деген, әсіресе, қазақтың ұлттық аспабы домбыраға деген ерекше назарын білдіруде. Осы орайда домбыра үйренудің барша тәсілдері жаңа бір өмір бастағандай қайтадан тереңірек зерттеле бастады. Музыкалық білімі жоқ азаматтар мен азаматшалардың музыканың сандық тәсілі арқылы аз уақыт ішінде домбыраны меңгеру мүмкіндігіне жол ашу сандық тәсілді үйретудің негізгі мақсаты болып саналады.

Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй

тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі. «Әу демейтін қазақ жоқ» демекші домбыраны тарту әр қазақтың міндеті деп айтуға болады. Бүгінгі қорғағалы отырған тақырыбым осыған себепші болып отыр.

Қазақтың байырғы музыкалық аспабы – домбыраның құпиясы мол, ғылыми зерттеулер үшін әлі күнге шейін түрен түспеген тың өлке тәрізді. Қазақтың ұлы аспабын жан-жақты зерттеу ісіне өзінің саналы ғұмырын арнаған Жұмагелді Нәжімеденов домбыраны классикалық аспаптар қатарына қоюға болатындығын айтады.

Жалпы домбыра тартуды үйренудің үш тәсілі бар.

Біріншісі, дәстүрлі тәсіл - қолға қарап, көзбен көре отырып, жадқа тоқитын «құймақұлақтық» амалы. Екіншісі, халықаралық ноталық жүйе бойынша үйрену. Ал, үшіншісі- сандық жүйе тәсілі. Бұл - аяқ астынан ашылған жаңалық емес, шәкірттерге музыкалық аспапты меңгеру үшін Үндістан, Қытай, Пәкістан, т.б. шығыс елдерінде ежелден қолданылып келе жатқан әдіс.

«Қазақстанда бұрыннан белгілі осы әдісті кәдеге асырғанымызға біршама жыл болды. Осы уақыт ішінде сандық тәсіл бойынша домбыра үйретудің адам айтса сенгісіз нәтижелеріне қол жеткіздік. Мәселен, өмірінде қолына домбыра ұстап көрмеген шетелдік азаматтар бірер сағат ішінде күй үйреніп, жатық ойнайтын дәрежеге жеткендеріне өзгеден гөрі өздері таң қалды. Республиканың шалғай ауылындағы көптеген көркемөнерпаздар тобын санамалап жатпайақ, 2000 жылы Венгриядағы Қазақстан елшілігінің арнайы шақыруымен барып, мадия жерінде домбырашылар ансамблін ұйым-дастырғанымды айтсам да жеткілікті болар. Ансамбль мүшелері бір апта ішінде домбыра аспабын еркін меңгеріп, еуропа композиторларының шығармаларына қоса Құрманғазы мен Тәттімбет күйлерін күмбірлете, құлшына тартқанда іштей тебіреніп, жан дүнием толқын атқан теңіздей толқығаны есімде. Сол сәттен бастап сандық тәсіл арқылы кез келген музыкалық аспапты, соның ішінде домбыраны - кәрі-жасына, лаузым-жұмысына, ұлты мен жынысына қарамастан – ынталы жанның бәріне үйретіп, шын мәнінде халықтық аспапқа айналдыруға болатынына анық көзім жеткен еді» деді Жұмагелді Нәжімеденов [1, 11б].

Жұмагелді Нәжімеденов Атырау облысының Құрманғазы ауданы Қошалақ ауылында 1953 жылы дүниеге келді. 1976 жылы Атырау музыкалық колледжінің домбыра сыныбын, 1983 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны үздік бітірді. 1998 жылдан ғылыми жұмыспен айналысқан. Жиырма кітаптың авторы. Халықтық музыканы ғылыми дәрежеге көтеруге аса зор үлес қосқан зерттеуші, профессор. 2012 жылдың 21қазанында дүниеден озды.

Сандық тәсіл дегеніміз - домбыра үйренушіге алғашқы сабақтарда, яғни орындыққа отырғызу, қол қойылымы, дене мүшелерін жаттау кезінде сан жүйесімен берілетін перне, қағыс түрлері, белгі-леную т.б. алға қарай керекті мәліметтер теориялық түрде жатқа берілетін домбыра үйренудің ерекше тәсілі [2, 15б].

Домбыра құрылысы. Сандық жүйеде аты жоқ перне белгіленбейді. 1-саны 2-ші пернеден басталады. Себебі, 1-ден бастау әрі ыңғайлы, әрі қазақ күйлерінің, әндерінің бәрі де ашық ішектен осында өтеді.

Бастапқы әзірде оң қол қағысы қорған тұсында жаттығып, шеберлік жетістігінде оң қол шығарма мазмұнына, қағысқа байланысты қозғалысқа келеді.

Сонымен сандық жүйенің өзге тәсілден қандай артықшылығы бар?

Біріншеден, дәстүрлі «құймақұлақтық» тәсілге қарағанда бұл ұзақ уақыт домбыра үйретушінің алдында телміріп отыруды қажет етпейді. Екіншіден, біреудің бармақ басуына, қол қағысына қарап үйренген адам бәрін бәз қалпында есіне сақтай алмай, күй қайырымдарын шатастырып, қате тартып дағдылануы ықтимал. Ал сандық тәсіллде бәрі тайға таңба басқандай қағазға жазылып, талапкердің көз алдында тұратындықтан ондай қателіктерге жол берілмейді, нотаны санға айналдырып бергенде күй сазын бірден сауатты орындап үйренеді. Үшіншіден, домбыраны ноталық жүйемен үйрену тәсіліне қарағанда сандық жүйенің артықшылығы талапкердің арнаулы музыкалық сауаты болуы шарт емес, тек ынта - ықыласы болса жетіп жатыр. Әрине, «құймақұлақтық» қабілеттінде, музыкалық сауат-тылықтың да еш артығы жоқ. Өйткені, сандық жүйемен үйрену үрдісі ноталық жүйеден алынған, тіпті кейбір кәсіби ұстындары мен шартты белгілері ортақ. Сондықтан арнаулы музыкалық білімі барлар, кейде домбыраны тұңғыш қолына ұстаған «құймаққұлақ» кісілер сандық жүйені тез ұғынып, бірден күй тартып кете алады. Бұған жарты сағатта күйді меңгеріп алған американдық Брент Дэвис пен шотландық Кейт Поттер, т.с.с азаматтардың тәжірибесін мысал қылуға болады.

«Қазақстан бұрыннан белгілі сандық әдісті домбырада кең көлемде кәдеге асырғанымызға біршама жыл болды. Осынау сандық тәсілді әркім өз түсінігімен пайдаланып, жүзеге асырып жүр. Бірақ, белгілі жүйеге келтіріп, дамытып, кітап қылып шығарғандар өте аз. Менің тәжірибемде осы жиырма жыл уақыт ішінде, сандық тәсіл бойынша домбыра үйретудің «адам айтса сенгісіз» нәтижелеріне қол жеткіздім десем, артақ айтқан болмаспын» дейді Жұмагелді Нәжімеденов [3, 21б].

Жоғарыда атап өткеніміздей мұндай әдіс тез және оңай, екіншіден ,ең тиімді жақтарын мысал-ға келтіріп өттік. Үйренуші нота жаттап уақыт өткізбейді. Домбыра үйренушіге алғашқы сабақтарда, яғни орындыққа отырғызу, қол қойылымы, дене мүшелерін жаттау кезінде сан жүйесімен берілетін перне, қағыс түрлері, белгіленуі т.б. алға қарай керекті мәліметтер теориялық түрде жатқа беріледі.

Домбыраның ең бірінші пернесі көп қолданым бермейді. Күйшілік мектепте бұл – аты жоқ, немесе түрікпен перне деп аталады. Бұл пернені есепке алмай, қазақтың негізгі пернесін (1) – деп белгілейміз. Үйренушіге 2-ші пернеден бастағаннан гөрі осы жол оңай екендігін тәжірибеден байқадық. Ашық ішек нөл – деп белгілейміз. Бастапқы әзірде үйренушінің алуына қарай астынғы ішекте 1-ден 5-ке дейін, үсті ашық; 1-ден 10-дейін, үсті ашық, 1-ден 5-ке дейін екі ішекте қостап перненің сан жүйесі жатталады. Үйде, сыныпта жаттығуларда көрсетілгеніндей тапсырмалар орындалып жаттықтырылады. Сол қол саусақтары алғашқы сабақ негіздеріндегі жобамен қойылып, оң қол қағыс бағытына үйренгеннен кейін жеңіл әндерден бастаған абзал. Үйренушінің жас ерекшелігі, өскен ортасы міндетті түрде ескерілуі керек. Мазмұны түсінікті, күнделікті тынысынан, тұрмыстан, қоршаған ортадан болғаны дұрыс. Сонымен қатар әнде сөз, буын, әріп бар. Қай пернеге, қандай әріпке,буынға төмен, жоғары қағыс келетінін үйренуші тез ұғады. Әннің әуенін мазмұнға келтіруде де сөз көмекші болады және алғашқы кезеңдегі 180 санау қиындығынан құтқарады. Тағы бір тартымдылығы 1,3,2,4 жолдар әуенінің ұқсас болуы, пернеаралық алшақтық болмағаны абзал. Санның үстіне саусақ, қағыс белгісін алғашқы әзірде белгілемеген дұрыс, әуелі сан мен пернені оқып үйреніп, басқа белгілер біртіндеп қосылады. Осылайша небір күрделі деген күйлерді сан жүйесімен жеп жеңіл үйренген шәкірттердің талайы, құймақұлақ, нота жүйесін ешбір қиындықсыз алып кетті. Жалпы кейін музыка маманы болмай, өзі үшін үйренушілерге осыдан тиімді әдіс жоқ деп кесіп айта аламыз.

Қазіргі заманға сай біз ұялы телефонға қосымша құрылғыны өзімізге жүктей аламыз. Себебі әрбір адамның қолында өз гаджеті бар.Сіз кез-келген ұялы телефондағы Play market және App Storeдағы бағдарламадан тиімді бағамен немесе тегін жүктей аласыз.Кем дегенде құны 50мб тұрады.Оның артықшылығы нотаға қарамай қалаған күйді жаттап алуға болады.

Жоғарыда аталған барлық тәсілдерді ұстаздың көмегісіз қазіргі жастар видеосабақтар арқылы үйреніп жүр. Әрине, видео сабақ дегенде, ең алдымен, ғаламтор әлеміндегі youtube сайты аузымызға келеді. Оқытудың дәстүрлі әдістерінен видеосабақтардың бірнеше артықшылықтары бар. Олардың арасында негізгілері:

- оқу ыңғайлы уақытта үйде болуы мүмкін;
- материалды зерттеу қажетті ұзақ уақыт алуы мүмкін;
- сіз әрқашан сабақтың уақытын өзіңізге қолайлы сәтке жылжыта аласыз және де жабылған материалды, немесе жақсы ақпаратты қайтадан еске түсіре аласыз;
- фильмді қалаған уақытта тоқтатып, алған білімді тәжірибеде қолданып көруге болады;
- видео сабақтар арқылы оқу оқытушылары төлеуге, тренингтер мен сабақтар саяхат үшін біраз уақыт пен ақшаны үнемдеуге мүмкіндік береді;
- видеосабақтар - бұл білімнің дұрыс мөлшерін білу үшін, ойын-сауық қызықты, жеңіл және өте тез жолы болып табылады.

Домбыра, не болмаса, басқа да бір музыкалық аспапты меңгеру үшін де әр адамға есту қабілеті керек. Есту қабілеті дыбыс объектісін толық білмейінше, көзіне елестетпейінше беріле бермейтін қасиет. Дала баласының көргені, сезгені мен қала баласының таным-түйсігінде айырмашылық бар. Адам даусын, домбыраны естігенмен фортепиано дыбысын ажырата алмайтындар, болмаса керісінше жағдайлар көп. Есту қабілетінің түрлері көп. Ал, музыкалық есту дегеніміз құрамдас бөлімі өте күрделі ұғым. Мысалы, ең маңыздысы дыбыс биіктігін, мөлшерлік, есту (жоғары, төмен) ладтық, әуездік (жарқын, мұңды), оның ішінде, мақамды әуендік, көп дыбыстық, тембрлік және динамикалық есту (көптеген қалыптасқан сөздерді аудармауға тырыстық). Мұның қай-қайсы да музыка маманына өте қажетті маңызы бар. Кейде абсолюттік есту қабілеті бола ырғағы, есте сақтауы сәйкеспейтін кездер де жиі кездеседі. Сонда да мұны музыкалық дарындылығын көрсетеді деп есептейміз – ол сирек болса да бар.

Бірақ музыка мамандары арасында қалыптасқан ұғым бойынша бұл жай ғана мәдениет. Олар кейде жақсы естуі арқылы шығарманың дыбыстық қана құрамасын береді. Нағыз дыбыстық құбылыс олардан алыс нүкте-нүктемен жатады. Себебі дыбыс құдіреті жай ғана бір-бірінен кейін келетін дыбыс қатарлары емес, ол алыс аралықтарындағы тартылу заңдылықтары, олардың бір-біріне жымдасуы ең басты тіршілік осында. Сонда ғана ол ноталар тіріледі. Осылайша оқушыда абсолюттік есте болуы міндетті емес деп тұжырымдаймыз. Есту қабілетінің біз үшін тиімдісі – салыстырмалы есту. Салыстырмалы есту қабілеті бар адам – жоғарыда айтқан дыбыстың түрлерін, заңдылықтарын ажыратудың ең бір тиімді жолы.

Салыстырмалы естумен теңдес, бірінші, екінші деп бөлуге болмайтын қабілет іштей есту. Бұл өте-мөте музыка маманына қажетті қасиет. Іштей естудіңмаңызды екі жағы:

- есте музыкалық елестердің, бейнелердің сақталуы үшін музыканы дәл қабылдаудың мәні зор (ол жеке орындаушы ма, ансамбль ме бәрі бір). Ішкі есту қаншалықты болса, соншалықты музыкалық дыбыстың биіктік, бояулық, әуездік барлық бүге-шүгесі анық қабылданады,
- орындаушының өз орындауын анық сезінуі. Бұл – нағыз дамылсыз, ыждағаттылық, тұрақтылықпен тәрбиелеуді керек ететін қасиет. Әр уақыт шәкірттерімізге өзіңді тыңдамайсың деп реніш білдіріп жатамыз – мұның себебі – 1-ші іштей сезінбеуден, екінші естімеуден, беталды ойсыз орындаудан;

– үйретуші әр уақытта мына жерін былай орында, ал мына қағысты, дыбысты алу жолы осылай деп көрсетулерін, сөйлемді анық ойна, мына тұстан аяқта т.с.с. сияқты деген бұйрық райларды көбейткенше бірден өзін естуге, дыбыс тазалығын, мазмұнды бояуын, қағыстың ерекшеліктерін естуге баулыған дұрыс.

Дәл анық қабылдау, елестетудің санадан тыс, еріксіз жұмысын үдетеді. Сондықтан әрбір музыкамен айналысқан адамға іштей сезіну, есту, құйма-құлақтық керек.

Қорыта айтқанда, болашақта біздің негізгі мақсатымыз, қала мектепетерінде осы тәсіл кеңінен таралса, бірде-бір домбыра ойнамайтын қазақ болмас еді. Мұндай игі істі қазақ халқының ұлттық мәдениетін көтерудің бір қыры деп білген жөн. Жұмагелді Нәжімеденов ағамыз бастаған домбыра үйренудің сандық тәсілін дамыту арқылы, қазақ шығармаларының халық арасына кеңінен таралу мүмкіндігі артады. Мектеп бағдарламаларымен қатар, ЖОО студенттерінің домбыра үйірмелерінің бағдарламаларына домбыра үйретудің сандық тәсілі қосылса, жақсы болар еді. Сандық тәсілдің біздің болашақ жастарымыз үшін де пайдасы зор екенін нық сеніммен айта аламын.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Нәжімеденов Ж. «Домбыра үйренгің келе ме?» Алматы «Аманат-ТТ» 2005
2. Сахарбаева К. «Домбыра үйрету әдістері» Алматы 2009
3. Нәжімеденов Ж. «Домбыра ойнау оңай ма?» Өнер баспасы Алматы 2013


ӘОЖ 775.65

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

**Аханов Азамат Төкенұлы,**
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақала бүгінгі күні өзекті болып отырған, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың өзектілігіне, ағымдағы жағдайға шолу жасауға және Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласын дамыту перспективаларын анықтауға, осы сала үшін білікті, жан-жақты мамандар даярлау мәселелеріне арналған. Мақаланың негізгі мақсаты – қазіргі қоғам өміріндегі дене шынықтыру мен спорттың рөлі, дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлау мәселелері.

**Түйін сөздер:** денсаулық, дене шынықтыру және спорт, салауатты өмір салты, дене шынықтыру мамандарын даярлау.

**Аннотация**

Актуальность и цель. Данная статья посвящена актуальной на сегодняшний день теме развития физической культуры и спорта в Республике Казахстан, обзору текущей ситуации и определению перспектив развития отрасли физической культуры и спорта в Республике Казахстан, вопросам подготовки квалифицированных, всесторонних специалистов для этой сферы. Основная цель статьи – роль физической культуры и спорта в жизни современного общества, проблемы подготовки специалистов по физической культуре и спорту.

**Ключевые слова**: здоровье, физическая культура и спорт, здоровый образ жизни, подготовка специалистов по физической культуре.

**Abstract**

Relevance and goal. This article is devoted to the current relevance of the development of physical culture and sports in the Republic of Kazakhstan, the review of the current situation and the definition of prospects for the development of the branch of physical culture and sports in the Republic of Kazakhstan, the training of qualified, comprehensive specialists for this field. The main purpose of the article is the role of physical culture and sports in the life of modern society, the problems of training specialists in physical culture and sports.

**Keywords**: health, physical culture and sports, healthy lifestyle, training of specialists in physical culture.

Педагогикалық білім беру Қазақстанның білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі заманғы қазақстандық білім берудің маңызды проблемаларының бірі – жас мамандарды даярлау сапасына қатысты мәселе.

Осы мақалада дене тәрбиесі мен спорт саласы үшін мамандар даярлау мәселелерін қарастыратын боламыз. Ал дене шынықтыру мен спорт саласында мамандарды даярлау Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. [1, 40-бап, 1-т].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2022 жылы 11 қаңтарда Парламент Мәжілісінде сөйлеген сөзінде «Сапалы білімге қолжетімділікті арттыру сөзсіз басымдық болып табылады. Бұл бүкіл қоғамның дамуындағы маңызды фактор. Мектептерді материалдық жағынан қаншалықты қамтамасыз етсек те, жақсы мұғалімдерсіз білім сапасын көтеру мүмкін емес» екенін атап өтті.

Оған қоса, соңғы уақытта мектептегі негізгі пәндермен қатар дене шынықтыру пәніне де үлкен міндеттер қойылуда. Қазіргі уақытта денсаулықты нығайтуда, аурулардың алдын алуда, бос уақытты ұйымдастыруда, Қазақстан ғана емес, әлемдік қоғамдастықтың барлық елдері халқының өмірі мен шығармашылық белсенділігін ұзартуда дене шынықтыру мен спорттың рөлі артып келеді, бұл осы саладағы жоғары білікті мамандарды даярлауға қойылатын талаптарды ұсынады.

«Дене шынықтыру және спорт бойынша жаттықтырушылық, жаттықтырушы-оқытушылық қызметке техникалық және кәсіптік дене шынықтыру немесе жоғары дене шынықтыру білімі бар адамдар жіберіледі» [1, 40-бап, 4-т]. Ал осы сұраныстарға жауап беретін, қазіргі қоғамның сұранысына сай келетін мамандарды даярлау үлкен мәселе екені белгілі. Мемлекет тарапынан дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлауға айтарлықтай көңіл бөлінуде, еліміз бойынша бірнеше жоғары оқу орындары, оның ішінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Әлеуметтік ғылымдар факультетінде Дене тәрбиесі және спорт кафедрасы да осы бағытта жұмыс істеуде.

Әлеуметтік тапсырыс еңбекке жоғары кәсіби көзқараспен және кәсіби қызметте үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту қажеттілігімен заманауи әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуге дайын бәсекеге қабілетті маман даярлауды қамтиды. Жоғары оқу орындарын тәмамдаған түлектер отандық білім беру мен әлемдік тәжірибенің үздік дәстүрлерін жаңарту идеяларын тасымалдаушы болуға тиіс. Қазіргі жағдайда, студенттерге жан-жақты ақпарат ағынына қолжетімділік ұлғайған кезде білім берудің мақсаттарын, міндеттері мен принциптерін анықтауда түбегейлі жаңа тәсілдердің қажеттігі туындайды. Қазіргі білім беру жүйесінің негізінде оқытудың өзін-өзі ұйымдастыру әлеуетін жұмылдыруға бағытталған, жеке тұлғаны барынша дамытуға арналған педагогикалық, технологиялық, басқарушылық инновациялар жатқаны белгілі.

Қазіргі уақытта ақпаратты өз бетінше алу және оны өңдеу дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңында «мемлекет білім алу құқығын білім беру жүйесін дамыту, оның жұмыс істеуінің құқықтық негізін жетілдіру және Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес білім алу үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз ететіні» атап көрсетілген [2, 8-бап, 1-т].

Дене шынықтыру саласындағы кәсіптік білім берудің басты мақсаты дене шынықтыру және спорт жүйесінің барлық буындары үшін олардың қызметтеріне нақты сұраныс негізінде жоғары білікті мамандарды даярлау, олардың әртүрлі білім беру мекемелерінде және дене шынықтыру мен спорттың басқа да ұйымдық құрылымдарында дене шынықтыру-сауықтыру бағдарламаларының алуан түрлілігін сапалы педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету қабілеті болып табылады. [3, 44б].

Соңғы кезде жоғары кәсіби дене шынықтыру білімі саласында көптеген педагогикалық зерттеулер жүргізілуде, алайда оларды қолдану мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Технологиялар мен инновациялардың барлық түрлерін стихиялық түрде пайдалану нәтижесіз болып табылады. Осыны негізге ала отырып, жоғары кәсіптік білім берудің қазіргі заманғы жағдайында дене шынықтыру және спорт мамандарын даярлаудың жаңа технологиясын құру қажеттігі туындап отыр.

Білім беру процесінің мазмұны жеке және кәсіби даму стратегиясына сәйкес құрылуы тиіс. Гуманитарлық бейіндегі маманды (дене шынықтыру жөніндегі маман жататын) даярлау міндеттердің үш тобын шешуді көздейді: базалық гуманитарлық даярлық; тұлғаның жобалық қасиеттері мен қабілеттерін қалыптастыру; арнайы технологияларды игеру [3, 456б].

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлау сапасына қойылатын талаптардың жаңартылған жүйесі маманның гуманистік бағдарын күшейтуді, оның мотивация психологиясы саласындағы білімінің жоғары деңгейін, дене шынықтыру немесе спорт түрін таңдау қажеттіліктері мен еркіндігін қамтуы мүмкін. Болашақ маманнан дене тәрбиесі мен спорттық дайындықтың жоғары технологиялық технологияларын жедел дамыту мүмкіндігі қажет болады. Оған адамның физикалық әлеуетін табиғи және ынталандыра дамыту технологиялары саласындағы терең білім, оның типологиялық және әсіресе қатысушылардың жеке сипаттамаларын орындау және оларға сәйкес келетін физикалық және спорттық жетілдіру бағдарламаларын құру, сондай-ақ оларды толық іске асыруды қамтамасыз ететін инфрақұрылымды ұйымдастыру дағдылары қажет болады [4, 29б].

Зерттеу барысында дене шынықтыру және спорт маманының кәсіби дайындығы күрделі, динамикалық педагогикалық жүйе деп санайтын жетекші ғалымдардың ұстанымын ұстанамын, оның тиімділігі педагогикалық процестің жалпы заңдылықтары мен оны басқару негізінде көрінетін көптеген факторларға байланысты. Философия, педагогика, акмеология, психология, әлеуметтану сияқты

әртүрлі ғылыми салалардағы жан-жақты зерттеулерсіз, олардың ережелерін бір зерттеуге біріктіру арқылы жоғары кәсіптік білім беруді модернизациялау мәселесін тиімді шешу мүмкін емес.

Осының негізінде осы қызмет саласындағы мамандарды даярлаудың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын, осы салада кадрлар даярлауға жаңа «әлеуметтік тапсырыстарды», дене шынықтыру және спорт саласында жоғары білікті мамандарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқыту жүйесінің барлық негізгі буындарын үйлестіруді қоса алғанда, түлектерге қойылатын талаптарды сәйкестендіру қажеттілігі туындады. Жоғары кәсіби білім алу процесінде студент өз қызметінің нәтижесін алдын-ала болжап, өзгеріп жатқан өмір жағдайларына бейімделіп, өзін-өзі анықтай алуы үшін дене шынықтыру маманының болашақ қызметіне барынша жақын жағдай жасау қажеттілігі туындайды.

Қазіргі білім беру процесін оның өзектілігі, яғни ғылым мен өндірістің жаңа жетістіктері мен олардың оқу пәндерінде бейнеленуі арасындағы алшақтықты азайту; интегративтілігі – іргелі, гуманитарлық және қолданбалы ғылымдардан алынған білімнің синтезі; оңтайлылығы – ең аз шығындармен оқу-тәрбие мақсаттарының күшіне қол жеткізу; ғылымилығы – білім беру процесін терең ғылыми негізделген талдауға көшу сипаттайтыны анық. Дене шынықтыру мамандарын даярлау кезінде студенттердің білім мен дағдыларды игеру бойынша іс-әрекеттерін ұйымдастыратын, оған оқу іс-әрекетінің мазмұны туралы ақпарат беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігі айқын.

Осы мақсатта оқытушыға студентте қандай білімді және қандай мақсатта қалыптастырғысы келетінін білу маңызды. Іс-әрекеттердің реттілігін, операциялық құрамның құрылымын, орындау, бағалау, бағдарлау, оқу-танымдық іс-әрекетке деген ынтаны арттыру жолдарын табу маңызды рөл атқарады. Егер студент белгілі бір жағдайды шешудің жолын көрмесе, танымдық іс-әрекетінің нәтижелерін көрмесе, оқытудың дамыту және ынталандыру функциялары төмендейді. Осылайша, зерттелген құбылыстарды жүйелі зерттеуге негізделген ғылымды қажет ететін тәсілдерді қолдану дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды кәсіби даярлаудың жаңа педагогикалық жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыруда резервтер табуға мүмкіндік береді.

Өйткені дене шынықтыру және спорт тек педагогикалық қана емес, сонымен қатар күрделі әлеуметтік құбылыс. Дене тәрбиесінің әлеуметтік функциялары өте алуан түрлі. Олардың ішінде екі негізгі топ ерекшеленеді: жалпы мәдени және спецификалық. Практикалық спорттық педагогикадағы өзекті мәселе дәстүрлі түрде спорттық компонент басым болған дене шынықтырудың әлеуметтік ерекше функцияларының тепе-теңдігі болып табылады.

Бүкіл әлемде спорт кадрларын даярлау проблемаларына баса назар аударылып отырғанын атап өткен жөн. Адам мен қоғам өміріндегі әлеуметтік институт ретінде кәсіптік білім берудің тұтас жүйесін құру қажеттілігі білім берудің мақсатты функцияларын жүйе және оның жеке байланыстары ретінде қайта қарастыру, білім берудің әлеуметтік, тарихи, мәдени, құндылық мәні туралы дәстүрлі идеяларды, оның қоғамдық практиканың басқа түрлерімен және нысандарымен қарым-қатынасын, білім берудің орны мен рөлін қайта қарау қажеттілігін талап етеді..

Білім беру жүйесінің, оның ішінде дене шынықтыру жүйесінің жұмыс істеуінің жаңа жағдайларын қалыптастыру, бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру білім беру жүйесі мен құрылымын қайта қарау, бүкіл әлемдегі білім беру кеңістігін реформалау үшін алғышарттар жасады.

Бұл мақалада модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде маманның кәсіптік білімге қойылатын қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін жеке ерекшеліктерін, мотивтерін, мүдделерін, құндылық бағдарлары мен талаптарын ескере отырып, жан-жақты үйлесімді даму мәселесі қарастырылып отыр.

Білім беру мекемелерінің негізгі міндеті дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды (жаттықтырушыларды қоса алғанда) даярлау, кәсіптік қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, кәсіптік білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, дене шынықтыру оқу орындары халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау, балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтырумен және спортпен жүйелі айналысу қажеттілігімен таныстыру және дамыту сияқты міндеттерді шешуге қатысады.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы маманның қалыптасуында педагогикалық практика үлкен рөл атқарады.

Бакалаврдың және дене шынықтыру және спорт жөніндегі маманның кәсіби даярлығы екі өзара шарттасқан тараптардан құралады, олардың бірі барлық мемлекеттік бағдарламаларға (жеңіл атлетика, ойындар, гимнастика және т.б.) енгізілген дене шынықтырудың негізгі түрлері бойынша теориялық-әдістемелік білімді және қозғалыс дағдыларын меңгерумен байланысты, екіншісі – практикалық жұмыс үшін қажетті педагогикалық біліктер мен дағдыларды игерумен байланысты.

Мұндай дағдыларды тікелей оқытушылық қызмет процесінде ғана қалыптастыруға болады, ол үшін жоғары оқу орындарының оқу жоспарлары жалпы білім беретін мектепте студенттердің педагогикалық практикадан өтуі арқылы қамтамасыз етілетіні белгілі. Сондықтан болашақ мамандардың тек спортты немесе спорт түрін таңдауы, онымен жоғары деңгейде шұғылдануы ғана емес, сонымен қатар оқушылармен жұмыс істеуге, оларды жан-жақты тәрбиелеуге және дамытуға қатысу талпынысы маңызды.

Жалпы білім беретін мектеп тек оқу іс-әрекетінде ғана емес, сонымен қатар әр түрлі деңгейдегі коучингте, сонымен қатар рекреациялық, оңалту және бұқаралық дене шынықтырудың басқа да

формаларында қажет болатын әр түрлі педагогикалық дағдыларды қалыптастыру және жетілдіру үшін таптырмас әмбебап алаң болып табылатыны сөзсіз.

Сонымен бірге, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап балабақшалар, мектептер мен колледждердегі дене шынықтыру мұғалімдерінің функционалы кеңейгенін атап өткен де орынды. Мұғалімдер әдетте өткізетін дене шынықтыру сабақтарынан бөлек, қосымша спорттық-сауықтыру сабақтарын, яғни секциялар өткізіп жатқанын да білеміз. «Балаларды спорт секциялары арқылы қосымша сабақтарға тарту – салауатты өмір салтын қалыптастыру, білім алушыларды спортқа баулу және олардың денсаулығын нығайту бойынша берілген Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың тапсырмаларының шеңберінде әлі де көптеген шаралар қабылданатыны» туралы Білім министрінің facebook-тегі жазбасынан бұл салаға көп көңіл бөлініп жатқанын көруге болады. Сондықтан, мемлекет тарапынан, Білім және ғылым министрлігі тарапынан қолдау тапқан дене тәрбиесі мен спорт саласына дене шынықтыру мамандарын даярлау мәселесі өзінің өзектілігін жоғалтпайтыны анық.

Себебі, дене шынықтыру және спорт саласы, жасы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, қоғамның берік әлеуметтік бірігуіне, болашағы бір ұлтты қалыптастыруға, патриотизмді жүйелі тәрбиелеуге ықпал ететін перспективалы алаңдардың бірі ретінде қызмет атқарады [5, кіріспе].

**Әдебиеттер тізімі**


1. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңы, 40-бап.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
3. Ершова, Н.Г. Профессионально-личностное развитие студентов в условиях психолого-педагогического сопровождения в вузе физической культуры / Н.Г.Ершова // Теория и практика физической культуры. – 2005. – №9. – С. 44–47.
4. Запесоцкий, А.С. Образование: философия, культурология, политика/ А.С.Запесоцкий. – М.: Наука, 2002. – 456 с.
5. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 Жарлық


ӘОЖ 37.02

## ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР Ә.М.МҰХАМБЕТЖАНОВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ


**Ахмедиева Ақтоты Ғалымжанқызы,**
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
«Педагогика және психология» мамандығының
2 курс магистранты
**Базарғалиев Ғабит Бағытжанұлы,**
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
қауымдастырылған профессоры



**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақалада педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ә.М.Мұхамбетжанованың мұраларына талдау жасалады. Ғалымның ғылыми зерттеу бағыттары білім берудің әдіснамалық-теориялық негіздері мен орта мектепте білім беру мазмұнын жаңарту, бастауыш білімді интеграциялау мәселелерін және оның ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі бағыттарын сипаттайды.


**Кілт сөздер:** жаңартылған білім мазмұны,білім беру интеграциясы, ғылыми-педагогикалық қызмет.


**Аннотация**

Актуальность и цель. В статье анализируется наследие доктора педагогических наук, профессора А.М.Мухамбетжановой. Направления исследований ученого описывают методологические и теоретические основы и о значении обновленного содержания образования, интеграции начального образования и основных направлений его научно-педагогической деятельности.


**Ключевые слова:** обновленное содержание образования, образовательная интеграция, научно-педагогическая деятельность.


**Abstract**

Relevance and goal. The article attempts to analyze the heritage of the Kazakh scientist, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor A.M.Mukhanbetzhanova. The author characterizes the main directions of scientific and pedagogical activity.


**Keywords**: scientific and activity, integration of education, updated educational content.

Педагогика ғылымында өзіндік орны бар, шәкірт жастарды тәрбиелеу мен оқыту ісіне бір кісідей атсалысқан ғалымдардың бірі - Әлия Меңдешқызы Мұхамбетжанова.Ғалым оқыту жақсарту барысында арнайы оқу құралдары,сөздіктер,анықтамалықтар сияқты қажеттіліктерді өтеуге әр кез мән беретін ,ғұмырының көп бөлігін білімді ұстаздар дайындауға арнаған жан.

Қырық жылдан астам уақыт бойы Қазақстанның білімі мен ғылымы саласына өзіндік қолтаңба қалдырған, ғылыми мектебін қалыптастыра білген Ә.М.Мұхамбетжанованың еңбектерінде тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілік білім беру әдіснамасы мен әдістері,жаңартылған білім берудің педагогикасы мен дидактикасы көрініс табады.

Сонымен қатар ғалымның зерттеулері еліміздегі білім жүйесін жаңарту реформаларымен ұштаса жүргізіліп,оның басшылығымен шәкірттері жаңартылған білім мазмұнына сай білім берудің ғылыми-практикалық негіздемесін даярлау жұмыстарымен кеңінен айналысты. Шәкірттерімен бірге «Жаңартылған білім беру мазмұны жасау бойынша авторлық топ құрамының мүшесі,жаңартылған білім беру мазмұнын жасау бойынша «Ұлттық Білім беру Академиясы» және «Назарбаев интеллектуалдық мектебі» дербес білім беру ұйымы жанындағы «Дүниетану» және «Жаратылыстану» оқу пәндерінің оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларын жасау бойынша жұмыс тобының ғылыми жетекшісі болды. [1, 1б]

Өзінің ғылыми зерттеу бағыттары білім берудің әдіснамалық-теориялық негіздері мен орта мектепте білім беру мазмұнын жаңарту, бастауыш білімді интеграциялау мәселелеріне арналған. Атап айтқанда, ғылыми білімдегі «жүйе» ұғымы мен зерттеу объектісін қарастыруда тұтастықты қамтамасыз ететін «жүйелік тұрғыны» терең талдаған. Философтар мен жаратылыстанушылар анықтаған табиғат заңдылықтары мен ғылыми тұжырымдалған заңдарын зерделей отырып, «біздің дүние (ғалам) туралы біліміміз әртүрлі заттар мен құбылыстар жөніндегі әр саладағы мәліметтердің кездейсоқ жиынтығы емес, қоршаған әлемнің белгілі бір заңдылығын көрсететін ұғымдар, принциптер мен заңдардың тәртіптелген жүйесі. Ғылыми білімдердің мұндай жүйесі – дүниенің ғылыми бейнесін жасайды» деп тұжырым жасаған ғалым.

Білім беру мазмұнының мәселесі ғасырлар бойы өткір теориялық,идеялық саяси күрестің пәні болып келді,оның шешілуінен халықтың мәдени деңгейі,оның өмір сүру деңгейі,жастардың өзбетті өмірге,еңбекке даярлығы байланысты болды.

Мемлекеттік білім беру саясатының бағытында қазіргі таңдағы мектеп баланың әсерлі дамуын жүзеге асыруы мен тұлғаның қажеттілігі мен қабілеттерін ескере отырып,оның өмір сүру деңгейі жастардың өзбетті өмірге,еңбекке даярлығы байланысты болды.

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Оқыту үдерісін Білім мазмұнының жаңартылған бағыты мұғалімнің бағыттауымен оқушының өздігінен білім алуына ықпалы зор. Жаңартылған білім мазмұны белсенді оқыту арқылы әр түрлі әдіс-тәсілдердерді қолдана отырып оқушылардың барлығын сабаққа жұмылдыру, ынтасын, пәнге деген қызығушылығын ояту. Жаңартылған оқу бағдарламаларында пәннің мазмұны және мақсаттары мұғалімдер үшін бірізділігімен тиімді. Бағалаудың жетістік критерийлері де өте жақсы қамтылған. Мұғалім үшін тиімділігі оқушыны әділ бағалай алуы, мақсаттың нақтылығы, ресурстардың жеткіліктілігі. Оқушы үшін белсенді оқытудың тиімді жақтары, оның жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуінде. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат - оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Себебі өз білмейтіндерін басқа білетін оқушылардан толықтыруы. Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту өз алдына негізгі мақсат қояды: білім беру бағдарламасын жаңарту жағдайында педагогтардың педагогикалық шеберлігін арттыру және критериалды бағалау жүйесін енгізу. Бұл бағдарлама Д.Брунердің когнитивтік теориясына негізделген білім берудің спиральды түрін дамытуға негізделген.

Жаңартылған оқыту мектептегі оқу барысында күрделене түсетін материалды қайта қараудың дәстүрлі оқытуға қарағанда қазіргі заманғы оқушының дамуында үлкен артықшылығы бар екенін көрсетеді.

Жаңартылған оқу бағдарламасының артықшылықтары:

- оқушылардың алға қойған оқу мақсаттарына жету үшін бұрын алғанбілімдерін қолдануды енгізу ұсынылады;
- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады;
- әрбір қайталаумен тақырыптың немесе тақырыптың күрделілігі артады;
- жаңартылған білім беру бағдарламасы қарапайым идеялардан күрделірек, ыңғайлы жолдарға өтуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, қазақстандық оқушылардың дамуы білім берудің белсенді түрлерін енгізу арқылы жүзеге асады, оның барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын өз бетінше дамытады, білімді белсенді түрде «шығарады», үлкен ынтамен білім алады деп болжанады. Құрдастарымен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, проблемаларды шешуде шығармашылықпен қарайды. Жаңар-

тылған бағдарламаны қолдану барысында ұстаздардың міндеті – оқушылардың бойында негізгі адами нормалар мен адамгершілік қасиеттерді сіңіру, басқа мәдениеттер мен көзқарастарға төзімділік пен құрметті қалыптастыру, саналы, дені сау бала тәрбиелеу.

Осы тұрғыда профессор Әлия Мендешқызы білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі тұлғаға белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, бала тұлғасын дамытуға, өмірлік проблемаларды өздігінен тиімді шешуге, тұлғаның өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін білімдік және тәжірибе және әмбебап қабілеттердің жиынтығын меңгертуге бағыттады.

Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау мен зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тәжірибе жасау дағдыларын дамытуға, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарымқатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерімен (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) жұмыс жасай білуге бағытталған. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі – оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу процесі оқушылардың әрбір сабақта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайларда оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Оқушылар табысты оқуы үшін мұғалімдер үш компонент - білім беру бағдарламасы, оқыту тәсілдері мен бағалау жүйесі қалай үйлесетінін толық білуінің маңыздылығы. Демек, білім беру бағдарламасының мазмұны, педагогикалық тәсілдер және бағалау тәсілдері бір мақсатқа жұмылдырылуы тиіс. Яғни бұл үйлесім оқушылардың табысын арттырады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отырып тапсырмаларды, ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткізуге болады.

Ә.Мұханбетжанова табиғаттың бала санасында бейнеленуі біртұтас жүйе ретінде дүниетанымына әсер ететін, дүниенің ғылыми бейнесін тиімдірек қалыптастыруға болатындығын көрсетті; оқушылардың жеке-дара өмірлік тәжірибесі негізінде тұлғалық мәнді танымдық әрекет- табиғатты зерделеудің субъектілігін дамытуға, бастауыш сынып оқушысының жалпы дамуына жағдай туғызатындығын көрсетті.

Сонымен қатар, проблеманы теориялық тұрғыда зерттеу нәтижесі мен тәжірибеэксперимент жұмысының қорытындысы бойынша ғылыми практикалық тұжырым және ұсыныстар жасады:

- Бастауыш сынып оқушыларында білімнің интеграциясы арқылы дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың тұлғалық-бағдарлы жүйесі мынадай педагогикалық заңдылықтар: білім мазмұнының интеграциясы, мағыналық-құндылық, жүйелік, әрекеттік негізінде құрылады.
- Дүниені зерделеу жүйесінің моделі оқушы мен мұғалімнің шығармашылық- пәнаралық әрекетінің мотивациялық, мазмұндық, креативтік, технологиялық, рефлексивтік құрылымдық және қызметтік компоненттерін қамтиды.
- Бастауыш сынып оқушыларында білімді интеграциялау арқылы дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың тиімділігі келесі педагогикалық шарттар арқылы қамтамасыз етіледі: дүниенің ғылыми бейнесінің пәндер мазмұнын біріктіретін мағына түзуші жетекші идея ретінде алынуы; дүниені зерделеудің тұлғалық бағдарлы технологиясы; оқушының өз бетімен тану іскерлігін меңгеруі; оқушы мен мұғалімнің бірлескен шығармашылық танымдық әрекеті; оқушының өздігінен дамуы. [2, 2б.]

Қорытындылай келе, Әлия Мұханбетжанованың ғылыми тұжырымдары еліміздегі білім берудің жаңамазмұнын құрастыру арқылы әлемдік білім кеңістігімен интеграцияланып, осы кеңістіктегібілім беру талаптарына жауап бере алатын деңгейге жеткізуді көздейді. Сонымен қатар жаңартылған білім мазмұнынiске асыруға негіз болып табылады және заманауи білім кеңістігінде жаңа міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. «XXI ғасырдың білім беру парадигмасы: жаңа үрдістер, тәсілдер мен технологиялар»: Ғалым-методолог, профессор, педагогика ғылымдарының докторы Әлия Мендешқызы Мұханбетжанованың 70 жылдығына арналған атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы, 2021
2. Мұханбетжанова Ә. Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларды дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. Пед.ғыл. докторы дисс., Алматы, 2000
3. Мұханбетжанова Ә. «Кіріктірілген білім беру: теория және тәжірибе» Монография Атырау, 2019- 265б.

ӘОЖ 371.75

# ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Ахмет Гүлнұр Төлендіқызы,**
**Сейтмаганбетова Шолпан Жугеревна,**
**Нуржанова Сандигул Туйебаевна,**
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері
Н.Наушабаев атындағы мектеп – гимназиясы,
Қостанай ауданы, Тобыл қ.

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Ы.Алтынсариннің мұрасын зерделеп, тәжірибе алмасу. Ғасырлар бойы сұрыпталған биік ізеттілік пен ұлттық құндылықтар үздіксіз білім беру процесінде Ыбырай әлемімен ұштастыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңдағы біздің қолданып келе жатқан жаңа технологиялық әдіс-тәсілдеріміз, білім берудегі демократиялық, ынтымақтастық идеямыз, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіру жүйеміздегі жаңашылдықты данышпан Ыбырай өз заманында-ақ қалыптастырған. Оның идеяларын педагогикалық білім берудің қазіргі жүйесінде іске асыру.

**Түйін сөздер:** үздіксіз білім беру, жаңа мазмұн, жаңашылдық, бағыт-бағдар.

**Аннотация**

Актуальность и цель. Изучение наследия И.Алтынсарина, обмен опытом. Сформированные на протяжении веков высшая добродетель и национальные ценности дают возможность соединяться с наследием Ибрая в процессе непрерывного образования. Новые технологии, методы и приемы, идеи демократизации, сотрудничества, гуманные отношения между учителем и учеником, которые мы применяем в своей практике заложено гением Ибраем уже в свое время. Наша цель реализация его идей в современной системе педагогического образования.

**Ключевые слова**: непрерывное образование, новое содержание, инновации, ориентация.

**Annotation**

Relevance and goal. Studying the legacy of Y.Altynsarin and exchanging experiences. High dignity and national values, selected over the centuries, allow to combine the world of Y.Altynsarin in the process of continuous education. The genius Ibrai formed in his time the innovations in the system of humanization of the teacher-student relationship, the new technological methods we use today, the idea of democracy, cooperation in education. Implementation of his ideas in the modern system of pedagogical education.

**Keywords**: continuing education, new content, innovation, orientation.

*«Қазақ мектептері - қазақтарға білім берудің басты құралы ... біздің барлық үмітіміз, қазақ халқынын келешегі осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы білім беретін болсын ... Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады».*
*Ы.Алтынсарин*

Бүгінде ғылым мен білімге қояр талап артып, білім беру жүйесі күрделенген заманда қоғамдағы мұғалімдер алдына жүктелер міндет еселене түсуде. Ұстаздардың алдында жай ғана білім беру емес, өркениет көшіне жол бастайтын, ұлттық рухты бойына сіңірген саналы да білімді ұрпақты тәрбиелеу міндеті тұр. Бұл жолда мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру сынды мәселелер мектеп пен қоғам алдында тұрған жауапты іс болмақ. Мұғалімнің кәсіби даму шеберлігі алған дипломнан кейін әрі қарай тоқтап қалмауы тиіс. Себебі, қазіргі жаңалығы мен өзгерістері қарыштап дамыған заманда мұғалім жаһандану көшінен қалып қоймай, заман ағымына ілесіп отыруы керек. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған негізгі мәселенің бірі - білім беру, ғылымды дамыту екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұр. «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім –мектептің жүрегі» - деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, қазіргі оқу орындары алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіптік мәдениеті басты шарт екендігі аян. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепте, ойшыл, зерттеуші, жаттандылықтан аулақ практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген, психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер, шығармашыл ұстаз керек. Ұстаздың өз бетінше білім жетілдіруі, осы саладағы үздіксіз ізденісі, озат тәжірибені қолдануы, оны өзгелерге насихаттауы, жаңашылдық танытуы, іскерлік негіздері - педагогикалық біліктілікке жеткізудің бір жолы болып саналады.

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға

құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалімді талап етіп отыр. Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған «Жаңа формация маманы болу – білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі болып табылады. Бүгінгі күнде экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда.

Оқу-тәрбие үрдісін ұйымшылдықпен жүргізуде – мұғалім басты тұлға. Осындай талапқа сай қызмет істеу үшін алдымен мұғалім өзінің теориялық және әдістемелік білімін ұдайы толықтырып, үздіксіз ізденуі, өз мамандығын барынша жетілдіру және қызметі саласындағы жаңалықтар мен озық тәжірибені үнемі пайдалануы тиіс. Сонда ғана мұғалім қызметі бүгінгі күннің талабына сай болады.

Үздіксіз іздену – бүгінде мұғалімдерге қойылып отырған басты талаптардың бірі-әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік игеру. Оларды өзінің күнделікті қызметінде пайдалана білу, осы орайдағы мұғалімнің шығармашылық еңбегі, ең алдымен сабақпен байланысты [1, 13б].

Демек, сапалы, тиімді әрі нәтижелі жүргізген әрбір сабақ – ұстаздың тынымсыз еңбегінің айғағы. Қазақ тілі мен әдебиетін пәнін оқыту үрдісінің негізгі мақсаты арнайы педагогикалық әдістерді жүйелі түрде пайдаланып, оқушылардың интеллектілік, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту, функционалдық сауаттылығын дамыту болып табылады.Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығуы мен қажеттілігінен туады. Дегенмен, білім беру жүйесінде әлі де қалыптасқан ескі дәстүр жалғасып келеді. Ал ол жүйенің өте тиімсіз екені мұғалімдердің көпшілігінің білім-білігінің төмендігімен қатар, пәндік және логикалық білімінің өте таяздығынан анық көрінуде. Сондықтан заман талабы білім беру саласында жаңа өзгерістерді қажет етіп отыр.

Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеушілік ұйымдастырушыға әр түрлі кедергі жасайтыны белгілі. Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асырып, жаңалықтың жаршысы болып жүрген ұстаздар да жеткілікті. Әйтсе де жаңалықты бірден игеріп кету де оңайға соғып отырған жоқ.

Сындарлы оқыту бағдарламасы – әлемнің бірқатар озық елдерінде сыннан өткен бағдарлама. Бүгінгі күнде Қазақстанның барлық мектептері осы бағдарламаның теориясымен танысып, түрлі әдістәсілдерін сабақта қолданып жүр. Оқушы мен мұғалім, оқушы мен оқушы арасында диалог орнатып, ЖАДА қалыптастыру, оқушыларды жас ерекшеліктеріне сай оқыту бағдарламаның негізгі идеялары қолданылып жүр. Бағалаудың жаңаша әдістерін оқып үйренген мұғалімдеріміз күнделікті сабақта бағалаудың сан түрлі әдістерін қолданып жүр. Оқушылардың өздері де бірін-бірі бағалау, өзіндік бағалау, өзара бағалауға қалыптасып келеді [2, 45б].

Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп есептеймін.

Сындарлы оқыту теориясының модульдерін үйрету және үйрену үшін уақыт пен тынымсыз еңбек керек. Оқушыларға топтық, жұптық, жеке жұмыстар барысында сыни ойлай білуге, ойын ашық әрі еркін айтуға көп мүмкіндік беріледі. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау, үйрену барысында оқушылардың белсенді іс-әрекетін әрдайым қолдап отыру да маңызды. Кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау, оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету-бағдарламаның басты талаптарының бірі болып саналады.

Қазақстанда үздіксіз білім беру жүйесінің бірнеше принципі бар. Олардың ішінде барлық категориядағы ел азаматтарына олардың жасына, жынысына қарамастан білім алудың барынша қолжетімді болуы, әр түрлі деңгейдегі білім беру салаларының бір-бірімен жалғасқан түрде әзірленуі, азаматтардың қажеттіліктеріне сай қашықтықтан білім алу, онлайн дәрістер т.б. қамтамасыз ету, білм беру мекемелеріндегі оқу бағдарламаларының заманауи еңбек нарығының сұранысына, әлемдік стандарттарға сай келуі сияқты басымдықтар бар.

Қазіргі таңда интернет-коммуникация құралдарының өркендеуімен түрлі білім беру платформалары да пайда болуда. Қазірдің өзінде дәстүрлі емес, яғни қашықтықтан өзі тұратын мемлекетіне қарамастан интернет арқылы түрлі оқу орындарында, онлайн мектептерде қосымша білім алып, арнайы дипломға қол жеткізетін мүмкіндік берілген. Бұл қазақстандық білім беру жүйесіне өз ықпалын тигізбей қоймайды. Тіпті қазіргі коронавирус пандемиясы кезінде адамдардың үйде жұмыс істеуі, бос уақыттың пайда болуы сияқты факторлар әлемдік деңгейде қашықтықтанбілім алу, әр түрлі дағдыларға машықтану сынды тәсілдердің дамытуда. Отандық білім беру жүйесі де осы көштен қалыспай өз қызметін заман талабына сай бейімдеуге күш салып келеді [3, 52б].

Бүгінгі тұлғаның білімді болуы оның білімге, ғылымға деген ізденісінің нәтижесінде туындайтын болса, сол нәтижеге жол сілтеу-бүгінгі педагогтың міндеті.

Алтынсарин идеяларын насихаттап, жаңаша көзқараспен жұмыс жасап жатырмыз. Ұлы педагогтың патриотизмді этноөңірлік бірегейлік, этномәдени бірегейлік, биологиялық құбылыс, рухани құбылыс, антропологиялық құбылыс деп бөлуі тағылымды тәрбие көзіне жетелейді. Педагогтар өз идеяларымен бірлесе жұмыс жасауда, белсенділіктің, ынтымақтастықтың, қалыптасатыны, бірлескен еңбектің өнімі, беретін нәтижесінің мол екендігі көрініс тапты. Өз елінің патриоты болу білім ошақтарында яғни мектептерден бастау алатыны сөзсіз. Қоғам дамыған сайын, кемелдену мен қатар сұраныстың да артатыны анық. Жасыратыны жоқ мектептегі педагогикалық ұжым да, білім алушылар үшін де көш озық болу, сандық технологиялар арқылы жаңа сапаға, жаңаша санаға ілгерілеуіміз қажет екенін көрсетіп отыр. Бұған бізді бүгінде әлемдік тәжірибе дәлелді дәйегімен көз жеткізіп отыр. Озық дәстүрлерді, адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Рухани байлықтың кемел болғаны бұл адамзат үшін, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Ғасырлар бойы сұрыпталған биік ізеттілік пен ұлттық құндылықтар үздіксіз білім беру процесінде Ыбырай әлемінсіз іске асыруымыз мүмкін бе? Әлемде өзгермейтін бір құдырет- ол өзіндік болмыс. Сол болмыс ана құрсағында жатқан сәттен басталып, шыр етіп дүние есіген ашқан сәтте ана сүтінен нәр алып, әке тәлімімен өркендеп, қасиетті білім шаңғырағынан толығып, қадірлі ұстаз тәрбиесімен көгеретіні сөзсіз-ақ. Демек, сол болмыс сенің ертеңгі күнгі жарқын болашағыңның іргетасы болады десем қате айтпағандығым шығар. «Тәрбие тал бесіктен» деген халқымыз. Балаларымыздың өзіндік болмысын халқымыздың тарихы мен тағлымы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, ізгілік пен адамгершілік, қайырымдылық пен мейірімділік сынды құнды қасиеттерін Ыбырай тағлымы арқылы үнемі сусындатып отырсақ, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде бүгінгі қоғамның алдына қойған міндеттері шешіліп, бала тәрбиесіне қосқан үлесіміз ұшан теңіз болар еді. Әр адам бір жұмбақ. Сол жұмбақтың ішінде сан мың арман жатыр. Оның кілтін тауып ашу, әрбір жүректің құпия сырын оқи білу ол тек біздің, яғни ұстаздың қолынан ғана келетін іс [4, 71б]. Міне, осы жолда біз өзіміздің іс-тәжірбиемізде Ыбырайдың педагогикалық идеяларының өнегелі жақтарын тәрбиелеу мен білім үрдісінде ізгілендіріп, оның мақсаты, мәні, міндеттері, қоғамда өмір сүруге қажетті әлеуметтік тәжірбиені қоғамдық тұрғыдан меңгерте отырып, қабылданған құндылықтар жүйесін ұрпақ болашағының жарқын болуына жол ашуға бағыттаудамыз. Жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, бірлік, төзімділік, татулық сынды құндылықтарды дарыту арқылы қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына үнемі алға жылжып, дамып, өсіп отыруына, өмір тоқтағанға дейін ізденісін тоқтатпауына, ой-пікірлерін, бастамаларын өзгелер қолдау үшін әркез шынайы бола білуге, өзгеге адал сеніммен қарауға, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуына, өз ісінен рахаттанатып, ғибраттанып, өз күшіне өзі сенуіне, өз мүмкіндіктерін толық ашпайынша тоқтамауына, өзгелерге бағыт беруге, жол нұсқауға өз-өзіне баға бере алатын парасатты азамат болып өсуіне Ыбырай мұрасын тәртіп қағидатының негізі ретінде ала отырып, жас жеткіншектерді тәрбиелеп келеміз. Ұлы ұстаздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе. Себебі, қоғамның санасын Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесімен баяндап, эстетикалық таныммен тұжырымдап отырсақ әлеуметтік тұрғыдан өсіп-жетілуіміз, білімнің мазмұндылығы мен маңыздылығы, тұлғаның адамдық бейнесі, өмірге бейімделуі, тіршілікке қажетті дағдыларының қалыптасу жолы нәтижелі болмақ еді. Бүгінгі таңдағы біздің қолданып келе жатқан жаңа технологиялық әдіс-тәсілдеріміз, білім берудегі демократиялық, ынтымақтастық идеям, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіру жүйеміздегі жаңашылдықты данышпан Ыбырай өз заманында-ақ қалыптастырған. Еңбек-байлық атаулының негізі, бүкіл адамзат өмірінің бірінші алғы шарты екендігін растай отырып, адамның өзін жасаған еңбек- деп ғылыми түрде тұжырымдап көрсетіп, материалдық және рухани байлықтың бәрі адам еңбегінің құдыреті арқылы жүзеге асатындығын да өз еңбектерінде нақты дәлелдеп берген дара тұлға Ыбырай болатын. Ол кірпішін қалаған еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларын қазіргі заман талабымен ұштастыра отырып, әр оқушыны жасампаз тұлға деп қарап, оның жалпы еңбекке деген ынтасын арттыру жолында бізде іс-әрекетімізді үздіксіз жұмыстар негізінде жасап келеміз. Бүгінгі білім беру үдерісінің топтық жұмыстағы әрбір қарым-қатынас, талқылау, талдау, шешім қабылдау ісіндегі белсенділік әрекеттеріміз еңбекке баулуға ынталанудың көрсеткіші болып табылуда. Біз үшін Ыбырай мұрасы еңбектің өнеге мектебі болып келеді. Имандылық пен мінез-құлыққа үйретететін ел болып ер жетіп, тамырымыздың өркендеуіне, сабағымыз бен бұтағымыздың сынбай, саялы болуына жол нұсқайтын-ол тағыда Ыбырай идеясы. Болмыстағы мінез жүректегі ізеттілікке, мейірім мен таза ойға, білім мен ақылды ұштастыра білуге, адамшылық атаулының көрінісі екендігін дәлелдеп «Әке мен бала», «Білгеннің пайдасы», «Бай мен жарлы баласы» т.б әңгімелерін оқырманға ұсына білді. Демек, біздің күнделікті сабағымыздың барлық кезеңдері оқушының көңіл-күйіне, ой-толғамына, талғам-сезіміне, қам-қарекетіне тікелей қатысты және әсерлі екендігіндігінде. Баланың айналасындағы адамдардың мінез-құлқының дұрыс, жағымды болуына айрықша мән мен маңыз береміз. Сабағымыздың табысты өту өлшемдері оқушылардың игерген білімі мен олар мойындаған «Бұдан әрі неге қол жеткізу керек?», «Қандай іс-әрекет жасау керек?», «Одан әрі не істеу керек?» деген сияқты сұрақтарға сыни оймен өз бетінше жауап іздеуге

бағытталады. Ол үшін біз алдымызда отырған әр баланың мінез-құлқымен санасып, орта одан үлгі алатындай мүмкіндіктер туындатып, өз тіршілігі мен іс-қимылына сын көзімен карауға, өз мінез-құлқына бақылау жасауға әрекеттендіріп, үнемі өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастаймыз. Біздің бұл әдісіміз тұлғаның өмірлік бет алысы, талғам-сенімі, мақсат-мұраты, бағыт-бағдары, көзқарасының жарқын көрініс табуына бағыт береді. Бала өзін-өзі бақылау жасау арқылы мінезіндегі мінін түзеуге, жағымсыз әрекет пен қылықтардан өзін тыйып ұстауға, сыртқы ортамен байланыс жасауын қамтамасыз етеді. Біз дәл қазіргі таңда әлемдік стандарттар деңгейіндегі сапалы білім беру қызметіне қол жеткізіп келеміз. Деңгейлеп –саралап, белсенді оқыту, проблемалық оқу, сын тұрғысанан ойлау – қайсысын алып қарасақ та дала жұлдызы Ыбырайдың педогогикалық идяларынан өрбіген астарлы тамыр жатыр. Ұлы ұстаз оқушылардың теориялық білімін арттыру жолдарын машықтанумен ұштастыра жүргізуге үлкен мән берді. Оның әрбір әңгімесі жас өркендерімізді тәрбиелі, еңбекқор, өнегелі болуға үндейді. Сол кездегі жазған әңгімелері бүгінгі күні де маңызды болып отыр. Тәрбиелік идеясы қазіргі кезде де ауадай қажет. Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады. «Біз болмасақ, сіз барсыз, үміт еткен достарым!» – деп ол өз халқының келешек ұрпақтарына сеніп кеткен. Міне, сол ұрпақ Ыбырай арманының жүзеге асқанын бұл күнде көріп отырғандай. Ыбырай тағылымын өмірлік құндылық етіп тану тек қоғамның, халықтың, ғылымның ғана міндеті емес, оны оқып үйрену, оның озық ойларын бүгінгі білім беру жүйесімен сабақтастыру өзін мәдениетті, білімді санайтын әрбір азаматтың парызы. Өзін-өзі тәрбиелеудің, өсіп-өнудің, өркениетті тұлға болудың бір құралы деп қабылдау керек. Біз өз тәжірбиемізде оның шығармаларындағы гуманизм мен патриотизмді алға қоя отырып, әр тұлғаға ұлы педогогтың қағидалаларын ұстана отырып, оның шығармаларындағы гуманизм мен патриотизмді ұстана отырып білім мен тәрбие беруге тырысып келеміз.

Қорыта айтқанда,ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы, 1991.
2. Ы.Алтынсарин. Қазақ әдебиеті: Алматы: Ғылым, 1979.-110-129 бет.
3. Ы.Алтынсарин. Елтұтқа.-Астана: Күлтегін, 2001.-226-228-б
4. Оқыту –тәрбиелеу технология жураны. 2011ж


ӘОЖ 657.45

## БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК МАҢЫЗЫ


**Ахметова Дана Салкинбекқызы,**
география пәні мұғалімі
М.Әуезов атындағы ОҚУ
7М01560-География педагогтерін даярлау мамандығының
2-курс магистранты
Шымкент қ.,Қазақстан



**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада автор мектептегі өлкетану пәні білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал екенін көрсетіп отыр. Өлкетану жұмыстар оқушыларды тәрбиелеудегі ерекшеліктері сипатталған.


**Кілт сөздер:** Рухани жаңғыру, топонимика, экспедиция


**Аннотация**

Актуальность и цель. В статье автор указывает, что краеведческий предмет в школе является важным инструментом связи обучения и воспитания с жизнью. Краеведческие произведения описывают особенности воспитания школьников.


**Ключевые слова:** Духовное возрождение, топонимия, экспедиция.

**Abstract**

Relevance and goal. In the article, the author points out that the subject of local lore at school is an important tool for connecting education and upbringing with life. Local lore works describe the peculiarities of educating students.

**Keywords:** Spiritual revival, toponymy, expedition.

Қазақстан Республикасының дамыған бәсекеге қабілетті отыз ел қатарына ену туралы алдына мақсат қойған тарихи кезеңде Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жариялағаны белгілі. Бұл маңызды мақаланың «Туған жер» бөлімін іске асыру мақсатында ұлтжанды ел азаматтарын тәрбиелеуде өлкетану ұстанымы – жергілікті жерді оқыту өмірмен жақындастыруға қолдау көрсететін маңызды ұстанымдардың бірі екендігіне басты назар аударды. Қазіргі уақытта өзгеріп жатқан туған өлкенің тарихи, географиялық ерекшеліктері мен әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша оқу мәліметтері толықтырылып, әлемдік білім қорына туған өлке шежіресінен, тарихынан, географиясынан не қосылды, қандай жаңа технологиялық жаңалық ашылды, ғалымдарымыздың мақтаныш тұтатын еңбектері қайсы, міне, осы мәселелер төңірегінде әдістемелік ізденістер жасалып, нәтижесі оқу үрдісінде көрініс табуы осындай игі бастаманың баспалдағы іспеттес.

Осыған орай мектепте география пәнін оқытуда өлкетану мәліметтерін қолданудың маңызы ерекше болып отыр. Географиялық өлкетану туған өлкенің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихы мен мәдениетін зерттейді. Кешендік өлкетану осылардың бәрін бір-бірімен байланыста қарастыратын болса, салалық өлкетану, географиялық өлкетану, тарихи өлкетану, этнографиялық өлкетану, топонимикалық өлкетану сияқты жеке салаларын зерттейді. География пәнін оқытуда өлкетану мәліметтерін қолданудың басты мақсаты: туған өлкенің табиғат жағдайлары мен әлеуметтік ерекшеліктерін жан-жақты оқыту; оқу және тәрбие жұмыстарын жетілдіру мақсатында меңгерген өлкетанушылық білімдерін жетілдіре отырып, практикалық дағдылар мен жеке қабілеттерін дамыту болып табылады.

Өлкенің тарихын білу-өзінің отбасының, әулетінің, туып өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Өзінің тегін оның тарихын білмеген адам өз халқының тарихын білуге ұмтылмайды, оған қызықпайды. Ал мұндай адам басқа халықтарды, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтей де сыйлай да алмайды. Осы жағдайлардың бәрі туған өлкенің тарихын зерттеудің, оған оқушыларды белсене қатыстырудың қажеттілігін дәлелдейді. Сонымен қатар мектеп географиясында өлкетану деректерін қолдануда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға, олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, отансүйгіштікке тәрбиелеуге ықпал етеді. Географиялық білімнің маңызды көзі және өлкетануды оқытуда негізгі құрал географиялық картаны оқып, үйрену, географиялық сипаттағы мағлұматтарды ала білу дағдыларын дамыту, қалыптастыру болып табылады. Ал, география сабақтарын картасыз елестету мүмкін емес. Картасыз өткен сабақта тек теориялық білім ғана алады, практикалық тұрғыда ол оның ешбірін жүзеге асыра алмайды. «Көзбен көріп, қолмен ұста» дегендей, әр сабақта картамен жұмыс оқушының карта бетіндегі географиялық нысандардың есте сақталуына ықпал етеді. Мүмкіндігіне қарай оқулықтармен қоса, атластар мен жұмыс дәптерлері бірге берілсе, оқушының картамен, кескін картамен жұмыс жасауына үлкен жағдай туғызар еді. Оқушылардың таным әрекеттері сипатына қарай ажыртылатын географияны оқыту әдістері: түсіндірмелі көрнекілік, репродуктивті, проблемалық баяндау, ішінара іздену және зерттеу. Әрбір әдістің міндеті оқытушы мен оқушылардың іс әрекеттері, географияны оқыту процесінде қолдану мүмкіндігі.

Оқытудың түсіндірмелі көрнекілік әдісі–оқушылардың білім алуын ұйымдастыру.Әдістің басты бағыты оқушының ақпаратты оқу құралдарын хабарлау арқылы игеруін ұйымдастыру мен жақсы қабылдауын қамтамасыз ету. Мұндағы оқушының іс әрекеті берілген ақпаратты қабылдауға, оймен және есте сақтауға негізделген. Репродуктивті әдістің басты бағыты – алған білімді қолдану мен пайдалануды білу және дағдыны қалыптастыру. Оқушының әрекеті әртүрлі тапсырмаларды шешуде олардың белгілі бір жаттығуларды орындау амалдарына ие болуға, практикалық іс әрекетке алгоритмге сүйенуіне тура келеді. Проблемалық әдістің мақсаты – меңгеретін оқу материалдарына әр түрлі мәселелер мен әдістер және олардың шешімдерін ашып көрсету. Оқушының әрекеті дайын ғылыми нәтижені ойлау мен еске сақтаумен, қабылдаумен қатар шектелмейді,сондай дәлелдеудің логикасын бақылау, оқушының ойлау әрекетіндегі қозғалысты бақылауға да бағытталады. [1, 69-70б]

Ішінара іздену әдісінің негізгі бағыты – оқушының үнемі дайындық үстіндегі мәселені өзіндік қою және мәселені шешуі. Оқушының әрекеті проблеманы қою және шешу жолын табуды меңгеру барысында оқушы белсенді қатысады. Зерттеушілік әдіс – ғылыми таным әдістерімен қамтамасыз ету, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамыту және шығармашылық әрекетті ойдағыдай қамтамасыз ету, епті пайдалынатын білімнің тұрақталуын үйрету. Оқушының әрекеті олардың өз бетімен мәселе қойып, оны шешу тәсілін табумен аяқталады. Өлкенің табиғат жағдайлары (жер бедері, пайдалы қазбалары, климаты, өзендері, көлдері, батпақтары, топырақ және өсімдік жамылғысы, жануарлар дүниесі) – зерттеудің маңызды бөлігі. Бұл зерттеу жұмыстары бақылау жүргізетін арнайы стансаларда немесе жергілікті жердің метеорологиялық стансасында, мектептің географиялық алаңында, арнайы

экскурсия, саяхаттарда жүргізілуі тиіс. Бақылау жүргізілетін стансалар табиғатты бақылауға және сабақтар өткізуге қолайлы сәйкес құралдар-жабдықтармен жабдықталуы, сонымен қатар сынып оқушылары толық сиятын алаң, қауіпсіздік ережелері қарастырылуы тиіс. Жер бедерін оқу барысында алдымен Отанымыздың, содан кейін оқылатын өлкенің аумағын қамтитын жекелеген аймақтардың физикалық, геологиялық карталарының мәліметтері алынады. Даладағы зерттеу жұмыстары кезінде (неғұрлым жан-жақты) жер бедерінің әр түрлі формаларының (кеуіп қалған жерлер, төбелер, тау тізбектері, шұңқырлар, жылғалар, жыралар, көшкіндер, сайлар) шығу тегі түсіндіріледі, өлшеу жұмыстары жүргізіледі, олардың сыртқы бейнесі, пішіні суреттеледі және қағаз бетіне бейнеленеді. Жер бедерімен танысу барысында қандай пайдалы қазбалар бар және олардың кен орындары туралы мағлұматтар анықталады. Өлке аумағындағы пайдалы қазбалар не себепті пайда болғанын түсіндіру қажет, сонымен қатар олардың пайда болуының, геологиялық құрылыммен және жер бедерімен байланысы бар немесе жоқ болуы түсіндіріледі. Кен орындарын картада шартты белгілермен белгілеу қажет. Пайдалы қазбалардың үлгілері мектептің өлкетану мұражайына қою үшін немесе сабақтарда пайдалану үшін жиналады және олардың қай жерден алынғаны туралы мағлұмат толық жазылады. Ауа райын зерттеу адамның күнделікті тұрмысы мен шаруашылық әрекеті үшін қажет. Ауа райының жайкүйі тек қана бір белгісіне, мысалы, температураға немесе жауын-шашынға ғана емес, барлық элементтерінің жиынтығына қарап анықталады. Мысалы, ауа райына тек «салқын» не «жылы» деп баға беру жеткіліксіз. Салқын не жылы ауа райы желді, жаңбырлы,бұлыңғыр және тағы басқаша болуы мүмкін. Ауа райы жиі өзгеріп тұрады. Оның бір элементінің өзгерісі басқасының да өзгерісін тудырады. Оның толық сипаттамасын беру үшін ауа райын құрайтын элементтерді түгелдей бақылау қажет. Туған өлкенің климатын зерттеп-білу барысында ауа райын бақылау әдісін қолданған дұрыс. Жергілікті жердің сулары (өзендер, көлдер, бұлақтар, батпақтар, жер асты суы, құдықтар) да адам өмірінде үлкен рөл атқарады. Туған өлкені оқу барысында жергілікті жердің суларына қажетті деңгейде көңіл аудару керек, өйткені олар өлкенің табиғат жағдайларының ерекшеліктерін және адамның шаруашылық ісәрекетін сипаттайды. Оқушылар мысалы, өзен ағысының жер бедеріне және өзен аңғарын құрайтын тау жыныстарына тәуелділігіне көз жеткізеді. Қорыта келсек, қазіргі кезде географиялық білім берудің өлкетанушылық мазмұны, туған өлкедегі алуан түрлі үдерістер мен құбылыстарға біртұтас кешенді-жүйелі көзқарасты қалыптастыруы басты мәселе екені анық. [2, 407-412б]

Мұндай көзқарас оқылатын аймақтың жағдайын қалыптастырушы және өзгертуші факторларды, олардың өзара тең байланысында табиғи, экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторлар тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл оқушыларда ғылыми дүниетанымдық көзқарасты, өмір сүру ортасының біртұтас бейнесін, ғылыми негізделген экологиялық және әлеуметтік-мәдени көзқарас жүйесін, оқушылардың туған өлкеге тек қана эмоциялық тұрғыдан емес, тиімді пайдалану тұрғысынан да қарау сияқты құндылықтарды қалыптастырудың неғұрлым тиімді жолы болып табылады. Яғни, мектептегі географиялық өлкетану, жалпы өлкетанудың бір бағыты болғандықтан, оқушының адамгершілік, шығармашылық, интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік, тұлғалық дамуының маңызды факторы екені бәрімізге белгілі.

Өлкетану материалдары арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу педагогикалық үдерістің: түсінік қалыптастыру – білім беру – біліктілік – практикалық ісәрекетке баулу атты тізбегін құрастыруды көздейді. Мұғалім алдымен оқушылардың бойында Отан адамның дүниеге келген жері ретінде, туған жердің табиғаты, ана тілі, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тарих, туған өлке тұрғындарының өміріндегі ұлттық ерекшеліктер, отансүйгіштік сезім туған өлкеге деген көзқарас түсініктерін қалыптастырады. Оқушы саралау, түсініп оқу, ерінбей тірнектеп материал жинау, мұрағатта жұмыс істеу, экскурсияны жүргізуші дағдыларын үйрену арқылы біліктілігін арттырады. Өлкетану жұмысының түрлері саяхат, экскурсия, бақылау жүргізу, кеппешөп жинау, тәжірибелер жасау, мамандық иелерімен кездесулер тағы басқа практикалық іс-әрекеттерді оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, құндылық көзқарастарын қалыптастыруға, білуге деген қызығушылықтарын арттыруға бағытталады.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Орманова М.А. Педагогикалық өлкетанудың маңызы [Текст] / М.А.Орманова // Молодой ученый.- 2014.- №1.2. -С.69 -71.
2. Үздіксіз білім беруде жаңа буын оқулықтары арқылы өлкетану материалдарын пайдалана отырып елжандылыққа тәрбиелеу // «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқулықтарды жетілдірудің қазіргі тенденциялары». IV халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары / Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы.- Алматы.- 2004.- 407-412 бб.

УДК 372.879.6

# НЕПРЕРЫВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СФЕРЕ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА

**Баймагамбетова Айгуль Сапархановна,**
учитель физической культуры, педагог- исследователь
**Тимофеева Наталья Владимировна,**
учитель физической культуры, педагог- исследователь
КГУ «Школа-гимназия №3
отдела образования города Костаная»

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақалада дене шынықтыру және спорт мамандарының жұмыс ерекшеліктері, үздіксіз білім берудің ұсынылған моделі мен принциптері қарастырылады. Дене шынықтыру-спорт саласының әрбір мамандардың оқыту процесінің үздіксіздігі, жоғары жүйенің тиімділігін қамтамасыз ететін дене шынықтыру және спорт саласындағы кадрларды іріктеу туралы қарастырылған. Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру.

**Түйінді сөздер:** үздіксіз білім берудің принциптері, үздіксіз білім берідің модульдері, қашықтықтан білім беру.

**Аннотация**

Актуальность и цель.: В данной статье рассматривается особенности работы специалистов физической культуры и спорта предложенная модель и принципы непрерывного образования. Непрерывность процесса обучения каждого специалиста физкультурно-спортивной отрасли. Отбор и привлечение кадров в области физической культуры и спорта, обеспечивающих высокую эффективность функционирования системы. Повышение профессиональной квалификации работника.

**Ключевые слова:** принципы непрерывного образования, модули непрерывного образования, дистанционное образование.

**Abstract**

Relevance and goal. In this article, the peculiarities of work of physical education and sport specialists, the proposed model and principles of continuing edification are discussed. Continuity of the learning process of each specialist of the physical education and sports. Selection and attraction of personnel in the field of physical education and sports, ensuring high efficiency of the system functioning Professional development of an employee.

**Keywords:** the Principe of sustained education, distant education.

Непрерывное образование становится повседневной действительностью нашей жизни. Развитие науки и техники, современные средства коммуникации многократно увеличили скорость обмена информацией, а вместе с этим и скорость принятия решений. В информационном обществе темпы развития новых технологий пришли к такой черте, когда за 10-12 лет технологии практически любой сферы деятельности изменяются настолько, что человеку фактически приходится осваивать новую профессию. В силу этого в новом обществе смена специальностей, профессии, происходит несколько раз на протяжении жизни конкретного человека [1, с.25]. Всё это требует регулярного совершенствования профессиональной квалификации и в настоящее время идёт активная работа на предмет поиска новых моделей подготовки и совершенствования профессиональной квалификации наших специалистов в рамках непрерывного образования.

В Казахстане непрерывное образование претерпело ряд изменений. Первично оно рассматривалось исключительно как образование взрослых с целью компенсации недостатков и упущений школьной подготовки. В дальнейшем рассматривалось как образование с целью пополнения знаний в связи с требованиями жизни. С увеличением ритма развития общества и экономики, когда жизнь стала выдвигать новые требования к уровню знаний работников, непрерывное образование стало пониматься как проблема повышения квалификации. Что в свою очередь повлекло за собой разработку вопросов функционального образования, организации различных форм повышения квалификации, главным образом, применительно к отрасли занятости в сфере деятельности обучаемого. При этом преследовалась исключительно практическая цель – добиться более эффективного участия человека в учебном процессе.

В современном обществе самым актуальным и значимым моментом принято считать воспроизводство кадров должного качества. В практике физической культуры и спорта такое воспроизводство становится не только актуальным и значимым, но и остро необходимым. Нашей отрасли нужно не просто наличие определённого количества образованных и компетентных специалистов, но специалистов, способных трудиться в государственных и негосударственных, общественных и международных организациях, способных подготовить спортсменов к эффективному участию в казахстанских и международных соревнованиях, соблюдая требования стандартов в работе организаций городского, областного, республиканского уровня.

В ходе профессиональной деятельности специалисты физической культуры и спорта повседневно выполняют разностороннюю, многофункциональную, профессионально сложную работу. Проведенный анализ труда специалистов физической культуры и спорта выявил существенные особенности. Так, наши специалисты реализуют физкультурно-оздоровительные и спортивные услуги, что требует от них особенно качественной работы, так как при выполнении услуг каждый специалист отвечает за свою работу лично. Кроме того, работа специалистов связана с людьми и их здоровьем и потому требует особого внимания и профессиональных навыков. Специалисты физической культуры и спорта постоянно работают с аппаратурой и тренажёрами, что влечёт за собой наличие специальных знаний. Особенно важен тот факт, что наши специалисты постоянно работают с молодыми людьми, а это значит, что они связаны с необходимостью проводить воспитательную работу. Необходимо также проводить и организационную работу, так как наши специалисты постоянно связаны с проведением многочисленных соревнований. Проведение соревнований сопровождается систематическим улучшением спортивных результатов, что влечёт за собой методическое улучшение качества спортивных тренировок. Для обеспечения этого процесса, как спортсмены, так и специалисты физической культуры и спорта нуждаются в систематическом повышении уровня своей квалификации, т.е. в наличии непрерывного образования. При построении системы непрерывного образования в сфере физической культуры и спорта нужно учитывать ряд факторов деятельности специалиста в области физкультурно-спортивной деятельности:

- труд специалистов физической культуры и спорта связан с людьми и их здоровьем;
- применение разносторонней специальной аппаратуры и тренажёрного оборудования, что требует от специалиста наличия специальных знаний;
- работа с молодежью, что в свою очередь требует от специалиста обладать знаниями психолого-педагогических особенностей каждой возрастной категории, позволит выстроить образовательный и воспитательный процесс;
- наличие организаторских способностей, навыков и умений по организации и проведению запланированных мероприятий.

В ходе методологических исследований был выделен ряд принципов концепции непрерывного образования в сфере физической культуры и спорта, отражающие идеи профессиональной подготовки специалиста физкультурно-спортивной области. Основными принципами построения и функционирования системы непрерывного профессионального образования подготовки кадров для физкультурно-спортивной отрасли в системе дополнительного образования в Казахстане являются следующие:

1. Ориентированность системы на реализацию государственной политики через сферу подготовки, переподготовки и повышения квалификации кадров для физкультурно-спортивной отрасли.
2. Непрерывность процесса обучения каждого специалиста физкультурно-спортивной отрасли.
3. Отбор и привлечение кадров в области физической культуры и спорта, обеспечивающих высокую эффективность функционирования системы.
4. Опережающий характер обучения.
5. Единство управленческой, экономической и правовой подготовки в сочетании с углубленной специализацией в области физической культуры и спорта.
6. Оптимальность сочетания всех видов дополнительного профессионального, послевузовского образования [2].

Система должна охватывать все уровни физкультурно-спортивной деятельности, а значит – включать все уровни образования, причем, сочетание этих уровней должно быть оптимальным для существующей кадровой ситуации и меняться с изменением этой ситуации.

Для реализации вышеперечисленных принципов нами была предложена обобщенная модель системы, которая включает в себя (Рисунок 1) [3]:

*Рисунок 1 – Модель непрерывного образования в сфере физической культуры и спорта*

Данную модель можно определить, как множество взаимосвязанных структурных и функциональных компонентов, подчиненных целям воспитания, образования и обучения подрастающего поколения и взрослых людей.

Каждый элемент модели в названой системе непрерывного образования является элементом системы более высокого ранга, т.е., звеном в системе подготовки всесторонне подготовленного, способного творчески работать специалиста, урок физической культуры это отбор в спортивную секцию - так спортивная секция – элементарное звено системы профессиональной подготовки; колледж (техникум) – элемент системы среднего специального образования; ВУЗ – элемент системы высшего специального образования; центр повышения квалификации – элемент системы позволяющий пополнять полученные знания исходя требований профессиональной деятельности на базе знаний и умений полученных на предыдущих этапах модели [4, с.71].

Реализация модели непрерывного обучение специалиста физической культуры и спорта представляет собой сложный процесс, требующий больших усилий, как со стороны преподавателей, так и самих специалистов. По нашим представлениям процесс непрерывного обучения требует определённых предварительных действий, позволяющих осуществить непрерывное обучение в таких образовательных учреждениях как центры учебно-спортивной подготовки.

Профессиональный рост наших специалистов осуществляется по четырём блокам: педагогическому, тренерскому, рекреационному, организационно-управленческому и культурно-просветительскому. Затраты специалистов на осуществление этих видов мастерства различны по интенсивности усилий и времени. Для того, чтобы учесть эти разноплановые затраты нужны планово-организационные работы, при помощи которых возможно прогнозировать нужное повышение квалификации специалистов. Такие планы носят сравнительный характер, оптимально осуществляются в общем объёме и представляют собой элемент непрерывного образования [3].

В ходе социологических исследований нами было установлено, что все специалисты физической культуры и спорта имеют различные мотивационные установки к профессиональной деятельности. Факторизация этих установок приводит к наличию трёх положений, которые могут быть положены в основу принципов организации непрерывного образования, а также в основу агитационно-пропагандистских принципов, а именно: стремление к новым знаниям, улучшение материального положения и улучшение качества работы [5].

Одним из самых сложных элементов непрерывного образования специалистов физической культуры и спорта является разработка и планирование деловой карьеры. Деловая карьера должна быть разработана на основе личных качеств педагога и потребностей организации в специалистах высокого уровня. Вся работа по организации и разработке карьеры представляет собой аналитическую деятельность специалиста совместно с администрацией. Такую работу следует рассматривать как ступень повышения квалификации специалиста в русле непрерывного образования на своём рабочем месте [6].

Специалисты физической культуры и спорта участвуют в сложном динамическом процессе, изменяющемся год от года в связи с изменениями в спорте при разнообразии работ, связанными с различными видами спорта. В связи с этим, от наших специалистов требуется исходное профессиональное образование, систематическое повышение квалификации и освоение новых знаний и технологий, способность сочетать предыдущие и последующие виды работ, с соблюдением последовательности в реализации спортивных достижений, что отражает необходимость непрерывного образования в сфере физической культуры и спорта.

Выявленные особенности работы специалистов физической культуры и спорта свидетельствуют о том, что для качественного воспитания подрастающего поколения в школе, которая является начальным звеном воспитания физической культуры и спорта необходимо предусмотреть непрерывное образование специалистов как основу дальнейшего роста их профессиональной деятельности.

Так в нашей школе - гимназии №3 непрерывно отправляют на курсы повышения педагогического мастерства в разных направлениях, дистанционные курсы «Содержание образовательной среды в условиях развития инклюзивного образования», «Развитие профессиональных компетенций учителя физической культуры», «Организационные и методические аспекты школьной физической культуры за рубежом», курс по Тоғызкумалаку, «Повышения квалификации учителей физической культуры». Так как условия времени и COVID диктует нам свои условия учителя физической культуры и спорта перестроились на дистанционный формат обучения, тем самым осуществляя непрерывное образование, для этого в нашей школе создали все условия, поставленные пред нашими специалистами задачи в системе непрерывного образования можно и решаются через дистанционные олимпиады, викторины, проводится онлайн разминка, даются самостоятельные задания, разрабатываются видео уроки по разным темам, так же привлекаются учащиеся к научно-исследовательской работе, позволяющей осваивать новые технологии и реализовать собственные идеи по совершенствованию физкультурно-спортивной работы. Наша школа - это орган пропаганды и агитации здорового образа жизни и физической культуры и спорта - эта работа ведется учителями физической культуры. Проводятся спортивно массовые мероприятия, дни здоровья, веселые старты, «Толағай». Спортивные соревнования (баскетбол, футбол, волейбол, теннис и т.д). Всё выше сказанное указывает на то, что школу можно рассматривать как академическую организацию непрерывного образования в системе дополнительного образования физической культуры и спорта.

Выводы. Выявленные особенности работы специалистов физической культуры и спорта, свидетельствуют о том, что для качественного воспроизводства кадров в системе физической культуры и спорта необходимо поднять уровень образовательного процесса и в частности, предусмотреть непрерывное образование специалистов как основу дальнейшего роста их профессиональной деятельности.

**Список литературы:**

1. С.В.Начинская, Н.В.Масягина. Физическая культура и спорт: непрерывное образование.– Москва.: Нац. книжный центр, 2012. – 92 с.
2. Масягина Н.В. Принципы подготовки кадров для физкультурно-спортивной отрасли в системе дополнительного образования// Современные проблемы науки и образования. 2013. № 6. URL: www.science-education.ru/113-11384.
3. Масягина Н.В. Модель воспроизводства кадров для физкультурно-спортивной отрасли в системе непрерывного образования // Современные проблемы науки и образования. 2013. № 3. URL: www.science-education.ru/123-20300.
4. Гуляев М.Ю. Инновации в технологии непрерывного физкультурного образования в условиях региона. – Москва. 2002. –176 с.
5. Масягина Н.В. Эффективная мотивация деятельности физкультурно-спортивного персонала // Современные проблемы науки и образования. 2015. № 1. URL: www.science-education.ru/121-17797.
6. Масягина Н.В. Управление деловой карьерой в организациях физкультурно-спортивного профиля // Современные проблемы науки и образования. 2015. № 3. URL: www.science-education.ru/123-17437.

УДК 37.026

## ВОСТРЕБОВАННОСТЬ ИДЕЙ И.АЛТЫНСАРИНА НА ИНТЕГРИРОВАННЫХ УРОКАХ УЧИТЕЛЯ-ДЕФЕКТОЛОГА И УЧИТЕЛЯ ТЕХНОЛОГИИ В СПЕЦИАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

**Баймаганбетова Асель Жамберкеевна,**
педагог-модератор, учитель технологии
**Ғабдрахман Нұржамал Жамберкенқызы,**
педагог-эксперт, учитель технологии
**Нурханова Шолпан Адильбековна,**
педагог-модератор, учитель-дефектолог
КГУ «Костанайский специальный комплекс
«детский сад-школа-интернат»для детей
с особыми образовательными потребностями №2»
Управления образования акимата
Костанайской области, г. Костанай, Казахстан

**Аннотация**

Өзектілігі мен мақсаты: Қазіргі таңда ерекше білімді қажет ететін адамдардың мамандығын меңгеру мәселесі өзекті болып отыр. Біз, арнайы кешен мұғалімдері, мектеп оқушыларын қоғамға бейімделген, ұйымшыл, тәуелсіз, өмірлік қиындықтарды жеңуге дайын болуға дайындаймыз. Сонымен бірге мәдениеттің, адамгершіліктің іргетасын қалап, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін дамытып жатырмыз. Ы.Алтынсарин тұлғасына тоқталсақ, қазақтың ұлы ағартушысы мектеп оқушыларының алғашқы тәрбиесіне ерекше мән беріп, тұлғалық жағымды қасиеттердің негізін салуға тырысқанын айтпай кетуге болмайды. Осы қасиеттердің бірі – еңбек сүйгіштік.

**Түйінді сөздер:** І.Алтынсарин, еңбек, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, технология мұғалімі, дефектолог мұғалім.

**Аннотация**

Бұл критерийлерді барлық оқушылар орындай алмайды. Себебі оқушылардың оқу мотивациясы мен есте сақтау қабілеттері, зейіннің шоғырлану және ақпараттарды қабылау деңгейі мен оны ұтымды қолдана білу қасиеттері әркелкі. Сонымен қатар оқушылардың сабақты оқу кезіндегі сабақ үстіндегі психологиялық жай- күйінің жағдайы да әсер етеді. Қазақстандық компонент мақсатын экспериментке қатысқан 39 оқушының 34-і орындады (немесе 87,1%-ы). Бұл мақсатты меңгеру оқушылар үшін қиынға соқпады, себебі Қазақстанның географиялық орны туралы ақпарат, білім көздері бастауыш сыныптан бері қайталанып, толығып отырады.

7 сыныптағы эксперимент ретінде өткізілген келесі тақырыптардың бірі ол «Елдердің экономикалық географиялық жағдайы» [2, 192б]. Тізім бойынша жалпы 39 оқушының 35-і ғана қатысты. Тәжірибе көрсетіп отырғандай алдыңғы өтілген сабақтағы оқу мақсаттары, келесі өтетін сабақты өту кезінде белгілі бір нәтижелерді беретіндігі анықтады. Бұл критериалды бағалау жүйесінің шиыршықтық әдісінің тиімділігін көрсетіп отыр. География сабағында ортақ мақсаттар да баршылық, олар сабақта білім алушылардың картамен жұмыс істеу, ептілік, байқағыштық, есте сақтау сынды қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. «Елдердің экономикалық географиялық жағдайы» тақырыбын өтуде оқушылардың келесідей қызығушылықтарының бары айқындалды (2 сурет):

1. Елдерді астаналары арқылы жарысып жаттау;
2. Елдерді кескін картаға салу;
3. Елдерді мемлекеттік рәміздері бойынша анықтау;
4. Елдерді танымал брендтері арқылы оқып үйрену;
5. Елдерді мәдениеті арқылы тану;
6. Елдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тану (ғаламтор).

*2-Сурет Оқушылардың қабілеттері*

Диаграммадағы мәліметтерге сүйенсек қызығушылықтың бір түрі балада жеке кездеспейді, мысалы елдерді астаналарымен жаттау және елдерді кескін картаға салу қызығушылықтары қосарланып дамыған. Бұл тақырыптың өзі соншалықты қызық, оқушылардың көпшілігінде 1 мен 2, 3 пен 4 нөмірдегі қызығушылықтарын белсенді танытады. Оқытудың түрлі әдістерін, тәсілдерін қолдану арқылы оқушылар сабақтың мақсатына жетті. Себебі сабақта материалды меңгерудің түрлі формалары қолданылды және бұл оқушыларды мүлде жалықтырмайды. Топтық жұмыста бұл тәсілдер тиімді және сәтті жүзеге асады.

8 сыныпта «Елтану» бөліміне 5 тақырып берілген [1, 9б]. Эксперименттік зерттеуге барлық тақырыптар алынды. Аталмыш сыныптың «Дүниежүзінің саяси картасы», «Елдердің саяси типологиясы» тақырыбында сандық білім беру ресурстары қолданылды [3, 222б]. Жалпы қорытынды бойынша сандық білім беру ресурстарының тиімділігін байқауға болады (1 кесте).

*Кесте 1 Өткізілген сабақтар туралы ақпарат*

| **Сынып** | **Елтану бөлімінің тақырыптар саны** | **Тәжірибе өткізілген тақырыптар саны** | **Тәжірибеге қатысқан оқушылар саны** | **Кәдімгі сабақтар сериясының тиімділігі %** | **Сандық ресурстарды қолданған сабақтар сериясының тиімділігі %** |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | 2 | 2 | 39 | 70 | 85 |
| 8 | 5 | 5 | 47 | 70 | 87 |
| 9 | 5 | 5 | 26 | 65 | 75 |
| Жалпы көрсеткіш-тер | 12 | 12 | 112 | 68,3 | 82,3 |

Эксперимент нәтижесі бойынша 8 сынып оқушыларында «Елтану» бөлімін оқуда келесідей жетістіктері мен мәселелер анықталған (2 кесте):

*Кесте 2 Эксперимент талдаулары*

| **Жетістіктері** | **Мәселелері** |
|---|---|
| – Саяси картаның басты нысандары болып саналатын тәуелсіз және тәуелді аймақтарды атау;<br>– Көлемі үлкен елдерді картадан анықтау;<br>– Ел астаналарын білу;<br>– Елдердің брендтерін білу;<br>– Елдерді кескін картаға түсіру;<br>– Елдердің сандық және сапалық өзгерістерін талдау;<br>– Елдердің морфологиялық ерекшеліктерін сипаттау;<br>– Мемлекетті жоспар бойынша экономикалық – географиялық тұрғыдан сипаттау;<br>– Топтық жұмыста саяси интеграцияның мақсаттары мен мүдделерін талдау;<br>– Топтық жұмыста халықаралық ұйымдардың маңыздылығын талдау. | – Саяси картаның басты нысандары болып табылатын мәртебесі танылмаған аймақтарды анықтау;<br>– Аумақтары шағын елдерді табу;<br>– Анклав территорияларын анықтау;<br>– Басқару формасы мен мемлекеттік құрылымы бойынша топтастыру;<br>– Елдердің саяси-географиялық жағдайына баға беру. |

Кестеде көріп отырғанымыздай оқушылардың көпшілігінде мәселелеріне қарағанда жетістіктері басым. Дегенмен де мәселелерді шешу қажеттігі туындап отыр. Бұл мәселелер сабақтың оқу мақсатында да кездеседі. Ал оқу мақсаты сабақтың ажырамас бөлгі. Мәселелерді шешу үшін оқушылардың көру, есте сақтау, талдау, бағалау, сынау, басқару, ұйымдастыра білу сынды қабілеттерін дамыту керектігін көрсетіп отыр. Себебі оқушылар саяси картаға қарай отырып әлемнің тұтас бейнесін көреді және сипаттап отырған елдің нақты орнын жалпы саяси картадан көрсетеді. Егер де шағын бір елді саяси картадан бөлек жеке контурын қойсақ, көпшілік оқушылар ол қандай ел екенін атай алмауы да мүмкін. Себебі оқушылардың басым көпшілігі елдерді жалпылама көреді, ал нақты елдерді кеңістікте жеке елестете алмайды. Бұл тағы да картамен жұмыс істеу дағдыларының әркелкі екенін көрестіп тұр.

9 сыныпта «Елтану» бөлімінің «Елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша, халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары бойынша топтастыру» тақырыбын көпшілігі меңгерген [4, 228б]. Әлем елдерінің экономикалық даму деңгейлері бойынша топтастыруда, зерттеушілер көптеген факторларды ескереді. Эксперименттік зерттеу көрсетіп отырғандай сыналған 27 оқушының басым көпшілігі Біріккен Ұлттар Ұйымының классификациясын тез қабылдайды және талдай алады (3 сурет):

*3-Сурет БҰҰ классификациясын оқушылардың қабылдауы*

Дамыған елдерді оқушылардың көпшілігі біледі (88,8%), оқушылардың сөзінше себебі ол елдер әлемге танымал, барлық жерлерде айтылады. Дамыған елдердің тауарлары әлемнің кез-келген елінен табылады, тіпті Қазақстанда да. Ал дамушы елдерді оқушылардың 70,3% анықтай алады. Себебі Қытай, Үндістан сынды көш басында тұрған елдерді білу оқушыларға қиындық тудырмады. Ал өтпелі экономика елдерін оқушылардың көпшілігі тек бұрынғы КСРО құрамындағы елдерді атай алды, дегенмен де әлемнің басқа түкпірлерінде де өтпелі экономика елдері баршылық. Олардың көпшілігін біле бермейді. Оның басты себебі ол елдер туралы ақпараттың аздығы және кешенді түрде оқытылмауы.

Эксперимент «Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары» тақырыбын оқу барысында білім алушылар халықаралық ұйымдардың атауларын, штаб пәтерлерін, олардың мақсаттары мен міндеттерін толыққанды білмейтінін көрсетті. Оқушылардың көпшілігі масштабы шағын ұйымдардың атауларын біледі, мысалы ТМД, ШЫҰ, Кедендік Одақ, ал НАТО, МАГАТЭ, ОПЕК сынды халықаралық маңызы бар ұйымдар туралы өте аз білетіні анықталды. Бұл мәселені шешу үшін қалыптастырушы бағалауға жоспар құрып тапсырмаларды ұсынған кезде оқушылардың біраз бөлігі орындай алды. Бұл орайда географияның дүниежүзі тарихы пәнімен сабақтастығы қажет болды. Халықаралық ұйымдардың маңызын өмірмен байланысты жағдайларда қолдану, оқушыларға өте қызық. Әсіресе пікірталастар мен сын айту, ұсыныстар білдіру т.б.

Қазақстандағы қазіргі елтанулық білім беруді жетілдіру үшін сапалы оқыту әдістері қолданылады. Елтану білімін жетілдіру мақсатында 2021 жылдың ақпан айында Google формасы арқылы онлайн форматта мұғалімдер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Қазақстанның барлық 14 облысы мен бас қалаларынан 300 география пәні мұғалімдері белсенді қатысты. Сауалнама қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ұсынылды. Сауалнама барысында сабақ беретін мұғалімдерге шиыршықтық оқытудың тиімділігі, оқыту әдістері, қолданылатын әдістер мен материалдар, дағдылар туралы бірнеше сұрақтар қойылды. Сауалнамада жалпы 8 сұрақ, оның ішінде екі сұрақ орта білім беру жүйесіндегі жұмыс өтілі және қай өңірден шыққандығы туралы болды (4 сурет).

*4-Сурет Жас категориялары мен еңбек өтілі*

Сауалнама қорытындысы бойынша респонденттер бөлінген сағаттардың санына қарап мұғалімдер ұсынылған материалдарды оқытуда бағдарлану қиынға соғатынын көретті. Зерттеу көрсеткендей, қазіргі елтанулық білім беруде белгілі бір мәселелер бар. «Елтану» бөлімін оқыту кезінде мұғалімдер оқу мақсаттарының күрделілігін (32,4%) және тақырып мазмұнының ауқымды екендігін (33,1%) көрсетті. Сауалнамаға қатысқан 300 мұғалімнің 65,5%-ы жаңартылған бағдарламаның күрделілігімен келіседі. Сауалнамадағы «жауап беру қиын» жауаптарын «жоқ» деген жауаптарымен теңестіруге болады. Демек, респонденттердің басым көпшілігі «елтану» бөліміне сағаттың аз бөлінгендігін айтады. Елтану бөлімі бұрын кешенді түрде оқытылған, ал қазіргі бағытты кешенді білім деп санауға болмайды, ол функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда тиімді емес. Бұл пікір сауалнамада да айтылды. Көптеген мұғалімдер елтану бөлімін шиыршықтық әдіспен оқытуға қарсы емес.

Салыстырмалы елтану әдісі оқушының әлемнің толық бейнесін қалыптастырады деп санайды. Сауалнама нәтижелері негізінде SWOT-талдау жүргізілді (4-кесте).

*Кесте 3 Сауалнама бойынша SWOT талдау*

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|---|---|
| 1. Рейтингтер, индекстер арқылы әлемнің толық бейнесін қалыптастыра алады;<br>2. Көрсеткіштердің бірі бойынша әлем елдерінің рейтингін графикалық түрде ұсыну;<br>3. Математикалық модельдеу элементтерін игеру. | 1. Кешенді тәсілдің әлсіздігі;<br>2. «Елтану» бөлімін оқытудағы оқу мақсаттары күрделі;<br>3. Тақырып мазмұнының көлемі көп;<br>4. Сағат санының аздығы. |
| **Қауіптері** | **Мүмкіндіктері** |
| 1. Оқу бағдарламасы мен оқулықтарда жас ерекшеліктері ескерілмеген;<br>2. Оқулықтағы ғылыми тілдегі ақпарат;<br>3. Ақпараттың көптігі мен әмбебаптығы. | 1. «Елтануды»оқытуда зерттеу бағытының болуы;<br>2. Елтану қолданбалы географияға бағытталған. |

География мұғалімдеріне жүргізілген сауалнаманың талдауы көрсеткендей, олардың көпшілігі «елтану» бөлімін зерттеуге сағат санын арттырғанын қалайды. Көптеген мұғалімдер мектептегі география пәнінің құрылымын және мазмұнын түбегейлі өзгертуге дайын емес екендігін айтып отыр. Мұғалімдердің едәуір бөлігі негізінен дәстүрлі сабақтар мен дәстүрлі оқыту құралдарын қолданады, белсенді оқыту әдістері мен формалары, заманауи АКТ технологиялары бар сабақтарды іс жүзінде елемейді. Көптеген мұғалімдер қазіргі мектеп географиясының келесідей жаңа ғылыми-әдістемелік міндеттерін шешуге дайын емес екендігін атайды: білім беру процесін жобалау және ұйымдастыру, әмбебап оқу әрекеттерін дамыту, географиядағы елтанулық оқыту әдісін арттыру. Сауалнама нәтижелері көрсетіп отырғандай орта мектептерде географиядағы елтану бөлімін оқытудың әдістемесі мен практикасын дамытудың қажеттілігін алға тартады. Сол себепті зерттеу жұмысы елтанулық білім беруді дамытудың жолдарын, әдістерін, тәсілдерін, құралдарын қарастырады және оны тәжірибеде әмбебап көмекші құрал ретінде қоланудың маңыздылығына, білім сапасының артуына, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарының оянуына әсер ететіндігін тәжірибе жүргізу арқылы дәлелдер келтіреді [5, 71б].

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасын әзірлеушілердің пікірінше ол білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытады.Төрт дағды оқу жоспарында «шиыршықтық оқыту әдісімен» байланыстырылған. Шиыршықтық оқыту әдісі дәстүрлі оқыту әдісіне қарағанда оқу материалын сыныптан сыныпқа қайталап берген кезде ол күрделену арқылы қазіргі заманғы оқушының қабілеттерін дамытады деседі. Бұл әдіс бізде күдікті тудырады, себебі біз қандай пәнді оқып жатқанымыздан әбден алшақтауымыз ықтимал. Осы бағдарламаны әзірлеуші авторлар шиырқықтық оқыту әдісі ол, белсенді түрде жүзеге асырылуы тиіс дейді және ол коллабрациялық ортада дифференсациялық оқыту арқылы оқыту үрдісінде пәнаралық байланыстар арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану міндетті болып саналады

**Әдебиеттер тізімі:**


1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «География» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. Астана 2017 ж, 121 б;
2. А.Егорина, С.Нүркенова, Е.Шимина: География жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған оқулық. Алматы «Атамұра» 2017. 224 б;
3. С.Әбілмәжінова, К.Каймулдинова: География жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған оқулық. «Мектеп» 2018. 256 б;
4. В.Усиков, А.Егорина, А.Усикова, Г.Забенова: Қазақстан география жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық. Алматы»Атамұра» 2019 256 б;
5. Құрылтайшы: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті. Бас редактор: Дощанова А.І. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының жаршысы, ғылыми-әдістемелік журнал №4 2021 ж, 97 б.

ӘОЖ 37.06

# БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

**Есингожина Зибагуль Пишенбаевна,**
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы
**Исмагулова Гульсин Досмуратовна,**
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы
Қостанай қаласы №15ЖББМ

**Аңдатпа**

Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақалада үздіксіз педагогикалық білім берудің ерекшеліктері айтылады. Бастауышсыныптарды оқытуда кездесетін мәселелер және оларды шешу жолдары қарастырылған. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын мұғалім өз тәжірибесінде қалай қолданып келетіндігін көрсеткен.
**Кілт сөздер:** Үздіксіз білім беру, үрдістер, мәселелр, шешу жолдары, тілдік дағдылар.

**Аннотация**

Актуальность и цель. В данной статье раскрываются особенности непрерывного педагогического образования. Рассмотрены проблемы, возникающие при обучении начальных классов, и пути их решения. По обновленной учебной программе Учитель продемонстрировал, как в своей практике использует навыки чтения, письма, произношения, аудирования.
**Ключевые слова:** Непрерывное образование, тенденции, проблемы, решения, языковые навыки.

**Annotation**

Relevance and goal. This article reveals the features of continuous pedagogical education. The problems arising in primary school education and ways to solve them are considered. According to the updated curriculum, the Teacher demonstrated how reading, writing, pronunciation, and listening skills are used in his practice.
**Keywords:** Lifelong learning, trends, problems, solutions, language skills.

Қазіргі кезде үздіксіз білім беру және алу барлық елдерде өзекті мәселе болып отыр. Үздіксіз білім алу мәселесі осы заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың, саяси және әлеуметтік экономикалық өзгерістердің әсерінен туындаған мәселе. «Халықпен халықты, адаммен адамды теңестіретін нәрсе білім», – деп ұлы жазушымыз М.Әуезов айтқандай, республикамыздың басқа мемлекеттермен экономика, мәдениет саясат жағынан тең дәрежеде тұрып, олармен бәсекеге түсе алуы адамдардың білімді де білікті болуын талап етеді. Біз ақпараттандыру ғасырында өмір сүрудеміз. Соған сәйкес болашақ ұрпағымыз өз бойына заманның талабына сай біліктілік пен дағдыларды қалыптастырып, ертеңгі күні тек қана елімізде емес, шетелде де еңбек етуге қабілетті болып, атқарған қызметінің биік шыңына жететіндей білім алуы керек [1, 147б]. Үздіксіз педагогикалық білім берудің қазіргі замандағы жүйесі дегеніміз – өзінің ашықтығымен, көпсатылылығымен, көпдеңгейлілігімен, көпфункциялылығымен және іскерлігімен ерекшеленетін, қарқынды дамып келе жатқан жүйе. Жүйенің даму көрсеткіші ретінде педагогикалық білімнің барлық сатылары мен деңгейлерінің мазмұны мен құрылымының тұрақты түрде жаңарып отыратынын келтіруге болады Бүгінде ғылым мен білімге қояр талап артып, білім беру жүйесі күрделенген заманда қоғамдағы мұғалімдер алдына жүктелер міндет еселене түсуде. Ұстаздардың алдында жай ғана білім беру емес, өркениет көшіне жол бастайтын, ұлттық рухты бойына сіңірген саналы да білімді ұрпақты тәрбиелеу міндеті тұр. Бұл жолда мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру сынды мәселелер мектеп пен қоғам алдында тұрған жауапты іс болмақ. Бүгінгі таңда заман талабына сай ұлттық білім беру жүйелерінде көптеген өзгерістер болып жатыр, оқу тәсілдерімен құралдарының бүкіл әлемдегі білім жүйесіне ортақ жалпы элементтері қарастырылуда. Мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттыру мақсатында жаңа форматты курстар ұйымдастырылуда. Әр мұғалім осындай курстардан өтіп, өз білімдерін үздіксіз жетілдіріп отырады. Яғни қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау- басты мақсат. Тілді оқыту оңай іс емес екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет:

- мұғалімдер оқушыларға қалай оқу керектігіне бағыт-бағдар беріп, өздігінен білім алудың жолын көрсетеді;
- оқушының өзінің біліміне өзі жауапты екенін көрсетіп, өзін-өзі бағалай алуға, сыни тұрғыдан ойланатын әлеуметтенген жеке тұлға болып қалыптасуына жетелейді;
- оқушылар мұғалімнің қолдауымен емін-еркін қарым-қатынасқа түсіп, алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеді;

– оқушының өз-өзіне деген сенімділігі оянып, өзіндік көзқарасын білдіре алатын дамыған тұлға қалыптасады. [2, 12б]

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен қарым-қатынас дағдыларын дамытатын табиғи тілдік орта құру, оқушыны қызықтырып, ішкі уәжін ояту қажет. Мұғалім әр сабағын жоспарлағанда бүгін нені үйретем? оны қалай үйретем? не арқылы үйретем? не үшін үйретем? деген сұрақтарды басшылыққа алып, мақсатына жетуде әдіс-тәсілдерінің ең тиімдісін қарастырып, оқушының назарын өзіне аударуға бар күш-жігерін жұмсауы керек.

Бастауыш сыныптарда үздіксіз білім беру жүйесі заман талабына сай келетін маңызды бастама. Бірақ оны толыққанды жүзеге асыру жолында әлі күнге шешімін күткен мәселелер бар.

Туындап жатқан өзекті мәселелердің бірі қала мектептеріндегі оқушылардың сөздік қорының жеткіліксіздігі, тіл байлықтарның төмендігінен ойларын еркін, ашық жеткілікті түрде жеткізе алмауы. Мәселенің алдын алу үшін оқушылармен бірнеше жұмыс түрлерін жүргізу шарт. Ол үшін ең алдымен алымызға мақсат қою керек. Қандай тиімді жұмыстарды жүргізсек бұл мәселені шеше аламыз.

Жаңартылған білім мазмұнында оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған.

Оқушылардың тіл байлықтарын, сөздік қорларын дамыту барысында, өзімнің сабақ беру барысындағы тәжірибеммен бөліскіміз келеді. Сабақ барысындасыныптағы психологиялық ахуалға ерекше мән беремін, нәтижесінде оқушыларымның өздерін сабақ барысында еркін ұстауын байқадық. Сондықтан сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында, «Шаттық шеңбер» әдісін пайдаланамыз. Бір-біріне жақсы тілек айту кезінде олар өздерін еркін, сенімді ұстауды үйренді, сонымен қатар қысқа –қысқа тілектерді айту барысында тілдері жаттыға бастады. Ал сабақ барысында олар бір-біріне құрметпен қарайтын болды. Бірін-бірі тыңдауды үйренді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «ерегі оқимыз» атты челлендж ұйымдастырдым. Оқушылар ата аналарымен ертегілерді оқып, бір-біріне жолдап отырды. Осы челленджді ғаламтор инстаграм, фейсбук желілеріне салып отырды, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтары одан сайын артта түсті. Сонымен қатар үзіліс уақытында әр түрлі тақырыптарда берілген шағын ертегі кітаптарды оқытып, түсінгендерін қысқаша айтып беруді талап еттік. Каникул уақытында мектепке келіп «ертегі оқимыз» атты кездесу ұйымдастырдық. Бұл жерде ертегіні оқу барысында оқудың бірнеше түрін қарастырдық, іштей оқу, тізбектеп оқу, ролге бөліп оқу, хормен оқу т.б. Содан соң оқыған ертегі мазмұнын айтып беру болды. Қажымай еңбектенудің арқасында оқушылардың біршама сөйлеу дағдылары дамып, өз ойларын еркін жеткізе алатын болды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда мектепке дейінгі және бірінші сынып бағдарламаларында қатаң сабақтастық жоқ. Ата-аналар шеңберлерінде, өкінішке орай, сандарды санау, қосу және азайту т.б. мектептегі табыстың кілті болып табылады. Бұл балалардың «оқушының» жаңа әлеуметтік мәртебесіне дайындығы мен бейімделуіне кері әсерін тигізеді, мұғалімдер мен ата-аналарға қиындықтар туғызады. Қазақстан Республикасының білім беру саласында болып жатқан заманауи инновациялар «мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім беру жүйесіндегі сабақтастық» тұжырымдамасын қайта қарауды, мәселені шешудің жаңа, заманауи тәсілдерін әзірлеуді және осыған байланысты, сабақтастықты қамтамасыз ету үшін осы оқу орындарының өзара әрекеттесуі керек. Мектеп балалардың интеллектуалдық, әсіресе математикалық дамуына талаптарды үнемі көтеріп отырады. Бұл ғылыми-техникалық прогресс, жалпыға бірдей компьютерлік сауаттылық, ақпарат ағынының артуы, қоғамымызда, әсіресе экономикалық өмірде болып жатқан өзгерістер, математикалық білім беру мазмұнының жетілдірілуі мен маңыздылығының артуы. [3, 345б] Сол себепті бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығына баса назар аударылады. Сабақ барысында «Артығын тап», «Сиқырлы текше», «Заңдылықты жалғастыр» атты ойындарды пайдалана отырып, логикалық ойлау дағдыларын дамытуды көздеймін. Тек ата-аналармен байланыс орната алу арқылы жетістікке жетуге болатынына көзім жетті. Сондықтан, ата-аналармен «Дөңгелек үстел», «Алтын сақа» интеллектуалды сайысы, «Қойын дәптер» атты жұмыстар жүргізілді.

Сабақ жоспарын құру кезінде сабақ мақсатына жету үшін «Не істеймін?» «Не істеу керек?»-деген сұрақтарға жауап іздеймін. Осы сұрақтардың төңірегінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Сонымен қатар балалардың тілдерін жаттықтыруда жаңылтпаштарды жаттатып, санамақтар құрастыру,мақал мәтелдері жаттап, оның мағынасын өз сөздерімен ашқызып отырамын.

Функционалдық сауаттылықтарын арттыру барысында да оқушылардың сөздік қоры дамиды және сыни тұрғыдан ойлау қабілеті артады. Осы орайда қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында мәтінмен жұмыс жасау барысында бірнеше функционалдық жұмыс түрлерін ұсынамын. Мысалы: Мәтіннің негізі ойы:

– мәтіндегі кеіпкерлерді талда, іс-әрекетне мінездеме бер;
– мәтін мазмұнына сай сұрақ құрастыр және жауап бер;
– мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;

– мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;
– «ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту.

Оқушылардың тілідк қоры жазылым дағдылары барысында да дамып отырады. Осы орайда түрлі тапсырмалар беріп отырамын:

– оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу;
– сөздердің орфографиясын меңгертуге арналған тапсырмалар;
– белгілі оқиғаны өз ойынша өзгертіп аяқтау.

Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу- оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден - бір жолы. Өз тәжірибемде, оқыту барысында алдыма қойған мақсатым - баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның басты ерекшелігі - оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау,сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету.[4, 28б]

Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден өз орынын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу. Бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда келесі нәтижеге қол жеткізуге болады:

– оқушының оқуға деген қызығушылығының артуы;
– іскерлік дағдысының дамуы;
– өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
– өздігінен оқып негізгі түйінді ойды анықтап алуы;
– мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
– ойлау белсенділігінің артуы;
– шығармашылық дағдысының қалыптасуы;
– өзіндік пікір айтуы.

Баланы өз ана тілінде еркін сөйлетудегі мұғалімнің негізгі мақсаты- әр түрлі әдіс тәсілдерді қолдана отырып, баланы өз ана тілінде еркін сөйлету, тілін дамыту, жазу іскерлігін арттыру.

Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда жаңа педагогикалық технологиялардың түрдлері өте көп, мұғалімдер оқыту үдерісінде өз тәжірибелерінде қолданып, тиімділігіне көз жеткізуде. [5, 9б]

Қорыта келе, мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін үздіксіз дамытып отыр. Бүгінгі таңда алдымызға қойып отырған басты мақсат өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, талантты жастарды тәрбиелей отыра, еліміздің мүддесіне қызмет етуге бағыт-бағдар беру. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше. Жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері: әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу; білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Конфуцийдің «естігенімді ұмытармын, көргенімді есіме сақтармын, ал өз қолымен жасағанда түсінемін» дегендей жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың құзіреттіліктері, алған білімдерін өмірде пайдалануы артады.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Әуезов М. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы. 1998, 147 б.
2. Әдістемелік нұсқау хат 2021-2022 жж. Нұр-Сұлтан қ. 12 б.
3. Қазақстан Республикасы орта білім жүйесін ақпараттандыру жөніндегі Мемлекеттік бағдарламасы. Алматы, -22 қыркүйек 1997ж. 345 б.
4. Педагог білім беру үдерісіндегі басты тұлға «Тағылым» №9, 2018, 28 б .
5. «Мұғалімнің шеберлігі», №11-12 2017, Боранбаева Л. «Жаңартылған білім-жаңа мүмкіндіктер кепілі» 9 б.

ӘОЖ 37.017.924

# ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРҒА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУ

**Әбдіғапар Айгүл Марқабайқызы,**
«Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы
білім беретін мектебі» КММ-сінің директоры
бастауыш сынып мұғалімі
Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы, Торғай селосы

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің шығармалары арқылы оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру, ұлттық болмысты қалыптастыру, ұлы тұлғаны үлгі ету мәселесі, Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы және оның бүгінгі күнмен үндестігі айтылады.
**Түйінді сөздер:** Ыбырай Алтынсарин, курс, қысқа әңгімелер.

**Аннотация**

Актуальность и цель. В данной статье рассказывается о духовно-нравственном воспитании школьников через произведения Ибрая Алтынсарина, о формировании национальной идентичности, о проблеме подражания великой личности, о творчестве Ибрая Алтынсарина и его созвучии с сегодняшним днем.
**Ключевые слова:** Ибрай Алтынсарин, курс, рассказы.

**Abstract**

Relevance and goal. This article tells about the spiritual and moral education of schoolchildren through the works of Ibray Altynsarin, about the formation of national identity, about the problem of imitation of a great personality,about the work of Ibray Altynsarin and his consonance with today.
**Keywords:** Ibrai Altynsarin, course, stories.

Бүгінгі таңда ұлы тұлғалардың өнегелі өмірі мен тағылымы мол шығармалары негізінде өскелең ұрпаққа білім, тәрбие бере отырып, білім мен тәрбиені тұлғаға бағыттай білу басты назарда тұрған мәселелердің бірі. Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпақ тәрбиелеу – ұлтымызға тән үрдіс. Олай болса, «Кел, балалар, оқылық!» деп, қазақ даласына білім-ғылымның шырағын жаққан Ыбырайдың өсиетін өнегелі түрде кейінгі ұрпаққа үйрету қажет. Ыбырай өнегесі - білімнің де, тәрбиенің де қайнар бұлағы. Ыбырайдың қай шығармасын алмайық, оның негізгі діңгегі – оқу – білімге шақыру, еңбеке тәрбиелеу, жақсыны үйрету.

Ыбырай өнегесін, Ыбырай тағылымын жас ұрпаққа үйрету мақсатында Торғайдағы Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан алғашқы қазақ мектебі «Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-сінде бірнеше жылдан бері «Ыбырайтану» курстары оқытылып келеді. Курстың мақсаты – оқушыларға Ыбырай шығармаларын кеңінен насихаттау, тәрбиелік мәнін ұғындыру.

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап, сөзі жатық, мағынасы қызғылықты ұсақ әңгімелер жазды. Автордың бұл әңгімелерінің балалар үшін, тәрбиелік рөлі ерекше.

Ыбырайдың ағартушылық жолын да, демократиялық көзқарасын да ашып көрсететін өлеңдері мен жырлары бар. Ол бұл шығармаларында ғылым мен техниканы білуді үгіттейді.

«Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым...» деп, жастарға зор сенім білдіреді.
Сонымен қатар,
«Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан.
Іздемей-ақ табылар...» деп жастарды оқуға қызықтырады.
«Сиса көйлек үстінде,
Тоқуменен табылған.
Сауысқанның тамағы,
Шоқуменен табылған...» деп, педагогтік тәсілмен балаға еңбек атаулыдан хабар береді. Еңбек ұғымын қалыптастырады.
«Өнер-білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызған.
Айшылық алыс жерлерден,
Жылдам хабар алғызған...» деп, баланы ғылым мен техниканы игеруге ұмтылдырады.

Оқушыны ғылым мен техникаға ұмтылдыру бүгінгі күннің де өзекті мәселесі болып келеді. Ыбырай шығармасы күні бүгінге дейін құндылығын жоймай келеді.

Бастауыш сынып оқушыларына қазақ балаларын оқып, білім алуға шақырған үндеуі секілді «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңдерін үйрету арқылы оқу-білімнің маңызын түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады. Мектептегі кез келген оқушы Ыбырайдың бұл өлеңдерін жатқа оқиды.

Ыбырай Алтынсарин балалар үшін мол мұра қалдырды. Ол әр шығарманы жазуда алдына үлкен мақсаттар қояды. «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына мәні бар жұмыс деп білемін» - дейді. Алтынсариннің барлық өлеңдері мен әңгімелерінің мазмұнында негізінен өзі айтқан осы идея баяндалып отырады. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері 1876-1879-жылдар арасында жазылып, бірінші рет «Қазақ хрестоматиясында» басылып шыққан. Бұл әңгімелердің кейбіреулері орыс жазушылары мен орыс педагогтерінің шығармалары үлгісінде жазылған. Мысалы, «Бір уыс мақта», «Аурудан аянған күштірек», «Алтын шеттеуік», «Тышқанның өсиеті», «Шеше мен бала», «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала», «Жаман жолдас», «Қарға мен құрт», «Түлкі мен ешкі» тағы басқалары сол кездегі орыс педагогтерінің шығармалары үлгісінде жазылған. Шағын әңгімелердің тілі жатық, көпшілікке түсінікті жазылған. Бұл шығармаларды оқып-танысқан соң оқушылар шағын қойылымдар әзірлеп, өздерінің осы шағын әңгімеден түйген ойларын қағазға түсіріп, ізденіс жұмыстарын жасайды.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа», - дейді.

«Сәтемір хан» атты әңгімесінде жеті жасында ата-анасынан айрылып жетім қалған Сәтемір деген бала ойнап жүріп бір үйдің түбіне келіп сүйеніп тұрғанда, бір аяғы жоқ ақсақ шегірткенің үйдің төбесіне қарай өрмелеп бара жатқанын көреді. Біресе тамның ортасына келіп, біресе төбесіне жетіп қала бергенде әлгі шегіртке домалап құлап кете береді. Ақыры өз мақсатына жетіп төбеге шығады. Мұны көрген Сәтемір үлкен ойға оралып, өзінің құр жұмыссыз жүргенін ойлап, ойынын тастап қалаға кетеді. Біреудің қолында жалшылықта жүріп оқиды. Сөйтіп бала Сәтемір данышпан оқымыстыға айналады.

«Әке мен бала» әңгімесінде де жалқау баланың күйін сипаттайды. Осындай әңгімелері арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелейді.

Жазушы «Атымтай жомарт» әңгімесінде де еңбекті дәріптейді. Ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап әңгіме етіп ұсынды. Әңгіменің идеясы да , кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен айқын көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімен тапқан пұлға нан сатып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен» - дейді.

Алтынсариннің тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар», - деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Жастық шақ жігер, қайраттың толы кезі. Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кез де осы. Ол үшін талап керек. Әр нәрсені де жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, қай өнердің соңына түссең, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да таңдап ал дейді. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан өз талабыңмен өрге шық дегенді айтады.

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», - деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Оның осы тақырыпқа жазған бір әңгімесінде:

«Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп – тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» - деп сұрады баласы. «Ата – ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық

ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», - деді атасы. «Олай болса бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой»,- деді баласы. «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», - деді.

Бұл әңгіменің оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де үлкен тәрбиелік мәні бар. «Баланы жастан», - дегендей, оған жас күннен түзу тәрбие беру, оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түседі. Кейде сол қисаюмен барып мерт болады. Ыбырайдың бұл әңгімесі қазіргі мектеп балаларын тәрбиелеу үшін де үлгі бола алады.

Бұл келтірілген мысалдардан басқа да Алтынсариннің аударған, өзі жазған қысқа әңгімелері әрі тәрбиелік мәні үлкен, шеберлігі жағынан мүлтіксіз әңгімелері көп және өмір құбылысы, адам өмірінің әралуан жақтарын қамтиды.

Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аянған күштірек», «Мейірімді бала», «Палкан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Тәкаппаршылық» секілді әңгімелері жастарды әдептілікке, сабырлылыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайы-

рымды болуға тәрбиелейді. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні жастарға өнегелі тәрбие беру екендігін көреміз. Ол өзінің «Сәтемір хан», «Талаптың пайдасы», «Зеректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқа әңгімелерінде балаларды білім алуға, зерек болуға үгіттеді. Мысалы, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде, ынтасымен оқудың, зеректіліктің нәтижесінде осы әңгіменің кейіпкері Матвей деген кісі бүкіл Ресейге белгілі суретші болып шығады. Басқа әңгімелерде де автор білімді дәріптеді. Кей әңгімелерінде жастарды еңбек сүйгіш болуға, ұқыптылыққа дағдылануға шақырады. Ыбырайдың «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бір уыс мақта», «Дүние қалай етсең табылады» шығармалары да оқушыларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі. Үй салу, егін кәсібімен шұғылдану, тағы да басқа халқымыздың дәстүрлі шаруашылық мәдениетін ұлттық тұрмыс-салтын жастарға дәріптеу ниетінде Ыбырай Алтынсарин бірнеше әңгімелер жазды. Әсіресе, «Қыпшақ Сейітқұл», «Малды пайдаға жарату», «Киіз үй мен ағаш үй» деген әңгімелерінде, автор қазақ жастарына көшпелі өмірден отырықшылық тұрмысқа көшу, жер кәсібімен шұғылдану заман талабы екендігін сездірсе, «Бай мен жарлы баласы», «Лұқпан хакім», «Малды пайдаға жарату» деген әңгімелерінде автор сол кездегі қазақ жастарын тұрмыс-тіршілікке бейімделуге шақырғандығының нақты көрінісін көреміз.

Ыбырай шығармаларын оқып-үйренген әр бала жақсы мен жаманды айыра алып, еңбектің қадірін, оқу-білімнің бағасын түсіне алады. Ұлы ағартушының шығармаларына тән нәрсе – еңбекқорлыққа, Отанын сүюге, білімді болуға, шыншыл әділетті болып өсуге баулу.

«Ыбырайтану» курсы жоғары сынып оқушыларын ізденіс жұмыстарына баулиды. Бастауыш сыныптан бастап Ыбырайдың шығармаларымен толық танысқан оқушы жоғары сыныпта Ыбырай өмір сүрген ортаны, оның замандастарын, ағартушылық қызметін зерттейді. Мектептегі «Зерде» ғылыми жоба жұмыстары байқауында бірнеше оқушы «Ыбырай ізбасарлары» бөлімі бойынша Торғайдағы алғашқы қазақ мектебінде дәріс алған 14 оқушының өмір жолын зерттеді. Торғайдағы Ыбырай мектебінің алғашқы қарлығаштарының бірі Бірімжановтар отбасы, олардың ғылымға қосқан орасан зор үлестері жайлы жазылған жұмыс аудандық, облыстық байқауда да жоғары бағаланды.

Жалпы, Ыбырай Алтынсаринің болашақты болжай білген, алысты көре білген, сұңғыла педагог екенін әр оқушы осы курстарды оқып-үйрену барысында зерделей алады. Ыбырай заманында өзекті болған оқыту әдістемесі мәселесі, балаларды техникалық мамандықтарға бейімдеу, мектеп кітапханаларын толықтыру мәселелері әлі де өзекті.

Ыбырай Алтынсарин шығармашылығын оқыту баршаға ортақ мәселе екені даусыз. Ыбырай тану тек халықтың, қоғамның, ғылымның ғана міндеті емес, оны оқып үйрену, өзін рухани жағынан мәдениетті, білімді санайтын әрбір азаматтың парызы әрі оның ұлттық көркемдік түсінігін тәрбиелеу мен өсірудің бірден-бір құралы. Ұлы ағартушының әрбір шығармашылық еңбегінен оқушы өзінің толғандырған ой – тілектеріне жауап табады, нәр алады, эстетикалық талабы мен талғамын есейтеді, өмір мен өнердің үйлесу, үндесу үлгісін тауып, тағылым алады. Ыбырай Алтынсарин ұстаз ретінде барша халықтың көкейінде, жүрегінде сақталады.

Ұлттық тәрбиенің өзегі - адамгершілік тәрбиесі. Адамгершілік тәрбиенің ең негізгі міндеті жас ұрпақтың бойына өзі өмір сүріп отырған қоғамның алдында тұрған мақсат-мүддеге сай адамдық қасиеттерді қалыптастырып, жетілдіре отырып тәрбиелеу болып табылады. Жас ұрпақтың бойына адамгершілікті сіңіретін, оны жүрек тазалығына, бауырмалдыққа, татулыққа, адалдыққа тәрбиелейтін құндылықтарымыздың бірі - Алтынсарин әңгімелері. Олай болса, «Ыбырайтану» курстарын оқыту арқылы балаларға рухани-адамгершілік тәрбие беріп, ұлттық болмысын қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігі сөзсіз.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. Құрастырған. М.Жармұхамедов. Алматы. Жазушы. 1991

ҒТАХР 04.01.01

## ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ

**Әбілмансұр Әсел Қалдарханқызы,**
Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

**Аннотация**

Бұл мақалада дәстүрлі емес оқытуәдістеріоқушылардың білімімен білімділік деңгейінің жақсаруына әкелетіндігі қарастырылады. Шет тілін оқытудың заманауи әдіс- тәсілдерін сипаттау және анықтама беру. Дәстүрлі емес оқыту әдістерін қолдану, сабақта танымдық іс- әрекеттің активтенуіне әкеледі. Білімді байытады, бір жүйеге келтіреді және бекітеді. Ең бастысы алған білімді практикалық жолда қолдануға ықпал етеді. Дәстүрлі емес сабақ технологияларына мәлімет берілді. Инновациялық педагогикалық технологиялары - дәстүрлі емес технологияларжаңа ақпараттық технологиялардың пайда

болуына байланысты дайындалған тренингтер,оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдеріне анықтамалар беріледі. Соның ішінде экскурсия, сұхбат сабағы, жоба, ойын, музыкалық сабақ түрлеріне тоқталдық. Қазіргі уақытта шет тілін оқытудың мәселесі бойынша оқытушы мен білім алушы арасындағы байланысты жақсарту мәселелері қарастырылған.
**Түйін сөздер**: дәстүрлі емес, субъект, экскурсия, эссе, пікірталас сабақ, сабақ экскурсия, сұхбат сабағы, пікірталас сабақ

**Аннотация**

В этой статье обсуждается, как нетрадиционные методы обучения могут улучшить знания и навыки учащихся. Описание и определение современных методик обучения иностранному языку. Использование нетрадиционных методов обучения приводит к активизации познавательной деятельности на уроках. Обогащает, систематизирует и закрепляет знания. Главное - применить полученные знания на практике. Была предоставлена информация о нетрадиционных технологиях обучения. Инновационные педагогические технологии - нетрадиционные технологии. Тренинги разработаны в связи с появлением новых информационных технологий, определения новых методов и подходов к обучению. В частности, мы говорили об экскурсиях, интервью, проектах, играх, уроках музыки. В настоящее время рассматриваются вопросы улучшения взаимоотношений преподавателя и ученика в сфере обучения иностранным языкам.
**Ключевые слова:** нетрадиционный, предмет, экскурсия, эссе, дискуссионный урок, экскурсионный урок, интервью-урок, дискуссионный урок.

**Abstract**

This article discusses how non-traditional teaching methods can improve students' knowledge and skills. Description and definition of modern methods of teaching a foreign language. The use of non-traditional teaching methods leads to the activation of cognitive activity in the classroom. Enriches, systematizes, and consolidates knowledge. The main thing is to apply the acquired knowledge in practice. Information was provided on non-traditional lesson technologies. Innovative pedagogical technologies - non-traditional technologies. Trainings developed in connection with the emergence of new information technologies, definitions of new methods and approaches to teaching. In particular, we talked about excursions, interviews, projects, games, music lessons. Currently, the issues of improving the relationship between teacher and student in the field of foreign language teaching are considered.
**Keywords**: non-traditional, subject, excursion, essay, discussion lesson, lesson excursion, interview lesson, discussion lesson.

**Кіріспе.** Қазіргі кезде мектепте шет тілін оқыту проблемасы өзекті болып отыр, өйткені білім беру сипатындағы өзгерістероны адамның еркін дамуына, шығармашылық бастамашылыққа, студенттердің тәуелсіздігіне, бәсекеге қабілеттілікке және болашақ мамандардың ұтқырлығына бағытталған. Шетел тілін оқытудың мақсаты коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру екендігі белгілі, бұл мәдениаралық қарым-қатынасқа қатысуға қабілетті және дайын тұлға қалыптастыруды көздейді.

Қазіргі тіл саясатында, оның ішінде шет тілдері саласында, соңғы жылдары оқытудың тұлғалық-бағдарлы тәсілі қалыптасты. Бұл тәсілдің негізгі ережелері - білім беру іс-әрекетінің белсенді субъектісі ретінде оқушылардың жеке басын дамытуға және үздіксіз білім беру, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру үдерісіне жан-жақты дайындауға бағытталған.

Қазіргі уақытта шетел тілін оқыту мәселесі қарастырылуда қарым-қатынас, шеберлікке үйрету тұрғысынан байланысу. Білім алушы тілді өз тілінде қолдануға мүмкіндік алады, коммуникативті функция бірінші кезекте сыныпта болады, сондықтан әдіскерлер мен мұғалімдер жетілдіру резервтерін табуға бағытталған шет тілі сабағы, оның тиімділігін арттыру, және білім сапасын арттыру үшін жұмыс жасау қажет. Мұның бәрі сабақтың стандартты емес формаларын оқу үрдісіне қосу, және шет тілін оқуға деген ынтасын жоғарылатуға көмектесу үшін әр түрлі кезеңдер, оқу материалының өмірлік жағдайлармен байланысы, мектеп оқушыларының тәуелсіздігі мен шығармашылық бастамасын дамытуына өз үлесін қосады. [1, 11б]

**Әдістеме**. Сабақ әдеттегі мағынасында, мектептегі оқу жұмысын ұйымдастырудың жалғыз түрі емес. Қазіргі кезде білім берудің ұйымдастырушылық формаларын дамыту мен жетілдіру жолдарын іздеу жалғасуда. Солардың бірі, дәстүрлі емес білім беру түрлері. Қазіргі кезде «дәстүрлі емес» терминікең таралды. Дәстүрлі емес сабақтар дегеніміз- сабақ құрылымын оқу –тәрбие үрдісінің мақсаттарынасай өзгертіп, оқушының шығармашылықпен білім игеруінің субьектілік үлесін жоғарлататын формасы. Дәстүрлі емес оқыту классикалық оқыту формалары негізінде жасалған стандартты емес әдіс. Осы тұжырымдама негізінде дәстүрлі емес оқытуды, оқытудың жаңа технологиясы деп атауға болады.Осындай сабақтар кезінде оқушы субьект ретінде болып, өз әрекетін өзі толығымен басқарып, ұйымдастыру, іздену тұрғысында өтеді. Осы кезде таным қызығушылығының механизмі әржақты күрделі болады, және оқушының тұлғаретінде қалыптасуына негіз болады. Өйткені ойлау үрдісі күрделі тізбектен құралып, жорамалдау, қажетті әдісті таңдау, білім – біліктің түрлерінің сыналуы және әртүрлі шешімдердің сараланyынан ең қажеттісі таңдап алынады. Бұл жағдайда оқушының барлық іс- әрекеті

өзі үшін аса маңызды болып, шығармашылығы зор қуаныш әкеледі, «ашқан жаңалығына» таңдануы, өзбетімен қиындықты жеңгеніне, басқаға көмектескеніне, тапқырлығына, білім игеруде алға жылжығандығына қуанады, эмоциялы қуаттанады.Білім беру процесін ұйымдастырудың «дәстүрлі емес формаларына» ерекше орын береміз.Мұғалім сабақты жарқын және эмоционалды етіп өткізуге, оқу материалын әр оқушыға еріксіз назарға сүйене отырып жеткізуге және оқушылардың өзін шығармашылық үдеріске белсендіруге ұмтылған кезде, әдетте, дәстүрлі емес формалар пайда болады. [4, 76б]

**Нәтижелер.** Ағылшын тілі сабағының дәстүрлі емес түрлері, ереже бойынша, тақырыпты немесе бірнеше тақырыпты оқып, бақылауды басқару функцияларын орындағаннан кейін жүзеге асырылады. Мұндай сабақтар әдеттен тыс, дәстүрден тыс жағдайда өтеді. Әдеттегі ортаның мұндай өзгерісі орынды, өйткені ол атқарылған жұмыс нәтижесін шығарған кезде демалыс атмосферасын қалыптастырады, қателік жасаудан қорқып дәстүрлі жағдайда туындайтын психикалық тосқауылды жояды. Шетел тілі сабағының дәстүрлі емес түрлері топтың / сыныптың барлық студенттерінің міндетті қатысуымен жүзеге асырылады, сонымен қатар есту және көрнекілік айқындылығы құралдарын қолданумен жүзеге асырылады. Мұндай сабақтарда әдіснамалық, педагогикалық және психологиялық сипаттағы алуан түрлі мақсаттарға қол жеткізуге болады, оларды келесідей қорытындылауға болады:

- оқушылардың белгілі бір тақырып бойынша білім, білік және дағдыларын бақылау жүзеге асырылады;
- оқушылардың іскерлік, жұмыс атмосферасы қамтамасыз етіледі, оқушылардың сабаққа деген байыпты қатынасы көзделеді;
- мұғалімнің өзінің сабағына минималды қатысуын қарастырады.

**Талқылау**. Дәстүрлі емес сабақ формаларының негізгі компоненттері: мотивация, жаңашылдық, формалар мен әдістердің алуан түрлілігі, шығармашылық ойлаубелсенділігі. Сабақта шет тілдік қатынас атмосферасын құру маңызды,өйткені сабақта белсенді емес, пассивті қарым-қатынас басым келеді. Кез-келген стандартты емес сабақ табысының кілті мынада: жанрдыңәртүрлілігі, айқын құрылымдық ойлау, балаларды шабыттандырадыидея, бірлескен дайындық. Стандартты емес сабақ беретін жағымды ерекшеліктер:қолайлы жағдайлар, қарапайым қарым-қатынас, психологиялық жайлылық, сәттілік жағдайы, жеке тұлғаны ашудың тең шарттары менбілім алушыларға арналған мүмкіндіктер. Дәстүрлі емес сабақтағы оқушылардың рөлі мынада: күш өлшеуге деген ұмтылыс;достарымен бәсекеде білім, білік, дағдыларды тексеру;команда үшін жауапкершілік; құрдастарының мақтауына ие болуға деген ұмтылыс;жаңа нәрселерді білу мүмкіндігі; уақытты пайдалы өткізу.

Студенттерді оқытудың, дамытудың және тәрбиелеудің дәстүрлі емес түрлерін жүзеге асыратын әдіснамалық жоғары тиімділік келесі тренингтер болып табылады: экскурсия сабақ, рөлдік сабақ, диалог сабақ, ойын сабағы, музыкалық сабақ және тағы басқалар. Соның бірі экскурсиялық сабаққа тоқталсақ. [3, 166б]

Экскурсия сабағы. Біздің заманымызда, әртүрлі елдер мен халықтар арасындағы байланыстар күннен-күнге дамып келе жатқан кезде, әр ұлттың мәдениетімен танысу, шетел тілін оқыту процесінің қажетті элементіне айналады. Студент қалалық экскурсия жүргізе білуі керек, шетелдік қонақтарға өз елінің мәдениетінің ерекшелігі туралы мәдени материалды пайдалануды көздейді.Аймақтық және мәдени мотивацияның ынталандырушы күшін білетін мұғалімдер дәстүрлі емес сабақтар арқылы оқушылардың танымдық қажеттіліктерін дамытуға тырысады. Экскурсия сабағының мақсаты- оқушылардың шет тілін үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру, балаларға субъектілердің қарым-қатынасы мен қажеттілігін көрсету, білімді тереңірек игеру, эстетикалық тәрбие және толеранттылыққа тәрбиелеу.

Сұхбат сабағы. Аударма тілін меңгерудің ең сенімді дәлелі студенттердің белгілі бір тақырып төңірегінде сұхбат жүргізе алуы екендігі туралы дал айту қиын.Бұл жағдайда сұхбаттасу сабағын өткізген жөн. Сұхбат сабағы - бұл ақпарат алмасу диалогының бір түрі. Мұндай сабақта, ереже бойынша, студенттер белгілі бір жиілік клишелерін игеріп, оларды автоматты түрде қолданады. Құрылымдық қайталанудың оңтайлы үйлесімі күш пен мазмұнды оқытуды қамтамасыз етеді. Қойылған тапсырмаларға байланысты сабақтың тақырыбы жеке тақырыпшаларды қамтуы мүмкін. Мысалы: «Бос уақыт», «Болашаққа жоспарлар», «Өмірбаян».

Осы жағдайлардың барлығында біз мағыналы ақпарат алмасумен айналысамыз. Алайда, «Менің мектебім» немесе «Менің қалам» сияқты тақырыптармен жұмыс жасағанда, тең диалог мағынасын жоғалтады, өйткені серіктестердің ақпарат алмасуының қажеті жоқ. Қарым-қатынас тек формальды сипат алады. Сабақтың бұл формасы мұқият дайындықты қажет етеді. Оқушылар мұғалім ұсынған әдебиеттерге негізделген тапсырма бойынша өз бетінше жұмыс істейді, жауап алғысы келетін сұрақтарды дайындайды. Осы типтегі сабақты дайындау және өткізу студенттерді шет тілін одан әрі оқуға ынталандырады, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасау нәтижесінде білімді тереңдетуге ықпал етеді, сонымен қатар олардың ой-өрісін кеңейтеді.

Музыкалық сабақ. Шетел тілін оқытуда ән жазудың әдіснамалық артықшылығы айқын. Ежелгі Грецияда көптеген мәтіндерді ән айту арқылы үйренгені белгілі, ал Францияның көптеген мектептерінде бұл қазір қолданылады. Қазіргі уақытта бастауыш мектепте алфавит пен арифметика әнмен оқытылатын Үндістан туралы да осыны айтуға болады.

Музыкалық сабақ мектеп оқушыларының эстетикалық және адамгершілік тәрбиесіне ықпал етеді, әр оқушының шығармашылық қабілеттерін толығырақ ашады.Сыныпта мюзиклді айтудың арқасында қолайлы психологиялық ахуал қалыптасады, шаршау төмендейді, тілдік белсенділік белсендіріледі. Көптеген жағдайларда бұл стрессті төмендететін және оқушылардың жұмыс қабілетін қалпына келтіретін разряд қызметін атқарады. [2, 130б]

Пікірталас- сабақ. Мұндай сабақбелгілі бір мәселелерді белсенді талқылаумен сипатталады. Шетел тілінде пікірталас ауызша практикада және шет тілін практикалық мақсаттарда саналы түрде қолдануға көмектеседі. Пікірсайыс келесі дағдыларға негізделеді:

1. Логикалық және сыни тұрғыдан ойлау.
2. Өз ойларыңызды жүйелей білу.
3. Сөйлеу дағдылары.
4. Риторикалық шеберлік.
5. Топта жұмыс жасау мүмкіндігі.
6. Көпшілік алдында сахнаға шығу мүмкіндігі.

Сабақ - ойын. Ойын - оқытудың маңызды әдістері мен қоздырғыштарының бірі. Ойынмен бірге жүретін факторлар (қызығушылық, қанағаттану, қуаныш сезімі) оқуды жеңілдетеді. Ойындарды әр түрлі мақсаттарда пайдалануға болады: жаңа сөздерді есте сақтау және бекіту кезінде; ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін; студенттердің шет тілінде өзіндік қатынас формасы ретінде. Жоғары оқу орындарында негізінен рөлдік ойындарды қолданған жөн.

Сабақ - жоба. Жобаның әдістемесі жоғары коммуникациямен ерекшеленеді, шығармашылық зерттеу атмосферасын құруға мүмкіндік береді. Жобамен жұмыс жасау кезінде келесі шарттар сақталуы керек: жобалардың тақырыптары оқылатын тілдің елімен де, студенттердің тұратын елімен де байланысты болуы мүмкін. Оқушылар әр түрлі ұлттардың тарихы мен өміріндегі оқиғаларды, фактілерді салыстыру басшылыққа алу керек. Оқушыларды мүмкіндігінше шынайы мәтіндерді қолдануға бағыттау қажет. Тақырып оқушыларға жақын және қызықты болуы керек. Оқушылар өзара байланысты білім салаларындағы фактілерді қолдануы керек.

Конференция сабағы. Бұл сабақ өтілген тақырып бойынша қорытынды сабақ ретінде жасалуы керек. Ереже бойынша, ол рөлдік ойын түрінде жүзеге асырылады, өйткені нақты рөлдер қолданылуы керек: бұл делегация мүшелері немесе басқа топ мүшелері арасындағы әңгімелер, баспасөз өкілдері, газет-журналдардың журналистері, фототілшілер. Конференцияға қатысушыларға белгілі бір тақырып беріледі. Сабақ барысында студенттер монологтық сөйлеуге машықтанады, дәлелді сипаттағы проблемалық сұрақтар қоюға және сұрақтарға нақты жауап беруді үйренеді. Балаларға бұл сабақтар өте ұнайды, өйткені олар шығармашылық ізденіске ұмтыла отырып, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға әрекет жасайды. Сабақ аяқталғаннан кейін, әдетте, оқушылар алған әсерлерімен бөліседі, жәнекімнің жеңіске жеткенін анықтайды.

Оқытуды технологияландыру дегеніміз- ең алдымен әр сабақта өзара тиімді педагогикалық орта құру, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы гуманизм мен даралықтың жоғары деңгейін енгізу. Жаңа коммуникацияның негізгі мазмұны- оқу процесінде қарым- қатынас ыңғайлы болады және оқушылардың білімін арттырады. Қазіргі білім беру үрдісіндегі тиімді оқыту технологияларының бірі- тиімді сабақтар негізінде оқыту. Тек оқыту материалының көлемі жыл сайын өсіп келеді, ал оқуға уақыт жеткіліксіз. Жаңа технология бойынша әр мұғалімнің сабаққа бөлінген уақытты ұқыпты пайдалануды талап етіледі. Технология бойынша сабақта әр түрлі тиімді әдістерді қолдануды көздейді. [5, 384б]

Жалпы цифрландыруға қарамастан, білім беру мен білім алу бүгінгі күні аналогтық процестер болып қала береді. Қазіргі заманғы оқыту зерттеулерінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас аспектісіне көбірек көңіл бөлінуде. Бұл қарым-қатынастың сапасы оқыту тиімділігінің маңызды факторларының бірі болғандықтан, онымен үнемі жұмыс істеп отыру керек.Мұның бәрі мұғалімнен, оның шығармашылық қарым-қатынастың негізі ретінде мектеп оқушыларымен педагогикалық мақсатқа сай қатынастарды ұйымдастыра білуінен басталады. Мұғалім дегеніміз - біліммен, даналықпен және тәжірибемен бөлісетін тұлға, ал оқушы оларды қабылдайды.Қарама-қарсы мәселе де бар: сіз оқушымен өте ыңғайлы қарым-қатынас жасай аласыз, бірақ олардың білім беру және даму мәселелерін шешу тұрғысынан конструктивтілігі минималды болады. «Мұғалім - оқушы» өзара әрекеттесу моделі бола алады, оның мақсаты оқу үдерісін оңтайландыру болып табылады.

Мұғалімдер әрдайым байланыстарды ұйымдастырудағы жетекші рөлін біле бермейді. Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың бастысы сыйластық пен талапшылдыққа негізделген қарым-қатынас болуы керек. Мұғалім байланыстың басталуының жеделдігіне, демократияландыру негізін - «біз» сезімін қалыптастыруға, балалармен өзара қарым-қатынаста жеке аспектілерді енгізуге, сыныпқа өзінің бейімділігін көрсетуге назар аударуы қажет. Мұғалімнің олардың ішкі күйі туралы түсінігін оқушыларға бере отырып, жекелеген оқушыларға деген стереотиптік жағымсыз қатынастарды өзгертетін сыныппен интегралды байланысты ұйымдастыруға бағытталған іс-әрекеттің мақсаттарын қалыптастыру керек.

Оқытудың өзара әрекеттесу түрінің кем дегенде үш маңызды белгілерін көрсетуге болады.

Біріншіден, әр оқушы нәтижелі мәселелерді шешуге емес, жаңа пәндік мазмұнды игеру процесінің басында, мұғаліммен және басқа оқушылармен арнайы ұйымдастырылған белсенді өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық негізінде қатысады.

Екіншіден, өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жағдайлары өндірістік мәселелерді шешудің нақты құралы және оқушылардың танымдық іс-әрекет тәсілдерін және тұлғааралық қатынастарды игеру шарты бола отырып, қарым-қатынас процесінде өзгерістерге ұшырайды, сол арқылы өзін-өзі реттеу тетіктерін қалыптастырады оқушының мінез-құлқы мен жеке басының.

Үшіншіден, өндірістік міндеттерді бірлесіп шешу барысында студенттер, ең алдымен, жаңа іс-әрекеттерді орындаудың оперативті-техникалық құралдарын неғұрлым өнімді және дәлелді түрде игеруді қамтамасыз ететін мағынаны қалыптастыру мен мақсатты қалыптастыру механизмін игереді.

**Қорытынды**. Мұғалімнің басты міндеті - оқушыны оқуға ынталандыру екені белгілі. Сабақта оқытудың дәстүрлі емес формаларын қолдану - баланы ынталандырудың ең жақсы әдісі. Мотивацияны оқушының субъективті әлемі ретінде қарастыруға болады. Ол оның қажеттіліктері арқылы анықталады және барлық психологиялық процестерді белсендіру үшін маңызы бар қабілеттерді арттырады. Жоғарыда айтылғандардан дәстүрлі емес әдістерді сыныпта қолданудың тиімділігі көбінесе мұғалімнің сабақты дұрыс құруға және сол немесе басқа оқыту әдісін дұрыс таңдай білуіне байланысты болады. Оқытудың дәстүрлі емес ерекше технологияларын таңдау мақсатты бағдармен, мазмұндық ерекшелігімен, оқытудың дараландыруымен, кафедраның техникалық жабдықталуымен анықталады. Дәстүрлі емес әдістерді қолдану зерттелетін пәнге деген қызығушылықты арттыруға, сонымен бірге шығармашылықты ашуға және өзін-өзі тануды арттыруға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі емес сабақтар қашанда қорытынды сабақ ретінде қолданылуы керек. Себебі, оқушылардың білімдерін, қабілеттері мен дағдыларын қорыту және бекітудің маңыздылығы зор. Күнделікті дәстүрлі емес сабақтар- пәнге және оқу процесіне деген тұрақты қызығушылықты жоғалтуға әкелуі мүмкін. Дәстүрлі емес сабақтарды қолдану алдында тыңғылықты дайындық керек және ең алдыменоқыту мен тәрбиелеудің нақты мақсаттарының жүйелері нақты болуы керек. Дәстүрлі емес оқыту түрлерін таңдау кезінде, мұғалім өзіндік ерекшеліктерін, темпераментін, жалпы сыныптың дайындық деңгейі мен жекелеген оқушылардың ерекшеліктерін ескеру қажет. Дәстүрлі емес ағылшын тілі сабақтары студенттерге ұнайды, өйткені олар шығармашылық жәнеерекше және ең бастысы - олар өте тиімді. Дәстүрлі емес сабақты құрудың алғышарты - әр оқушының жеке қолдауы. Сабақ барысында студенттерге және олардың қызметіне қатысты кез-келген сын-ескертпелер алынып тасталады. Мұғалімнің іс-әрекеті жағымды мотивацияны құруға бағытталуы керек. Ол үшін оқушының оқу іс-әрекетіндегі ең аз жетістіктерін байқауға және ынталандыруға тура келеді, аздап болса да жақсы жаққа қарай жылжу, оқушыларды біртіндеп тәрбиелеу, өз-өзіне және олардың қабілеттеріне деген сенімділік. Оқушылардың жеке тұлғасындамыту, және оларды интеллектуалды салада пайдалану.

Мұғалімдер оқушыларға оқыту мазмұнын түсіндіру үшін әр түрлі инновациялық идеяларды ұсынады. Сонымен қатар, мұғалімдер оқушыларға лайықты және заманауи әдіс-тәсілдерді үйретуге жауапты. Мұғалім оқушылардың жетістікке жетуінде маңызды рөл атқарады. Сонымен, қазіргі заманғы оқыту әдістерін қабылдауға қадам жасау мұғалімнің міндеті. Сапалы білім беру үшін білікті мұғалім мен оқытудың инновациялық әдістерінің үйлесуі қажет. Студенттер әлеммен бетпе-бет келу және бәсекелестерімен бәсекелесу үшін тек теориялық білімге ғана емес, сонымен қатар пәндерді оқытудың практикалық тәжірибесіне де дайын болуы үшін.

Қысқаша айтқанда, қазіргі кезде оқытудың заманауи әдістерін қосу қажет, себебі ол студенттерге оқытудың дәстүрлі қайталау және оқу бағдарламаларын есте сақтау формаларына қарсы тұрады. Оқытудың заманауи әдістері шешім қабылдау, мәселелерді шешу және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға ең қолайлы. Оқытудың жаңа әдістері оқушыларды өнімді етеді және ынтымақтастықты ынталандырады. Екі әдіс те тиімді, бірақ осы уақыт ішінде не істелетіні - мәселе, және қазіргі оқыту әдістерінің маңыздылығын айқын сезінуге болатындығы анық.

**Әдебиеттер тізімі***:*


1. Искакова П.К. «Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру». Автореферат. – Түркістан, 2010. – 11 б.
2. Щукин А.Н. «Современные интенсивные методы и технологии обучения иностранным языкам». – Москва: Филоматис. – 2010, 130 б.
3. Freeman S.Y., Freeman E.D. «ESL/EFL Teaching: Principles for Success». – Portsmouth, NH: Heinemann.1999, 166 б.
4. Аринова Г.К. Жаңа мазмұнды білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологиялардың алатын орны // 12 жылдықбілімберу, 2009, №4, 76 б.
5. Мухина С.А. Нетрадиционные педагогические технологии в обучении/С.А.Мухина, А.А.Соловьева, М.: Феникс, 2004. – 384 б.
6. Байғазиева Г. Жаңа педагогикалық технологияларды ендіру. |Бастауыш мектеп №106 2005ж.

ӘОЖ: 745.85

# ОРТА МЕКТЕПТЕ МОДЕЛЬДЕУ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙНЫН ЗЕРТТЕУ

**Әлібек Ақерке Досыбайқызы,**
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ.,Қазақстан

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада орта мектептердегі информатика пәні және оны модельдеу негіздерін оқытудың педагогикалық дизайнын зерттеу мәселелері мен оның қазіргі таңдағы цифрлық экономиканың қалыптасу кезеңіндегі өзекті мәселелері мен даму деңгейі қарастырылады.Мектеп бағдарламасында модельдеу тақырыбына байланысты сағат саны көрсетілген. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша информациялық модельдеудің педагогикалық дизайны оқушыларды пәндік әдістемелік қалыптастыру құралы ретінде маңызды роль атқарады. Сондықтан мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеруге және пәнаралық байланыстарды талдауға қосымша талаптар қойылады. Мақалада модельдеу және педагогикалық дизайн ұғымдарына терең түсінік беру арқылы кең талдау жасалған. АҚШ, Еуропа, Ресей, Қазақстан елдеріндегі орта мектептерде информатика пәнінің ерекшеліктері мен айырмашылықтары және даму деңгейіне егжей-тегжейлі талдау жасалып, қысқаша, нақты мағлұмат берілген.

**Кілт сөздер.** Педагогикалық дизайн, Эргономика, психофизиология, информациялық модельдеу, Computer Science for all (Барлығына арналған информатика), модельдеу негіздері, модельдеу нысаны, цифрлық сауаттылық, модельдеу және формализация, компьютерлік-математикалық модельдеу, ақпараттық модельдеу, ғылыми-ақпараттық жаһандану.

**Аннотация**

Актуальность и цель. В статье рассматриваются проблемы изучения педагогического проектирования обучения основам информатики и ее моделирования в средних школах, его актуальные проблемы и уровень развития на современном этапе становления цифровой экономики.В школьной программе указано количество часов в зависимости от темы моделирования. По мнению многих исследователей, педагогическое проектирование информационного моделирования играет важную роль как средство предметно-методического формирования учащихся. Поэтому к повышению профессионального уровня учителей и анализу межпредметных связей предъявляются дополнительные требования. В статье проведен обширный анализ концепций моделирования и педагогического проектирования с углубленным пониманием. В средних школах США, Европы, России, Казахстана проведен детальный анализ особенностей, различий и уровня развития предмета информатики, даны краткие и конкретные сведения.

**Ключевые слова.** Педагогический дизайн, Эргономика, психофизиология, информационное моделирование, Computer Science for all (информатика для всех), основы моделирования, объект моделирования, цифровая грамотность, моделирование и формализация, компьютерно-математическое моделирование, информационное моделирование, научно-информационная глобализация.

**Abstract**

Relevance and goal. The article deals with the problems of studying the pedagogical design of teaching the basics of computer science and its modeling in secondary schools, its current problems and the level of development at the present stage of the formation of the digital economy.The school curriculum specifies the number of hours depending on the topic of modeling. According to many researchers, pedagogical design of information modeling plays an important role as a means of subject-methodical formation of students. Therefore, additional requirements are imposed to improve the professional level of teachers and the analysis of interdisciplinary connections. The article provides an extensive analysis of the concepts of modeling and pedagogical design with an in-depth understanding. In secondary schools in the USA, Europe, Russia, Kazakhstan, a detailed analysis of the features, differences and level of development of the subject of computer science was carried out, brief and specific information was given.

**Keywords.** Pedagogical design, Ergonomics, Psychophysiology, information modeling, Computer Science for all, fundamentals of modeling, object modeling, digital literacy, modeling and formalization, computer and mathematical modeling, information modeling, scientific and information globalization.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің ерекше буынын жаңғырту туралы пікірталастар қызу талқыланып жатыр. Жалпы білім беруді ақпараттандыру мектеп қабырғасында да, жоғарғы оқу орындарының тәжірибесінде де оқу деңгейін арттыруға ықпал ететін қолданыстағы оқу құралдарын дамытуды

және жаңа технологияларды құруды қамтиды. Бұл оқытудың әртүрлі формаларының дамуына әкелетін жаңа әдістердің, формалардың және бүкіл оқыту жүйелерінің пайда болуына алып келеді.

Бұған дәлел ретінде «Педагогикалық дизайн» термині, XX ғасырдың аяғындағы шетелдік Пайдаланған әдебиеттерден алынған. Терминнің мағынасы өте қызықты, ағылшын тіліндегі нұсқада «instructional design», яғни нұсқаулықтарды әзірлеу, жобалау деген мағынаны береді. Тиімді нұсқасы ретінде - «learning activities' design», яғни оқушылардың оқу іс-әрекетінің дизайны. Ағылшын-орыс сөздігіне сәйкес «instructional» сөзі білім беру, тәрбие, оқыту деп аударылады, ал design сөзі (дизайн, сызу, ойлау, сонымен қатар жоба, жоспар, сурет) - эстетикалық қасиеттерді жобалау қызметі. Кең мағынада дизайн тек көркемдік құрылысқа ғана емес, сонымен қатар оның визуалды және функционалды қасиеттерін ұтымды құру арқылы объективті ортада адам өмірінің жұмыс істеуінің кең әлеуметтік-техникалық мәселелерін шешуге қатысады [1].

«Педагогикалық дизайн» түсінігі – ағылшын тілінен «Instructional Design» (ID, оқу дизайны) немесе «Pedagogical Design» (педагогикалық дизайн), яғни ұғымдар ғылым және процесс ретінде қарастырылады, бұл жерде біз «педагогикалық дизайн» терминін қолданамыз. Педагогикалық дизайн тапсырмаларды орындауға және проблемаларды іздеуге, оларды талдауға және шешуге бағытталған педагогикалық құралдарға негізделген технология және дизайн сияқты басқа жобалармен ортақ ұғым [2].

Педагогикалық дизайн-бұл ғылыми пән, оның маңызды міндеті заманауи ақпараттық технологияларды енгізу арқылы қашықтықтан оқыту әдістерін жасау болып табылады [3].

Жалпы алғанда, «педагогикалық дизайн» қажетті педагогикалық нәтижелерге қол жеткізудегі нақты педагогикалық іс-әрекеттер саласы. Педагогикалық дизайнның мәні, ең алдымен, оқу процесінде педагогикалық стратегияларды әзірлеу мен іске асыруда, яғни мұғалім мақсатқа жету үшін оқытудың ең жақсы формалары мен әдістерін анықтайтын процесс.

Педагогикалық дизайнға қатысты бірқатар анықтамалар қарастырылған.

*1)Педагогикалық дизайн процесс ретінде* - педагогикалық дизайн оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін оқу және педагогикалық теорияларды пайдалана отырып, педагогикалық құралдардың жүйелі әзірленуін білдіреді. Ол оқытудың қажеттіліктері мен мақсаттарын талдаудың бүкіл процесін, сондай-ақ осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін оқыту жүйесін дамытуды қамтиды.

*2) педагогикалық дизайн пән ретінде* – оның аясында зерттеулер жүргізіліп, педагогикалық стратегиялар туралы теория, соның ішінде осы стратегияларды әзірлеу және іске асыру процесі жасалады.

*3) Педагогикалық дизайн ғылым ретінде* - барлық күрделілік деңгейлерінің үлкен және кіші пәндік блоктарын зерттеу процесін жеңілдететін жағдайларды әзірлеу, іске асыру, бағалау және сақтау үшін егжей-тегжейлі сипаттамаларды құру ғылымы.

*4) Педагогикалық дизайн шындық ретінде* - көбінесе жұмыс бастапқы идеяның пайда болуынан басталады, ол кейіннен педагогикалық жағдайдың негізін қалайды. Бүкіл процесс аяқталған кезде дизайнер талдау жасайды және ғылымның барлық компоненттері шынымен ескерілгенін тексереді. Уолтер Дик пен Лу Карей [1] осы анықтамаларға негізделген педагогикалық дизайн моделін ұсынды. И.С.Кузнецова педагогикалық дизайнға жүйелі және біртіндеп көзқарасты қамтамасыз етті.

Педагогикалық дизайн келесі негізгі принциптерге негізделген:

- ғылымилық
- оқу материалын ұйымдастырудың теориялық негізделген және тәжірибеде тексерілген әдістері мен әдістерін қолдану;
- көрнекілік
- білім алушылардың ақпаратты қабылдау арналарының ең көп санын оқыту кезінде орынды іске қосу;
- ғылымның қолжетімділігі-ғылыми білімнің қолжетімділігін және оларды білім алушылардың пайдалануын қамтамасыз ету; білімнің күрделілік деңгейі білім алушылардың таяудағы даму аймағында болуы тиіс;
- ойлаудың көрнекілігі-қабылдау мен оқыту психологиясын барынша есепке алу, таным процесінің барысын көрсетуді қамтамасыз ету;
- үздіксіздік және сабақтастық-оқу курстарының, тәртіптердің, қағидалар мен оларды игеру құралдарының келісілуін қамтамасыз ету;
- жайлылық-оқушыларға ыңғайлылық пен қабылдауды қамтамасыз ету.

Педагогикалық дизайнның негізгі мақсаты - білім алушылар үшін әр түрлі білім беру ресурстарының өзара байланысы мен үйлесімділігі негізінде білім беру субъектілерінің психологиялық ыңғайлы және педагогикалық негізделген дамуы қамтамасыз етілетін орта құру.

Оқу кеңістігін ұйымдастырудағы педагогикалық дизайнның рөлі эргономика, дизайн, психология және педагогика сияқты бірнеше ғылымдардың синтезін болжам жасалынған. Эргономика мен дизайнның ғылыми мазмұны, бір жағынан, психофизиологияның жетістіктеріне негізделген, мысалы түс (түс қабылдаудың эргономикасы және түс ортасын жобалау саласындағы техникалық эстетикаға қол жеткізу). Екінші жағынан, физиканың қазіргі жетістіктері, атап айтқанда, объектілердің

формаларына байланысты бұралу өрістері идеясын дамыту. Бұл жағдайда практикалық нәтиже оқушының нақты ішкі және сыртқы әлемін ескере отырып, оқу кеңістігін жобалаудың жаңа принциптері мен әдістерін жасау. Педагогикалық дизайнды оқу жағдайлары мен процесін, сондай – ақ білім алушының кәсіби шеберлігін оңтайландыру мақсатында оқу кеңістігін ұйымдастырудың тиімді жүйелерін зерттеумен және құрумен айналысатын ғылыми-қолданбалы пән ретінде қарастыруға болады.

Осылайша, педагогикалық дизайн күрделі құбылыс болып табылады, яғни процесс ретінде, пән ретінде, ғылым ретінде, шындық ретінде және бір уақытта оқыту моделі ретінде әрекет ете алады. Педагогикалық дизайн оқу процесін ұйымдастырудың құралы бола алады, сондықтан мұғалімдерді оқыту құралы ретінде педагогикалық дизайнмен таныстыру қажет. Отандық педагогикалық білім беруді жетілдіру процесінде педагогикалық дизайнның орнын анықтау өзекті міндет ретінде қаралды.

Орта мектептерде модельдеу негіздерін оқытудың педагогикалық дизайнын зерттеудің маңызы зор. Өйткені модель дегеніміз – түпнұсқа нысан туралы жаңа мағлұмат алу мақсатында зерттеуші құратын және түпнұсқаның өзіне тән ғана қасиетін көрсететін кез-келген табиғи нысанды айтады [4]. Кез-келген модель модельдеуді жүргізу үшін құрылады. Модельдеуді нысанның қандай да бір құбылысы, процесі немесе жүйесін құру және олардың моделін зерделеу жолымен зерттеу деп түсінеміз. Бір нысанға бірнеше модель сай келетіндіктен, әр түрлі мақсаттағы зерттеулер үшін түпнұсқаның маңызды қасиеттері қарастырылуы тиіс. Компьютерлік модельдеу мектептегі информатика пәнінің ең қиын бөлімдерінің бірі болып табылады, алайда мектепте информатиканы оқудың алғашқы жылдары бағдарламада бұл бөлім болған жоқ. Ендігі кезекте шетелдер мен Ресей және Қазақстан мектеріндегі информатика пәнін оқытудың ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. АҚШ және еуропалық мектептердегі информатика пәні туралы айтатын болсақ, онда информатика бұл елдердің көптеген мектептерінің оқу жоспарына міндетті пән ретінде енгізілмеген, информатиканы оқуға қатысты бірыңғай стандарт жоқ, Информатика мұғалімдерін даярлау жүйесі жоқ. 2016 жылдың басында АҚШ-та Президент қолдаған «Computer Science for all» (Барлығына арналған Информатика) бағдарламасын іске асыру басталды және информатиканы мектептерге жаппай енгізу жүзеге асырыла бастады [5]. «Барлығына арналған Информатика» - бұл Еуропаның есептеу қауымдастығы (ACM Europe) жасаған бастама. Оның мақсаты - информатиканы XXI ғасырдағы білім берудің негізгі пәні ретінде тиісті түрде тану. Информатика-бұл цифрлық әлемнің дамуына негізделген ғылым және ол қазіргі қоғамның барлық аспектілеріне терең әсер етеді. Пәннің негізгі тұжырымдамалық және практикалық аспектілері бар. Қауымдастықтың тұжырымдары Еуропада информатика ұсынатын артықшылықтарды пайдалануда жаһандық деңгейде бәсекеге түсу үшін барлық мүмкіндіктерге ие болу үшін білім беру жүйелерінде информатиканы тиісті түрде тануды қамтамасыз ету жөніндегі бастаманың маңызды қажеттілігін атап көрсетеді. Информатикаға арналған мақалаларда оқушыларды цифрлық сауаттылыққа үйрету туралы айтылады, компьютерлік модельдеу тақырыбы мүлдем қарастырылмайды.

Қазіргі кезеңде дүние жүзінде белгілі бір дәрежеде әртүрлі модельдер қолданатын ғылыми білім салаларын дамытпайынша модельдеу адам қызметінің әртүрлі салаларындағы объектілерді зерттеуге мүмкіндік бере алмайды. Ол модельдеудің сипатын дамытуға, оқушыларға шешімдер қабылдауға және олардың қызметінің салдарын болжауға көмектеседі. Орта мектептерде информатика пәнін оқытуды компьютерлік технологияларды меңгерту арқылы модельдеуді қолдану аясын едәуір кеңейтуге болады. Мұндай жағдай алынған нәтижелерді жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Модельдеу информатиканың теориялық негізі және жалпы білім беру жүйесін үздіксіз дамыту бағыты бар оқыту желісі болып табылады. Ресейлік ғалымдар С.А.Бешенков, М.Г.Бояршинов, А.А.Кузнецов, Е.А.Ракитина, И.В.Галыгина [6] өз еңбектерінде жалпы білім беретін мектептің информатика сабағында модельдеуді оқыту мәселесіне, «модельдеу және формализация» желісін зерттеу мазмұнын ашуға өз көзқарастарын білдірген. Ғалымдар мектептегі информатика пәнінің мақсаттары мен міндеттерін, оқушыларды дайындаудағы модельдеуді зерттеудің рөлін, модельдеуге тікелей байланысты оқу құралының бөлімдерін жобалау тәсілдерін анықтауға тырысады.

Модельдеу орта мектепте информатика пәні бойынша келесі нәтижелерді анықтауға мүмкіндік береді:

- оқушыларда компьютерлік-математикалық модельдер және модель мен модельденетін объектінің сәйкестігін талдау қажеттілігі туралы;
- деректерді сақтау тәсілдері және қарапайым өңдеу туралы; деректер базасы және оларға қол жеткізу құралдары, олармен жұмыс істей білу туралы түсініктер қалыптастырады.

Информатика пәнін терең меңгеру мынандай кезекті талаптарды қамтиды:

- компьютерлік-математикалық модельдерді құру және пайдалану, компьютердің көмегімен эксперименттер жүргізу және деректерді статистикалық өңдеу, нақты процестерді модельдеу барысында алынған нәтижелерді түсіндіру тәжірибесін меңгеру; модельденетін объектілер мен процестердің сандық параметрлерін бағалау, деректер базасын және анықтамалық жүйелерді пайдалану.

- ақпараттық модельдердің түрлерін; математикалық формада ұсынылған параметрлер, диаграммалар, графиктер, кестелер арасындағы қатынастарды; деректерді бағдарламалау тілінде ұсыну қағидаларын білу;
- әр түрлі ақпараттық модельдерде (схемалар, карталар, кестелер, графиктер және формулалар) деректерді ұсына және оқи білу; кестелерді қолдана отырып алгоритмдерді талдау;
- деректерді ұсыну және талдау үшін бағдарламалау тілін меңгеру .

Информатика курсында ақпараттық модельдеу үш аспект бойынша қарастырылды:

- біріншіден, таным құралы ретінде, өйткені ақпараттық модельді құру және зерттеу процесінде ол салынған нақты объект туралы білім алынады;
- екіншіден, оқыту құралы ретінде, өйткені оқу процесі көп жағдайда зерттелетін объектінің ақпараттық модельдерін, мысалы, ауызша сипаттау, графикалық бейнелеу, байланыстар мен заңдылықтарды формулалық ұсыну және т. б. қолданумен байланысты;
- үшіншіден, зерттеу объектісі ретінде, өйткені кез-келген ақпараттық модельді өзіне тән қасиеттері, байланыстары мен сипаттамалары бар тәуелсіз объект ретінде қарастыруға болады [6].

Ақпараттық модельдерді таным құралы ретінде және оқыту құралы ретінде белсенді қолдану жалпы білім беретін мектепте көптеген оқу пәндерінде жүреді – математика (кеңістіктік фигуралардың графикалық бейнесі, осы фигуралардың көлемін есептеу формулалары), физика (идеалды газ, формулалар, заңдар), биология (түрлердің жіктелуі, өсімдіктердің графикалық бейнесі) және т.б. осы пәндердің әрқайсысында өзіне тән ақпараттық модельдер зерттеледі. Бірақ олардың ешқайсысында модельдердің өздерін құру тәсілдері қарастырылмайды және олардың жалпы қасиеттері зерттелмейді. Мұғалімдер тәжірибесі көрсеткендей, студенттер ақпараттық модельдермен жұмыс жасауда жиі қиындықтарға тап болады. Мысалы, бір түрден (мәтіндік модель) екіншісіне (математикалық модель) түрлендіру кезінде олар «модельдеу объектісінің» өзі және оның «ақпараттық моделі» (мысалы, мәселенің жағдайы және оны шешу моделі) сияқты ұғымдарды анықтайды, қолданылатын модельдеу тілін таңдаудың әсерін сирек ескереді.

Осылайша, орта мектепте информатиканы оқу барысында оқушылар модельдеу принциптерін, компьютерлік модельдеудің түрлерін терең игеруі керек. Модельдеуді меңгеру барысында оқушылар компьютерлік математикалық модельдердің жіктелуін және әртүрлі ғалымдар зерттеген нақты процестердің математикалық модельдерін құруда тәжірибе жинақтауы тиіс.

Елімізде информатика курсын игерудің тереңдетілген деңгейінде компьютерлік-математикалық модельдерді құру және пайдалану тәжірибесін меңгерудің төмен деңгейі байқалады, оқушылар есептеу есептерін шешу барысында алынған нәтижелерді нашар меңгерген. Пәндік білім мен дағдыларды (математика, физика және т.б.) информатика пәніне ауыстыру қабілетімен байланысты қиындықтар туындайды. Мысалы, егер математика сабақтарында оқушы параметрлер арасындағы функционалды байланысты график бойынша оңай түсіндірсе, онда MS Excel көмегімен жасалған графиктерді оқыған кезде модельденген процестің сандық параметрлерін бағалау кезінде проблемалар туындайды.

Орта мектептерде модельдеу негіздерін оқытудың оқу жылына арналған сағат саны 5,6,7,9,-10,11 сыныптарға берілген болса, 3,4,8 сыныпқа сағат саны бөлінбеген. 5,6,7 сыныптарға арналған жылдық жоспардағы тақырыптар қарапайым, баланың жас ерекшелігіне сәйкес келеді. 5-6 сыныптарда *«Компьютерлік графика», «3D баспа бөлімі»* компьютерлік модельдеуді оқытудың негізгі нысаны ретінде қарастырылған, 7 сыныпта *«Электрондық кесте арқылы есеп шығару»* бөлімінде «Процесстерді электрондық кестеде модельдеу» тақырыбы көрсетілген, оқытудағы негізгі мақсаты - электрондық кестеде диаграммаларды жасау. 9,10,11 сыныптарға берілген тақырыптар күрделі, 9 сынып оқулығында *«Python программалау тілінде 2D ойынын құру»,* дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу, 2D негізде модель құру. 10 сыныпта «педагогикалық дизайн» тақырыбына қысқаша түрде тоқталып кеткен, 11 сынып *қоғамдық гуманитарлық бағыты мен жаратылыстану математика бағыты* бойыншаоқушыны өзінше ізденіс жүргізу арқылы вертуалды кеңістікке арналған 3D бағдарламалау тілін заман талабына сай қарастырған. Берілген тақырыптар оқушылардың ой-өрісін дамытуға және модельдеу негіздерін терең меңгеруге, дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Қорытындылай келе, отандық ғалымдарымыз Р.А.Қадырқұлов, Ә.Д.Рысқұлбекова, Г.К.Нұрмұханбетова [7] информатика оқулықтарын жазу барысында зерттеулер жүргізе отырып жалпы орта білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес келетін компьютерлік модельдеу бойынша оқу материалын таңдау мәселелерін жеткілікті түрде ұсынуға тырысқан. Негізгі ұғымдарды анықтауға, әртүрлі пәндік салаларда компьютерлік модельдеуді қолдануға қатысты мәселелердің шешімін табу мақсатында орыс ғалымдарының еңбектерін басшылыққа алған және соның ықпалы айқын байқалады. Қазақ ғалымдарының арасында информатика пәнін зерттеумен айналысатын ғалымдардың саны санаулы болғандықтан ғылыми, әдістемелік еңбектер де біршама аздық етеді. Сондықтан, қазіргі ғылыми-ақпараттық жаһанданудың жылдам дамуы кезеңінде «модельдеу» желісі бойынша орта мектепте білім берудің оқу материалын зерттеудің жеке әдістемелік аспектілерін тездетіп заман ағымынан қалдырмай әзірлеу қажет. Бұл мұғалімге оқушылардың бойында модель-

деудің негізгі ұғымдарын тиімді қалыптастыруға, компьютерді қолдана отырып информатика пәнін терең ұғынуға көмектеседі.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Ed Forest: Instructional Design. URL: https://educationaltechnology.net/instructional-design/ (дата обращения: 21.12.2021)
2. Демидова И.А. Педагогический дизайн и его средства: теоретический анализ и опыт применения в педагогической практике // Педагогика. Вопросы теории и практики. 2019. Том 4. Выпуск 4. –25с.
3. Романова К.Е. Педагогический дизайн: Международноправовой анализ : Монография: - М.: ИПК РУДН, 2020. –172 с.
4. Компьютерлікмодельдеу: Орташа кәсіби білім беретін мекеменің студ. Арналған оқулық / Г.В.Овечкин, П.В.Овечкин. – М.: «Академия» баспаорталығы, 2015. – 224 с. ISBN 978-601-333-233-8 (каз.)
5. Горностаева Т.Н., Горностаев О.М. Компьютерное моделирование в школьном и вузовском курсе информатики // Мир науки. Педагогика и психология, 2019 №6. –3 с. https://mir-nauki.com/PDF/84PDMN619.pdf (доступ свободный). Загл. с экрана. Яз. рус., англ.
6. Мохова Л.А. Итпекова Г.С. Обучение старшекласссников моделированию физических процессов в курсе информатики// Мир науки, культуры, образования. № 4 (71) 2018. –155 с.
7. Информатика.Оқулық. Р.Қадырқұлов,.Ә.Рысқұлбекова. Г.Нұрмұханбетова.
8. 2020.URL:https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/60219?directionId=3599&lang=kk/ (дата обращения: 21.12.2021)


ӘОЖ 475.17

## ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Жақсылық Әсел Нұрланқызы,**
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің
2-курс магистранты

**Аңдатпа**

Ғылыми-техникалық процесс кезінде оқыту үрдісінде студенттердің өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыру. Оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі заман талабына сайкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да, білім алуда да тек мәлімет жиынтығын меңгеруімен шектелмей, студенттердің өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын студент етіп даярлау қажет болып отыр.
**Түйінді сөздер:** өзіндік жұмыс, СӨЖ, СӨЖді ұйымдастыру жолдары.

**Аннотация**

Оптимальная организация самостоятельной работы студентов в процессе обучения в ходе научно-технического процесса. Каждый урок, проводимый учителем, должен соответствовать требованиям современного обучения. Поэтому необходимо обучать молодежь не только получению информации в любой сфере труда и образования, но и уметь так же самовыражаться, эффективно организуя самостоятельную деятельность учащихся.
**Ключевые слова:** самостоятельная работа, СРС, способы организации СРС.

**Abstract**

Relevance and goal. Optimal organization of independent work of students in the learning process during the scientific and technical process. Each lesson conducted by the teacher must meet the requirements of modern education. Therefore, it is necessary to teach young people not only to receive information in any field of work and education, but also to be able to express themselves in the same way, effectively organizing the independent activities of students.
**Keywords:** independent work, SIW, ways of organizing SIW.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр.

Жоғарғы оқу орындарында студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін әрдайым байыту, оқуға деген ынта-жігерін арттыру, қоғамдық өмірдегі барлық салалардағы өзгерістер

адамның интелектуалдық күш-жігерін, саналы әркеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісінің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді.

Әр ғылымның барлық саласында болмысы білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту үрдісінде студенттердің өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады. Себебі, студенттердің өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады.

Қазіргі таңда студенттердің өзіндік іс-әрекетін жаңа жағдайға байланысты оңтайлы ұйымдастыра білу үлкен маңызға ие.

Студентің өзіндік жұмысы - болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырудың бір құралы іспеттес. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі [1].

Өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесіне көптеген зерттеулер арналған. Олар педагогикалық Пайдаланған әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелерін В.К.Буряк, Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, Р.Г.Лемберг, Р.М.Микельсон, И.И.Пидкасистый, Е.С.Саблик, М.Н.Скаткин еңбектерінде зерттеліпіп, оқу үрдісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыда қарастырғандар: А.Е.Абылқасымова, Н.А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Топоркова, М.Г.Гарунов, И.И.Кобыляцкий, Р.Н.Низамов еңбектері арналған.

Өзіндік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады.

И.Т.Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс біліктілік пен іскерлік жиынтығы.

Г.Н.Кулагина өзіндік жұмысты студенттің іс-әрекет құралы белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсінеді.

Г.Н.Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша айтады. Бұл жұмысты студент өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады [2].

Жоғарғы оқу орындарында жүріп жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты СӨЖ-дің маңызы артқанын, ондағы оқытушының орнын, кредиттік оқыту жүйесінде оны ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері мен мәселелерін отандық зерттеушілер С.Е.Калдыкозова, А.Головчун және ресейлік зерттеушілер Е.Галицких, Ю.Попов пен В.Оробинский, И.Г.Ковалевский, Г.Ларионова еңбектерінде қарастырылады.

Педагогика-психология ғылымында, өздігінен білім алу, студенттердің ақыл-ойының дамуының жоғарғы көрсеткіші деп қарастырылады.

Өзіндік жұмыстары әр түрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы: жаттығу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, есеп шығару, эксперимент жүргізу т.б.

Студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарының бірқатары жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Сондықтан жоғарғы оқу орындарында әрбір курста оқытушылардың басшылығымен студенттер жаттығуларды өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылады.

Студенттердің өзіндік жұмысы болашақ маманның шығармашылық ойлауын, танымдық қызығушылығын және арнайы білім алуын қамтамасыз ететіндіктен жаттығулардың маңызы зор.

Р.С.Немов төмендегідей қорытынды жасаған: «Білік дағдылардың барлық түрлерін қалыптастыруда жаттығулардың маңызы зор. Олардың негізінде дағдылар автоматтандырылып, біліктіліктер жетіледі. Ал күнделікті, жүйелі жаттығуларсыз, білік, дағдылар өз қасиеттерін жоғалтады» [3].

Өз бетімен жұмыстың маңыздылығының бірі - студенттің өз беттерімен орындай алуларына, оқуға белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол. Өз бетімен жұмыс жасау барысында студент Р.Сүлейменов [3] өздігінен істейтін жұмыстарды әрекет сипатына қарай жаттығу, зерттеу шығармашылық жұмыстар деп топтастырады. «Шығармашылық еңбекте студенттің іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестігі айқын көрінуі тиіс». Шығармашылық жұмыстар студенттердің дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі.

Оқытушы сабаққа дайындалу барысында өзінің әрекеттерін ойластыруымен шектелмей, деңгейіне қарай студенттің әркетіне мән беруі тиіс.

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру өте күрделі мәселе. Сондықтан студенттердің өзіндік жұмыстарын топтастыру үшін бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру керек.

Оқытудың мақсат міндеттеріне және пәннің мазмұнына, оқыту әдістерінің ерекшеліктеріне, студенттің даму дәрежесіне қарай өзіндік жұмыстарды бірнеше топқа бөлуге болады. Оның негізгі жиі кездесетін бір тобы - сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыстың түрлері. Олар мыналар:

- жаңа білімді меңгеруі;
- жаңа білімді бекіту;
- білім мен дағдыларды қайталау, бақылау және тексеру.

Студенттердің жұмыстарының барлық топтарын оқытушы оқыту барысында жүйелі түрде әрқайсысын өзіне тиісті жерінде қолдануға міндетті және оның бір ерекшелігі – оқыту үрдісінің барлық кезеңіндерінде қолдануға болады. Сондай-ақ студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстары олардың таным, іс-әрекеттерінің ерекшеліктеріне қарай әр түрлі бағытта ұйымдастыруға болады.

Уақытты тиімді пайдаланып, білім алушының өз бетімен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасалуы қажет. Ол үшін мынадай міндеттер орындалу керек:

- студенттерге өзіндік жұмыстар туралы түсінік беру.
- студенттердің өз бетімен тапсырма орындау әдістерін таныстыру.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

1. Оқытушының нақты тапсырмалар беруі;
2. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың дербестігінің өзара байланысы;
3. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеу;
4. Олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі.

Студенттердің өзіндік ұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы студенттердің іс-әрекетінің дербестігі артады.

Студенттің өзіндік жұмысы - кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс студенттің ғылыми, оқу кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оптималды шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған.

Жоғарғы мектептің орта мектептен ең басты айырмашылығы - оқыту жұмысының әдісі және білім алушылардың жеке деңгейі болып табылады.

Жоғарғы оқу орындарында студент білімді өзі жинап, ғылымды өзі таниды, ал оқытушы тек студенттердің танымдық қызметін ұйымдастырады және бақылайды. Сондықтан, студенттің өзіндік жұмысы - оқыту қызметінің барлық түрлерінің міндеттерін анықтайды.

Сонымен қатар, студенттердің өіндік жұмыстарының тәрбиелік мәні өте зор. Өйткені, бұл жұмыс - студенттің білім алудағы жеке жұмысын ғана емес, қазіргі заманғы жоғарғы кәсіби маманды тұлға ретінде қаплыптасуына мүмкіндік береді.

Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру жоғарғы оқу орындарындағы негізгі нормативті құжаттармен сәйкестендіріліп, жүзеге асады.

Студенттің өзіндік жұмысын белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Әдістемелік жағынан белсендіру қолданылған әдіс-тәсілдерге, студенттің өзіндік жұмысының формалары мен ұйымдастыру құралдарына байланысты.

Өзінідік жұмысты оқытушының дұрыс басқара білу және студенттердің дербестік әрекетінің дәрежесі артып отыруы осы жұмыстың белгілері болып табылады.

Студенттердің өзіндік жұмысының маңызын толығырақ түсіну үшін, оның атқаратын негізі міндеттерін атап өткен жөн:

- студенттердің дербестік қабілетін мейлінше арттыру;
- олардың алған білімінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету;
- студенттерге оқуға қажет біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- таным ақыл-ой қабылетін дамыту.

Сонымен, өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық әрекеті мен ынтасын дамытуда зор әсер білдіреді, қайсарлық, табандылық, батылдыққа тәрбиелеуде және қалыптастыруда көздеген мақсатқа жетуге және жеке тұлғаның сапалық қасиеттерін жетілдіруге зор мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Асанов Н. Өіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2019.
2. Р.Б.Исмаилова Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері. // Бастауыш мектеп- №5,6-2017, Б. 36-37.
3. Абдукаримова У. Самостоятельная работа студентов. Алматы, 2020.

ӘОЖ 373.1

# БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА МҰҒАЛІМ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ

**Жанбаева Назерке,**
педагогика және психология мамандығының
4 курс студенті
**Казиев Карас Оржанович**,
ғылыми жетекші
психология және арнайы білім беру кафедрасының
қауым.профессоры, PhD докторы
Х.Досмұхамедов атыныдағы Атырау университеті
Атырау қ, Қазақстан Республикасы

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада білім берудің инновациялық технологияларын жүзеге асырушы мұғалім іс-әрекетінің мазмұны, құрылымы және қызметтік ерекшеліктер қарастырылады.
**Түйінді сөздер:** инновация, білім беру,технология,үдеріс,оқыту.

**Аннотация**

Актуальность и цель. В статье рассматриваются содержание, структура и функциональные особенности деятельности учащихся, реализующих инновационные образовательные технологии.
**Ключевые слова:** инновации, образование, технология, процесс, обучение.

**Abstract**

Relevance and goal. The article discusses the content, structure and functional features of the activities of students implementing innovative educational technologies.
**Keywords**: innovation, education, technology, process, training.

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат - әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

Білім берудегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін инновациялық үдерістерді қолдану арқылы аймақтың экономикасының өзекті салаларына қажет мамандар дайындау алдында бейіндік дайындығы бар, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген, отансүйгіш, ұлттық дәстүрлерді қастерлейтін, толерантты, білімді де білікті, зияткерлік ой- өрісі кең, саналы тұлға қалыптастыру.

**Негізгі міндеттері**:

- Отансүйгіштік сезімі жоғары, мемлекеттік рәміздерді құрмет тұтып, ұлттық дәстүрлерді дәріптейтін, өз ісіне жаупкершілікті тұлға тәрбиелеу;
- Білім алушылардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін жетілдіріп, зерттеу әрекеттерін дамыту жағдайын жасау;
- Білім берудің үздіксіздігін сақтау арқылы жоғары деңгейдегі құзыреттілікті қамтамасыз ету;
- Ақпараттық ресурстар және білім беруді ақпараттандыру арқылы білім алушылардың танымдық қабілетін өз бетінше ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру;
- Мұғалімдердің білімін көтеру жүйесін дамыту, педагогтардың инновациялық-эксперименталды, жобалық қызметін ұйымдастыру;
- Педагогтердің статусын көтеру мақсатында кәсіби сайыс түрлерін дамыту, жас мамандарды педагог мамандығына тұрақтандыру бағытында жүйелі жұмыстар ұйымдастыру;
- Денсаулықты сақтау педагогикасы арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және алған білімдерін өмірде қолдана алуға дағдыландыру;
- жаңартылған білім беруге көшудің ғылыми-әдістемелік жағдайын қамтамасыз ету.

Бұл мақсаттарға жету үшін мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты – оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық техно-

логияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. «Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Инновация латыншадан аударғанда «жаңа», «жаңалық», «жаңарту» дегенді білдіреді немесе «инновация» - бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсатқа қандай әдістәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі.

Оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерімен оқу материалдарын меңгеру сапасын анықтау үшін оқытушы-ата-ана-оқушы арасындағы байланысын Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында, әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. XXI ғасырдың бет-бейнесі біліммен өлшенбек. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты. Бүгінгі қоғамның ұстаздар алдына қойып отырған басты міндеті, артар жүгі – сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, өмірде ойын жүзеге асыра алатын тұлға қалыптастыру. *Тұлға қалыптастыруда* – оның тәні мен жанын қатар дамыту, танымдық қызығушылығын дамытудың әдіс тәсілдерін іздеу, анықтау, жүйелеу, қолдану.

Елбасымыздың жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ.Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу- әр ұстаздың, әр мектептің ең қасиетті міндеті. Бүкіл дүниежүзілік білім әлеміне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, оқушылардың шығармашылық әлеуметін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға терең әлеуметтік өзгерістерге толы қазіргі кезеңде оқушыларға берілетін ақпараттар көлемі кеңеюде. Ал оны игеруге бөлінетін уақыт өзгеріссіз қалуда. Сондықтан білім берудің сапасын жақсарту, білім берудің әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік.

Білім беру мекемелеріндегі инновациялық үдерістер

Білім беру жүйесіндегі *инновациялық үдерістердің* құрамында басқарылатын педагогикалық жаңашылдықтарды жарату, қабылдау, бағалау, игеру және қолдану үдерістері болады. Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады.

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф.Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Жаңашылдық – замануи ағымынан өтетін үдеріс, сол себепті инновациялық үдерістің теориялық ережелерін зерттей отыра, жаңашылдықтың жасалуын және орындалатын әрекет түрлеріне қарай ажыратылатын, жаңашылдықтың «өмірлік циклының» деңгейлерін ерекшелеуге болады. Инновациялық үдерісінің құрамында төмендегідей деңгейлер болады.

*Бірінші деңгей* (ашылу деңгейі). Негізгі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижесі болып саналатын жаңа идеяның немесе жаңашылдықтың концепциясының пайда болуы.

*Екінші деңгей* (ойлап табу). Қандай да бір материалдық немесе рухани өнімнің үлгісін – жаңашылдықты жарату.

Әр оқу жылының соңында жұмыс қорытындысы бойынша дөңгелек үстел өткізіледі. Әр оқушының жетістіктері мен шығармашылық өсуінің кестесі толығады, сонымен қатар, мұндай жұмыстың басты мақсаты – барлық сынып оқушыларының өз өнерлерін көрсетуге деген құштарлығын қалыптастыру, бойында сол ұшқынды жандыру деп білеміз. Әрбір оқушы, мүмкін, оның болашаққа деген сенімділігін арттыруға көмектеседі, балалардың даралығын ашуға көмектеседі. Білім, жаңа ашулар, қызығушылықтар мен хоббилер әлеміне бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларды қызықтыра білулері, сол үдеріске оларды белсенді қатыстыруы өзінің жемісін береді.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Байдильданова Б. Дарындылықты дамытудағы мұғалімнің рөлі // Бастауыш мектеп, 2010. №10. – Б. 11-13.
2. Адешова К. И. Дарынды балалармен жұмыс // Бастауыш мектеп, 2012. №10. – Б. 57.

3. Қыдырова Н. Б. Дарынды балалармен жұмыс // Бастауыш мектеп, 2012. №10.– Б. 66.
4. Иманғалиева А. Дарынды дамыту – ұстаз парызы // Қазақстан мектебі, 2001. № 2.– Б. 59-61.
5. Жұмашев Қ. Дарынды тану және оқыту мәселелері // Қазақстан мектебі, 2002. -№1, 2. – Б. 23-27.
6. Губаева М. Қабілетті оқушыны дарындағы жеткізейік // Қазақстан мектебі, 2003. №1. Б. 48-49.

УДК.371

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҮЗДІКСІЗДІК: ЗАМАНАУИ МЕКТЕП ПЕН ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМ, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

**Жумобаева Асемгуль Оразовна,**
бастауыш сынып мұғалімі
**Шунгулова Рая Акимбековна,**
бастауыш сынып мұғалімі
**Туребекова Жанна Айткалиевна,**
бастауыш сынып мұғалімі
Н.Наушабаев атындағы мектеп-гимназиясы
Тобыл қ., Қазақстан

**Аннотация**

Мақалада педагогикалық білім беру үздіксіздігі: заманауи мектеп пен заманауи мұғалім, функционалдық сауаттылық жайлы айтылады. Функционалдық сауаттылықты арттырудағы технологиялар, білім берудегі заманауилық пен жаңашылдық – білім беріп қана қоймай, өмірге тәрбиелейтіндігі жөнінде қарастырылады.
**Түйіндісөздер**: сауаттылық, технология, мектеп, құзіреттілік, жаңашылдық.

**Аннотация**

В статье рассказывается о непрерывности педагогического образования: Современная школа и современный учитель, функциональная грамотность. Рассматриваются технологии повышения функциональной грамотности, современность и новаторство в образовании – не только образовательные, но и воспитывающие в жизни.
**Ключевые слова**: грамотность, технология, школа, компетентность, новаторство.

**Annotation**

The article dascribes the continutyofpedogogicaleducftion:a modern school and a modern teacher, they talk aboutfunctional literacy. Improving functionalliteracy, technologies, modernity and innovations in education – not only give knowlrdge, but also give life.
**Keywords**: literacy Technology, school, creativity, innovation.

«Білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу – бұл аса маңызды мемлекеттік міндет. Еліміздің болашағы дарынды, отаншыл жастардың қолында болуы керек», - дейді президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Иә, рухани тәуелсіздік пен елдік идеяға қызмет ету мектепте, кәсіптік білім беру және жоғары оқу орындарында үздіксіз іске асып жатады. Өйткені еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қоғамымызда бірталай өзгерістер болып жатыр. Бұл өзгерістерді тек оңтайлы жағынан ғана көруге болады. Соның ішінде білім мен ғылым саласында да жаңа талаптар пайда болды. Үздіксіз білім беру жүйесін жандандыру мен білім сапасын жақсарту мәселесі қолға алынды. Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп, орта, жоғары оқу орындарында жас ұрпаққа ғылым саласына терең білім берумен қатар жан-жақты жетілген, еңбекке икемді, барлық игі іс - әрекетте белсенділік көрсете алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу басты назарда тұр. Сондықтан да бүгінгі заманда оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – педагогикалық білім берудің үздіксіздігін жетілдіру басты мәселе.

Яғни, заманауи мектепте XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру саласында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың өзекті мәселелері алғашқы орында тұр. Ол үшін алға қойылатын басты мақсаттарға назар аударған жөн:

- Біріншіден, педагог қызметкерлердің қазіргі заманғы оқушыларды оқытуға дайындығын қамту;
- Екіншіден, XXI ғасырдың құзыреттерін қалыптастыру бойынша бейресми білім беру мүмкіндіктерін дамыту;
- Үшіншіден, бүгінгі заманғы оқушыларға қажет XXI ғасыр дағдыларын тиімді қалыптастырудың негіздерін, құралдары мен тәсілдерін іздеу, нәтижелі тәжірибелік мысалдарын келтіру;

- Төртіншіден, XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру практикасын ұйымдастыру үшін білім беруді цифрлық трансформациялау және цифрлық білім беру ортасын дамыту;
- Бесіншіден, XXI ғасырдың дағдылары мен құзыреттерін қалыптастырудың тиімді педагогикалық практикасын жүзеге асыру;

Міне, осы мақсаттарға жетудің жолы - функционалдық сауаттылыққакеліп тіреледі. Осыларды жүзеге асырған жағдайда ғана бүгінгі заман талабына сай бәсекеге қабілетті педагог әдістемесіндегі білім мазмұны мен тәрбие үрдісінің ықпалдасуын сабақта және сабақтан тыс уақытта қолдану арқылы функционалдық сауаттылықты арттыра аламыз.

Ал, функционалдық сауаттылық дегеніміз – бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына сай адамдардың экономикалық және саяси, әлеуметтік, мәдени, қызметтерге белсене араласуы, жасына қарамай заманауи талапқа ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Негізгі мақсаты жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған адамзатты қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұғалім балаға білім бере отырып, оның өздігін, еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландырады. Сондай-ақ, мұғалім оқушылардың мектепте алған білімдерін, іскерлік дағдыларын, адами іс әрекеттерін әр түрлі салаларда және тұлға аралық қарым-қатынастарды өмірлік міндеттерін шешу үшін пайдалануға баулиды. Осының бәрін іске асыру үшін заманауи мектепте заманауи мұғалім болу керек.

Заманауи мектепте заманауи мұғалімнің функционалдық сауаттылыққа жетелейтін бірден бір тәсіл – құзіреттілік әдісі. Құзыреттілік әдіс-тәсілдер арқылы білім беру мақсаты білім алуға үйрену, яғни таным қызметінің мақсаттарын белгілеп, мақсатқа жету үшін тиімді жолдарды табу және өз қызметін ұйымдастыра алу болып табылады. Сонымен қатар, тиімді ғылыми ақпаратты қолдану арқылы ақиқат құбылыстарды, олардың мәні мен себептерін түсіндіре алу, негізгі мәселелері (экономика, саясат және т.б.) бойынша өз көзқарасы болуы мен пікірін білдіре алу іскерліктерін дамытуға септігін тигізеді. Құзыреттілікті әдіс-тәсілдерді қолдану рухани құндылықтар әлемінде бағытталушылық, түрлі әлеуметтік көздерді жүзеге асырумен байланысты, түрлі кәсіби қызмет түріне қатысты мәселелерді шешуге үйретуде үлкен маңызға ие [2].

Сондай-ақ, бұл әдіс-тәсіл оқытудың шығармашылық сипатын да негізге алады, білім алушылардың өнімді ізденуі бірінші орынға қойылады. Осыған байланысты оқу үдерісі де өзгереді, шағын топтағы оқушылардың жобалау әрекеті, жеке оқу траекториясын жасақтауы, пәнаралық байланысты қолдануы, зерттеу тақырыбын жасақтауда білім алушылардың өз бетінше білім алуы оқытудың тиімді формалары болып табылады.

Атап айтар болсақ, құзіреттілік әдіс-тәсілді қолдану функционалдық сауаттылықты арттырудың қайнар көзі. Функционалдық сауаттылық - білім беру жүйесіндегі күнделікті дағдыдан үйлесімді, күрделі сабақтастықтарды қамтуға ұмтылатын көп деңгейлі оқу жүйесін орнықтыру, жаңа ақпараттық, компьютерлік жабдықтармен жұмыс істей білуге бағыттайды. Бұл да қазіргі заман талаптарына сай педагогикалық білім берудің үздіксіз даму үдерістерінентуындап отыр. Әрине, бұл біздер үшін қуанарлық жайт. Осылайша заман талабына сай, мазмұнды, сапалы білім беру арқылы мұғалім зияткерлік деңгейі жоғары, әлеуметтік сауатты, өзіндік ой тұжырымы мен көзқарасы, дүниетанымы бар жеке тұлғаны қалыптастырады.Осыған орай білім беру жүйесіне енгізіліп отырған өзгерістерге сай оқу процесінде тәрбие тәсілдерін ұлттық психологияға биімдеу, кәсіби бағдар беру оқушының қабілетін, талап-талғамын ескере отырып, барлық пәндерді теориялық, әрі тәжірибелік жағынан терендетіп оқыту да, функционалдық сауаттылықты арттырады. Сондықтан да, заманауи мектеп жасайтын заманауи мұғалім педагогикалық білім беру саласында үздіксіз шыңдалып отыруы қажет.

Сондай-ақ, оқушылардың функцинаолдық сауаттылығын арттыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияның алатын орны ерекше. Ақпараттық-коммуникативті кқұралдары оқушылар үшін жаңа ақпарат көздеріне жол ашады, жеке жұмыс пен білім алудың нәтижелілігін, тиімділігін көтереді, кәсіби дағдыларды қабылдау және бекіту үшін, қашықтықтан оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндіктер ұсынады. Ол үшін ақпараттық-коммуникативтік технологияны тиімді пайдаланған жөн. Осының ішінде қолданысқа енген тиімді технологияның бір түрі – интербелсенді оқыту технологиясы. Бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үрдісін ұйымдастыру болып табылады.

Интербелсенді оқыту - бұл, ең алдымен білім алушымен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интербелсенділік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әр қайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін – ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады. Интербелсенді текбір ғана көзқарастың немесе бір ғана сөйлеушінің басым болуы жағдайын болдырмайды.Сұхбаттасып оқыту барысында оқушылар сыни ойлауды, тиісті ақпаратпен белгілі жағдайды талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама көзқарастарды салыстыруды, ақылды шешімдер қабылдауды, дискуссияға қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, рөлді ойындар

қолданылады, құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды. Әр мұғалім сабақ өткізгенкезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. Интербелсенді тақта – сынытағы оқушылардың барлығын оқыту үшінқ ұнды құ-рал. Бұл мұғалім жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор. Ол күрделі тақырыптарды сызба түрінде түсіндіруді жеңілдетіп, күрделі мәселелерді шешуге көмектесе алады. Білім бағыттаушы өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса оқу мақсаттарына толық жетеді. Бұл тақтада мұғалім мен оқушылардың жаңа материалдарды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де интербелсенді тақта сабақты қызықты ететіні анықталды. Интербелсенді тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқушылардың білімдерін тексереде алады. Интербелсенді тақта сыныптағы барлық оқушылардың басты назарына алынады. Ал егер декеректі материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді. Интербелсенді оқыту моделін пайдалану – өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рөлді қойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады.

Сонымен қатар, педагогикалық білім беруді үздіксіз дамытуда орын алатын – «Сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Өйткені функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруға жетелейді.

Сабақ беру барысында мынадай әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландырады.

«БББ» кестесінің алғашқы екі кестесін, яғни «не білемін», «не білгім келетіні» оқушылар жаңа тақырып басталмас бұрын толтырады. Жаңа білімнің маған берер пайдасы қандай болмақ деген сұрақтарға жауап беруге ұмтылады.

«Ойлан, жұптас, бөліс» – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады.

«Фрейер моделі» әдісін тілдік пәндерді оқытқанда қолданған өте тиімді. Бұл жерде мәтіннің ішіндегі түйінді сөздерді алып, түйінді сөздерге анықтама беріледі.

«Оңай және қиын сұрақтар кестесі» - бұл кестені оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенің сол жағына олар түсініктері бойынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Мысалы, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар сауалдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

Бұл стратегияларды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады.Білім мазмұны мен тәрбие үрдісін ықпалдастыра отырып сабақ жүргізу нәтижесінде оқушының білім сапасының молая түсуіне, тәрбиелік санасының толыса түсуіне, олардың пәнге қызығушылығының деңгейі артуына тынымсыз еңбек етіп, жан-жақты ізденген заманауи мұғалім заманауи мектеп қалыптастыра алады.

Сонымен функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады, сондықтан теория мен тәжірибені байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай тәжірибелік маңызы ескерілуі тиіс.

Себебі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – тәуелсіз мемлекетіміздің әлемдік бәсекеге қабілетті озық елдер қатарына қосылуына, болашақта барыс еліне айналуына бел буып, үлес қосып, ел ертеңін айқындайтын өскелең жас ұрпақты адамгершілік қасиетке азаматтық тұрғыда тәрбиелеп,

білім беру болып табылады. Иә, білім мазмұны бала бойында дұрыс қалыптасуы үшін ең бірінші адамға тәрбие берілу керек. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы»,- деп Әл Фараби бабамыз өте дұрыс айтып кеткен. [4; 115б].Әр сабақ және сабақтан тыс уақыттағы іс шарада білім мазмұнының тәрбие үрдісімен ықпалдасуы қамтамасыз ету педагог әдістемесіндегі басты шеберліктердің бірі. Ендеше, әр тақырыпта білім мазмұнының тәрбие үрдісімен ықпалдасуының қолайлылығы педагог үшін де, оқушы үшінде жетістік. Осыдан келіп оқушының функционалдық сауаттылығы артады. Заманауи мектепте заманауи мұғалім жұмыс жасайды.

Қазіргі таңда жалпы қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтар, білім беру жүйесіндегі реформалар педагог қызметкерлердің ғылыми негізде ойлануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, кез-келген мемлекетте сапалы да саналы түрдеүздіксіз білімнің берілуі білім беру жүйесіндегі жаңашыл педагогтер мен зиялы қауымның ғылыми-ізденушілік деңгейіне байланысты. Заманауи мектепте – заманауи мұғалім ғана жұмыс жасау керек. Сондықтанда Дәстүрлі білім беру жүйесінде кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықты игерту болса, ал бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындауда жеке тұлғаның құзырлылық қабілеті негізінде нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну.

Түйіндей келсек, заманауи мектепте заманауи мұғалім заманауи технологияны пайдалана отырып білім берген жөн. Мәселен, мұғалім «Модульді оқыту технологиясын», «Дамыта оқыту технологиясын», «Деңгейлеп оқыту» технологиясын», «Дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясын», «Блум таксономиясын», «Ойын технологияларын қолдану арқылы» оқушыны сабаққа қызықтыра алуы керек. «Қара жәшік», «Топтастыру», «Бес жолды өлең», «5-5-1» т.б. әдістер» сабақтың мазмұнды да, қызықты өтуіне өте пайдалы. Өйткені бұл әдіс-тәсілдердің бәрі оқушыны білім беріп қана қоймай өмірге тәрбиелейді.

Қай пәнді алсақ та, білім мазмұнын берілетін тақырыпқа сай ашып, шығармашылық, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, танымдық табиғатын саралай түсіп, тәрбие үрдісімен ықпалдастыру заманауи мектептегі заманауи мұғалімнің жеңісі.

Білім мазмұны мен тәрбие үрдісін ықпалдастыра отырып сабақ жүргізу нәтижесінде оқушының білім сапасының молая түсуіне, тәрбиелік санасының толыса түсуіне, олардың пәнге қызығушылығының деңгейі артуына тынымсыз еңбек етіп, жана-жақты ізденген заманауи мұғалім заманауи мектеп қалыптастыра алады. Педагогикалық білім берудегі үздіксіздік: заманауи мектеп пен заманауи мұғалім, функционалдық сауаттылық екенін естен шығармаған жөн. Жаңа білім беру аясындағы әдіс-тәсілдеріміз педагогикалық шеберлігімізді шыңдап, мұғалім мен оқушы болып қана емес, мұғалім мен ұжым, мұғалім мен ата-ана болып баланы өмірге тәрбиелейік. Білім шыңы – жаңашылдық пен заманауилылықтан қалыс қалмайық, әріптестер.

Ендеше, құрметті әріптестер, оқушыларға берген біліміміздің мазмұны тәрбие үрдісімен ықпалдаса отырып шәкіртімізге ой саласын! Функционалдық сауаттылығымыз арта түссін! Тек қана заманауи мектепте заманауи мұғалім, заманауи мұғалім заманауи мектепте жұмыс жасасын!

Педагогилық білім беру үздіксіздігі заман талабына сай алға жылжи берсін!

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Алдабергенова Г.Д. Об этнокультурном подходе исследования личности билингва//ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №6 (78). – Алматы, 2006. – 150 б.
2. Каримова Б.С. Теория языковой личности в современной лингвистике//Материалы международной научно-практичекой конференции «Современные проблемы дискурса: теория и практика». – Алматы, 2006. – 210 б.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Бастауыш сыныпта қолданылатын педагогикалық тәсілдер» 2018ж
4. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық «Критериалды бағалау жүйесі» 2020ж
5. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы. «Білім беру бағдарламаларын жаңартудың басымдықтары» 2019ж
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Оқыту мен оқутыдағы әдістерді не үшін өзгерту қажет?» 5-7-бет.2019ж

ӘОЖ 378.018.43

# МЕКТЕП КУРСЫНДА ХИМИЯ ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Жылысбаева Гульхан Нурдиллаевна,**
техника ғылымдарының кандидаты, доцент
Түркістан қ., Қазақстан
**Жақыпбекова Гүлзинат Орынбекқызы,**
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ
2 – ші курс магистранты
Түркістан қ., Қазақстан

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада орта мектеп курсында оқитын білім алушылардың қашықтықтан оқу процесін ұйымдастыру мәселелері қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – қашықтықтан оқытуды жүзеге асыруда, жаратылыстану пәндерінің ішінде химия пәнін оқытудағы маңызды факторларды анықтап, оларды шешу жолдарын және оқушылардың қашықтықтан оқыту технологиясына көзқарастарын анықтау. Білім алушылардың оқу іс - әрекетін ұйымдастыруға, пәнді әдістемелік қамтамасыз етуге, химияны қашықтықтан оқыту форматында пайда болатын артықшылықтар мен кемшіліктерді қарастыруға талдаулар жасалынды. Алынған сауалнама нәтижелерін талдау оқытуда барынша жоғары нәтижелерге қол жеткізуде көмек болып табылады. Химияны қашықтықтан оқытуда проблемалардың пайда болуының негізгі себептері анықталды және мектептерде қашықтықтан оқыту формасын жақсартудың тәсілдері ұсынылды.

**Түйінді сөздер:** қашықтықтан оқыту, химия пәні, оқу процесі, әдістемелік, білім алушылардың білім сапасы.

**Аннотация**

Актуальность и цель. В статье рассматриваются вопросы организации дистанционного учебного процесса обучающихся на курсах средней школы. Цель исследования – выявить важнейшие факторы при осуществлении дистанционного обучения, преподавании химии в естественно-научных дисциплинах, определить пути их решения и отношение учащихся к технологии дистанционного обучения. Проведен анализ организации учебной деятельности обучающихся, методического обеспечения дисциплины, рассмотрения преимуществ и недостатков, возникающих в формате дистанционного обучения химии. Анализ полученных результатов анкетирования является помощью в достижении максимально высоких результатов в обучении. Выявлены основные причины возникновения проблем в дистанционном обучении химии и предложены подходы к совершенствованию дистанционной формы обучения в школах.

**Ключевые слова:** дистанционное обучения, предмет химии, учебный процесс, методический, качество знаний обучающихся.

**Abstract**

Relevance and goal. The article deals with the organization of the distance learning process of students in secondary school courses. The purpose of the study is to identify the most important factors in the implementation of distance learning, teaching chemistry in natural sciences, to determine ways to solve them and the attitude of students to distance learning technology. The analysis of the organization of educational activities of students, methodological support of the discipline, consideration of advantages and disadvantages arising in the format of distance learning in chemistry. The analysis of the survey results is an aid in achieving the highest possible results in training. The main causes of problems in distance learning in chemistry have been identified and approaches to improving distance learning in schools have been proposed.

**Keywords:** distance learning, chemistry, educational process, methodological, quality of student`s knowledge.

SARS - Co V – 2 вирусынан туындаған COVID – 19 ауруы бүкіл әлімге таралып, бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымы 2020 жылдың 11 наурызынан бастап әлемде пандемия жағдайын жариялады. Бұл қолайсыз эпидемиологиялық жағдай көптеген салаларға өз зиянын тигізді. Сол салалардың ішінде білім саласы да бар. Білім саласына қашықтықтан оқыту технологиясы енді. Бұл технологияның енгізілуі туралы әртүрлі пікірлер бар. Кейбіреулері қашықтықтан білім алу – ол заман талабы дұрыс деген көзқараста болса, кейбірі білім алушылар мен оқытушы арасында тікелей байланыстың болмауы білім сапасына кері әсерін тигізеді деп санайды. Кері әсері ретінде білім беру мекемелері мен білім алушыларға жоғары экономикалық жүктеме артылады, тек тапсырмаларды орындау білім дағдыларын іске асыруға күші жетпейді деп санайды [1, 2216].

Негізінен пандемия жадайына дейін, яғни, 1999 жылға «Қазақстан Республикасының Білім туралы» заңына сәйкес қашықтықтан білім беру оқыту нысаны ретінде анықталады деген қаулы бар. Қазіргі кезде еліміздегі сырттай оқу нысаны қашықтықтан оқытуға қарай өзгертіліп жатыр. Негізінен Қазақстанда қашықтықтан оқыту білім беру практикасына таяуда ғана енді, сондықтан да ол кезең – кезеңімен қарқынды даму үстінде [2, с. 38].

Қашықтықтан білім беру технологиялары бұл негізінен білім алушылар мен педагог қызметкерлердің жанама (қашықтықтан) өзара іс – қимылдары кезінде әр түрлі ақпараттық – телекоммуникациялық желілерді қолдана отыра, жүзеге асырылатын білім беру технологиясы [3, 225б].

Негізінен қашықтықтан білім беру технологиялары арқылы оқыту – білім алушылар мен оқытушылардың ынталану деңгейін арттыруда, сабақ барысын қызықты етуде әр түрлі оқыту нысандары мен әдістерін қолданып, дамып келе жатқан заманауи тәсілдердің бірі болып табылады. Оқытуды ұйымдастырудың осы әдісімен білім алушылар өздерінің іскерлік белсенділіктерін көрсетіп қана қоймай, жаңа білім беру ресурстарын пайдалануда [4, 152б].

Алайда, қашықтықтан оқыту формасына көшу кезінде көптеген оқытушылар оқытылатын пәндердің әдістемелік қамтамасыз етілуі жағынан қиындықтарға тап болды. Сабаққа дайындық процессі барысында көп нәрселерді әзірлеп және бейімдеуге тура келді [5, 55б].

Мектептерде де жоғары оқу орындары секілді химия пәнін оқыту кезінде көптеген бағыттарда қарастырылуы тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Мысалы, бейорганикалық химия, органикалық химия, физикалық химия және т.б. [6, 133б], [7, 219б].

Қашықтықтан оқыту формасына көшу барысында, химия пәнінің әдістемелігін әзірлеу барысында бірнеше блоктарға (бөлімдерге) бөлінді: сабақ мәтінінің материалдары, зертханалық және практикалық жұмыстарға арналған материалдар, білімді тексеруге арналған материалдар, өзіндік жұмыс материалдары [8, 16б], [9, 496б]. Шығармашылық тапсырмалар (мысалы, есептер мен логикалық тапсырмалар) үшін арнайы материалдар жинақталды. Әдістемелікті жасау барысында ең аз қиындықтар тудырған ол, сабақ материалдарын дайындау болды. Олар ақпараттық білім беру жүйелерін пайдалану арқылы, сондай – ақ қашықтықтан оқытуда конференциялық байланыс (мысалы, Zoom) платформасы арқылы жүзеге асты. Сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік мессенджерлермен де тығыз жұмыстар жасалынды.

Осы режимде сабақтар жүргізу кезінде білім алушылар мен оқытушылар жаңа материалдарды үйрену кезінде әр түрлі мүмкіндіктерге ие болды. Оқушыларға қосымша өзіндік тапсырмалар да берілді, осы тапсырмалар арқылы білім алушылар өздерінің логикалық ойлау қабілеттерін дамытып қана қоймай, әр түрлі интернет ресурстарымен сабақ материалдарын толықтай түсінуге мүмкіндіктер алды.

Оқу әдістемелігін жасау барысында оқытушыларға қиындық тударған мәселе ол, жаратылыстану пәндерін оқытуда зертханалық жұмыстарды жасау болды десек артық айтпаймыз. Себебі, химиялық реактивтермен, құрал – жабдықтармен, химиялық ыдыстармен тікелей жұмыс жасау мүмкіндігі болмады. Дәстүрлі оқыту жүйесінің бірден – бір артықшылығы осы десек қателеспейміз [10, 40б]. Өкінішке орай, қашықтықтан оқыту форматында тікелей байланыс жасау мүмкіндігі болмады және бұл дәстүрлі оқыту формасының бірден – бір артықшылығы. Оқу процесі барысында ақпараттық – білім беру жүйесінде білім алушылар үшін интернет желісін пайдалана отырып химиялық тәжірибелердің бейне жазбалары мен оқытушылардың өздері тікелей дайындаған зертханалық жұмыстардың бейне жазбалары ұсынылды. Білім алушылардың сабақ барысында алған білімдерін негіздеу мақсатында, зертханалық жұмыстарды орындау кезінде пайда болған физика химиялық процестер жөнінде, реакция теңдеулерін, зерттеліп отырған химиялық заңдылықтар жөнінде түсініктерін жазу және қорытынды жасау тапсырылды. Көбінесе алынған білімді бақылау ретінде берілген тақырыптар негізінде дәстүрлі тест тапсырмалары пайдаланылды. Өзіндік жұмыс тапсырмаларына химиялық есептер, формулалар мен теңдеулерді жұмыс дәптерлеріне жазып, өтілген тақырып негізінде презентациялар жасау тапсырмалары беріліп отырды [11, 25б], [12, 110б].

Қашықтықтан оқыту форматында химия пәні басқа пәндерге қарағанда, білім алушылар визуалды түрде көре алмаса, көз алдарына елестете алмайтын көптеген ұғымдармен жұмыс жасайтынын да ескеруіміз қажет. Мысалы, қарапайым атом, молекула, химиялық реакция және т.б. Осы секілді әр түрлі ұғымдарды демонстрациялық модельдерді пайдалану арқылы көрсетсек, тақырыпты оңай түсінуге әрі есте сақтауға көп көмегін тигізеді.

Мысалы «Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару» атты сабақтың мақсаты мен міндеті төмендегідей етіп берілді.

Мақсаты: қашықтықтан оқыту технологиясының элементтерін пайдалана отырып, орта мектептің 8 сыныбына арналған «Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару» тақырыбына арналған сабақтың жоспарын жасау және нәтижелерге талдау жасау.

Міндеттері:

- Қашықтықтан оқыту технологиясын пайдаланып сабақ өткізілді;
- Дәстүрлі оқыту формасы арқылы өткізілген сабақ пен айырмашылығы тұжырымдалды;
- Жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде талдау жасалынып, сауалнама алынды.

Зерттеу жұмысы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сүттіқұдық ауылына қарасты, №52. Б.Аралбаев атындағы орта мектебінің 8»А» сыныбы алынды. Білімгерлердің білім дәрежелерін анықтау мақсатында 8»А» және 8»Б» сыныптарына «Зат мөлшері» тарауы бойынша тест сұрақтары беріліп, алынған нәтижелер бойынша зерттеу объектісі ретінде 8»А» сыныбы таңдалынып алынды. Сыныпта 15 ұл, 8 қыз бала оқиды. Қашықтықтан оқыту технологиясының элементтері бар «Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару» тақырыбындағы сабақ сыныпқа 17.11.2021 жылы өткізілді. Тақырып бойынша сабақ жоспары жасалынды. Сабақ барысы 1 кестеде көрсетілді.

**Тақырыбы:** «Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару»

**Оқу мақсаты:** 8.2.3.5 – химиялық реакция теңдеулері бойынша заттың массасын, зат мөлшерін есептеу

**Сабақ мақсаттары:** *Барлық оқушылар:* химиялық реакция теңдеулерін құра алады. Зат массасы, зат мөлшері ұғымдарын түсіндіре алады

*Оқушылардың басым бөлігі:* күрделі химиялық реакция теңдеулерін жаза алады, реакциялар арқылы зат массасын, зат мөлшерін және молекула санын анықтай алады

*Кейбір оқушылар:* химиялық реакция теңдеулеріне сандық есептер шығарып, түрлендіре алады.

**Міндеттер:** *Білім алушылық:* химиялық реакция теңдеулерімен танысу; зат массасы, зат мөлшері, молекула санын анықтау.

*Дамытушылық:* есте сақтау және зейінді дамыту, химия пәні мен есептерін шығаруға оң көзқарас қалыптастыру; өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру және электронды оқулықтармен, сайттармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру.

*Тәрбиелік:* пәнге деген қызығушылықты ояту; қоғамға пайдалы білім алуға тәрбиелеу.

**Сабақ түрі:** қашықтықтан білім беру технологияларын, интернет – ресурстарын қолдана отырып біріктірілген.

**Сабақ формасы:** қашықтықтағы сабақ

**Оқыту әдістері:** иллюстрациялық – түсіндірме, проблемалық.

**Қашықтықтан оқыту сабағына қажетті құрал – жабдықтар мен материалдар:** интернетке қосылған компьютер немесе ұялы телефон, Zoom бейнеконференциялар платформасы, 8 сынып «Химия» оқулығы – «Мектеп» баспасы, Алматы – 2018, Power Point презентациясы, бейне файлдар.

**Оқу материалын жеткізу түрі:** Zoom платформасы, оқулық (электронды), интернет ресурстарды қашықтықтан пайдалану.

Кесте 1 – *Қашықтықтан өткізілетін сабақ құрылымы*

| | **Сабақ кезеңдері** | **Мұғалімнің іс – әрекеті** | **Оқушының іс – әрекеті** | **Уақыты** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұйымдастыру кезеңі | Zoom – ға кіру;<br>Оқушылармен сәлемдесу;<br>Байланысты, дыбысты, суретті тексеру. | Zoom – ға кіру;<br>Мұғаліммен сәлемдесу. | 3 |
| 2 | Білімді тереңдету | Оқушылармен өткен тақырып бойынша әңгімелесу, сұрақтар қою. | Сұрақтарға жауап беру. | 4 |
| 3 | Сабақтың мақсаттарын қою | Проблемалық сұрақтар қоя отыра, сабақ мақсаттарын тұжырымдау. | Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады. | 3 |
| 4 | Жаңа материалды зерттеу | Power Point презентациясы және бейне файлдар көрсетіліп, жаңа тақырып түсіндіріледі. | Мәтінмен, схемалармен жұмыс жасайды, сұрақтарға жауап береді, қажетті анықтамалар, химиялық теңдеулерді жазып алады. | 8 |
| | Сергіту сәті | Нұсқаулық | Көзге арналған жаттығулар орындайды. | 2 |
| 5 | Жаңа материалды зерттеу (жалғасы) | Power Point презентациясын қолдана отырып, жаңа материалдар ұсынылады. | Химиялық реакцияларды пайдаланып есептер шығарудың алгоритімін құрып, дәптерге жазады. | 6 |
| | Сергіту сәті | «Химиялық жұмбақ» | Қойылған химиялық жұмбақтарға жауап береді. | 5 |
| 6 | Материалдың игерілуін тексеру | Зерттелген материал бойынша сәйкестендіру тапсырмасы және есеп беріледі. | Сәйкестендіру тапсырмасын және есептерді орындап жауап береді. | 10 |
| 7 | Рефлекция. Үй тапсырсамасын беру | Сабаққа талдау жүргізіледі; үй тапсырмасы беріледі. | Сабақтағы жұмысына өзін – өзі талдау жүргізу; үй | 3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | тапсырмасын жазып алады. | |
| 8 | Сабақты қорытындылау | Оқушылармен қоштасады, Zoom – нан шығады. | Мұғаліммен қоштасады, Zoom – нан шығады. | 1 |

Зерттеу жұмысына сәйкес «Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару» тақырыбына арналған сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 8 «А» сыныбының 20 оқушысы қатысты. Сауалнама сұрақтары 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – *«Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару» сабағын бағалау*

| Сұрақтар | Жауаптар |
|---|---|
| 1. Жынысы: | А. Ер бала<br>В. Қыз бала |
| 2. Жасы: | А. 13<br>В. 14 |
| 3. Химиялық реакция теңдеуі дегеніміз не? | А. Заттардың суда ерігенде немесе балқығанда иондарға ыдырау процесі.<br>В. Химиялық реакцияны химиялық таңба және формулалар арқылы жазу |
| 4. Реакцияға қатысатын заттар? | А. Өнім<br>В. Реагент |
| 5. Реакция нәтижесінде түзілетін заттар? | А. Реагент<br>В. Өнім |
| 6. Химиялық реакция типтері нешеге жіктеледі | А. 2<br>В. 4 |
| 7. 20 г кальций ауада жанғанда түзілетін кальций оксидінің CaO массасы қанша? | А. 30 г<br>В. 28 г |
| 8. Зат массасының сақталу заңына ашқан ғалым? | А. М.В. Ломоносов<br>В. Д.И. Менделеев |
| 9. Зат массасының сақталу заңы қалай тұжырымдалады? | А. Ол жоқтан пайда болмайды және ешқайда жоғалып кетпейді<br>В. Реакцияға қатысатын заттардың массасы реакция нәтижесінде түзілетін заттардың массасына тең болады |
| 10. Массасы 8,8 г көмірқышқыл газының зат мөлшері қаншаға тең? | А. 0,2 моль<br>В. 0,5 моль |
| 11. Кальций мен оттек әрекеттескенде 56 г CaO түзіледі. Реакцияға қатынасқан оттектің массасы мен зат мөлшері қанша? | А. 16 г; 0,7 моль<br>В. 16 г; 0,5 моль |
| 12. Бертолле тұзының 2,45 грамы айырылғанда 1,49 грамм калий хлориді түзілді: Осы кезде оттектің қанша массасы бөлінгенін табыңдар? | А. 0,96 г<br>В. 0,92 г |

Зерттеу объектісі ретінде алынған 8»А» сыныбына берілген сауалнама нәтижесінде, бұл сауалнамаға 20 оқушы қатысты. Оның 13-і ер бала, 7-ші қыз бала болды. Жоғарыдағы кестеде көрсетілген сауалнама тест сұрақтарына сәйкес, орташа 10 максималды балл санынан 8,1 балл алынды. Білім алушылар 7 және 10 балл арасында балл жинады. 1 суреттегі диаграммаға сәйкес білім алушалар қашықтықтан оқыту технологиясының элементтері бар сабақты жоғары деңгейде түсінді деген қорытынды жасаумызға болады. Себебі, максималлды 10 баллды 6 білім алушы жинаған, 7 білім алушы 9 балл, 5 білім алушы 8 балл жинаса 2 білім алушы 7 сұраққа дұрыс жауап берген.

Сурет 1 *«Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару» сабағын бағалау*

| | саны | ер бала | қыз бала |
|---|---|---|---|
| 10 балл | 6 | 4 | 2 |
| 9 балл | 7 | 4 | 3 |
| 8 балл | 5 | 4 | 1 |
| 7 балл | 2 | 1 | 1 |

Сабақ өту барысында және сауалнаманы талдай отырып, химия пәнінің қашықтықтан оқытылатын оқу құралы ретіндегі бірнеше ерекшеліктері байқалды.

Біріншіден, оқытушылар химияны қашықтықтан оқыту, ұйымдастыру және химиялық зертханалық жұмыстарды жасау кезінде көптеген қиындықтарға тап болады. Бұл дегеніміз, пәнге деген қызығушылықтың төмендеуіне және химиялық процестердің механизімін дұрыс түсінбеуге әкеліп соғады. Әрине, концентрлі заттарды және табуға оңай реактивтерді пайдаланып, үй жағдайында білім алушылар зертханалық жұмыстарды жасай алады, дегенмен қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау және қажетті зертханалық құрал – жабдықтардың жеткіліксіз болуынан бұл процес те қиындықтарға тап болады.

Екіншіден, пәнге қажетті көрнекі материалдармен және әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету түрінде де қиындықтар болады. Интернет желісінде әр түрлі авторлар ұсынған көптеген материалдарды және электронды оқулықтарды табуға болады. Бірақ, өкінішке орай материалдардың көпшілігінде қателіктер мен ескірген мағұлыматтар, зертханалық жұмысқа әдістемелік нұсқауға сай келмейтін талаптар қойылуы мүмкін.

Қашықтықтан оқыту формасы дәстүрлі білім алатын азаматтардың білім алуындағы жаңа перспективалы тәсілдің бірі десек қателеспейміз. Бұл оқыту формасы білім алудағы жеке тұлғалардың мобильді, заманауи технологияларды қолданудағы барлық қажеттіліктерін ескереді. Қашықтықтан оқыту формасы білім беру процесіне қажетті технология болып саналады. Алайда, химия секілді жаратылыстану пәндерінің зертханалық, практикалық жұмысының құзіреттіліктерін алмастыра алатын тәсілі болуы керек. Зеттеу жұмысының нәтижесіне сүйене отыра, сабақ барысында оқушылардың қызығушылығы артып, шығармашылық ізденіс үстінде болды. Оны қарастырылған сауалнама нәтижелерінен байқасақ болады. Қашықтықтан оқыту оқу процесіндегі материалдарды жеңіл түрде жеткізуге, түсінуге септігін тигізеді деген тұжырым жасаумызға болады.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Лишманова Н.А. Дистанционное обучение и его роль в современном мире // Научно – методический электронный журнал «Концепт». 2016. URL: https://e-koncept.ru/2016/86472.htm. (дата обращения: 25.06.2021).
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жалдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2004. – 38 б.
3. Гура В.В. Дистанционное образование в контексте современной культуры. – Ростов, 2000. – 545 с.
4. Андреев А.А. Введение в дистанционное обучение. – Москва, 1997. – 450 с.
5. Шатуновский В.Л. Ещё раз о дистанционном обучении (организация и обеспечение дистанционного обучения) // Вестник науки и образования. 2020. №9-1 (87). URL:https:-//clck.ru/WAKex (дата обращения: 21.06.2021).
6. Ермакова Н.В. Современные проблемы химического образования при подготовке бакалавров направления 110800 – Агроинженерия // В сборнике: Инновационные фундаментальные и прикладные исследования в области химии сельскохозяйственному производству. 2014. С. 133-139.
7. Коношина С.Н. Пути повышения эффективности изучения химических дисциплин в аграрном вузе // В сборнике: Инновации в образовании. Материалы VIII Международной научно – практической конференции. 2015. С. 219-222.

8. Ермакова Н.В. Организация аудиторной и самостоятельной работы обучающихся при изучении дисциплин химического цикла / Учебно – методическое пособие для обучающихся по направлению подготовки 35.03.06 – Агроинженерия. Орел, 2017.
9. Коношина С.Н. Особенности организации учебного процесса для обучающихся первых курсов высших учебных заведений // В сборнике. Научные исследования – сельскохозяйственному призводству. Материалы Международной научно-практической конференции. 2018. С. 496-500.
10. Алехина Е.А. Особенности организации дистанционного обучения органической химии в педагогическом вузе в условиях пандемии короновирусной инфекции // Открытое образование. 2020. №5. [Электронный ресурс]. URL:http://clck.ru/WAKEn (дата обращения: 21.06.2021).
11. Жылысбаева Г.Н., Нұрділлаева Р.Н., Жылысбаева А.Н. Бейорганикалық химияның теориялық негіздері. Электрондық оқулық. Авторлық құқық объектісінде құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Куәлік №679, 15.04.2015.
12. Жылысбаева Г.Н. Мектепте химиялық эксперимент жүргізу әдістемесі. Оқу құралы, Түркістан, 2016.-152б. ISBN 978-601-243-819-2

ӘОЖ 375.42

## ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Ибраева Гульсара Турсуновна,**
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
**Байбатырова Айзада Турлыгуловна,**
математика пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Қостанай ауданы білім бөлімінің
Н.Наушабаев атындағы мектеп- гимназиясы» КММ
Қостанай ауданы, Тобыл қ.

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Заман талабына сай қазіргі білім берудің негізгі мақсаты, білім алып, білік пен дағдыны, іскерлікке ақпаратты өзі іздеп табу, ұтымды пайдалану. Жаңа заман талабына сай мұғалімнің шеберлігін арттыруда білім мазмұны мен оқыту технологияларының рөлі ерекше. Оқыту технологияларын талдағанда, қазіргі өркениетті елдер тәжірибесінде жүзеге асырылып жатқан білім берудің жаңа моделіне - Нәтижеге бағдарланған білім моделіне - сәйкес келетін оқыту технологияларын іріктеуді қажет етеді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын мектеп практикасына белсенді түрде ендіру - қоғам талабы. Қазіргі инновациялық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін, дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы қызметін атқарады. Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу.

**Түйін сөздер:** кәсіби даму, инновациялық технология, оқыту мен тәрбиелеу.

**Аннотация**

Актуальность и цель. Основной целью современного образования является приобретение знаний, умений и навыков, умение самостоятельно находить информацию, рационально ее использовать. Особую роль в повышении мастерства учителя в соответствии с требованиями нового времени играют технологии обучения и содержания образования. В нынешнее время необходим отбор технологий обучения, соответствующих новой модели образования - модели образования, ориентированной на результат – реализуемой в практике современных цивилизованных стран. Поэтому активное внедрение инновационных технологий обучения в школьную практику на современном этапе - веление времени. Современные инновационные технологии служат накопителем достижений педагогической науки и практики, достижений социального прогресса, плодов демократии с гуманизацией в обществе. В процессе изучения инновационного подхода происходит переход системы из одной ситуации в другую, организация нового содержания, внедрение новизны.

**Ключевые слова:** профессиональное развитие, инновационные технологии, обучение и воспитание.

**Abstract**

Relevance and goal. According to current requirements the main aim of a modern education is to get knowledge, experience, ability, finding out the necessary information and it’s reasonable usage. According to

modern requirements learning technologies play a special role in professional development of teachers in the content of education.When analyzing learning technologies, it is necessary to select learning technologies that correspond to the new model of Education implemented in the practice of modern civilized countries as the result-oriented model of Education. Therefore, a requirement of society at the present stage is the active development of innovative teaching technologies in school practice. Modern innovative technologies serve as an accumulator of the achievements of pedagogical science and practice, the value of traditional practice, the achievements of social progress, and the result of social humanization and democracy. In the course of studying the innovation process, is the transition of the system from one situation to another, the organization of new content and the introduction of innovations.
**Keywords:** professional development, innovative technologies, training and education.

Қазақстан мектебінің алдына қойып отырған мақсаты - инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында оқушыларға жүйелі, нақты білім беру. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке - ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Жаңа заман талабына сай мұғалімнің шеберлігін арттыруда білім мазмұны мен оқыту технологияларының рөлі ерекше. Оқыту технологияларын талдағанда, қазіргі өркениетті елдер тәжірибесінде жүзеге асырылып жатқан білім берудің жаңа моделіне – Нәтижеге бағдарланған білім моделіне - сәйкес келетін оқыту технологияларын іріктеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалылық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез-келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік беретіндіктен оқу үрдісін қайта жаңғырту идеясы педагогикалық технологияның негізгі тірегі болып табылады. Ол идея мынадай мазмұндық бірліктерден құралады:

- оқытудың жалпы мақсаты;
- жалпы мақсаттың нақтыландырылуы;
- оқушылардың білім деңгейін алдын-ала (диагностикалық бағалау);
- оқу әрекетінің жиынтығы;
- нәтижені бағалау.

Атақты педагог- ғалым В.Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық - бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым - шытырығы мол жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады»- деп ұстаздық өнерге ерекше баға берсе, қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім- мектептің жүрегі» дегені бекер айтылған сөз емес.

Қазіргі күн талабына сай білім жүйесінің алдына қойған бастапқы мақсаты тұлға ретінде жан-жақты дамыған, алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білетін, өзгелермен тілдесімде бола алатын, ізгілік пен елжандық қасиеттер бойына сіңірілген, бәсекелестікке дайын азамат етіп тәрбиелеу болып есептеледі. Осы күнге дейін пайдаланып келген оқыту әдіс –тәсілдері бүгінгі күн талабына толық жауап бере алмайды. Сол үшін білім жүйесіне өзгертулер енгізіліп, бұл мәселенің шешілу жолдары жан-жақты қарастырылып келуде. Ең негізгісі білім сапасын арттыру мақсатында оқыту процессін оңтайландырудың қажет екендігін уақыт көрсетіп тұр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық - психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Бұл заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғарғы білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлаудың сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады». - деп атап көрсетілген.

Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын мектеп практикасына белсенді түрде ендіру - қоғам талабы. Қазіргі инновациялық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін, дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы қызметін атқарады. Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу процесіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы Н.В.Горбунова, М.В.Кларин, А.В.Ло-

ренсов, М.М.Поташник, П.И.Пидкасистый, Л.И.Романова, В.И.Загвязинский, А.Я.Найн, Т.И.Шамова, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Кейінгі жылдары жиі пайдаланылып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі - инновация. Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс-тәсілдерде мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алудың бірден-бір шарты болып табылады. «Инновация» сөзі латын тіліндегі in (ішіне) novus (жаңа) сөздерінен құралып, жаңару, жаңалық, өзгеру деген мағынаны білдіреді. Инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихын дәл анықтау мүмкін болмаса да, бұл ұғым қоғамдық ғылымдарға жаратылыстану ғылымдарынан келген деп есептеледі. Ғылыми-педагогикалық Пайдаланған әдебиеттерді сараптау нәтижелері «новация» мен «инновация» ұғымдарын жеке-жеке қарастыру керектігін көрсетті. Дегенмен, Пайдаланған әдебиеттерде осы екі ұғымның әртүрлі анықтамалары кездеседі. Инновация ұғымын энциклопедиялар мен сөздіктерде әртүрлі анықтамаларын кездестіруге болады. Қазақстанда ең алғаш «инновация» ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Немербай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдісі деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет» деп көрсетеді [1]. «Технология» ұғымы соңғы кездері ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, даму технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы сияқты психологиялық-педагогикалық ұғымдармен байланысы саналуан. Жоғарыда аталған технологиялардың қай түрі болмасын, өзінің мәнін анықтап, сипаттама беруді қажет етеді. Қазіргі кезеңдегі ғылыми айналымда «технология» және технологиямен байланысты жеке ұғымдарға берілген анықтамалар баршылық. Алайда білім беру жүйесінде дәл қазіргі кезеңде жүріп жатқан процестердің технологиясының мәнін ашып, түсіндіретін жалпы анықтама жоқ [1].

«Технология» термині алғаш рет 1940-50 жылдары шет елдерде пайда болды және ол педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болды. Технология - өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай шикі заттың қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы. Ш.Т.Таубаева оқытудың қазіргі технологияларының аттарын атап көрсетіп, олардың мақсаттарын, тұжырымының және мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді. Жұмыста педагог-ғалымның зерттеулері басшылыққа алынған [2, 3]. Сонымен педагогикалық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады:

В обществе бытует выражение «Предела совершенству нет». Эту простую истину озвучил Сократ. Она прозвучала и из уст Заратустры. Встречается она и в трактатах Ницше. [8] Эта фраза имеет глубокий философский смысл и означает, что человек всегда может двигаться вперед. Сегодня многие люди стремятся воплотить этот принцип в свою жизнь. Ведь каждый пропускает его через призму своего видения реальности и это становится для него стимулом. Несомненно, стремление двигаться вперед, развиваться и совершенствоваться должно стать непреложным аксиологическим императивом в мировоззрении современного педагога.

**Список литературы:**


1. Электронный ресурс: https://ru.citaty.net/avtory/konfutsii/tsitaty-ob-uchiteliakh/
2. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2025 года info@nao.kz
3. Буров Ю.Б. Интенсификация процесса подготовки будущего учителя в профессиональной образовательной организации / Ю.Б.Буров // Инновационное развитие профессионального образования. – 2019. – № 4 (24). – С. 53–59.
4. Циулина М.В. Некоторые аспекты проблемы непрерывного педагогического образования / М.В.Циулина // Современные проблемы науки и образования. – 2018. – №1-1. https:-//science-education.ru/ru/article/view?id
5. Закон Республики Казахстан «О статусе педагога» от 27 декабря 2019 года №293-VI (с изменениями и дополнениями на 22.10.2021г.) https://kodeksy-kz.com/ka/o_statuse_-pedagoga.html
6. Электронный ресурс: https://www.asutpp.ru/sistema-umnyj-dom.html (дата обращения: 13.-01.2022)
7. Электронный ресурс: https: // hrhelpline.ru/v-vuca-mire-prishlo-vremya-durt-liderov/ 8. Электронный ресурс: https://psychbook.ru


ӘӨЖ: 373.2.02.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ОҚУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР


**Кинжекова Рысканым Салимқызы**,
педагогика ғылымдарының кандидаты
**Сапашева Клара Хамидоллаевна**,
педагогика ғылымдарының кандидаты
Батыс Қазақстан
инновациялық-технологиялық университеті
Орал қ., Қазақстан


**Аннотация**


Өзектілігі және мақсаты .Мақалада мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологияларға- ынтымақтастық педагогикасы, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, мо-

дульдік оқыту, дамыта оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б. талдау жасалып, тиімділігі айқындалған.
**Түйін сөздер:** инновациялық технологиялар, Мектепке дейінгі білім беру стандарты, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, ұйымдастырылған оқу әрекеті, бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы.

**Аннотация**

Актуальность и цель. В статье проанализированы и определены эффективность педагогических технологий, применяемых в системе дошкольного образования - педагогика сотрудничества, игровое обучение, проблемное обучение, модульное обучение, развивающее обучение, самообразование, развитие критического мышления, компьютерные технологии обучения, программное обучение, уровневое обучение и др.
**Ключевые слова:** инновационные технологии, стандарт дошкольного образования, дошкольное обучение и воспитание, организованная учебная деятельность, становление и развитие личности ребенка.

**Abstract**

Relevance and goal. The article analyzes and determines the effectiveness of pedagogical technologies used in the system of preschool education - pedagogy of cooperation, Game learning, problem learning, modular learning, developmental learning, self-learning, critical thinking development, computer technology of teaching, programming learning, level learning, etc.
**Keywords:** innovative technologies, the standard of preschool education, preschool education and upbringing, organized educational activities, the formation and development of the child's personality.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр:

- білім берудің парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда;
- білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарықтық жағдайдағы білім беру бағдарламалары нақтылануда;
- баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат тұлға ретінде қалыптасуына,
- тәрбиеленуші және қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;
- қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуде;
- оқу-тәрбие процесіне инновациялық технологиялар кеңінен енгізілуде. [1, 33б]

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жастың зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, эмоциональдық дамуын анықтайтын шарт екенін дәлелдеді. [2.]

Мектепке дейінгі білім беру стандартының басты бағыттары ретінде мына мәселелер аталып өтілген:

- мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие ұйымдары мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға жаңашыл тәсілдерді пайдалану;
- мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие ұйымдары мен мектепалды даярлық топтарының қызметін баланың денсаулығы мен оның физикалық дамуын сақтауға бағдарлау;
- баланың жас кезеңдері сабақтастығы негізінде бірыңғай білім беру кеңістігін сақтау;
- әлеуметтік-мәдени міндеттерді шешу-мектеп жасына дейінгі балаларға білім берудің жаңа үлгісін қалыптастыруда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымдары, отбасы, әлеуметтік ортаның бірігуін қамтамасыз етуі;
- баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру. [3]

Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру- басты мәселенің бірі.осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде.

Педагогикалық технологияларға анықтама беріп, ғылыми негізін жасап, оқу үрдісіне енгізген ғалымдар ретінде В.П.Беспалько, В.М.Монахов, В.М.Кларин, П.И.Третьчков, И.П.Сенновский, Г.А.Монахова, М.А.Чошанов т.б. аталады. [6, 47б]

Кез-келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті талап етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жиі қолданылатын *ойын арқылы оқыту технологиясының* мақсаты- дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді.Ойын – баланың басты әрекеті. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі.Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады.

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

*Проблемалық оқыту технологиясы*-баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігін арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбекпен байланыстырады.

*Өздігінен даму технологиясы*-бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында қоршаған орта әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі. Мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады.М.Монтесори педагогикасының түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі- оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады.

Монтессори технологиясы_балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу, өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру, балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Монтессори педагогикасындағы үлкендердің негізгі рөлі -көмек көрсету. Ол балаларға «өзім жасауға көмектес» принципі бойынша қызмет атқарады. Педагог бақылаушы ретінде болады. Ол баланың өз бетімен жұмыстануын бақылайды, бағыт-бағдар береді. Әрбір бала әрнәрсені иіскеп, сипалап, дәмін татып көргісі келеді. Сонымен қатар баланың жеке және интелектісінің дамуына музыканың да әсері мол. М.Монтессори педагогикасының басты тұжырымы бала өзін туғаннан бастап тұлға ретінде қарайды. Әр бала таңғажайып. Балаға өздігінен қозғалуына, дамуына мүмкіндік туады. Егер де оған көмек қажет болса, оған үлкендер көмекке келеді. Үлкендер бала үшін дамыту ортасын ұйымдастырады.

Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді. Балабақшада сабақ болмайды әр күн жалпы жиыннан басталады және жиыннан кейін әркім өз еркімен қалаған жұмысымен айналысады. Әр баланың іс-әрекеті өз еңбегіне орай үлкендердің басқа бала тарапынан бағаланады. Мұндағы басты мәселе бала өзін-өзі бағалайды.

*Ынтымақтастық педагогикасы*-педагогтың талап етуден гөрі қарым-қатынас арқылы бірлескен әрекетке көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да, тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.Бұл технологияның негізгі мақсаты-баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

*Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы*-білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әр түрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.

*Модульдік оқыту технологиясы*-оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарында кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Модульдік оқыту технологиясының ерекшеліктері:

- білімді меңгеру емес, тұлғаның танымдық қабідеттерін және танымдық үдерістерді арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамыту;
- тұлғаның өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- белсенді сөздік қорын дамыту;
- дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс жәасау мүмкіндігін.[7, 113б]

*Дамыта оқыту технологиясы*-баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту. Бұл технологияны Л.С.Выготскийдің идеясына негіздеп, Д.В.Эльконин, Л.В.Занков дамытты.

Соңғы кезде оқиғалар мен құбылыстардың заңдылықтарын түсіну үдерісімен мүмкіндігіне қарай таныстыруда *ТРИЗ технологиясын* қолдану жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп жүр. Балалар тумысынан үлкендердің ақпараттарын талдай отырып, өздерінің қандай да бір жүйесін

құруға, өзінің пәктігі мен аңғалдығын көрсете, жүріп жатқан үдерістердің заңдылықтарын ұғынуға талпынады. «ТРИЗ» технологиясы балалармен тарихи тақырыпта әңгімелесуді ұсынады: қарындашты ойлап табу тарихы; үстелді ойлап табу тарихы; дөңгелек, шам, радио, робот және т.б. тарихы. Объектіні даму тұрғысынан қарау үнемі жетілдірудің, ойлап табудың себептерін түсінуге мүмкіндік береді.

*Денсаулық сақтау технологиясының* мақсаты – балаларға адам өмірі мен денсаулығына саналы көзқарас қалыптастыру, денсаулық туралы білім қорын толықтырып және дамыту біліктілігін сақтау, қолдап және қорғауға, валеологиялық құзыретін көтеріп, мектеп жасына дейінгі балаға салауатты өмір салтын және өмір қауіпсіздігі ережелерін дербес және нәтижелі шешуге ерік беру.

Денсаулық сақтау технологиясының міндеттері:

- баланы сауықтыруда, оқытуда, дамытуда адекватты жағдай жасау;
- балалардың денсаулығын сақтау және қимыл белсенділігі және ақыл ойының еңбекке қабілеттілігін көтеру;
- қалыпты эмоционалды күйін және психоэмоционалды күшін түсіруге жағдай жасау.

Денсаулық сақтау технологиялары 3 бағытта жүргізіледі:

- Денсаулықты сақтау және ынталандыру;
- Салауатты өмір салтын жүргізуге оқыту;
- Түзету.

Денсаулықты сақтау және ынталандыру бағытына мына технологиялар кіреді:

ритмопластика; динамикалық үзілістер; қимылды және спорттық ойындар; релаксация; саусақ жаттығулары; тыныс алу жаттығулары;пальминг; ойын сауықтыру жаттығулары; ритмопластика; динамикалық үзілістер.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдалана алады.

Бала бақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады.

Мектепке дейінгі білім жүйесін дамытуды жетілдіру, педагогикалық іс-әрекет процесіне сапалы өзгерістер енгізу инновациялық технологиялармен тікелей байланысты екендігі сөзсіз.

**Әдебиттер тізімі:**


1. К.Ж.Бұзаубақова, С.Н. Жиенбаева Мектепке дейінгі білім инновациясы //Оқу құралы-Алматы «Отан» баспасы, 2020.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы (қосымшасы 412 бұйрық, 24.09.2020
3. Мектепке дейінгі білім беру стандартын.Бұйрық №604 31.10.2018. (қосымшасы Бұйрық №182 05.05.2020
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989.
5. Қазақстан Республикасының білімді дамытудың 2020-2025жж арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана,2019
6. Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М., Оразбекова Л.М. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы: РБК 1999.
7. А.Б.Айтбаева. Білім берудегі жаңа технологиялар //Оқу құралы- Алматы «Қазақ университеті», 2019.
8. А.К.Мынбаева, З.М.Садвакасова.Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения // Учебное пособие «Қазақ университеті»

ӘОЖ: 373.71

# ЖАҢА ҒАСЫРДАҒЫ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ - АДАМЗАТ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚОЗҒАУШЫ КҮШ

**Курманалиева Лаззат Башаровна,**
Нұртас Оңдасынов атындағы Түркістан
мамандандырылған мектеп-интернатының
тәрбиеші -педагогі
Түркістан қ.,Қазақстан

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада жаңа ғасырдағы толеранттылық – бұл адамзат қоғамындағы қозғаушы күш, қоғамдағы үйлесімді қарым-қатынастың бірегей шарты екендігі баяндалады. Міне, осы қағидат тұрғысында қоғамды толеранттылыққа тәрбиелеудің барлық мүмкін құралдары педагогикалық заңдылықтарға негізделіп іске қосылуы тиіс. Жастарды толеранттылыққа тәрбиелеуде білім-ғылым және мәдениет ошақтарының әр алуан ашық алаңдарын пайдалану өте маңызды. Ашық алаңдар арқылы оқушылар мен студенттер және жастарға арналған үздік технологиялық жетістіктерді пайдалана отырып, педагогикалық контекстегі семинар-тренингтер және сондай сипаттағы педагогикалық акциялар өткізу өте тиімді деп санаймын.
**Түйінді сөздер:** толеранттылық, төзімділік, білім, тәрбие.

**Аннотация**

Актуальность и цель. В статье рассказывается, что толерантность в новом веке – это движущая сила в человеческом обществе, уникальное условие гармоничных отношений в обществе. Именно в контексте этого принципа должны быть задействованы все возможные средства воспитания толерантности в обществе, основанные на педагогических закономерностях. В воспитании толерантности молодежи очень важно использовать различные открытые площадки учреждений образования-науки и культуры. Считаю очень эффективным проведение через открытые площадки семинаров-тренингов в педагогическом контексте и педагогических акций такого характера с использованием лучших технологических достижений для школьников, студентов и молодежи.
**Ключевые слова:** толерантность, образование, воспитание.

**Abstract**

Relevance and goal. The article tells that tolerance in the new century is a driving force in human society, a unique condition for harmonious relations in society. It is in the context of this principle that all possible means of fostering tolerance in society based on pedagogical laws should be used. It is very important to use various open areas of educational institutions -science and culture in the education of tolerance of young people. I consider it very effective to conduct training seminars in a pedagogical context and pedagogical actions of this nature using the best technological achievements for schoolchildren, students and young people through open platforms.
**Keywords:** tolerance, education, upbringing.

Толеранттылық қай кезеңде болсын ізгілікті іс ретінде саналған. Ол – рухани бірлікке апарар жол. Толеранттылық, төзімділік түрлі адамдар өмір сүретін ортада өзара сыйластық пен құрметтің ортаймауына ұйытқы болады. Толеранттылық бар жерде адамдардың құқығы мен бостандығы сақталады. Негізінен, әр адамның татулықты қалауы қоғамның тұтастығын қамтамасыз етудің бір тетігі. Жалпы, толеранттылық үрдіс қалыптаспай, өркениетті қоғам құру мүмкін емес. Ортадағы төзімсіздік, шыдамсыздық түрлі дау-дамайға, тәртіпсіздікке, адам құқығының бұзылуына алып келеді. Кейбір қоғамда орын алып жатқан нәсілдік кемсітушіліктер, күмәнді таптаурын көзқарастар, дінаралық, ұлтаралық түйткілдер осы төзімсіздіктің салдарлары. Төзбеушілік орын алған жерде оған қарсы күш пайда болады. Бұл өзара жанжалдың ушығуына апарып соғады. Жеке адам өз бойындағы төзімсіздікпен күресуі үшін, алдымен қоғамдағы жағымсыз құбылыстарға, кесірлі топтарға қатысты өзінің байсалды ұстанымын қалыптастыра білуі қажет. Қоғамдық ой-сананың дамуына өзіндік үлес қосқан ұлы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсариннің де есімі тұрады. Әлемдік деңгейдегі барлық құқықтық мемлекеттерде азаматтық қоғам ғасырлар бойы жинақталған құндылықтар негізінде қалыптасқаны белгілі.

Ғалым А.Айталы: «шындығында толеранттылықтың мәні қазақ тілінде – терең, төзімділік, шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін таңдау, келісімін табу»- деп пікір білдірген еді. Әлемнің кереметтілігі – ондағы тіршіліктердің әртектілігінде екенін де ұмытпағанымыз жөн. Жер бетінде өзіндік ерекше мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар түрлі ұлттар тұрады. Жер жүзінің адамдары тереңнен үңілсең, бір-бірімен жіпсіз байланыста. Осы өзара қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсу үшін, біріншіден, толеранттылық керек. Адамдар бір-бірінің нәсіліне, ұлтына, жынысына, жас ерекшеліктеріне қарамай, өзара сыйласуға ұмтылуы адамзаттың үлкен жетістігі деп

бағалануы тиіс. Толеранттылыққа, төзімділікке, ынтымақтастыққа, өзара келісімге ұмтылу – жер жүзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамдардың бостандығы мен құқығын сыйлауға, бақытты өмірге қадам басуға мүмкіндік береді. Бүгінде Қазақстан көптеген ұлттар өкілдерінің ортақ үйі, қасиетті Отаны болып отыр. Діні, мәдениеті, тілі, салт-дәстүрі әртүрлі ұлттардың елімізде тату-тәтті өмір сүріп келе жатқаны абыройымызды арттыра түсуде [3, 45б]. Бұл мәселеде Қазақстанды әлем үлгі тұтады. Ұлы Даламызда бұрыннан қалыптасқан толеранттылық, төзімділік үрдістері бүгінгі Қазақстан қоғамындағы азаматтық татулық пен келісімнің, ұлтаралық, дінаралық теңдіктің бастауында тұр.

Қазақ халқының төзімділігінде шек жоқ екендігін жоққа шығаруға болмайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Толеранттылық» - ұран емес, ол біздің өмір сүру салтымыз!» деуінің өзінде үлкен мән бар. Толеранттылық яғни төзімділік, тағаттылық, ұстамдылық қасиет халқымыздың қанымен тарап, жанына дарыған деп айтуға болады. Тарихқа жүгінер болсақ, қазақ халқы елін, жерін қорғауда жаудың діні басқа деп емес, шапқыншылығына қарсы тойтарыс берген. Бұл халқымыздың Жаратушы алдында адам баласының тең құқығын сыйлайтынын көрсететін нақты дәлел. Соңғы жылдары қоғамда жиі қолданып, тілімізге жиі оралатын толеранттылық ұғымының негізінде мәдениет жатыр. Яғни, дінаралық байланыстарды түсіністікпен қабылдап, өзге діннің ұстанымдарына, әдет-ғұрыптарына құлшылық ету тәсілдеріне төзімділікпен, ұстамдылықпен қарау – тек қана мәдени түсінігі жоғары халықтың қолынан келеді. Бүгінгі таңда Қазақстан қоғамы жарасып бірлігін сақтап отырғандығының негізгі себебі де осында. Қазақстанды мекендеген өзге этностардың да мәдениеті мен өнерін терең ұғына білуіміз қажеттігін жиі айтып келеді. Себебі, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан барлық ұлттардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын тілін, шығармашылық жетістігін білуге ұмтылсақ, рухани байлығымыз арта түсетіні айдан анық.

Осы жерде ізгі қасиеттерге ие толерантты ұрпақты тәрбиелейтін ұстаз туралы айтпай кетуге болмас. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Толеранттылы қазақстандық парасатты үлгісі - Қазақстан халқы ассамблеясы қызметінің және қоғамдағы құндылықтардың күретамыры болуына үнемі ерекше маңыз беруде. Оның сан қырлы астарында әлемдегі бағыт-бағдар, пікір-идеялар мен құндылықтарға деген көзқарастың өзгермелі сипаты жатыр» - деген еді. Сондықтан Елбасы осы факторларға орай халықтық даналықты ескере отырып, ел басқарудың өрелі өрістерін қоғамның даму тенденцияларымен ұштастыра жаңа қазақстандық қоғамды қалыптастыра өркендетуде. Толеранттылықтың мазмұнды мән-мағынасын еліміздегі татулық пен келісімі жарасқан халқымыздың бірлігі арқылы әлемге әлдеқашан айқындап бердік. Осы санатта Мемлекет басшысының бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» -Ұлттық жоспарының «Біртектілік пен бірлік» бөліміндегі алты қадам қазақстандық толеранттылы қоғамды қалыптастыруда сөзсіз шешуші қадамдар болатыны ақиқат.

Толеранттылы қоғам – мемлекет тірегі қағидасы біздің өміріміздің бас арқауы болмақ. Қазіргі уақытта этникалық толеранттылыққа тәрбиелеу және оны жастардың өзін-өзі анықтау және жеке тұлғаның қалыптасу үдерісінде бағдар ретінде таңдауы мәселесін алға тартып отыр. Бүкіл қоғам назарын өзіне аудартуда. Этникалық толеранттылық түптеп келгенде ұлт өкілдерінің өзара өмірлік этникалық компонентерін қабылдай алу қабілеті. Бұл арада бір-біріне сіңісіп кету мәселесі жоққа тән. Өзінің ұлттық келбетін сақтай отырып, басқа ұлттың ізгіліктерін түсіну-қабылдау болмақ. Яғни этникалық толеранттылық – ұлтаралық өзара сыйластық, ынтымақтастық деген ұғымды білдіреді. Этникалық толеранттылық тәрбие беру құралы арқылы Қазақстан жастары бойында шынайы патриоттық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді [2, 5-6б. 12].

Еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын толерантты әрі креативті жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде.Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда Отан сүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Жастарды толеранттылыққа тәрбиелеуде білім-ғылым және мәдениет ошақтарының әр алуан ашық алаңдарын пайдалану өте маңызды. Ашық алаңдар арқылы оқушылар мен студенттер және жастарға арналған үздік технологиялық жетістіктерді пайдалана отырып, педагогикалық контекстегі семинар-тренингтер және т.б. сипаттағы педагогикалық акциялар өткізу өте тиімді деп санаймыз. Оған белгілі мамандардың қатысуы және кері байланыстың орнауы аудиторияның қызығушылық деңгейін

арттыра түсетіні сөзсіз. Қазіргі кездегі әлемде орын алған әлеуметтік, дінаралық, ұлтаралық, т.б. қақтығыстар өршіп тұрған жағдайда ғалымдар тарапынан оны қалыптастырудың жолдарын іздеуге ерекше көңіл бөлінуі заңды. Жалпы тұлғада толеранттылықтың қалыптасуы үшін ол рухани дамудың белгілі бір сатыларынан өтуі тиіс, ал ол педагогикалық мәселе болып табылады. Сондықтан «Педагогика» ғылымында оның заманауи саласы ретінде «Толеранттылық педагогикасы» даму үстінде, онда толеранттылықтың мәнін зерттеу және оны әлеуметтік норма, әлеуметтік құндылық ретінде практикаға ендіруге негізгі көңіл бөлінеді [1, б. 116].

Қорыта келе, жаңа ғасырдағы толеранттылық – бұл адамзат қоғамындағы қозғаушы күш, қоғамдағы үйлесімді қарым-қатынастың бірегей шарты болмақ. Міне, осы қағидат тұрғысында қоғамды толеранттылыққа тәрбиелеудің барлық мүмкін құралдары педагогикалық заңдылықтарға негізделіп іске қосылуы тиіс. Тек тың идеялар батыл іске асырылса ғана жемісті нәтижеге жеткізетіні белгілі дүние. Ертеден еркіндік пен елдікті, бейбітшілік пен берекені тілеген еліміз ешқашан өзгені өзекке теппеген. Сонау күндері елінен еріксіз және ерікті түрд қуылғандарды нәсіліне қарамай, бір үзім нанын бөліп беріп, бір жастықты жастанған қазақ қашанда қайырымдылық пен қамқорлықтан қашқан емес. Тәуелсіздіктің 30 жылдық тарихында Қазақстан халқы достық пен келісімнің, тұрақтылықтың, этносаралық және дінаралық татулықтың шынайы үлгісін көрсетіп келеді.

Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда Отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда. XXI ғасырда білім сапасы жалпыға ортақ, рухани-этикалық басымдылық негізінің мән құраушылық және шығармашыл, жаңашыл сипатына ие, сонымен қатар ғылыми негізде шынайы құрылған, сан қырлы, адамзат пен мемлекеттің мәдени ескерткіштеріне сай негізделген, этномәдени, әлеуметтік-кәсіптік конфессионалды топтардың жан-жақты қажеттіліктерін, сондай-ақ жеке тұлғалардың рухани сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған болуы қажет. Осы бағытта Ыбырайдың игілікті ісін ықыласпен қолдап, оны егемен елдің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық нобайы ретінде жандандырып, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану оқыту міндеттерінің талабы болғаны абзал.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. «Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану»
2. «Өзіндік таным» №2, 2007. №5-6, 2006
3. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж


ӘОЖ 875.45

## БАСҚАРУ ҚҰЗЫРЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Манабай Гульжаухар Үсенқызы,**
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің
2-курс магистранты
Шымкент қ, Қазақстан

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Қазіргі таңдағы мұғалімдердің жұмысы тек білім беріп қана қоймай, тиімді басқару құзыреттілігіне бағытталып отырады. Қазіргі мектепке жаңа материалды түсіндіріп, жұмысын ұйымдастырып қана қоймай, оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін сауатты басқара алатын ұстаздар қажет. Аталған мәселе, оқушының білімінің кепілді деңгейін қамтамасыз ете алатын мұғалімнің – мұғалім-менеджердің жаңа рөлі, т.б. белгілі бір уақыт шеңберінде және ресурстардың алдын ала белгіленген құнымен болжамды және диагностикалық нәтижеге қол жеткізуді қарастырады.

**Түйінді сөздер:** басқару, білім беру саласын басқару, басқару құзыреттілігі.

**Аннотация**

Актуальность и цель. Работа направлена не только на боразование сегодняшних учителей, но и на компетентность эффективного управления. Сегодняшней школе нужны учителя, способные не только объяснить новый материал и организовать свою работу, но и управлять учебно-познавательной деятельностью учащихся. Это новая роль учителя-преподавателя, которая может обеспечить гарантированный уровень знаний ученика и т.д. добиться предсказуемого и диагностического результата в определенные сроки и при заранее оговоренных затратах ресурсов.

**Ключевые слова:** менеджмент, управление образованием, управленческая компетенция.

**Abstract**

Relevance and goal. The work is aimed not only at the education of today's teachers, but also at the competence of effective management. Today's school needs teachers who can not only explain new material and organize their work, but also manage the educational and cognitive activities of students. This is a new teacher-teacher role that can provide a guaranteed level of student knowledge, etc. to achieve a predictable and diagnostic result within a certain time frame and at a predetermined cost of resources.
**Keywords:** management, education management, managerial competence.

Мұғалімнің басқарушылық қызметінде көп ғасырлық тәжірибе бар, соған қарамастан оның идеологиясы үздіксіз өзгерістерге ұшырайды, бұл қоғамда болып жатқан тарихи қайта құрулардың әсерін көрсетеді. Педагогтың басқарушылық іс-әрекетінің мәселелері қазіргі таңда педагогикалық зерттеудің пәніне айналуда. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару мәселелерін В.П.Беспалько және т.б. мектеп оқушыларының шығармашылық қызметін басқару – Н.В.Кузьмина, В.И.Слуцкий және т.б мұғалімнің кәсіби дайындығын арттыру факторы ретінде педагогикалық менеджменттің білімдері мен дағдыларын меңгеру – В.П.Симонов, Л.В.Горюнова және т.б.; өзін-өзі басқару мәселелері – Б.Г.Аньев, А.Баркер, В.Н.Понкратов және т.б. Мұғалімнің оқу-тәрбие процесін басқару мәселелерін отандық ғалымдар Т.И.Шамова, Л.В.Байбородов, М.М.Поташник, Д.Ш.Матрос, И.И.Третьяков және т.б. көптеген ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған болатын.

Сонымен қатар, қазіргі білім беруде құзіреттілік көзқарасы басым болғанымен, федералдық аймақта жетекші орын алғанымен, мұғалімнің басқарушылық қызметі құзыреттілік көзқарас шеңберінде жеткілікті түрде зерттелмегенін байқауға болады. Алайда, бүгінгі үшінші буынның мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес, әлемдік өзгерістерге сәйкес қазіргі уақытта мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігі үлкен маңызға ие мәселелердің бірі.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі өзгерістер білім беру процесіне қатысушылардың «субъект-объект» өзара әрекеттесуінің, үлгісінің ынтымақтастықпен алмастырылуына алып келеді.

Айта кету керек, үшінші буын стандарттарында («Педагогикалық білім («бакалавр» біліктілігі)) арнайы басқару құзыреті бөлінбейді, бірақ сонымен бірге басқарушылық құзыреттілікке мағыналы түрде енгізілуі мүмкін бірқатар нақты құзыреттер енгізілген. Оларға мыналар жатады: мұғалімдердің рефлексия, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау дағдыларын меңгеруі; студенттердің әлеуметтену және кәсіби өзін-өзі анықтау процестеріне педагогикалық қолдау көрсету мүмкіндігі; оқушылардың ынтымақтастығын ұйымдастыру, белсенділігі мен бастамасын қолдау, оқушылардың дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау және т.б. [1. 254б].

Осылайша, біз зерттеуіміздің өзектілігі мен маңыздылығын тағы бір рет атап өте аламыз. Өйткені, педагогикалық іс-әрекет табиғатынан басқарушылық сипатта екені белгілі. Мұғалім бүгінде өз іс-әрекетін жобалап қана қоймай, сонымен қатар әдіскер, диагностик, сарапшы функцияларын орындауы керек. Ол өзінің практикалық қызметінде оқушының, мектеп оқушылары мен ата-аналар ұжымының дамуын басқару міндеттерін жүзеге асырады. Мұғалімнің міндеті – оқушы дамуының мәнін, оның қалыптасу көздері мен механизмдерін, даму процесін басқару мүмкіндіктерін зерттеу болып табылады.

Зерттеулерді талдау, мұғалімдердің іс-әрекетінің тәжірибесін көрсету мұғалімнің басқару іс-әрекетіне, яғни оның басқарушылық құзыреттілігін (атап айтқанда, басқарушылық) қалыптастыруға арнайы дайындықтың маңыздылығын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, 18-20 ғасырлар аралығындағы мұғалімдерді дайындау мәселесін зерттеу, мұғалімнің басқарушылық-педагогикалық іс-әрекетіне теориялық талдау жасау нәтижесінде Т.М.Горюнова атап өткендей, «педагогикалық қызметтің бағыты – педагогикалық менеджмент, сонымен қатар педагогикалық менеджментті педагогтардың біліктілігін арттыру объектісі ретінде бөлу туралы» бірқатар көзқарастарды біле аламыз [2, 64б].

Бүгінгі күні О.Ю.Заславская дұрыс атап өткендей, «мұғалімнің пәнді білуі мен жұмысын ұйымдастыру қабілетіне ғана емес, мұғалімнің кәсіби қызметін қалыптастыруға бағытталған кәсіби функцияларының даму үрдісі байқалады. Дербестік пен жауапкершілік, оның білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан инновациялық қайта құрулар жағдайында оқушылардың оқу-танымдық қызметін тиімді басқару қабілеті». О.Ю.Заславская мұғалімдерді даярлаудағы жаңа тенденцияларға сүйене отырып, «оқыту тиімділігін арттырудың елеулі факторы болып табылатын мұғалім тұлғасының басқарушылық қасиеттерін бөліп көрсету, қалыптастыру және дамыту қажеттілігі» туралы айтады. Басқару қызметі мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің құрамдас бөлігі бола отырып, мұғалімнің кәсіби маңызды сапасы бола отырып, оның қазіргі білім беру жағдайында педагогикалық іс-әрекетке дайындығын білдіреді.

Білім беру мекемесінде басқарудың екі деңгейін бөліп көрсетуге болады. Бірінші деңгей – оқу орнын ұйым ретінде басқару. Екінші деңгей – мұғалімнің өзінің басқарушылық қызметінің деңгейі.

В.И.Кочетков мұғалімнің басқарушылық қызметі туралы айта отырып, оның қызметінің мақсаттарын белгілейді: «Екінші деңгейдің мақсаты шығармашылық мүмкіндіктер мен қабілеттерді барынша ашып, дамыта отырып, оқу процесін оңтайлы басқаруды жүзеге асыруды қарастырады» [3].

Қазіргі кезеңде жаңа материалды түсіндіре алатын, өз жұмысын ұйымдастыра алатын, сонымен қатар оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін басқара алатын мұғалімдер қажет.

Мұғалім тек мұғалім ғана емес, сонымен бірге тәрбиеші, тәрбиеші, ұйымдастырушы және оқу-тәрбие процесінің басқа субъектілерімен өзара әрекеттесуінің белсенді қатысушысы. Ол тек студенттермен ғана емес, ата-аналармен, әріптестермен, әкімшілікпен де үнемі араласып, араласады. Мұғалімнің қызметі пән мұғаліміне қарағанда кеңірек. Оқушылардың жеке басының дамуы, олардың оқуға деген ынтасы оның педагогикалық шеберлігіне, мектеп жасындағы балалар ұжымын ұйымдастыра білуіне байланысты.

Әрине, мұғалімнің бойында эмпатия, балаға, олардың еңбегіне деген сүйіспеншілік сияқты қасиеттер болуы керек; мұғалімнің мектеп жасындағы балалардың жас және жеке ерекшеліктері туралы білімі болуы керек; мектепте оқытылатын пәндерді меңгеруі; осы жастағы балалармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу: оларға қолдау көрсету, жанашырлық таныту; оқушыларға мейірімділік, жылылық, қамқорлық көрсету; балалардың жеке тұлғасы мен даралығын дамытуға ықпал ету бүгінгі күнгі мұғалімнің бойында болуы тиіс маңызды қасиеттері болып табылады.

Соған қарамастан, мұғалімнің оқу-тәрбие процесін сауатты басқара білуі керек. М.В.Селиверстова дұрыс атап өткендей, мұғалім мамандығы белсенділік жағынан басқарушылық қызметке ұқсамайды.

Басқару әрекеті, кез келген басқа қызмет сияқты, функционалдық сипаттамамен ұсынылуы мүмкін. Мұғалімнің басқарушылық қызметінде А.В.Карпов келесі басқарушылық функцияларды ажыратады: мақсат қою; жоспарлау және болжау; шешім қабылдау; өзін-өзі бақылау (бақылау) және түзетулер енгізу [4, 358б].

Мотивациялық-мақсатты функция, И.Б.Сенновский атап өткендей, «оқушылардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу дәрежесі негізінде өлшенетін және бағаланатын диагностикалық мақсаттарды тұжырымдау және жүзеге асыру қабілетін қою және қалыптастыру қабілетімен» байланысты. Педагогтарды осы функцияны жүзеге асыруға дайындау олардың мотивацияны қалыптастырудың нақты әдістерін таңдау үшін оқытылатын санаттағы балалардың психологиялық ерекшеліктерімен танысуын қамтуы керек, бұл болашақ мұғалімдерге де белгілі болуы керек. Сондай-ақ болашақ мамандар әртүрлі критерийлер бойынша мақсат қоя білуі керек деп есептейді [5].

Ең толық функционалдық сипаттаманы Т.И.Шамова жасады, ол басқарудың жалпы теориясына сүйене отырып, бірқатар функцияларды ажыратады. Сонымен, тәрбиелік іс-әрекет контекстінде мұғалім ақпараттық-талдау, мотивациялық және мақсатты, жоспарлау және болжау, ұйымдастырушылық-атқарушылық, реттеуші және түзетушілік басқару функцияларын жүзеге асырады.

Әрбір нақты шеңберінде шешілетін міндеттердің ерекшеліктері функциясы және осы басқару функциясының мазмұнын анықтайды. Мысалы, «Ақпараттық-аналитикалық функция құруға дейін төмендейді бақылау объектілерінің жай-күйі туралы ақпараттық база, шарттар мен оқу процесінің параметрлері» [6, 489б].

Жоспарлау және болжау функциясы басқару циклінің басында болады, өйткені басқарудың кез келген әсері шешімнің нәтижесі болып табылады. Сонымен бірге, басқару шешімі деп атап өтті Т.И.Шамова, бірқатар талаптарды қанағаттандыруы керек:

- мақсатты бағыттылығы болуы керек;
- парасатты болу;
- өзекті және заманауи болуы [7, 279б].

Мұғалімнің оқу сабақтарын жоспарлауы, П.И.Третьяков жазғандай, «сабақ барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуінің жалпы алыпсатарлық моделін құру бойынша шешім қабылдаудың нақты актісі». «Жоспарлаудың психологиялық аспектілері бар, жоспарлау процесінде талдаудың, синтездің күрделі психикалық операциялары орын алады, нұсқалар іздестіріледі, шешімдер қабылданады, олардың оңтайлылығы анықталады».

Айта кету керек, жоспарлау мұғалімнің есте сақтау қабілетінің көлемі мен пластикасы сияқты қасиеттеріне, сонымен қатар кеңдік, сыншылдық және икемділік сияқты ойлау ерекшеліктеріне талаптар қояды. Танымдық психикалық процестердің бұл сипаттары мұғалімнің кәсіби даярлығы процесінде қалыптасуы керек.

Ұйымдастырушылық-атқарушылық функция «барлық басқару субъектілері арасында тұрақты және уақытша байланыстарды орнату, қызмет ету тәртібі мен шарттарын анықтау» ретінде анықталады. Мұғалім өз қызметінде оқушылардың өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін белгілі бір психологиялық-педагогикалық жағдай жасауы керек, яғни ол басқарушылық міндеттерді шешуі керек: әрбір оқушының жеке тұлғасын дамыту. Әйтпесе, менеджмент оқу қызметін манипуляциялауға айналады. Оқушы тұлғасының дамуы тек білім, білік, дағдыны берумен шектеледі.

Реттеуші және түзетуші функция «қол жеткен нәтижелерді талдаудан (кері байланыс) тұрады және басқарудың жаңа циклінің бастапқы нүктесі ретінде әрекет етеді». Ол басқарылатын объектілердің күйін бақылау және диагностикалауды қамтиды. Реттеуші-коррекциялық басқару функциясы мұғалімге алған оқу нәтижесін өз қызметінде жоспарланған мақсатпен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің басқарушылық қызметі оқушының кепілдендірілген білім деңгейін қамтамасыз етеді, яғни жоспарланған уақытта және алдын ала жоспарланған ресурстарды жұмсай отырып, болжанған мақсатқа жету болып табылады.

К.А.Баженова атап өткендей, мұғалімдер жалпы кәсіптік-педагогикалық құзыреттіліктерді ғана емес, сонымен қатар ұйымдастыру, басқару, көшбасшылық саласындағы арнайы білім мен дағдыларды меңгеруі қажет, өйткені әртүрлі деңгейдегі іс-шаралардың сапасы мен тиімділігі олардың тиімділігіне байланысты: жалпы облысқа білім беру мекемесі. Осыған байланысты білім беру жүйесі үшін келешегі бар типті қалыптастыру міндеті өзекті болып отыр.

Бүгінгі күні мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігі туралы қалыптасқан идеялар жеткіліксіз. Мұғалімнің басқарушылық құзыретіне арналған еңбектер салыстырмалы түрде көптеп кездестіре алмайтынымызды (Ю.В.Громыко, В.Давыдов, Л.Н.Долговицкая, С.В.Кулаков, С.Ц.Нимбуева, М.А.Рубин, В.А.Сластенин, Г.П.Щедровицкий) айтуға болады.

Педагогтардың кәсіби білім беру жүйесі, жоғары педагогикалық білім беру стандарттары К.А.Баженова атап өткендей, ұйымдастырушылық-басқару мәселелерін шешуге мұғалімдерді даярлауға арналмаған.

Болашақ мұғалімнің басқарушылық іс-әрекеті оқу процесінде білім мен дағды жүйесін меңгеру арқылы қалыптасады. Соңғы уақытта «құзыреттілік» ұғымы маманның біліктілігі мен кәсіпқойлығының деңгейінің көрінісі ретінде жиі қолданылуда. Қазіргі психологиялық-педагогикалық Пайдаланған әдебиеттердегі басқарушылық құзыреттілік ұғымының мазмұнын қарастырайық.

Басқару құзыреттілігі бойынша зерттеулердің көпшілігі менеджерлердің қызметіне және басқарушылық қызмет жетекшілік ететін басқа да мамандықтарға қатысты, қызметтің негізін құрайтынын атап өткен жөн.

В.И.Безруковтың айтуынша, үлкен әртүрлілік бар басқару қызметінің классификациялық негіздері. «Бұл процесс, бір жағынан, қазіргі заманғы басқару қызметінің күрделі, қайшылықты және көп деңгейлі сипатының аспектілерін атап көрсететін тәсілдермен шартталған; екінші жағынан, басқарылатын объектінің заңдары мен қажеттіліктеріне бағытталған тәсілдер арқылы. Екі бағыт органикалық түрде біріктірілген жіктеу негіздері басқару тәжірибесі үшін маңызды болып табылады» [8].

В.М.Цлафтың көзқарасы бойынша құзыреттердің негізделген тізбесі басқару қызметі жүзеге асырылатын әлеуметтік қызмет жүйесінің онтологиялық схемасы негізінде құрылуы мүмкін [8]. В.М.Цлаф құрастырған схема 5 блокты қамтиды: қоғам, белсенділік, мәдениет, құндылық бағдарлар, билік – орнату, сәйкесінше талдаудың 5 аспектілері. Жоғарыда аталған барлық аспектілер бойынша менеджер лауазымын оның кәсіби және еңбек қызметіне дайындығы тұрғысынан талдау В.М.Цлафқа келесі құзыреттер тізімін құруға мүмкіндік берді, оның ішінде:

- физикалық/психофизиологиялық дайындық;
- психологиялық/психотехникалық дайындық;
- әлеуметтік/әлеуметтік-мәдени/әлеуметтік-техникалық дайындық;
- жеке дайындығы;
- кәсіби дайындық.

Дайындықтың аталған құрамдастарының әрқайсысы, Д.А.Борисов атап өткендей, ұйымдық мәдениеттің түріне байланысты өз ерекшеліктері мен жеткіліктілік деңгейіне ие әрі қарай басқару қызметін жүзеге асыруға [3]. Дегенмен, біздің ойымызша, маманның басқарушылық құзыреттілігін дайындық арқылы қарастыру дұрыс емес, өйткені мұндай көзқараспен басқарушылық құзыреттілік ұғымының өзіндік ерекшелігі жоғалады.

Соған қарамастан, В.М.Цлафтың еңбектерінен құнды ойды аңғаруға болады, ол «кәсіби дайындықтың құрамдас бөліктерін қалыптастыру көбіне университет пен жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің құзыреті болады, дегенмен студент бұл тұрғыда басқа ақпарат көздерінің әсерінен және стереотиптердің қалыптасуымен санасу керек».

Сонымен, басқарушылық құзіреттілік – бұл адамның бірлескен кәсіби іс-әрекетке, ынтымақтастыққа ие болуы, сонымен қатар осы кәсіпте қабылданған кәсіби қарым-қатынас әдістерін меңгеруі деп қорытынды жасауға болады.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Баженова, К.А. Формирование организационно-управленческой компетентности педагогов - руководителей исследовательской деятельностью школьников: автореф. дисс. ... канд. пед. наук / Баженова К.А. - Чита, 2019. - 24 с.
2. Зимняя, И.А. Ключевые компетенции - новая парадигма результата образования / И.А.Зимняя // Высшее образование сегодня. - 2009. - № 5. - С. 34-42.
3. Маркова, А.К. Психология профессионализма / А.К. Маркова. - М.: Международный гуманитарный фонд «Знание», 1996. - 308 с.
4. Мустафина, Ф.З. Диагностика профессиональной компетентности как условие оптимизации деятельности классного воспитателя: дис. ... канд. пед. наук / Ф.З.Мустафина – Казань, 2017 - 176 с.

5. Панфилова, Л.В. Формирование экологической компетентности в процессе профессиональной подготовки учителя химии: автореф. дис. ... д-ра пед. наук / Панфилова Л.В. - Тольятти, 2015. - 40 с.
6. Мошкин, В.Н. Педагогические условия воспитания культуры безопасности [Электронный ресурс] / Мошкин В.Н. // Oim.ru: научный Интернет-журнал. URL: // http: //www.-oim.ru/reader.asp.
7. Федоров А. Становление профессиональной компетентности будущего учителя: ценностно-смысловой аспект / А.Федоров, Е.Федорова // Высшее образование в России. - 2021. - № 11. - С. 75-78.
8. Competence: Inquiries into its Meaning and Acquisition in Educational Settings / Ed. by Edmund C. Short. Lanhametc.,University Press of America, 2020. Vol.VI.

ӘОЖ 37.022

## XXI ҒАСЫРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖЕТЕКШІ ҮРДІСТЕР

**Мансурова Феруза Мухтаровна,**
Қ.А.Яссауи ат. ХҚТУ магистранты
**Ниязова Гүлжан,**
п.ғ.к., доцент, ғылыми жетекші
Түркістан обл., Кентау қ., Қазақстан

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада заманауи білімге тән белгілер, XXI ғасырдың жетекші үрдістері, инновациялық технологиялар, педагогтың өзін-өзі дамытуы, психологиялық-коммуникативтік дағдыларды жетілдіру, қазіргі педагогтың жеке қасиеттері, кәсіби құзыреттілігі, қазіргі педагогқа қойылатын талаптар қарастырылады. XXI ғасырдағы білім берудің ерекшеліктері мен себептері көрсетілген. Педагогикалық мәселелерді сандық орта арқылы шешу ұсынылды. Авторлар қазіргі қоғамдағы болып жатқан өзгерістер қоғам мен мемлекеттің жаңа буын мамандарын даярлаудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру жүйесін одан әрі дамытуды талап етеді деп тұжырымдайды. Алдыңғы кезеңдер, ең алдымен, отандық білім беру жүйесін құзыреттілік тәсілге ауыстыруға бағытталған, алайда қазіргі уақытта білім беру ортасын цифрландыру жағдайында отандық білім беру жүйесін дамытудың жаңа кезеңі үшін жағдай жасаудың шұғыл қажеттілігі бар.
**Түйінді сөздер:** білім беру, XXI ғасыр, заманауи педагог, оқытудың заманауи әдістері, инновациялық технологиялар, цифрлық орта.

**Аннотация**

Актуальность и цель. В статье рассматриваются свойственные черты тенденции образования, основные веяния XXI века, инноваторские технологии, саморазвитие воспитателя, улучшение психолого-коммуникативных способностей, личные свойства передового воспитателя, проф зонам ответственности, запросы к прогрессивному преподавателю. Представлены отличия в образованиях XXI века от образования XX века. Предпринята попытка изучить способности улучшения цифровой грамотности педагога. Предложено заключение педагогических задач способами цифровой среды.
**Ключевые слова:** цифровая среда, современный учитель, современные методы обучения, образование в современном мире, обучение в XXI веке, инновационные технологии.

**Abstract**

Relevance and goal. The article examines the characteristics of modern education, leading trends of the XXI century, innovative technologies, self-development of the teacher, improvement of psychological and communication skills, personal qualities of a modern teacher, professional competence, requirements for a modern teacher. The features and motives of education in the XXI century are shown. It is proposed to solve pedagogical problems through a digital environment. The authors conclude that the changes taking place in modern society require further development of the education system in order to meet the needs of society and the state in training specialists of the new generation. The previous stages were aimed, first of all, at replacing the domestic education system with a competency-based approach, but at present, in the context of digitalization of the educational environment, there is an urgent need to create conditions for a new stage of development of the domestic education system.
**Keywords:** digital environment, modern teacher, modern teaching methods, education in the modern world, education in the XXI century, innovative technologies.

Бұл мәселенің өзектілігі қазіргі білім берудің айқын өзгерістерге ұшырауында жатыр. Өзіне тән ерекшелігі-оның динамикасы және оқыту процесінде қамтылу қажетті білім көлемінің үнемі өсуі.

Сонымен бірге, XXI ғасырда оқыту әдістемесінде пайда болған негізгі қарама-қайшылық – бұл біліс алушылардың білімнің үлкен белестерін бағындыру процесіне қарамастан, іс жүзінде білімсіз болып табылады. Бұл үрдіс нақты ғылымдарда да, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарында да байқалады. Білім алушылардың білімі үстірт, фрагменттік. Бұл ішінара қазіргі жастардың үлкен көлемде ақпаратты есте сақтаудың қажеті жоқ екенін түсініп, терең білімге бейімделмегендігіне байланысты, өйткені қол жетімді гаджеттер арқылы Интернетке жүгініп, сол жерден жауап табуға болады.

Екінші жағынан, бүгінде оқуға деген мотивация өте төмен, егер мектепте алған білімнің көп мөлшері қажет болмаса, неге оқу керектігін түсінбейді. Жыл сайын бұрын сұранысқа ие болған ондаған мамандықтар жойылып кетеді, сонымен бірге ақша табудың ондаған жаңа жолдары пайда болғаны, білім алушылардың пәндерді терең оқуға құлықсыздығын түсіндіреді.

Бұл мақаланың мақсаты-қазіргі білім берудің негізгі жетекші тенденцияларын үрдістерін талдау болып табылады.

Мақаланың негізгі міндеттері: Заманауи білім берудің ерекшеліктерін талдау; XXI ғасырдағы білім берудегі жетекші тенденциялар; инновациялық технологиялар; заманауи мұғалімнің жеке қасиеттері және оның өзін-өзі дамытуы; заманауи мұғалімге қойылатын талаптар. XXI ғ. мен XX ғ. арасындағы айырмашылықтарды зерттеу; педагогтың цифрлық сауаттылығын жетілдіру мүмкіндіктері. Цифрлық орта арқылы педагогикалық мәселелерді шешуді ұсыну.

Педагог жұмысына инновациялық технологияларды енгізуді Р.Абалуев, Н.Борисова, А.Гостин, Р.Иващенко, О.Михайлова және т.б. зерттеді.

Сонымен бірге, оқу процесінде инновациялардың едәуір көп мөлшері мұғалімдерге олардың консервативті көзқарасына байланысты белгісіз болып қала береді.

Есепті шешу өзара байланысты және кейбір логикалық ретпен қолданылатын көптеген операциялардан тұрады. Осы байланыстарды анықтау, логикалық және математикалық операциялардың реттілігін анықтау есептерді шешудің негізі болып табылады.

Шығармашылық қабілеттер оқытудың арнайы таңдалған пәндік мазмұнын және оны игерудегі тиісті танымдық әрекеттерді ұйымдастыру арқылы дамиды.

Химия, басқа ғылым түрлері сияқты, логикалық, бейнелі және дерексіз ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. Химия ғылымының логикасы зерттелетін материалдың бөліктерінің дәйекті орналасуында жатыр, оқушылар мен студенттерге жүйенің құрамдас элементтерін және олардың өзара бағыныштылығын көрсетеді, шығармашылық ойлаудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын жүйелік ойлаудың дамуына ықпал етеді. Оқу – танымдық іс - әрекетті ұйымдастыруда таным логикасын сақтау ақыл – ой әрекеттерін кезең – кезеңмен қалыптастыру маңызды. Сондықтан «жұмбақ» есептерді шығару химия ғылымының логикасы мен таным логикасына сәйкес жүргізілуі керек. Мұны танымдық іс-әрекеттегі нәтижелерді жүзеге асыруға бағытталған ойлау әрекеттері мен сыртқы әрекеттердің дәйектілігі – танымдық стратегия ретінде анықтауға болады [11, 6б].

Химияда оқушылардың қиындатылған есептерді шығару барысында шығармашылық ойлауы өзіндік ерекшелігімен сипатталады:

- жаңа күтпеген идеяларды ұсыну қабілеті, икемділік – жаңа шешім стратегияларын тез және оңай табу,
- ассоциативті байланыстар орнату және бір құбылыстардан екіншісіне ауысу,
- жаратылыстану пәндерін біріктіру мүмкіндігі.

Аталғандарға қоса логикалық ойлауының жоғары деңгейі, ойлаудың өнімділігі, болжау қабілеті, логикалық және механикалық есте сақтау қабілеті, үлкен назар, байқау, дамыған қиял, шығармашылық қабілеттерін айта кеткен жөн. Мақалада қарастырылған тақырыптағы тапсырмалар мен жаттығулар оқушылардың жалпы мәдени, жалпы кәсіптік және пәндік құзіреттіліктерін дамыту үшін қажетті тұлғалық – құндылық, реттеуші, ақпараттық – коммуникативті және зерттеу әрекеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жалпы түрде химиялық есептерді шешудің тәсілі ретінде мынадай іс-әрекеттер тәртібін ұсынуға болады:

- қажет болған жағдайда бірліктердің бірыңғай жүйесіне (сандық жағы) келтірілетін есеп шартының қысқаша жазбасы (алдымен берілген шамалардың әріптік белгілерін және олардың мәндерін, содан кейін-ізделетін шамаларды көрсетеді);
- мәселенің химиялық мәнін анықтау, есеп жағдайында қарастырылатын барлық химиялық процестер мен құбылыстардың теңдеулерін құру (сапалық жағы);
- мәселенің сапалық және сандық деректері арасындағы қатынастар, яғни алгебралық теңдеулер (формулалар) - химия және физика заңдары арқылы есептегі шамалар арасындағы байланысты орнату;
- математикалық есептеулер.

Сонымен, мақалада қарастырылған жаттығулар оқушылардың жалпы кәсіптік және пәндік құзыреттіліктерін дамытуға қажетті тұлғалық-құндылық, реттеушілік және зерттеу әрекеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл жұмыстың материалдарын оқыту тәжірибесінде пайдалану оларға «жұмбақ» есептер шығаруды үйренуге және жиі кездесетін қателерді болдырмауға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Титова И.М. Обучение химии. Психолого-методический подход: Материалы для специалистов образовательных учреждений. - СПб.: КАРО, 2002.-204 с.
2. Мырзабайұлы А. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2004. – 178 б.
3. Темірболатова Ә.Е. Химия. Есептер мен жаттығулар жинағы. – Алматы: «Мектеп», 2004. – 16 б.
4. Бекішев Қ. Шығарылған химия есептері. - Алматы: «Білім» баспасы, 2002. – 99 б.
5. Адамович Т.П., Васильева Г.И., Мечковский С.А., Станишевский Л.С.. Сборник олимпиадных задач по химии. – Минск: Народная асвета, 1980. - 111 с.
6. Герус С.А. Алгоритмический подход к решению типовых расчетных задач // Химия в школе. -1996. - № 3. - С. 46-48.
7. Ерыгин Д.П., Шишкин Е.А. Методика решения задач по химии: учебное пособие. – М.: Просвещение, 1989. – 102 с.
8. Будруджак П. Задачи по химии: Пер. С румынск. – М.: Мир, 1989. – 343 с.
9. Лабий Ю.М. Решение задач по химии с помощью уравнений и неравенств – М.: Просвещение, 1987. - 78 с.
10. Рэмсден Э.Н. Начала современной химии: Справ. Изд.: Пер.с англ. / Под ред. В.И.Барановского, А.А.Белюстина, А.И.Ефимова, А.А.Потехина – Л.: Химия, 1989. – 784 с: ил. – Пер. изд.: Великобритания, 1985.
11. Лисицын А.З., Зейфман А.А. Очень нестандартные задачи по химии / Под ред. В.В.Ерёмина. – М.: МЦНМО, 2015. –192 с.


ӘОЖ.82.0(574)

## АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН АЛАШ АЗАМАТТАРЫ


**Оспанұлы Серікбай,**
ф.ғ.к. профессор
**Күлзада Мырзағалиева,**
ф.ғ.к. қауым. профессор
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай қ., Қазақстан



**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлы ұстаз еліміздің басына қандай да бір қауіп-қатер төніп, қабырғасын қиындық қысқанда да бейтарап қала алмаған. Сондықтан да елім, жерім, халқым деп күресіп, азаттықты аңсап өткен Алаш азаматтарының рухани күш-қуат алған бастау-бұлақтарының бірі – Ыбырай Алтынсарин идеялары мен еткен ісі екені даусыз.Оны осы мақала өзегінен де аңғаруға болады.

**Түйінді сөздер:** Ағартушы, рухани, алаш, мектеп, әдебиет, мәдениет.

**Аннотация**

Актуальность и цель. Великий педагог, посвятивший всю свою жизнь воспитанию подрастающего поколения, не мог оставаться нейтральным даже перед лицом любых угроз и трудностей. Поэтому одним из источников духовной силы Алашцев, сражавшихся за свою страну, свою землю, свой народ и жаждавших свободы, несомненно, являются идеи и деяния Ибрая Алтынсарина.
**Ключевые слова:** просветитель, духовный, алаш, школ, литература, культура.

**Abstract**

Relevance and goal. The great teacher, who devoted his whole life to educating the younger generation, could not remain neutral even in the face of any threats and difficulties.Therefore, one of the sources of the spiritual strength of the Alash people, who fought for their country, their land, their people and longed for freedom, is undoubtedly the ideas and deeds of Ibrai Altynsarin.
**Keywords:** educator, spiritual, alash, school, literature, culture.

Ахмет 1891 жылы Ыбырай Алтынсарин негізінен қалаған Торғайдағы екі сыныпытық орыс-қазақ училищесінде оқып, тәрбиеленеді.

Ыбырай – ұлы ағартушы. Халық ағарту ісінің де, ағартушылық әдебиеттің де, журналистиканың да негізін салушылардың бірі болса, Ахмет Байтұрсынов ол жасаған осы абыройлы істердің бәрін жалғастырып, дамытушы, талантты ізбасары.

Халқымыздың кемеңгер ұлдарының бірі Әлихан Бөкейханов 1925 жылы Ахметке хат жазып:

«Алтынсары баласы Ыбырай хақында өзің жазсаң жақсы болар еді. Ол сенің аған емес пе? Егер ол қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенде оның ісін жасарың хақ» [1, 3б], -деп екеуінің бір-бірімен рухани жықындығын, мақсаттарының бір екенін айтып, үлкен сенім артады.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде» [2, 204б],- деп жазса, бұл ойды Ахмет Байтұрсынов «Мектеп жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы», - деп әрі қарай жалғастырып, іс жүзіне асырды. 1895 жылы педагогикалық училищені бітірісімен, ұстаздық жолға түсті. Қалың ұйқыдағы қазақ халқын маса болып ызыңдап, санасына білім құю арқылы оятуды алдына мақсат етіп қойды. Ағартушылық қызмет атқара жүріп оқу-білім, мектеп, оқулық, оқу жүйесі, мұғалім жайында көбірек сыр толғады. Ыбырай Алтынсарин «Облыстардағы оқу жұмыстарының жалпы жайы», «Мектептердегі оқу және тәрбие жұмыстары», «Оқу құралдарының жайы», «Мектептің шаруашылық жайы» деп халық ағарту мәселелері жөнінде толғанса, Ахмет те аға жолын жалғастырып, «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Оқыту жайынан», «Мектеп керектері», «Орысша оқушылар» деген сияқты келелі мәселелерді қозғайтын мақалалар тудырды. Оларда халық ағарту ісінің мұң-мұқтаждары айтылып, оқу ісін жақсартудың жолдары да көрсетілді.

Ыбырай қазақ балаларына лайықтап тұңғыш «Қазақ хрестоматиясын» (1879) құрастырып, сол жылы «Қазақтарға орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық» кітабын жарыққа шығарды. Ыбырай бастаған игі істі Ахмет жалғастырып «Оқу туралы» қазақша алифба (1 кітап. Орынбор. 1912), «Әліпбій». Жаңа құрал (Қызылорда. 1928), «Қазақша оқу жайынан», «Тіл құрал» (Орынбор. 1914), «Баяншы», «Сауат ашқыш» тағы да басқа оқу-әдістемелік кітаптар жазды.

Ыбырай ұлттық сананы оятуға ойлап «Қазақ газеті» атты газет шығармақ болса, ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік және мәдени мәселелерді, көтеру үшін баспасөздің атқарар қызметінің зор екенін түсінген Ахмет сол Ыбырай арман-мақсатын жүзеге асырып 1913 жылы биресми ұлттық «Қазақ» газетін дүниеге әкелді.

Ыбырай «Далалық облыстарды басқару жөніндегі «Уақытша Ереже туралы. 1968 ж.» деп аталатын жазбасында «Ережеге» қарсылық білдіре отырып, «жер мәселесін» шешудің мұндай тәртібі ежелден қалыптасқан жерді пайдаланудың халықтық салт-дәстүріне қайшы келеді», - деп аштық отырықшылықты күштеп енгізуден болып отырғанын айтады. «Дала адамдарының халықтық өмірін жасанды түрде төңкеруге кіріспес бұрын бұл халықты, оның өмірін танып-білу әлдеқайда ақылдырақ болар еді», - дейді. – Қатерлі қателік жасамау үшін бұл халықта аграрлық мәдени дамудың нышаны бар ма екен, отырықшы үстем халықпен арадағы тікелей қатынастан қаншалықты әсер алды екен, бұл халық қошаған табиғаттың қандай жағдайында орналасқан және т.б.осы сияқтыларды біліп алған жөн. Өйткені тұтас ұлтты енжар ұлтқа айналдырумен пара-пар, осындай жай башқұрт халқымен болған деседі, сондай-ақ табиғат заңдарына кішкентай баланы бірден ересек адамға айналдыру мүмкіндігі болатын мысал да жоқ» [3, 41б].

Ахаң 1913 жылы «Көшпелі һәм отырықшы норма» деп аталатын мақаласында «Отырықшы норма» дегеннің не екенін газет оқушыларына түсіндіріп, он бірінші шілдеде депутаттар Думада қазақ жерлерін орыс келімсектері жөн-жосықсыз алып жатыр» дегенде, «Переселендер басқармасының бастығы Глинка қазақ жерін қандай жолмен алып жатқандығын көрсетуге норманы қазаққа не үшін шығарғандығын жасырмай ашып айтып берді», -деп оның сөзін келтіреді. «Біздің қазақ турасындағы

істеп отырған ісіміз жолды, - депті ол. Біздің жолымыз екеу-ақ. Бірі – қазақтан артық жерді алу, екіншісі – қазаққа тиісті жер беріп орналастыру қазақтың артық жерін алып жатырмыз – артық жерді алсын деген закон бойынша, қазаққа жер беріп, орналастырып жатырмыз – өздерінің тілегі бойынша. Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес, әдісіміз бар қазаққа тиісті жер беріп, орналастыру турасында Думаға закон жобасын кіргізбей тұрғанымыздың мәнісі: көшпелі қалпында жер беріп, орналастырсақ, қазаққа көп жер тиеді. Артыларлық жер аз болмақшы. Оны Дума арқылы законмен бекітіп, қазаққа берген соң, ала алмаймыз. Қазақ жері қазақтан көп артылып қалу үшін біз әдіс жасап отырмыз. Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік. Біз Министірлер Советінен ептілік рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырмалап едік, топ-тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді: қазаққа «отырықшы болып жер алуға риза болсаңдар, сендерге де мұжықпен қатар 15 десятинадан еркек басына жер береміз» дедік. Айтуымыз-ақ мұң екен, қазақтар «отырықшы нормасымен жер бер» деп жабылып сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десятина жер бердік».

А.Байтұрсынов осылайша Глинка сөзін келтіріп, «переселендер басқармасының Думада барлық депутаттар алдында айтқан сөзі өтірік деп айта алмаймыз», - деп, отаршылдардың айла-шарғысының сырын одан әрі ашып, анықтай түседі [4, 230б].

Ыбырай 1878 жылдың 23 маусымында Ресей Әскери Министрінің атына жолдаған хатында: қазақтардың құнарлы жерлері Орынбор қазақ әскерлеріне беріле бастауын, 1874 жылғы Орынбор Генерал-губернаторының ол жайында бұйрығы шыққанын, соған байланысты қазақтардың әлеуметтік жағдайының күрт өзгергенін айтып: «7000-нан астам отбасы (ауданның қырғыздары) бүгінде 2300000 десятин жерде Новолинейный ауданында орналасып отыр. 1 млн десятин жердің өзіне тығыз орналасқан болар еді. Ал оларды 770842 десятин жерге орналастыру дегеніміз көптеген қырғыздардың шаруашылықтарының ыдырауына әкеліп соғады.

Ал 1878 жылғы 23 мамырдағы заң аудан қырғыздарының шаруашылығының іргесін берік етіп, әлеуметтік жағдайларының жақсаруын қамтамасыз етер еді. мына жоба жерді тарылтады, мал шаруашылығын дамытуға зиянын тигізеді. Ал ол халықтың күн көріп отырған – бірден-бір тіршілігінің көзі» [5], -десе. Міржақып Дулатов «Қазақ жерлері» деген өлеңінде 1868 жылдан бүкіл жер қазыналық деп танылып, мұжықтардың қоныс аудара бастауына байланысты жеріміз тарылып, қасиетті бабаларымыздың зираттары көшелерінің астында қаалғанын, көшкен бұлттай қаптаған мұжықтар енді зиратттардың тасын алып, ағаштарын отқа жағатынын ашына жазады. «*Осы күнгі қалған жеріңнен айрылсаң малыңды топыраққа бағасың»,* -деп қатты ескертеді. Қандастарына «*атамекен жерің қайда, бәріңізді қуып шығып «хохолдар» отыр, жер өлшеуге келген землемерлер құнарлы жерлер мен тұщы сулы бар мекендерді алып жатыр. Бұған аамал-айла таабааттын ерлер қайда?*!» - деп намысын қайрайды. Сөйтіп, ұзақ өлеңін: «*Он бестен кісі басы десятина жер берсе, сонда, қазақ, нешік хәлің*?» [6, 384б]. – деп сұраулы түйінмен аяқтайды.

Отаршылдық дәуіріндегі ең басты проблема осы жер мәселесі болатын. Сол себепті де М.Дулатов бұл ойларын «Жер мәселесі» мақаласында да қайталай жалғастырып, Ресей отаршылдарының озбырлық әрекетін, өріс пен қоныстың тарылып, қазақтардың құнарсыз жерлерге, құм-шөлдерге ығысуын ашына жазады. Енді жер кестіріп алып, қала салтымен тірлік етулері керек пе, әлде сол бұрынғы көшпелі өмірлерін жалғастыра ма – осы екі ұдай пікірдің тиімді-тиімсіз жақтарын көрсете отырып талқылап, таразылайды. Сөйтіп, Клеменец, Винер сияқты ғалымдардың ой-тұжырымдарына суйеніп, малмен күн көріп отырған халықтың өрісін тарылту ақылға сыймайтын іс екенін қынжыла айтады. Қазақ халқының ежелден қалыптасқан негізі – тұрмыс-салтына тамырына балта шабу екенін нығарлай жеткізеді.

Автор мақаласында халықтың жұмысын түп-тамырымен бұзып өзгерту оңай іс емес екенін, «*қауіпті дертке ғалым тәуіп қанша керек болса, бұл мәселенің түйінін шешуге де сонша білім керек*» екенін, «*Өлгенді тірілту мүмкін болмаған секілді, бұл туралы өзгеріс қате пікірмен болса, түзетуге болмайтынын*» айтып, «*қала болу керек деушілердің пікірі» мен «көшіп жүру керек деушілірдің пікірін*» келтіреді. Сөз соңын: «*Өзі қайда барарын біле алмай, адасып тұрған халықты бұрынғыдан жаман адастырып, басшыларымыздың екі жаққа тартуына қайғырып, тезірек бір ынтымаққа келуін тілейміз*» [6, 248б], -деп аяқтайды.

Мағжан Жұмабаев «Дала, қала» мақаласында дала мен қала арасындағы қайшылықтарды айта келіп: «Оның балалары білімді, ойлы. Ол таң қаларлық істер істейді. Отты дүние айналған теңізді кезеді. Айшылық жолды алты аттайтын атсыз арба жасайды. Майсыз шам жандырады. Неше жүз шақырым жерден сөйлесетін құрал жасайды, қанатсыз көкке ұшып, бұлтқа араластырады. Түпсіз теріңге сүнгітіп, меруерт- маржан шығарады, қысқасы қала баласы асқан адамдар. Естімейтін нәрселері жоқ, қолдарынан бәрі келеді. Қала ол өнер-білімнің бесігі, анасы... Онда өнер бар, онда білім бар» [7, 101б], -деп сөз нөсерін ағылта құяды. Бұл жолдарды оқығанда Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлені есіңізге түседі.

«Ол» Абай мен Ыбырайдың осы саладағы ойларын дамыта отырып, өнер мен білім жолына үгіттейді, оқудың пайдасын әңгімелеп, мәдениетті елдердің тіршілігін үлгі етеді [8], -деп академик Серік Қирабаев атап көрсеткендей Сұлтан-Махмұт Торайғыров та Ыбырай жолын жалғастырып 1912-1913 жылдардан бастап ақындықпен бірге ағартушылық жолға түсті. Мағжан Жұмабаев та оқытушы-

лық қызметтер атқарып, мектеп оқушыларына, мұғалімдерге арнап «Педагогика» (1922, 1923), «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» (1925) еңбектерін жариялады.

Ы.Алтынсариннің өміірі мен шығармашылығына, ұстаздық жолына таалдау жасалып, жан-жақты баға берілген, әдебиет, мәдениет тарихынан алатын орнын көрсеткен Кеңес дәуірінде жазылған тұңғыщ еңбектердің бірі Мухтар Әуезовтің «Ыбырай Алтынсарыұлы (1841-1889 жыл, 48 жас)» деп аталатын мақаласы еді.

Кезінде ұлы ұстаз туралы «крест таққан», «шоқынған», «орысқа берілген», «сандығы толған крест екен» деген сияқты өсек-аяң да көп болған.

М.Әуезов осы мақаласында ұлы ағартушының еңбегін «қазақтан шыққан шын қазақ ақыны», «ұлт мектебінің іргесін қалаған бабасы» деген сияқты баға беріп «шоқынды» аталуының себебіне тоқталады.

Біріншіден, Ыбырайдың Европа мәдениетіне жол салуы, екіншіден, «қазақ өз алдына ел, қазақ еш уақыт ноғай болмайды», – деп Ноғай ағайындардың «мұсылмандар ноғай болуы керек» дегеніне қарсы шығуы, үшіншіден, Ыбырай кітаптарының орыс әрпімен (кирилицамен) басылуы, төртіншіден, Ыбырайдың абыройының асуы. Әуезовтің өз сөзімен айтсақ: «Ол заманда орысша оқып, қанжығаласып ел билеу ісіне қатынасқандар төре тұқымдарынан болған. Бұлардың ішінде бақ күндестік туды. «Жуан қоныш, сасық қазаққа не қылған адамишылық», – дегендей. Ыбырайдың тұрған облысына дабысы күшті, ел оны әулие қылып ұстай бастады. Бұл бұрыннан қазақ елін билеп, меншіктеп қалған төрелерге ұнамады». Бесіншіден, шеттен келген надан молдаларға қарсы болуы. М.Әуезов: «…Ыбырайдың ноғайдан, төреден, азған қазақтан шыққан дұшпандары ұрандасып, ел арасына айтылмыш өсекті таратқан. Ол өсек орынсыз», – дей келіп, Ильминскийдің Ыбырай қолымен от көсеп, қазақ балаларын шоқындыру ниетінен түк шықпағанын, Ильминскиймен қазаққа пайда келтіру үшін ғана жақындасқанын, Ильминскийге Ыбырайдың жазған хаттарында, істеген істерінде «орыстың исі шығып тұр» деуінің мүлде орынсыз екенін айтып, «хаттарында, істерінде патша хүкіметіне жылы сөз, қолайлы іс болса Ыбырайдың хайла-шарғысы. Ол Ильминскийлерді алдап, адастырған әдісі деп қараудан басқа орын жоқ», – дейді.

Ыбырай өлгеннен кейін сандығын Васильев дегеннің алып кеткенін, бір сандық крест дегендері бір сандық қағаз екені, айтуға жеңіл болсын деп орыс жолдастарының орысша ат қоюы «шоқындыға» жатпайтыны айтылады.

Мақала соңында автор Ыбырайдың еңбегін жоғары бағалап, атын ескерусіз қалдырмау үшін не істеу керектігін тағы да санамалап көрсетеді:

1. «Шоқынды» деп білмеуіміз керек. Ол жабылған орынсыз жала болса, Ыбырай қазақтан шыққан адал азамат болатын болса, ол қазақ-қырғыздық маданият тарихында тиісті орын алуы керек.

2. Ыбырайдың өмірін, ісін толық қылып жазып, жазған кітаптарын қазақша бастырып шығару керек» [8, 440б].

М.Әуезовтің бұдан кейін ұлы ағартушының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында алар орнының жоғары екенін көрсететін мақаласы Қызылордада басылып шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927ж.) кітабында, 1937-38 жылдары жарық көрген Әдебиет хрестоматияларында, «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Уақыт және әдебиет» кітабында, бірлі-жарым түзетулермен жазушының он екі томдық шығармалар жинағында басылды.

1922 жылы желтоқсан айының басында сол кездегі республика астанасы Ташкент қаласында «Талап» атты қауым құрылды. Қауымның мақсаты – қазақ халқының әдеби тілін, ғылыми атауларын (терминология), емлесін, ұлттық өнерді, тарихын, салт-дәстүрін, оқу-білімін зерттеп, зерделеп, алға басуын қадағалау, ұлт қызметкерлері мен өнер қайраткерлеріне көмек көрсету, бұл істерді жүзеге асыру үшін дәріс оқу, баяндамалар жасау, көрмелер ашу, баспасөзге жазу, кітап, қолжазба, өнер үлгілерін жинау, білім, өнер жөніндегі еңбектерді жарысқа, сыңға салып, бәйге тігіп, жүлде беру, халық ағарту жолында мамандар, шеберлер, курстар ашу, аудармашылар, әріп терушілер дайындау болатын.

1923 жылдың 29 наурызында «Ақ жол» газеті «Талап» қауымында соңғы өткен екі жұмада екі лекция болып өтті, -деп жазды. – Бұның бірі Мырзағазының баяндамасы – «Алтынсариннің өмірі һәм істеген істерінің жайынаан», екінші лекция Мағжандікі – «Абай өлеңдері туралы».

Мырзағазы Есполов – «Талап» ұйымының басқарма мүшесі болса, Мағжан Жұмабаев осы қауымның Жарғысын (Уставын) жазушылардың бірі еді.

«Баяндамашылардың екеуі де алған мәселелерін жете тексеріп, толық мағлұмат жинақтағандықтан, жиылған жұртқа ескі қазақ заманының екі ардақты адамы – Алтынсарин мен Абай жайынан бірталай жаңа сөздерді айтып берді.

Мұнан кейін газет редакциясы баяндамалардың мазмұнына аз-кем кідіріп, дәрісшілердің сүбелі ойларын келтірді. Мәселен, Мырзағазы тындаушылар Ыбырайды толық білмейтінін ескеріп, өмірі мен шығармаларынан толық құлақтанды етеді, «әр жерде жыбырлап сөйлеп, Алтынсаринді орысты көбейтүшінің бірі болды деп миссионерге таңып жүрген жаладан басын арашалап алады» да, қанқу сөзді Ыбырайдың сын садағына ілінген татар молдалары таратқанын айтады («Ыбырай қазақ үшін Европамәдениеті керек десе, түсінгендіктен, ел ішінде дін тарат деп мал жиып жүрген татар

молдаларына қарсы болған, көбін өзі жүрген жерлерінен құғызған. сондықтан молдалар ішінен жауы көбейіп, жаманатқа солар ұрындырған»)» [9, 42б].

М.Есполов баяндамасы Мұхтар Әуезовтың 1922 жылы жазған жоғарыда аталған «Ыбырай Алтынсарин (1841-1889 жыл, 48 жас)» деп аталатын мақаласына үндес.

Мырзағазы Есболов – Ыбырай Алтынсариннің ұлы ағартушы екендігін айтып, «шоқынды» деген алыпқашпа сөзден қорғаған М.Әуезовтен кейінгі екінші тұлға.

Мырзағазы 1891 жылы Қостанай уезі Аманқарағай болысының № 4 ауылында туған. Алғаш ауыл молдасынан хат танып, кейін мұғалімдер мектебін бітіреді. «Алаш» қозғалысының қайраткері. «Қазақ» газетімен тығыз байланыста болып, мақалалар жазып тұрған. Петерборда шығып тұрған «Мусылманская газетанің» тілшісі болған.

Қай халықтың да болашағы – жастар. Олардың алға басып, еліне пайдалы адам болып өсіп-өркендеуі ғылым, білімде.

Бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлы ұстаз еліміздің басына қандай да бір қауіп-қатер төніп, қабырғасын қиындық қысқанда да бейтарап қала алмаған.

Сондықтан да елім, жерім, халқым деп күресіп азаттықты аңсап өткен Алаш азаматтарының рухани күш-қуат алған бастау-бұлақтарының бірі – Ыбырай Алтынсарин идеялары мен еткен ісі екені даусыз.Оны осы мақала өзегінен де аңғару қиын емес.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Бөкейханұлы Ә. Бауырым Ахмет! Дулатова Г. Аманат//Жұлдыз, 1994. № 3-4.
2. Алтынсарин Ы. Таза Бұлақ. –Алматы: «Жазушы», 1988.
3. Алтынсарин И. Собрание сочинений в трех томах, 1976.
4. Байтурсынов А. Көшпеллі һәм отырықшы норма. //Қазақ газеті. № 20, Ақ жол – Алматы: «Жалын», 1991.
5. Мәскеу әскери-тарихи архиві, фонд 1099, опись 1, дело 163.
6. Дулатов М. Казақ жерлері. Шығармалары. –Алматы: «Жазушы», 1991.
7. Жұмабаев М. Дала, қала.//Айқап. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. –Алматы. 1995.
8. Қирабаев С. Ақын тағдыры //Социалистік Қазақстан, 1 мамыр 1990.
9. Әезов М. Ыбырай Алтынсарыұлы (1841-18899 жыл, 48 жас)//Шолпан 6-7-8 сан, 1923.Шолпан.-Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2010.
10. Хамзабекұлы Д. Руханият. –Алматы: «Білім», 1997.


ӘОЖ: 745.65

## АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ АЛТЫНСАРИНМЕН БІРГЕ БАСТАҒАН АСЫЛ АЗАМАТ ШАҺМҰРАТ ҚҰЛЫБЕКОВ

**Өтелбаева Салтанат,**
ҚР мәдениет саласының үздігі
Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсариннің
мемориалдық музейі басшысының
ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада қазақтың ағартушылық тарихында және қазақ жерінде зайырлы мемлекеттің қалыптасуында із қалдырған, күш-қуатын халық мүддесі үшін аямай жұмсаған адал азаматтың бірі болып, Ыбырай Алтынсаринмен бірге оқығаны, үздіктер қатарынан көрінген Шаһмұрат (кей деректерде Шахмұрат) Құлыбеков туралы жазылған. Ыбырай Алтынсарин 1864 жылдың 8 қаңтарында Торғай жерінде алғаш мектеп ашқан болса, Шаһмұрат Құлыбеков осы жылдың 25 қазанында Ырғызда білім ордасын ашты. Бұл екі тұлғаның еңбегін бөліп жарып қарауға болмайтыны сөз етілген. Шаһмұрат туралы алғаш рет ырғыздық өлкетанушы Сейілхан Оразымбетовтің 1996 жылы жарық көрген «Ырғыз» кітабында жазылды. Ш.Құлыбековтің дүниеге келген және өмірден өткен уақыты әзірге белгісіз. Ағартушының өмір жолы мен қызметі туралы мәлім болған деректер жайлы мақалада көрсетуге тырыстық.

**Түйін сөздер:** Шаһмұрат Құлыбеков, ағартушылық, «Ырғыз» кітабы.

**Аннотация**

Актуальность и цель. В статье рассказывается о Шаһмурат (в некоторых источниках Шахмурат) Кулибекове, который прошел путь в истории казахского просвещения и становления светского государства на казахской земле, учился у Ибрая Алтынсарина, одного из лучших. Если 8 января 1864 года Ибрай Алтынсарин открыл первую школу на Торгайской земле, то 25 октября этого года Шах-

мурат Кулибеков открыл школу в Иргизе. Это не значит, что нельзя разделять заслуги двух лиц. О шахмурате впервые написано в книге Иргизского краеведа Сеилхана Оразымбетова «Иргиз», изданной в 1996 году. Время рождения и смерти Ш. Кулибекова пока неизвестно. О том, что стало известно о жизненном пути и деятельности просветителя, мы постарались показать в статье.
**Ключевые слова**: Шахмурат Кулибеков, просвещение, книга «Иргиз».

**Abstract**

Relevance and goal. The article describes Shakhmurat (in some sources Shakhmurat) Kulibekov, who was one of the best in the history of the Kazakh education and the formation of a secular state on the Kazakh land, who was one of the honest citizens who spent his efforts in the interests of the people, studied with Ibrai Altynsarin. On January 8, 1864, ibrai Altynsarin opened the First School in Turgai, and on October 25, Shakhmurat Kulibekov opened an educational institution in Irgiz. It is said that the work of these two people cannot be separated. Shakhmurat was first written in the book «Irgiz» by Irgiz local historian Seilkhan Orazymbetov, published in 1996. The time of birth and death of sh.Kulibekov is not yet known. We tried to show in the article about the known facts about the life and work of the educator.
**Keywords**: Shakhmurat Kulibekov, enlightenment, book «Irgiz».

Қазақ ағарту ісінің бірінші ұстазы Ыбырай Алтынсаринмен Орынборда 20 қазақ баласы оқып шықса, солардың ішінде үздік аяқтағандырдың бірі – Шаһмұрат Құлыбеков. Ағартушылықты Ыбыраймен бірге бастап, елінің тағдырын ойлап, қам жеген текті ұлдардың бірі болатын.

Статтық кеңесші Григорьевтің Орынбор Шекара комитетінің төрағасына 1859 жылы 7 қазанда берген рапортында Шаһмұрат Құлыбековтың де қазақ баларын оқыту үшін оқулық жетпейтіні жайлы өтінішін назарға алу баяндалады.

1864 жылы Ырғыз бен Торғайда бір мезгілде бастауыш мектептер ашылғаны, олардың алғашқы мұғалімдері Ыбырай мен Шаһмұрад болғаны белгілі. Олардың үлесіне ең ауыр, ең жауапты кезең тап келген еді. Халқына еңбегі мен маңдай тері мол сіңген адал азаматтың өзіне лайық ілтипат-құрметке бөленетін уақыт жетті деп ойлаймыз.

XIX ғасырдың 60-70-ші жылдарында сол кезде қала мәртебесі болған Ырғызда европалық үлгіде білім беретін мектептер жұмыс жасады. Оның бастауында халқымыздың тұңғыш ағартушылары Шаһмұрат Құлыбеков, Ыбырай Алтынсариндер тұрды. Шаһмұрадқа Орынбордан Ырғызға көшіп бару үшін губерниялық басқармаға жер кенін барлау және іске қосу дейтін қордың есебінен 120 сом ақша төленген.

Ыбыраймен бір көзқараста, ниеттес болған Шаһмұрат Құлыбековтың ұйымдастырумен 1864 жылы 25 қазанда Ырғызда тұңғыш бастауыш қазақ мектебі ашылды. Мектеп мұғалімі әрі басшысы Шаһмұрат Құлыбеков оқыған қазақ зиялыларының алғашқы легінің өкілі болатын. Белгілі өлкетанушы Афанасьевтің жазуы бойынша алғашында мектепке жергілікті дәулетті тұрғындардың 13-15 баласы қабылданған. Онда оқығандар жайында мәлімет жоқ. Тек белгілісі – жергілікті тұрғындардың балалыр үшін қазақ даласында тұңғыш ашылған мектептердің бірі. Ыбырайтанушы-ғалым Серікбай Оспанұлы «Ыбырай жолы» еңбегінде «Қазіргі Ақтөбе аймағында бірінші рет 1864 жылдың 25 қазанында Ырғызда бастауыш мектеп ашылып, Шаһмұрат сонда бірнеше жыл мұғалім болған. Мектепте 14 бала оқығанын» айтады.

Мұнда: «Қашан да халыққа қызмет етіп, ел үшін еңбек еткен адамдардың ғана тарихта аты қалған. Соның бір дәлелі, мектеп ашып, бала оқытқан, жанқиярлық жұмыс жасаған Ыбырай Алтынсаринме Шаһмұрат Құлыбековтің есімінің ел есінде қалуы» дейді.

1868 жылдың аяғында Уақытша Ережені қолданысқа енгізу шаралары қолға алынғанда мұғалім Алтынсарин Торғай уездік әкімшілігінің іс жүргізуші қызметіне ауысуға тілек білдірді. Ол орнын ауысқаннан кейін ұстаз ретінде Орал бекінісіндегі мектеп мұғалімі Шахмұрат Құлыбековтың ауысқысы келетініні жайында тілек білдірді, бірақ облыстық билік оның өтініштерін орындамай, Орынбор қырғыз мектебінің бұрынғы оқушыларының бірі – Ізтілеу Жақсыбаевқа тапсырды. 1869 ж. маусым.

Ғ.Ахмедов: «Ы. Алтынсариннің кім екені жұртқа белгілі. Шаһмұрад Құлыбеков Ырғыз жағында бірнеше жыл учитель болыпты, мектепте жағдайы болмаған Шекара комиссиясына тілмаш болып кіріпті»-деп жазады.

1887 жылы 15 қыркүйекте Қазақстанда тұңғыш рет Ақтөбе облысының Ырғыз ауданының орталығында бір кластық әйелдер училищесі ашылып, оған алғаш 17 қыз қабылданыпты. 1888 жылы училише жанынан қазақ қыздары үшін 18 орындық интернат ашылған. Бұл училищеге Қостанай, Торғай, Ақтөбе уездері қазақтарының қыздары да келіп оқыған. Осы училищенің ашылуына Ы.Алтынсарин бастаған қазақ зиялылары атсалысқан. Олардың арасында Әлмұхамед Сейдалин, Шахмұрат Құлыбеков рухани қолдап, қаражаттай да демеушілік көрсетіп отырған. /Ақтөбе энциклопедиясы», Ақтөбе, 2001.-732 б./

Шаһмұрат Құлыбековтың де Ыбырай сияқты қазақ балаларының оқып, білім алуына жағдай жасап, мұғалім болған, мектептерге үнемі жанашырлық жасап, өз қалтасынан қаржы-қаражат беріп отырған.

Сонымен қатар, басқа облыстарға қарағанда Торғай облысының мектептері мен училищелерінде кітапхана ісі дұрыс жолға қойылған еді. Өйткені, қазақ халқының ұлы ағартушысы, атақты педагог Ы.Алтынсарин кітапхана ісіне басшылық етті. Ол жақсы оқулықтарды таңдап алу, оны тексері, мұғалімдерге жетекшілік ету, мұғалімдер мен оқушыларға кітапхана ұйымдастыру және оның қорын толықтыру т.б жайлы Н.М.Ильминскийге 4 қазан, 1887 жылы жазған хатында хабарлайды. 1883 жылы Ы.Алтынсариннің, Ш.Құлыбековтың ықпалымен Ақтөбе облысы бойынша Ырғызда ең алғашқы кітапхана осы училище жанынан ашылды, онда 400-дей кітап қоры болды, оған 36 адам қамқоршы болған, оның бірі – Шаһмұрат Құлыбеков.

«...Мен Торғай облысының мектептері жанынан оқытушыларға және оқушыларға арналған кітапханалар ашпақпын. Бұған ашу 700 сомға жуық ақша да жинап алдым. Бұл кітапханалар олардың кітаптарымен тек, оқуышлар мен оқытушылар ғана пайдалану үшін ғана емес, сонымен қатар, мектеп бітіріп, қырда жүрген жалпы сауатты адамдар да білімдерін өз бетімен көтере білу үшін пайдалы кітаптар және оқу құралдарын тауып алуларына мүмкіндік туғызу мақсатымен ашылады...» деп жазады 1883 жылы 15 қыркүйекте Н.И.Ильминскийге. Торғай облысының ауылдары мен қалаларында мектеп ашуға Ыбырай Алтынсарин қаржы жинағанда 4 адамның бірі болып Құлыбековтың 100 сом ақша бергені жөнінде айтылады. Шахмұрат Құлыбеков осы мектептердегі кітапханалардың ашылуына да көмектесіп, қаржылай қолдау жасаған.

Ырғыз мектебінің кітапханасы 1883 жылы ашылды, оның ашылуына, кітап қорын жинастыруға Ш.Құлыбеков көп көмек беріп, өз қалтасынан 100 сом ақша қосқан. Кітапханада 300-400-дей кітап болған, бұл қазақ даласындағы тұңғыш кітапхана болды. Сонымен қатар, халықтың оқуға деген ынтасын қанағаттандыру мақсатында 1889 жылы 16 январьда Ырғыз қалалық кітапханасының жанынан ересектерге арналған кешкі мектеп ашады.

1859 жылдың қысында Н.Ильминский қазақтың атақты жырауы Марабай Құлжабайұлының «Ер Тарғын» жырын жазып алып, 1862 жылы Қазанда жеке кітап етіп шығарғаны белгілі. Марабайдың айтуымен жырды татар әрпімен қағазға түсірген осы Ш.Құлыбеков. Н.И.Ильминский Ы.Алтынсарин жайындағы естелігінде былайша сыр шертеді: «1859 жылдың қысында батыс жақтағы Марабай (суырып салма, шешен) жайында естіп, В.В.Григорьевтен Орынборға шақыруын өтіндім. Марабайдың айтуымен Құлыбеков татар қарпімен «Ер Тарғын» жырын әрең дегенде жазып үлгірді». Сонымен қатар, Н.Ильминский Орынбор кезеңіндегі жинаған материалдарын негізге ала отырып, қазақ тілі бойынша зерттеу жұмысын жазады.

Ырғыздағы тұңғыш бастауыш мектептің алғашқы мұғалімі Шахмұратпен бірге Баймұрат, Жүсіп, Баймағамбет бірге туады. Ақтөбенің Ырғыз ауылында тұратын Баймұраттың шөбересі Марат Ысқақов Құлыбеков туралы шамамен 1838 жылы Тобыл өңірінде дүниеге келгенін айтады. Шаһмұрат Құлыбеков – Қарабалық Қыпшақ руынан. Қарабалықтан Танабұқа – Танабұқадан – Балқожа– Жанқожа – Өтеулі, одан Қаранар – Құлыбек.

2014 жылы «Ақтөбе» газетіне Марат Ысқақовтың «Шаһмұрат атамыздың шапағаты» деген мақаласы жарық көрді. Онда автор Шахмұраттың әкесі Құлыбектің Қостанай өңіріндегі патшадан шен алған беделді, ауқатты адамдардың бірі екенін, 9 баласы болғанын, Шаһмұраттың 1862 жылы ағалары Баймағанбет, Баймұрат, інісі Жүсіппен бірге Ырғыз уезіне көшіп келгенін, Ырғыздан 12 шақырым жердегі Қалалыкөл қыстағынан шығысқа қарай 6-7 шақырым жерде «Шахмұрат көлі» деген жайлауды қоныстанғанын жазады. Шахмұраттың Жақып деген жалғыз баласы болған, ол Ұлы Отан соғысынан оралмаған. Жақыптан Күләш, Күләй деген екі қыз қалған. Көптеген саяси Пайдаланған әдебиеттер мен көркем шығармаларды ана тілімізде сөйлеткен аудармашы Абдолла Құлыбеков пен Ырғыз перзенттері арасынан шыққан тұңғыш жоғары білімді дәрігер Сақтаған Құлыбеков – Шаһмұраттың туған ағасы Баймұраттың ұлдары.

Журналист Р.Өтеміс «Атадан қалған асыл жол» кітабында Шахмұрат Құлыбековтің баласы Әбдірахман Құлыбековтің әуелі Алашорда құрамында болып, 1920 жылы партия қатарына өткенін, кейін жікшілдер тартысына араласқанын, сол кезде әкесінің қызметтері бетіне басылғанын жазады.

Ырғызда мектеп ашуға ерекше еңбек сіңірген қазақ оқығандарының алғашқы шоғырының көрнекті өкілі Шаһмұрат Құлыбековтың атқарған еңбегі зор. Шаһмұрат Құлыбековтің қызметі жан-жақты зерттелсе, қазақ халқының ағарту ісі тарихында әлі де біраз мәліметтер табылатыны сөзсіз.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. М.Әттиев «Тұңғыш мектеп», «Ақтөбе» газеті, 27 наурыз, 2014 ж.
2. Ахмедов Ғ. «Алаш Алаш болғанда», Алматы, «Жалын» 1996-120-121 б.б.
3. Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейінің «Даланың алып қоңырауы» ғылыми конференция жинағы, 2019 ж., Ө.Рахымжанның «Ақтөбе аймағындағы тұңғыш мектеп».
4. Оспанұлы С, «Ұлы Ұстаз ұлағаты», Қостанай, 2014 ж./
5. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. –Алматы: «Қазақстан», 1962.- 226 б.
6. Ильминский Н.И. Алтынсарин туралы естеліктер. Ы.Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер: / Құрастырған М. Жармұхамедов. –Алматы: «Жазушы», 1991.

7. «Ыбырай Алтынсариннің кешегі һәм бүгінгі тағдыр-талайы», «Ы.Алтынсарин мұрасының, әлеуметтік, педагогикалық өнегелі әлеуметі және казіргі заман» (баяндамалар жинағы), Қостанай, 2011.-38 б.

УДК 371.32

## ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

**Роздольская Дарья Дмитриевна,**
магистр, учитель математики
**Есенгулов Канат Маратович,**
учитель математики
**Роздольский Андрей Михайлович,**
магистр, учитель математики
КГУ «Общеобразовательная школа № 23
имени М. Козыбаева отдела образования
города Костаная» управления образования
акимата Костнайской области
г. Костанай, Казахстан

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты: Мақалада математика сабақтарында зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырудың дидактикалық және психологиялық шарттары қарастырылған. Зерттеу жұмыстарының қиындықтары сипатталған және білім беру процесінде оқушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарттары анықталған.
**Түйінді сөздер:** құзыреттілік тәсіл, зерттеу құзыреттілігі, зерттеу қызметі, оқушының зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру, зерттеу қызметінің қиындықтары, зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру.

**Аннотация**

Актуальность и цель. В статье рассмотрены дидактические и психологические условия формирования исследовательских компетенций на уроках математики. Описаны трудности исследовательской деятельности и выделены эффективные педагогические условия становления исследовательской компетентности учащихся в образовательном процессе.
**Ключевые слова:** компетентностный подход, исследовательская компетентность, исследовательская деятельность, формирование исследовательской компетентности школьника, трудности исследовательской деятельности, становление исследовательской компетентности.

**Abstract**

Relevance and goal. The article describes the didactic and psychological conditions of formation of research competences in mathematics lessons. Describes the difficulties of research and highlighted effective pedagogical conditions of formation of research competence of students in the educational process.
**Keywords:** competence approach, research competence, research, formation of research competence of schoolchildren, the difficulties of research activities, the formation of research competence.

Современные изменения в жизни общества, безусловно, затрагивают и систему образования. На сегодняшний день школа должна отвечать не только за успешную сдачу предметных экзаменов, но и за качества выпускника такие, как способность принимать решения в незнакомой ситуации, умение планировать свою деятельность и доводить решение задачи до конца. Базовое звено образования - общеобразовательная школа, модернизация которой предполагает ориентацию образования не только на усвоение учащимися определённой суммы знаний, но и на развитие его личности, на развитие его познавательных и творческих способностей. Общеобразовательная школа должна формировать целостную систему универсальных знаний, умений, навыков, а также опыт самостоятельной деятельности и личной ответственности обучающихся. Овладение учащимися общими умениями, навыками и способами деятельности (то, что сейчас принято называть ключевыми компетентностями) как существенными элементами культуры является необходимым показателем современного качества результатов образования и на это нельзя жалеть ни сил, ни времени [1].

В связи с ориентацией образования на формирование и развитие навыков и компетенций, актуальной проблемой на сегодняшний день становится обучение школьников способам добывания и переработки информации путем самостоятельной исследовательской деятельности в рамках компетентностного подхода. Такая задача требует целенаправленного развития исследовательской

компетентности школьников, способствующей высвобождению деятельностного начала в человеке, укреплению его потребности в познании.

Компетентностный подход в преподавании математики - это совокупность общих принципов: определения целей математического образования, отбора содержания образования, организации образовательного процесса и оценки образовательных результатов.

Исследовательская компетентность служит компонентом компетентности личного самосовершенствования, направленной на освоение способов интеллектуального и духовного саморазвития.

Организация педагогического процесса, направленного на формирование исследовательской компетентности, имеет свою специфику.

Исследовательская компетентность может быть сформирована только в исследовательской деятельности. Поиск, самостоятельность, инициатива, практическое действие, эксперимент, совместная работа, недоопределённость, противоречия, разные точки зрения являются ключевыми понятия, которые определяют необходимые условия для организации исследовательской деятельности учащихся в школе [2].

Исследовательскую компетентность можно представить через взаимосвязь ключевых, базовых и специальных компетенций, которые наполняют ее содержательно.

Прежде всего, качественная работа в развитии компетенций определяется, профессиональным мастерством учителя. Для того чтобы деятельность учащегося стала исследовательской, педагог в своей образовательной программе должен выделять следующие задачи - обучить учащегося методам, формам, принципам и способам научного исследования, основам научного знания и научного познания, дать возможность самореализоваться учащемуся через решение задач научного характера по индивидуальной теме. При этом исследователь (ученик) должен четко представлять, что он должен получить, каким образом и когда сможет достичь конечного результата. Для включения в самостоятельное исследование учеников учителю необходимо самому уметь добывать новые знания, уметь применить на практике методы научных исследований, самостоятельно получать новые научные знания, владеть современными методами сбора первичных данных, их обработки, получения оригинальных схем, графиков, таблиц.

Прежде чем начать организовывать исследовательскую деятельность учащихся, педагог должен определить не только то, есть ли у него мотивированные учащиеся, но и есть ли у него самого возможности создать необходимые условия успешной реализации их творческих способностей. При этом важно, чтобы педагог уяснил для себя, возможен ли для него подобный род деятельности, есть ли у него необходимый научный и педагогический потенциал, владеет ли он сам методикой и методами научного исследования и, главное, сможет ли он научить им своего ученика. После такого самоопределения педагога как научного руководителя учащегося можно приступать к реализации совместных задач [3].

В формирования исследовательской компетентности школьника следует принять во внимание и психологический компонент педагогического взаимодействия. Только при наличии взаимоотношений, когда ученик и учитель работают на равных и уважительно относятся к «научной» позиции друг друга, создается благоприятный психологический микроклимат, положительно влияющий на развитие индивидуальности ребенка и результаты его самореализации.

Во многих педагогических и методических работах исследование рассматривается почти как «лекарство», позволяющие преодолеть многие проблемы современного школьного образования - от формирования нового уровня понимания учебного материала до профессиональной ориентации и личностного самоопределения учащихся. Однако собственный опыт организации учебных исследований позволяет выделить ряд сложностей, такие как:

- выбор темы исследования,
- особенности самоорганизации учащегося,
- динамика рабочей активности в течение года,
- представление результатов работы.

Все они касаются индивидуальных особенностей ученика, с которыми каждый педагог сталкивается в ходе подобного рода деятельност [4].

Одна из первых и, самых значимых трудностей исследовательской деятельности - это выбор темы работы. Считаю, что к вопросу выбора темы для исследования необходимо подходить серьезно. Эта тема должна быть очень интересна и самому школьнику и научному руководителю. Выбранная тема желательно должна привлекать внимание будущей аудитории во время презентации результатов работы. Определение тематики исследования вызывает затруднения не только у ученика, но и у учителя. Данные сложности можно объяснить и небольшим опытом исследовательской деятельности сторон, и особенностями традиционного школьного изучения научного материала, когда содержание излагается в готовом виде в качестве достоверного абсолютного знания, а для исследователя важны не только и не столько утвержденные знания, сколько проблемы, неясности и вопросы. Еще есть важное обстоятельство, затрудняющее выбор темы, - в школьной работе особенно актуальна проблема соотношения научной новизны и практической значимости работы. Часто выбранная тема не отличается новизной, но важна с позиции воспитания и

личностного развития. Для учителя, как научного руководителя, помощь ученику в определении направления исследования - это всегда ответственность, т.к. на этом этапе формируется не только выбор темы самообразования и саморазвития учащегося и учителя, но закладываются предпосылки для дальнейшего выбора ребенка, определяющего желание продолжать исследовательскую деятельность [5].

Проблема самоорганизации связана с необходимостью для учащегося самостоятельно строить свою работу. В традиционном школьном образовании ученик не планирует свою работу, а действует «по шаблону», выполняя задания учителя. Эффективность исследования как средства личностного развития имеет оборотной стороной как раз неумение школьника планировать и осуществлять собственные действия. Здесь важно учителю вовремя, пока не пропал у ребенка интерес к работе по причине «я не знаю, ничего не умею, у меня не получится», суметь поддержать веру ученика в собственные возможности и ресурсы. В этой ситуации обычно школьнику помогает снять страх собственной несостоятельности организация регулярных еженедельных (а, если нужно и ежедневных) общих встреч и консультаций, кроме того эффективно формирование плана действий с определением примерных сроков, разбивка каждого этапа исследовательской деятельности на конкретные задачи.

Следующая проблема - динамика рабочей активности школьников в течение года. Как правило, в начале года наблюдается трудовой подъем, после чего идет плавный спад, оканчивающийся кризисом, затем всплеск активности до весенних каникул, когда дети опять обретают высокий уровень трудоспособности. Такая особенность активности определяется непривычной формой деятельности, отсутствием шаблонов, алгоритмов, рутинности, обработки данных социологических опросов и анкетирования, изучения научной литературы с содержанием далеко не школьного уровня и т.п. Здесь опять важна роль педагога как мотивирующего фактора, следует еще раз определить, что было достигнуто в ходе работы, особенно подчеркнуть успехи ученика в исследовании, пусть даже полученные данные не соответствуют ожидаемым и предполагаемым результатам, обратить внимание на успешность развития ученика как исследователя, отметить развитие его умений научной деятельности. Очень положительно влияют в момент кризиса участие школьника в мероприятиях, где он может поделиться с промежуточными результатами своего исследования, например, выступление на уроке, участие в оценке результатов других ученических исследований, в частности, в настоящее время есть возможность это делать на сайтах, выставляющих на обсуждение исследовательские работы школьников.

Значимая проблема - представление результатов исследовательской работы школьников. Важный этап в исследовательской деятельности - достойная презентация результатов работы, залогом успеха может быть только серьезная подготовка. Опыт участия в научно-практических конференциях и конкурсах исследовательских работ школьников показывает, что стандартная форма организации этих мероприятий (доклад - оценка жюри - присуждение мест) порождает некоторые проблемы. Учащийся сталкивается с жесткими требованиями к презентации своей работы: за минимальное время (обычно 5-7 минут) необходимо максимально полно представить содержание и результативность исследования. Усиливает волнение перед выступлением - оценочная ориентация и конкуренция в отношениях между участниками конференций и конкурсов [6]. В данной ситуации, конечно, важен опыт публичных выступлений, можно знать теоретические основы ораторства, но именно собственные ощущения и навыки работы с аудиторией позволяют быть успешным на этом заключительном этапе исследовательской работы.

Учителю с учащимся следует подготовить все моменты выступления: текст, интонации, ударения, паузы, возможные вопросы из зала и ответы на них, внешний вид, управление мультимедийной презентацией на компьютере, фразы начала и окончания выступления, способы регуляции волнения, расположение по отношению к аудитории и жюри и др. Участие в конференциях и конкурсах имеет, на мой взгляд, и другое важное значение в формировании исследовательской компетенции ученика - возможность анализа результативности работ и выступлений других участников данных мероприятий. В ходе слушаний полезно делать записи, пометки: интересные темы исследований, методики, понравившиеся формы выступлений, и, в дальнейшем, уже в обычной обстановке, спокойно обсудить все моменты собственной презентации и защиту работ других учеников [7].

Выделяя значимость ученического исследования следует отметить, что школьник, осуществляя исследовательскую деятельность, решает поставленные задачи через эвристические подходы, не используя известные алгоритмы. В этом проявляется неалгоритмичность исследовательской компетентности. Учащийся, занимающийся исследовательской работой, способен переносить исследовательский подход на разные сферы деятельности и применять в различных ситуациях, что подтверждает полифункциональность, универсальность и надпредметность исследовательской компетентности. Многомерность исследовательской компетентности подтверждается применением учащимся в исследовательской деятельности аналитических, критических, коммуникативных и других умений, а также личностных качеств. Данная компетентность мобильна, подвижна, вариативна в любой ситуации и на любом предметном материале [8].

Следует подчеркнуть, что формирование исследовательских компетенций учащихся в образовательном процессе будет происходить эффективно, если созданы педагогические условия, такие как:

- содержание образования ориентировано на формирование готовности учащихся к исследовательской деятельности и удовлетворяет принципам проблемности;
- направленно на развитие универсальных способов познавательной деятельности;
- организация образовательного процесса ставит учащегося в активную позицию исследователя;
- овладевающего универсальными способами познавательной деятельности, вовлекает в критический анализ;
- отбор и конструирование личностно-значимого содержания исследовательской деятельности;
- учитель осуществляет руководство исследовательской деятельностью учащихся и психолого-педагогическую поддержку ее, на основе сформированной у него готовности к такой работе.

Таким образом, исследовательские компетенции является основанием для развития других более конкретных и предметно-ориентированных компетентностей, поскольку помогает ученику обучаться, позволяет стать ему более гибким, конкурентноспособным, помогает быть более успешным в дальнейшей жизни, что и определяет значимость её формирования [9].

**Список литературы:**


1. Баранников А.В. Содержание общего образования: компетентностный подход / А.В.Баранников. – М.: ГУ ВШЭ, 2002.
2. Компетенции в образовании: опыт проектирования: сборник научных трудов / Под ред. А.В.Хуторского. М.: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2007. 327с.
3. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. Авторская версия / И.А.Зимняя. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004.
4. Сластенин В.А. Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических учебных заведенийф/ В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, А.И.Мищенко, Е.Н.Шиянов. М.: Школа-Пресс, 1998. 512с.
5. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования / А.В.Хуторской // Народное образование. – 2003. – №2. – с. 55-61.
Интерактивные методы способны мотивировать учащихся, помочь в закреплении материала и использовании знаний на практике, то есть они могут быть использованы на любом этапе урока. При этом следует понимать, что перегружать урок интерактивными методами и приемами нельзя, так как это может наоборот снизить успеваемость учеников. Объясняется это тем, что некоторые ученики продуктивнее работают индивидуально, а интерактивность предполагает постоянное взаимодействие учеников друг с другом. Также это можно объяснить тем, что иногда ученики при групповой работе не спешат участвовать в совместных заданиях, так как понимают, что другие ученики могут это сделать за них. Поэтому интерактивные методы следует сочетать с пассивными и активными методами, так каждый ученик сможет проявить себя как в индивидуальной работе, так и в групповой.

Использование интерактивных методов при изучении темы «Табличное умножение и деление» призвано мотивировать учащихся, стимулировать их познавательную деятельность и способствовать лучшему усвоению материала. Но положительный результат можно получить только при учете возрастных и индивидуальных характеристик школьников, а также соблюдении этапов изучения темы. В соответствие с этими факторами осуществляется выбор конкретных методов, приемов и средств обучения.

Таким образом, в настоящее время существует тенденция использования интерактивных методов на уроках математики с целью повышения мотивации учеников и эффективного усвоения изучаемого материала.

**Список литературы:**


1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции», от 10.01. 2018
2. Типовая учебная программа по предмету «Математика» для 1-4 классов уровня начального образования. - Астана. - 2016. - 49 с
3. Курманалина Ш.Х. Методика преподавания математики в начальных классах Учебное пособие. - Астана: Фолиант, 2011.
4. Мендыгалиева З.М., Кушнир М.П., Петрик Е.П. Активные методы обучения на уроках математики в начальной школе: методические рекомендации. - Астана: Назарбаев Интеллектуальные школы, 2017
5. Абылкасымова А.Е. Теория и методика обучения математике: дидактико-методические основы. Учебное пособие. - Алматы: Мектеп, 2013.

УДК 371

# АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

**Жиенхан Айжан,** магистрант
ғылыми жетекшісі:
Жетпісбай Әлия Қажымұратқызы, ф.ғ.к, доцент
Павлодар педагогикалық университеті
Павлодар қ., Қазақстан

**Аннотация**

Зерттеу мақсаты: Жалпы орта мектеп оқушыларының ағылшын тілі сабағында сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын қолданудағы іс-әрекеттертерді зерттеу Зерттеудің өзектілігі: Қазіргі таңда шет тілін оқытуда төрт дағдыны үйретеміз. Баланың осы дағдыларын дамыту мақсатында ағылшын тілін оқыту барысында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалану арқылы оқушы қабілеті мен қызығушылығын арттыру зерттеу қажеттілігін анықтайды.
**Түйінді сөздер:** шешім қабылдау, Тара Делец, тіл және қозғалыс.

**Аннотация**

Цель исследования: Изучить действия старшеклассников при использовании техники для развития критического мышления на уроках английского языка. Актуальность исследования: В настоящее время мы преподаем четыре навыка в обучении языку. Исследовательские инструменты для повышения способностей и продуктивности ребенка за счет эффективного использования технологии критического мышления при обучении английскому языку с целью развития этого использования.
**Ключевые слова:** принятие решений, Тара Делец, язык и движение.

**Annotation**

The purpose of the study: to study the actions of high school students in the use of technology to develop critical thinking in English lessons. The relevance of the study: Currently, we teach four skills in language teaching. Research tools to increase the child's ability and productivity through the effective use of critical thinking technology in the teaching of English in order to develop this use.
**Keywords:** decision making, Tara DeLecce, language and movement.

Бұл мақалада мен сыни тұрғыдан ойлаудың маңыздылығын, мұғалімдер мен оқушыларға арналған ойларды талқылаймын және кейбір сыныптағы іс-әрекет идеяларымен бөлісіп отырмын.

Жаңа оқу бағдарламаларының ерекшелігі – оның XXI ғасыр дағдыларын дамытуға бағыт-талғандығында: ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы олардың бастапқы білім қорларын қалыптастыру (әлемнің біртұтас бейнесі); рухани - адамгершілік құндылықтарын дамыту; оқудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу,жазу, өз ойын нақты әрі дәл жеткізе білу, себеп - салдарлы байланыстар орнату. [1]

Бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау үшін өз білімін үнемі жетілдіріп отыратын, сапалы білім беретін жаңашыл ұстаздар қажет. Қазіргі кездегі озық технологияларды меңгеруіміз оқушыларымызға сапалы білім беруімізге мүмкіндік береді.

«Осы немесе анау» ойынын қарастырыңыз: сізге сұрақтар беріледі және олардың әрқайсы-сына өз қалауыңызды айту керек. Олар:

a) жұмыртқа, бекон, құймақ және үйеңкі сиропы немесе пайдалы жасыл смузи қосылған бай таңғы ас;
b) сенбі күні кешке үйде кино көру немесе достарымен бірге шығу;
c) жаңа көлік сатып алу немесе кез келген жерде сәнді 2 апталық демалысқа бару;
d) өте талапты, жалақысы жоғары жұмыс немесе 9-дан 5-ке дейін тұрақты қызмет.

Шешім қабылдау - бала кезімізден басынан өткеретін нәрсе – қандай ойын ойнайтынын немесе кітап оқитынын таңдаудан бастап, үй сатып алудың ең жақсы уақытын таңдауға дейін бәріміз де мәселелермен бетпе-бет келіп, талдау жасап, шешім қабылдауымыз керек. Дегенмен, мәселе мұны қалай жасау керектігінде болса, ал біз үшін, мұғалімдер үшін, оны қалай үйрету керек деген негізгі мәселе болып табылады.

Неліктен сын тұрғысынан ойлау технологиясы 21 ғасыр дағдыларының бірі болып табылады? «Оқушыларды біз өмір сүріп жатқан осы үнемі өзгеріп отыратын және болжауға болмайтын әлемге дайындау» стандартты жауап болар еді, бірақ әрі қарай ойланып көрейік: сыни ойлау неліктен маңызды?

Бұл сұраққа жауап бермес бұрын, сыни ойлау дегеніміз не екенінен бастайық. Мысалы, Тара Делецтің төмендегі анықтамасын алайық:

«Сыни тұрғыдан ойлау логикалық және жақсы ойластырылған дәлелді пайымдаулар жасауды білдіреді. Бұл сіз ұшыраған барлық дәлелдер мен қорытындыларды жай ғана қабылдамай, осындай

дәлелдер мен қорытындыларға күмән келтіретін көзқарасқа ие болатын ойлау тәсілі. Ол белгілі бір дәлелді немесе қорытындыны растау үшін қандай дәлелдер бар екенін көргісі келеді». [2]

Неліктен сыни тұрғыдан ойлау маңызды?

Егер біз осы анықтаманы алсақ және біз оқушыларды өмір сүріп жатқан әлемге дайындау идеясын бөлшектеуге тырыссақ, сыни тұрғыдан ойлаудың бірнеше жағынан маңызды екенін айту орынды. Біріншіден, бұл оқушыларға объектіні (факт, тұлға, деректерді) әртүрлі көзқарастардан байқауға көмектеседі, мысалы, суретші модельдің эскиздерін әртүрлі бұрыштардан жасайды, әрбір бөлшекті бақылайды, әр жаңа бұрышта жаңа нәрселерді ашады. Бұл олардың жайлылық аймағынан шығып, объект туралы алдын ала түсініктеріне (немесе олар туралы бұрын білгендеріне байланысты қате түсініктерге) қарсы тұруға және жаңа, жақсырақ ақпараттарды жасауға мәжбүр етеді.

Сыни тұрғыдан ойлау оқушылардың өзара қарым-қатынасына да әсер етеді. Сыни тұрғыдан ойлай отырып, әр нәрсені әр қырынан көре отырып, студенттердің ой-өрісі кең және эмпатикалық, жақсы қарым-қатынас жасауға, құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеуге, олардың идеяларын қабылдауға және талқылауға бейім болады. Оқушыларды жеке тұлға ретінде көбірек ойлай отырып, сыни тұрғыдан ойлау олардың ойлау үдерісінің еркін жүруіне және көбірек мүмкіндіктерді зерттеуіне мүмкіндік беру арқылы олардың шығармашылық қырларын дамытуға көмектеседі деп айтуға болады. Бұл оларды жақсырақ шешім қабылдаушыларға айналдырады және тәжірибе арқылы сол шешімдерді қабылдауға уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Оқушылар сыни тұрғыдан ойлауды қалай қолдана алады?

Жылдам зерттеу мұны істеудің әртүрлі жолдарын көрсетуі мүмкін, бірақ ортақ элементтер бар:

1. Сұрақты анықтаңыз, яғни нені білгіңіз келеді;
2. Ол бойынша зерттеу жүргізіңіз. Оқушылардың сенімді ақпарат көздерін пайдалануы маңызды;
3. Зерттеуіңізде табылған ақпаратты бастапқы сұраққа қолданыңыз;
4. Оны талдаңыз, қажет болса көбірек зерттеу жасаңыз;
5. Қорытынды жасау, шешім қабылдау, оларға басымдық беру;
6. Шешімдерді бастапқы сұраққа сәйкес ету үшін әрекет жасаңыз және қадамдар жасаңыз.

Әрекетке байланысты лингвистикалық сыныптағы барлық қадамдарды орындау әрқашан мүмкін болмауы мүмкін. Бұл сыни тұрғыдан ойлауды, тіпті, әсіресе, жас студенттерге де үйретпеу керек дегенді білдірмеуі керек. Керісінше, біз оны ынталандыруымыз керек. Бұл сыныпта біреу мәлімдеме жасағанда немесе «Неге?», «Сен қайдан білесің?» немесе «Мұны қайдан көрдің?» деген сұрақтар сияқты қарапайым болуы мүмкін. Мақсат – оқушының беделін түсіру емес, оның бұл туралы әр қырынан, жаңаша ойлауын бастау.

Мысал әрекеттер:

Оқушыларыңызда ағылшын тілінде өз ойларын жеткізуге қажетті мүмкіндігі жоқ деп ойласаңыз, олардың өздері орналасқан кеңістікті зерттей отырып, олардың ойлау қабілеттерін пайдаланғыңыз келуі мүмкін. Жалпы физикалық жауап әрекеттері де пайдалы, өйткені олар өзара әрекеттеседі: тіл және қозғалыс, ал оқушылар денелерімен жауап беру арқылы «сөйлей» бастайды.

Тілге қатысты іс-әрекеттер үшін студенттерге сөздерді санаттарға бөлуге (сөздік оқуға жақсы), салыстыруға, есте сақтауға немесе реттілікке (әңгімедегі фактілер, атаулар), себеп-салдар туралы ойлауға және т.б. беруге болады. Бұл әрекеттер олардың ойлау қабілеттерін белсендіріп қана қоймайды, сонымен қатар олар өте практикалық – оларды сабақтың кез келген сәтіне сыйғызуға болады.

Егер сізде көбірек уақыт болса, мысалы, жоба сияқты үлкенірек нәрсе үшін процесс ретінде жоғарыдағы барлық қадамдарды орындауға болады. Жобалар сонымен қатар сыныптағы шығармашылық пен ынтымақтастықты дамытады, өйткені студенттер өз ойларын біріктіріп, мағыналы келіссөздер жүргізуі, мәселелерді шешуі және жобаның соңғы өнімі болатын нәрсені жасауы керек. Тағы бір мүмкіндік - сыныпты ауыстыру – студенттерге сабақ алдында зерттеу жүргізіп, өз нәтижелерін ұсынылған тақырыпқа қолдануға болатынын жеткізіңіз және ол туралы ақпараттандырылған пікірталас жүргізіңіз.

Мұғалімдерге арналған ұсыныстар:

Білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр ұстаздың мақсаты екені анық. Білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне оқушы белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әр түрлі мәдениеттер мен өз көзқарасы тұрғысынан білімді, сауатты, өз ойын дұрыс әрі шебер жеткізе білетін, мәдениетті тұлға. [3]

Бұл ұсыныстарды әртүрлі жастағы оқушылармен бірге қолдануға болады, бірақ біз сонымен бірге мұғалім ретіндегі рөлімізді және түпкі мақсатқа жету үшін не істеуіміз керек екенін есте ұстануымыз керек, яғни оларды ойлантуымыз қажет. Осыған байланысты біз ескеруіміз керек нәрселер бар:

- Ерте бастаңыз: әрекетті балалардың жасына бейімдеу маңызды, бірақ олардың миын мүмкіндігінше ертерек пайдалануға болады;

- Олардың сұрақтарына бірден жауап бермеңіз: мұғалімдер тапсырманы әрі қарай жалғастыру үшін оқушыларға жауап беру арқылы көмектескісі келеді, бірақ егер басты мақсат оларды ойланту болса, сіз оларға сұрақтарға жауап іздеуге уақыт бөлгіңіз келуі мүмкін. Өздерімен, жұппен немесе топпен жұмыс жасап, жауаптарды бірге табуға тырысыңыз. Бұл тек ғана ынтымақтастықты дамытуға арналған мүмкіндік емес, сіз оқушыларыңыздың шығармашылық қабілетіне таң қалуыңыз мүмкін;

- Ашық сұрақтар қойыңыз және көтермелеңіз: сұрақтар қою және студенттердің жауаптарын ойластыру арқылы сіз сыни тұрғыдан ойлауды дамытасыз. Кез келген жағдайда оларға сізге және олардың сыныптастарына сұрақтар қоюға мүмкіндік беріңіз. Бұл сізге ізденімпаз оқушыларды ынталандыруға көмектеседі, олар өз кезегінде көзі ашық ересектерге айналуы мүмкін;

- Оқушыларға өз идеяларын дамытуға көмектесіңіз: біз олардан ешқандай қолдаусыз, бір күнде сыни ойлау дағдыларын дамытады деп күтпеуіміз керек. Тапсырмаларды орындап қана қоймай, сонымен қатар мақсаттарына қарай біртіндеп жылжуға көмектесетін техникалар/стратегиялар арқылы оларға тапсырмаларын орындауға көмектесіңіз (сіз оларға зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ойларын жүйелеуге немесе идеяларды перспективаға қоюға көмектесе аласыз). Сонымен қатар жұмысты жалғастыруға үлкен мотивация болатын жетістік сезімі пайда болуына ықпал етесіз;

- Оқушыларды жаңа тәсілдермен ойлауға ынталандырыңыз: шығармашылық - бұл жаңа тәсілдермен ойлау қабілеті және басқалар бұрын көрмеген бірлестіктер мен қарым-қатынастарды көру тәсілі болып табылады. Оқушылард бұған ынталандыру арқылы олар табиғи түрде жақсы ойшыл және шығармашылық адамдар болады;

- Түсіну мен сыйластықты көтермелеу: сыни тұрғыдан ойлауды жүзеге асырудың бір салдары интеллектуалдық эмпатияны дамыту болып табылады, ол өзін басқа біреудің орнына қойып, оның ойлары мен сезімдерін түсіну қабілеті болып табылады. Осылайша, студенттер әділетті, этикалық ойшыл болып қалыптасады. Бұл тұрғыда сыйластық ұғымы табиғи түрде дамытылуы мүмкін, бірақ ол кез келген оқыту ортасындағы сияқты әрқашанда тәрбиеленуі керек;

- Бұл тек ғылым мен фактілер туралы ғана емес: сыни тұрғыдан ойлау оқушылардың интеллектуалды эмпатиясын ғана емес, сонымен қатар олардың өз білімдерін және әртүрлі идеяларды үнемі шешу қажеттілігін түсінуге көмектеседі және әне зерттеу мен дәлелдеу арқылы олар өз міндеттерін орындайды. тапсырмаларды адалдықпен орындайды.

Егерде біз сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын сабақта тиімді қолдансақ, онда оқушыларымыздың тереңінен ойланып, әр тапсырманың не үшін берілгенін түсініп, оның мәніне үңіліп, іздену және зерттеу жұмысын жан-жақты жүргізіп, соңында өз әрекеттерінен қандай нәтиже шыққанын түсініп, түсіндіріп, талдай алатын, оның өзіне не бергендігін, білімі, білігі мен дағдыларын қалай дамытқанын, қалай толықтырғанын бағалай алатындығын көретін боламыз.

Қорыта келе қазіргі мектептерде білім мазмұнын оның құрылымдық жүйесін жаңарту білім реформасының басты талабы болып табылады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту біздің алдымызға қойған басты міндетіміз. Яғни, әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістікке жете аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін жетілдіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы болып табылады.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Мирсеитова С. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде: оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері», Қарағанды, - 2011. 25 б
2. Тара Делечче. 2018. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? – Анықтамасы, дағдылары және мағынасы: https: // study.com/academy / lesson/what-is-critical-thinking-definition-skills-meaning.html. [6 сәуір 2018 ж.]
3. Ешанова Г. Сұлтанбек Қожахметовтің жеке тұлғаның дамуына бағытталған ой- пікірлер// Қазақстан жоғары мектебі. -2006.-№1.96-99 б


ӘОЖ 373

## ТІЛДІК КОММУНИКАЦИЯДА ЖАСТАРДЫҢ СИНОНИМДІК РЕҢКТІ ТАНУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНА АЛУ МҮМКІНДІГІ


**Жолдасова Улжан Маханбетовна,**
ғылым магистрі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Н.Оңдасынов атындағы
Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты
Түркістан қ., Қазақстан



**Аннотация**

Мақалада қазақ тілінің бай сөздік қорының жастар тілінен қолданыс табуы мен оны жүзеге асырудың жолдары ұсынылған. Қазақ тілінің болашағы жайлы айтылған ғалымдар пікірі жастар тілін құнарлы ету міндетіне келіп тіреледі. Сондықтан жастарға тіл байлығының негізгі қайнары саналатын синоним сөздер мен оның мағыналық реңін танып қолдануды үйрету - өзекті мәселе. Мақалада мектеп оқушыларының сөздік қор деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесі берілген. Мақалада

«Sozdikqor.kz» порталының осы аттас электронды қосымшасы, синонимдер сөздігі негізінде арнайы дайындалған мобильді қосымша, электронды кітапша қызметі жастардың сөздік қорын молайтуға пайдалы құрал ретінде ұсынылған.
**Кілт сөздер:** Сөздік қор, жастар тілі, тілдік коммуникация, синоним, мағыналық реңк.

**Аннотация**

В статье предлагается использование богатой лексики казахского языка в речи молодежи и пути реализации. Мнение ученых о будущем казахского языка основано на задаче обогащение речи молодежи. Поэтому важно научить молодежь использовать синонимы и их смысловые оттенки, являющиеся основным источником богатства языка. В статье приводятся результаты опроса, проведенные с целью определения уровня словарного запаса школьников. В качестве полезного инструмента для расширения словарного запаса. Молодежи представлены электронное приложение портала «Sozdikqor.kz», мобильное приложение, специально разработанное на основе словаря синонимов,сервиса электронных книг.

**Annotation**

The article presents ways to use the rich vocabulary of the Kazakh language in the speech of youth and its implementation. The opinion of scientists about the future of the Kazakh language is based on the task of making the youth language more fertile. Therefore, it is important to teach young people to recognize and use synonymous words and their semantic tone, which are the main source of language wealth. The article presents the results of a survey conducted to determine the level of vocabulary of schoolchildren. The article provides information about measures to activate synonymous words in the youth language. «Sozdikqor.kz» the electronic application of the portal, with the same name, a specially developed mobile application on the basis of the dictionary of synonyms, an e-book service are presented as useful tools for increasing the vocabulary of young people.
**Keywords:** Vocabulary, youth language, verbal communication, synonym, semantic tone.

Ұлтын сүйетін азаматтың туған тіл тағдырына жанашырлығы - ұлттың әрбір мүшесіне өнеге боларлық іс. Профессор Қ.Сақтың «Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі» атты жинағына алаш зиялыларының ұлт тіліне қатысты мақалалары топтастырылған [1]. ХХ ғасыр басындағы баспасөзден қазақ тілінің болашағына қатысты алаңдаушылықтың күшті болғандығын аңғару қиын емес. Тіл мүддесі жолында жасалған еңбек орасан. Осы істің басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Бұдан жүз жыл бұрын басталған тіл үшін күрес әлі күнге толастаған жоқ. Сол кезеңде көтерілген мәселелер осы күні де өзектілігінен айрылмағанын аңғарып отырмыз. А.Байтұрсынов қауіп еткен жағдай әлі күнге шешімін толық таба алмады. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» [2, б.7]-дейді А.Байтұрсынұлы. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген сөз бүгінгі қазақ тілінің жағдайын ескеріп, оны сақтап қалу жолында жасалатын істің, жүргізілетін зерттеудің ұраны болуға тиіс деп есептейміз.

Ана тілінің ұшан-теңіз байлығын зерттеп, зерделей отырып халықтың дүниетанымын, болмыс-бітімін тануға болады. Ерте кезден-ақ отандық және шетелдік түркітанушы ғалымдар қазақтардың сөз өнеріне аса жетік, сөздің қадір-қасиетін жоғары қоятынын, қазақ тәрбиесі осы қасиеттерді ұрпағына сіңіруге бағытталатынын атап өткен. Қазақ тілінің синоним сөздерге аса бай екенін тілімізді зерттеушілердің барлығы айтып та, жазып та келді. Ана тіліміздің байлығы мен оралымдығы, көркемдігі мен бейнелігі, әуезділігі мен нәзік ырғағы, алымы мен тынысы кең тіл екендігі синоним сөздер арқылы бағаланды. Қазақ тілі айналып-толғану, еркелету мен ізет мағынасын білдіретін арнайы сөздерге, басқа тілдерге, соның ішінде туыс тілдерге қарағанда да әлдеқайда бай. Мұндай сөздерді пайдалануды түркітанушылар ұлттық мінез-құлықтың ең бір маңызды ерекшелігі деп таниды. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде «еркелету» мағынасындағы сөздің алпыстан астам синонимдік қатары берілген.

Тілдің табиғатын айқын сезініп, синонимдерді таңдап, талғап пайдаланып, сөйлем ішінде дұрыс қолданудың күнделікті қарым-қатынастағы маңызы айрықша. Лексиконы синонимге бай адам сөз мағыналарының нәзік реңктерін дөп басып, қолдану шеберлігінің арқасында шешен сөйлеп, ойын айқын да тартымды жеткізе біледі. Демек, синонимдерді тіл байлығының тірегіне жатқызғанда олардың кең қолданысқа түсіп, көңілдегі көрікті ойды мүлтіксіз жеткізудегі мәнді қызметін айтамыз. Сөйлеудегі (сондай-ақ жазудағы) дәлдікті қалай ұғуға болады? Әдетте сөйлеушінің сөзіне риза болып, айызы қанған адамның «дәл айтты, тауып айтты» деп, тапқыр кісіні қошаметтеп отыратын кездер болады.

Мағыналас сөздер бір-біріне қаншама жақын, мәндес болғанымен, олардың бойындағы рең, жұмсалу өрісіндегі айырма стильдік қолданысқа да тәуелді. Сөздерді бірінің орнына бірін талғаусыз жұмсай беруді сөздің стильдік қасиеті көтермейді. Тіл (лұғат) анықтығы туралы А.Байтұрсынұлы: «Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегені сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін анық атайды да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт атайды.

Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз» [2, 150б], – деп жазады.

Сөз байлығы оның санымен ғана өлшенбейтіндігі, оның лексикалық мүмкіндігінің молдығынан көрінетіндігі белгілі. Тілші ғалымдар қазақ лексикасының қай қабаты да тіліміздің мұқтаждығын өтей алатын дәрежеде екендігін айтады. Соңғы жылдарда жастар тілінің тым жұтаң тартып, олардың туған тілде өз ойын жеткізу қабілетінің әлсіреп бара жатқанын байқап жүрміз. Ойдың көркем, оралымды жеткізілуі жайлы әңгіме қозғаудың өзі қиын. Қоғамымыздың белсенді тобы саналатын жастар тілінің сөздік қорын арттыру және оны шешудің тиімді жолдарын қарастыру - аса өзекті шаруаның бірі.

Бұқаралық ақпарат көздерінің молаюы, әлеуметтік желі қызметінің кең қанат жаюы, соған сәйкес тілдің әлеуметтік қызмет өрісінің кеңеюі әдеби тіл нормасының сақталуына ықпал етері сөзсіз. Десек те бұл бағыттағы үдеріс қазақ тіліне тек оң сипатта әсер етіп жатыр деп айту да қиын. Соған қарамастан әлеуметтік желі жазба тілдің тоқырап қалуына жол бермей, оның жаңа бір бағытта тыныс алуына мүмкіндік тудырды деп есептейміз. Мәдени, ғылыми, іскерлік, т.б. салалардағы ізденістер аясының кеңеюі, жаһандану үдерісіне сай талаптардың күшеюі адамның қарым-қатынас жасау шеберлігін жетілдіруді міндеттеп отыр. Коммуникант ретінде әрбір адамның ойын барынша анық, әсерлі жеткізе алуы, тілдесім және жазба мәдениеттің талаптарын игеруі аса маңызды шарттардың біріне айналды. Ақпараттық-коммуникативтік құралдармен жұмыс істеуде жастар үлесінің басқа аудиторияға қарағанда басымдығын біле тұра, бұқаралық ақпарат құралдары (әсіресе, телевидение тілі) тіліміз жүктеген міндетті толық, өз деңгейінде атқара алмай отырғаны жасырын емес. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі 1962, 1975, 2001, 2005, 2007 жылдары жарық көрді. Баспасөз, радио, теледидар хабарларының бәрі де қазақ тілі сөздіктеріне сүйеніп, сол еңбектерді басшылыққа алып отырса жөн болар еді деп ойлаймыз. Тілді оралымды ету үшін оның шексіз мүмкіншіліктерін пайдаланып, кәдеге жарата білсек, тіліміздің мәртебесіне жасалған игі қадам болар еді. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі синонимдердің реңктік айырмашылығын айқын сезініп, дұрыс қолдануға дағдыландыратын құрал ретінде маңызы зор. Қазақ тілінің синонимдер сөздігінің авторы С.Бизақов: «Тілімізді анықтамалық сөздіктермен қамтамасыз ету тіліміздің әлемдік бәсекелестікке төтеп беруіне мол мүмкіндік береді» [3, 634б]-дейді. Р.Сыздықтың қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, сөздік қорды молайту жолдарын қарастыру, оны жүзеге асыру шараларына қатысты ойлары жете көңіл аударуды қажет етеді. Ғалым тіл тазалығы мен оның қолданыс мәдениетіне қатысты қырын қоғам талқысына салып, оны шешудің жолдарын ұзақ жылдар бойы іздеп келеді [4]. Қазақ тілінің қорындағы сөздерді орнымен қолданып, тілдің тазалығына, дәлдігіне, әсерлі шығуына қызмет ету тек ғалымдарға тиесілі міндет емес, ол әрбіріміз атқаратын жанашыр іске айналуы тиіс.

Жастардың қазақ тілін және оның бай сөздік қорын пайдалануын ұйымдастырудың жолдары аз емес. Мектеп оқушыларына синоним сөздердің мағыналық қатарын толықтыру, берілген сөйлем мазмұнына сай келетін синонимді дұрыс тану, сөйлемде қате қолданылған синонимді ажырату секілді тапсырмалары бар сауалнама таратылды. Сауалнамаға 9 және 10-сынып оқушылары қатысты. 9-сынып оқушыларының саны- 31, 10-сынып оқушыларының саны-25.

9-сынып оқушыларына арналған сауалнама қорытындысы төмендегідей:

**«Ем»** сөзінің толық синонимдік қатарын (*дауа, шипа, дәру*) жазған оқушылар саны – 2; 2 синоним жазғандар саны – 13; 1 синоним жазғандар саны – 14; синоним жазбағандар – 2.

**«Бәрекелді»** сөзінің синонимін (*бәлі, жарайсың*) жазған оқушылар саны – 17; 1 синоним жазғандар саны - 12; синонимді дұрыс таппағандар саны – 2.

«Тиісті сөзді таңдаңыз» тапсырмасында дұрыс жауап (***көне***) таңдағандар саны – 21, қате жауап (***ескі***) таңдағандар саны – 10.

10-сынып оқушыларына арналған сауалнама қорытындысы төмендегідей:

**«Ренжу»** сөзінің толық синонимдік қатарын (*кею, назалану, қапалану, қынжылу, налу, өкпелеу*) толық жазған оқушы жоқ. 2 синоним жазғандар саны – 8; 1 синоним жазғандар саны – 15; синоним жазбағандар – 2.

**«Шапшаң»** сөзінің толық синонимдік қатарын (*тез, жылдам, шұғыл, жедел*) толық жазған оқушылар жоқ. 2 синоним жазған оқушы саны – 13; 1 синонимнен жазғандар - 12.

«Тиісті сөзді таңдаңыз» тапсырмасында дұрыс жауап (***үн***) таңдағандар саны –18 , қате жауап (***дауыс***) таңдағандар саны – 7.

**«Үнемі»** сөзінің синонимдік қатарын (*әрдайым, әрқашан, әркез, ылғи, ұдайы*) толық жазған оқушылар жоқ. 4 синоним жазғандар саны – 2; 3 синоним жазғандар саны – 4; 2 синоним жазғандар саны – 10; 1 синоним жазғандар саны – 9.

Сауалнама нәтижесін саралай келгенде оқушылар арасында сөздің синонимдік қатарын толықтыра алатын, синонимдер арасындағы нәзік байланысты ажырататын оқушылардың бар екендігін аңғарамыз. Алайда олардың саны тым аз. Синонимдік қатарды толықтыру тапсырмасын екі сынып оқушылары да орта деңгейде, кей тұста ортадан төмен деңгейде орындаған. Сондай-ақ сынып жоғарылаған сайын оқушылардың синонимді тану деңгейі көтерілгені байқалады. Біраз оқушыда синонимдік қордың тым аз екендігі аңғарылды.

Синоним сөздердің мағыналық реңін ажырата алу деңгейіне жету әп сәтте жүзеге асатын іс емес. Осы бағытта синоним сөздің мағынасын ажыратып, берілген мысалдар арқылы оның реңін

тануға септігі тиер деген ниетпен электронды кітапша дайындадық. Біз кейде арнайы дайындалған жобалардың қызметін тиімді пайдалана алмай жатамыз. Сондай жобаның бірі-»Sozdikqor.kz» порталы. Мектеп оқушылары, студенттер үшін де, жалпы көпшілікке аса пайдалы «Sozdikqor.kz» электронды қосымшасы бар екендігін ескерткіміз келеді. Бұл-энциклопедиялар мен салалық сөздіктердегі сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, қазақ тіліндегі көне сөздерді, кірме сөздерді, жаңа технологиялық сөздердің мағынасын білуге, тануға мүмкіндік беретін платформа. «Сөздікқор» порталының іздеу жүйесі арқылы сөздердің түбір тұлғасын, омоним, антоним, синонимдердің фразеологиялық тіркес пен сөйлем ішінде кездесуін көруге болады. Бұл қосымша әр түрлі ізденіс жұмыстарын орындауға өте қолайлы. Қолданушы өзіне беймәлім сөздің сөйлем ішіндегі қолданысын, оның мағыналас, дыбыстас, қарсы мәндегі лексикалық тұлғаларының толық нұсқасымен танысуға мүмкіндік алады. Портал базасында 215 660 сөз қамтылған. Алдағы уақытта базадағы сөздер саны мұнан да арта түсетініне сенімізміз мол.

2007 жылы жарық көрген С.Бизақовтың «Синонимдер сөздігі» негізінде оқушылар мен жалпы көпшілікке арналған сөздіктің ықшамдалған, тұрмыста қолданылу жиілігіне орай жинақталған синонимдерінің мобильді қосымшасын дайындадық. Көмекші құралдың тиімділігі - оны кез келген уақытта пайдалана алуда. Ұсынылып отырған жоба көпшіліктің игілігіне жарайды деп сенеміз.

Қазақ тілінің болашағы – жастар қолында. Тілге, оның болашағына арналған кез келген игі шара жастар тарапынан қолдау тауып отырса, тіліміздің туы жығылмасы анық. Мерзімді басылым, әлеуметтік желідегі мәтіндердің сапалы болуы, телевидение мен радио тілінің тазалығы мен сөздік қорды орнымен қолдану дегейінің жоғары болуы қазақ тілінде сөйлейтін аудиторияның тілге деген құрметін арттырары сөзсіз.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. Т. 2. – 400б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. Тіл құралы (қазақ тілі мен оқуағартуға қатысты еңбектері). –Алматы: Алаш, 2005.-352б.
3. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. –Алматы: Арыс, 2007. -640б.
4. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы/ Рәбиға Сыздықова / – Алматы: Ел-шежіре, 2014.-292б.


УДК 373

## СПОСОБЫ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ


**Заремба Ирина Андреевна,**
педагог-модератор, учитель начальных классов
**Ярош Наталья Анатольевна,**
педагог-исследователь, учитель начальных классов
КГУ «Владимировская общеобразовательная школа»
Костанайский район, Казахстан



**Аннотация**

Бұл мақалада педагогтардың кәсіби дамуындағы инновациялық технологиялар туралы мәселе қарастырылады. Мұғалімдер сабақта қолданатын заманауи педагогикалық және инновациялық технологиялардың барлық түрлері ұсынылған. Инновациялық қызмет моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырылуы керек. Педагогикалық іс-әрекетте нәтижелер ғана емес, сонымен қатар оларға қол жеткізу әдістері, құралдары, әдістері де маңызды.


**Түйінді сөздер:** инновация, білім, оқушы, мұғалім, сабақ, мектеп.


**Аннотация**

В данной статье рассматривается вопрос о инновационных технологиях в профессиональном развитии педагогов. Представлены все формы современных педагогических и инновационных технологий, которыми пользуются педагоги на уроках. Инновационная деятельность должна морально и материально стимулироваться. В педагогической деятельности важны не только результаты, но и способы, средства, методы их достижения.


**Ключевые слова**: инновация, образование, ученик, учитель, урок, школа.


**Abstract**

This article discusses the issue of innovative technologies in the professional development of teachers. All forms of modern pedagogical and innovative technologies used by teachers in the classroom are presented. Innovative activity should be morally and financially stimulated. In pedagogical activity, not only the results are important, but also the ways, means, and methods of achieving them.

**Keywords:** innovation, education, student, teacher, lesson, school.

Преобразования, происходящие во всех сферах казахстанского общества – экономической, социальной, политической, культурной, не могли не затронуть и систему образования, определяющую интеллектуальный потенциал страны в будущем и являющуюся условием ее процветания и развития. Поэтому не удивительно, что из стратегических направлений в образовании определилось инновационная деятельность образовательных учреждений.

Жизнь ставит перед образовательными учреждениями новые задачи, решить которые невозможно, работая по старому, без разработки и внедрения каких-либо конкретных новшеств. Все школы сейчас включены в инновационную деятельность, потому что понимают, что без инноваций в наше время невозможно быть успешными и поддерживать должный уровень педагогического мастерства.

Что это значит для школы, для учителя? Это значит выход на принципиально новый уровень образовательных услуг и необходимость включения в инновационную деятельность.

Понятие «инновация» впервые появилось в исследованиях в 19 веке и означало ведение некоторых элементов одной культуры в другую. Инновации – это внесение новых методологий и стандартов в процесс. На смену послушанию, повторению, подражанию приходят новые требования: умение видеть проблемы, спокойно принимать их, и самостоятельно решать. Инновационное образование предполагает обучение в процессе сознания новых знаний – за счет интеграции фундаментальной науки, непосредственно учебного процесса и производства. Применительно к педагогическому процессу инновация означает ведение нового в цели, содержание, методы и формы обучения и воспитания, организацию совместной деятельности учителя и учащегося.

Определение «инновация» как педагогический критерий встречается часто и сводится, как правило, к понятию «новшество», «новизна». Между тем инновация в точном переводе с латинского языка обозначает не «новое», а «в новое». Именно эту смысловую нагрузку вложил в термин «инновационное» в конце прошлого века Дж. Боткин.

В литературе насчитывается множество определений понятия «Инновационная технология»: по признаку внутренней структуры, по масштабу, по параметрам жизненного циклу, по особенностям процесса внедрения и т.д. [1]

**Инновационные технологии** - наборы методов и средств, поддерживающих этапы реализации нововведения.

**Педагогическая инновация** - это нововведение в области педагогики, целенаправленное прогрессивное изменение, вносящее в образовательную среду стабильные элементы (новшества), улучшающие характеристики, как отдельных ее компонентов, так и самой образовательной системы в целом.

**Педагогическая технология** - совокупность психолого-педагогических установок, определяющих специальный набор и компоновку форм, методов, способов, приемов обучения, воспитательных средств; она есть организационно-методический инструментарий педагогического процесса (Б.Т.Лихачев)

**Педагогическая технология** – продуманная во всех деталях модель совместной педагогической деятельности по проектированию, организации и проведению учебного процесса с безусловным обеспечением комфортных условий для учащихся и учителя (В.М.Монахов). [2]

В педагогической науке инновационная деятельность понимается как целенаправленная педагогическая деятельность, основанная на осмыслении (рефлексии) своего собственного практического опыта при помощи сравнения и изучения, изменения и развития учебно-воспитательного процесса с целью достижения более высоких результатов, получения нового знания, качественно иной педагогической практики.

К основным функциям инновационной деятельности относится изменение компонентов педагогического процесса: целей, содержания образования, форм, методов, технологий, средств обучения, системы управления и т.д.

Под готовностью к инновационной деятельности мы понимаем совокупность качеств педагога, определяющих его направленность на совершенствование собственной педагогической деятельности и деятельности всего коллектива школы, а также его способность выявлять актуальные проблемы образования, находить и реализовать эффективные способы их решения.

Современный педагог – это педагог не только, передающий знания в аудитории (что естественно немаловажно, но очень узко на данный момент). Без творчества нет педагога – мастера. На сегодняшний день реалии таковы, что необходимо постоянно расти в профессиональном плане.

На наш взгляд, содержанием и формами инновационной деятельности педагога является:

1. Внедрение, использование новых методов, методик, средств, технологий в образовательном процессе:

- применение проектных технологий, которые предполагают включение самого педагога и детей в социально и личностно-значимую деятельность (работа над творческими, социальными, научными проектами);

- использование личностно-ориентированных технологий. Сюда относятся технологии дифференциации и индивидуализации. Дети являются не столько объектом педагогического воздействия, сколько субъектом собственной деятельности. Следовательно, дифференцированный подход в обучении должен осуществляться на индивидуальном уровне;
- ведение в своей деятельности исследовательских и практических работ предполагающих в получении учебной информации из первоисточников;
- применение в своей работе информационно-коммуникативные технологии: компьютерные программы, интернет ресурсов, как для обучения школьников, так и для саморазвития и самосовершенствования своей профессиональной деятельности [3].

2. Разработка авторских программ, методик, технологий, проектов, методической продукции.

3. Проведение учебных занятий в инновационных формах, участие в семинарах, конференциях и др.

4. Участие в проектно-исследовательской или экспериментальной деятельности.

5. Интерактивные подходы. Отличие интерактивных упражнений и заданий в том, что они направлены на изучение нового.

Подводя итог, можно сделать вывод о том, что инновации в системе образования позволят более полно раскрыть возможности педагога и способности обучающихся, сделать образовательный процесс творческим, направленным на саморазвитие и самообразование личности.

К инновационным технологиям обучения относят: интерактивные технологии обучения, технологию проектного обучения и компьютерные технологии. [4]

**1. Интерактивные технологии обучения.**

Технологии интерактивного обучения рассматриваются как способы усвоения знаний, формирования умений и навыков в процессе взаимоотношений и взаимодействий педагога и обучаемого как субъектов учебной деятельности. Сущность их состоит в том, что они опираются не только на процессы восприятия, памяти, внимания, но, прежде всего, на творческое, продуктивное мышление, поведение, общение. При этом процесс обучения организуется таким образом, что обучаемые учатся общаться, взаимодействовать друг с другом и другими людьми, учатся критически мыслить, решать сложные проблемы на основе анализа производственных ситуаций, ситуационных профессиональных задач и соответствующей информации.

В современной педагогике выделяют несколько моделей обучения:

1) пассивная - ученик выступает в роли «объекта» обучения (слушает и смотрит);

2) активная - ученик выступает «субъектом» обучения (самостоятельная работа, творческие задания);

3) интерактивная - inter (взаимный), act (действовать). Обучение осуществляется в условиях постоянного, активного взаимодействия, безусловно, всех учащихся. Ученик и учитель - это равноправные субъекты обучения.

Технологию интерактивного обучения рассматривают как способ усвоения знаний, формирования умений и навыков в процессе взаимодействий учителя и ученика как субъектов учебной деятельности. Они опираются не только на процессы восприятия, памяти и внимания, но и, прежде всего, на творческое, продуктивное мышление, поведение и общение. При этом процесс обучения организуется таким образом, что обучаемые учатся общаться, сотрудничать друг с другом и другими людьми, учатся критически мыслить, использовать сложные проблемы на основе анализа необходимых ситуаций, сложившихся профессиональных задач и нужной информации.

В цифровых технологиях обучения непосредственно меняются роли обучающего и обучаемых (вместо объекта воздействия - субъект взаимодействия), а также роль информации (информация не цель, а средство для усвоения действий и операций).

При рассмотрении некоторых форм и методов технологий цифрового обучения:

Проблемная лекция показывает постановку проблемы, проблемной ситуации и их последующее разрешение. В проблемной лекции формируются противоречия реальной жизни через их выражение в теоретических концепциях. Основная цель такой лекции - приобретение знаний и умений учащимися при активном действенном их участии. Среди этих проблем могут быть научные, социальные, профессиональные, связанные с точным содержанием учебного материала. Эти проблемы побуждают учащихся к активной мыслительной деятельности, стремиться самостоятельно ответить на поставленные вопросы и задачи, испытывают интерес к использованному материалу, активирует внимание учащихся на уроках.

Семинар-диспут предусматривает коллективное обсуждение каких-либо проблем с целью определения путей ее верного решения. Этот семинар проводится в форме диалога его участников. Он выявляет высокую умственную активность, приучает умение вести диалог, решать проблему, отстаивать свои взгляды и убеждения, логично излагать мысли.

Учебная дискуссия - один из методов проблемного обучения. Дискуссия используется при анализе проблемных ситуаций, когда нужно дать простой и однозначный ответ на вопрос, при этом предоставляются альтернативные ответы. Цель вовлечения в дискуссию – это использование методик кооперативного обучения. Эта методика базируется на взаимном обучении при работе в малых

группах. Главная идея учебного сотрудничества проста: обучающиеся объединяют свои интеллектуальные знания и умения для того, чтобы выполнять задание и достичь поставленной цели.

**2. Технологии проектного обучения**

Игровое проектирование должно перейти в реальное проектирование, и тогда его результатом будет решение конкретной практической проблемы. Технология проектного обучения - это гибкая модель организации учебного процесса в школе, направленная на творческую самореализацию личности обучаемого путем развития его интеллектуальных и физических возможностей, волевых качеств и творческих способностей. Итогом проектной деятельности могут быть учебные творческие проекты, которые выполняются в три этапа.

Требования к проектируемому изделию: технологичность, экономичность, экологичность, безопасность, эргономичность, эстетичность и др.

Технология этого обучения способствует развитию креативных способностей и определенных качеств личности обучающегося, которые ему необходимы для творческой деятельности.

**3. Компьютерные технологии**

Компьютерные технологии обучения - это процессы сбора, переработки, хранения и передачи информации обучаемому посредством компьютера. К настоящему времени наибольшее распространение получили такие технологические направления, в которых компьютер является:

- средством для предоставления учебного материала учащимся с целью передачи знаний;
- средством информационной поддержки учебных процессов как дополнительный источник информации;
- средством для определения уровня знаний и контроля за усвоением учебного материала;
- универсальным тренажером для приобретения навыков практического применения знаний;
- средством для проведения учебных экспериментов и деловых игр по предмету изучения;
- одним из важнейших элементов в будущей профессиональной деятельности обучаемого.

Применение компьютерных технологий в системе профессионального образования способствует реализации следующих педагогических целей:

- развитие личности обучаемого, подготовка к самостоятельной продуктивной профессиональной деятельности;
- реализация социального заказа, обусловленного потребностями современного общества;
- интенсификация образовательного процесса в профессиональной школе [5].

И в заключении статьи хочется остановиться на том, что при организации инновационной деятельности следует помнить:

1. в педагогике, по мысли К.Д.Ушинского, передается не опыт (технология), а мысль, выведенная из опыта;
2. «чужой» опыт педагог должен «пропускать через себя» (через свою психику, сложившиеся взгляды, способы деятельности и т.д.) и вырабатывать свой метод, в наибольшей степени соответствующий уровню своего личностного и профессионального развития;
3. инновационные идеи должны быть четкими, убедительными и адекватными реальным образовательным потребностям человека и общества, они должны быть трансформированы в конкретные цели, задачи и технологии;
4. инновация должна овладеть умами и средствами всех (или большинства) членов педагогического коллектива;
5. инновационная деятельность должна морально и материально стимулироваться, необходимо правовое обеспечение инновационной деятельности;
6. в педагогической деятельности важны не только результаты, но и способы, средства, методы их достижения.

**Список литературы:**


1. Адольф В.А. Инновационная деятельность в образовании: проблемы становления / В.А.Адольф // 2010. – № 1. – С. 81–87.
2. Кларин М.В. Инновации в обучении: метафоры и модели: Анализ зарубежного опыта. М., 2007.-312 с.
3. Слободчиков В.И. Инновации в образовании: основания и смысл / В.И.Слободчиков // Исследовательская работа школьников. – 2005. – № 3. – С. 5–15.
4. Современный словарь по педагогике / сост. Е.С.Рапацевич. - Минск, 2001.-201 с.
5. Солодухина О.А. Классификация инновационных процессов в образовании// Среднее профессиональное образование. – 2011. - № 10. - С. 12 – 13.

ӘОЖ 373

# ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Искиндирова Ляззат Аристанбаевна,**
педагог-модератор, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
**Куантаева Динара Михайловна,**
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Қостанай қаласы білім бөлімінің М. Қозыбаев атындағы
№ 23 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қ., Қазақстан

**Аннотация**

Өзектілігі мен мақсаты: Баяндамада педагогтің кәсіби өсуіне жағдай жасау мәселелерінің тиімді шешімін табу, сондай-ақ оларды жетілдіру жолдары қарастырылған. Педагогтің кәсіби дамуын, оның құзыреттілігін, педагогикалық шеберлігін арттырудың маңыздылығы ашылады.
**Түйінді сөздер**: білім беру, инновация, кәсіби даму, құзыреттілік, педагогикалық шеберлік.

**Аннотация**

Актуальность и цель: В докладе рассматриваются вопросы, связанные с поиском эффективного решения проблемы создания условий для профессионального развития педагога, а также пути их повышения. Раскрытие важности развития педагогического мастерства, компетентности и профессионального развития педагога.
**Ключевые слова:** образование, инновация, профессиональное развитие, компетентность, педагогическое мастерство.

**Abstract**

Relevance and purpose: The report discusses issues related to the search for an effective solution to the problem of creating conditions for the professional development of teachers, as well as ways to improve them. To reveal the importance of the development of pedagogical skills, competence and professional development of the teacher.
**Keywords**: education, innovation, professional development, competence, pedagogical skills.

Орыс мұғалімі, жазушысы К.Д.Ушинский айтқандай, заманауи талаптарға сәйкес әрбір мұғалім өз білімін жетілдіре отырып, күн сайын өз сабақтарында ескі форматтағы сабақтарды емес, жаңа талаптарға сай инновациялық технологияларды қолданады, сабақ мазмұнды, тартымды, тиімді, ақылға қонымды болады. Осыған байланысты, білім туралы Заңның 8-бабында «Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі оқытудың жаңа технологияларын еңгізу, білім беруді компьютерлендіру және жаһандық халықаралық коммуникациялық желілерге қол жеткізу болып табылады» делінген.

Инновация термині нені білдіреді? «Инновация» ағылшын тілінде (Innovation) «инновацияға кіріспе»дегенді білдіреді. Бұл термин мәдениет жетістіктерін саудаға, тауар алмасу процестеріне пайдалануды, аударуды білдіреді. «Инновация» деген термин антропологиядан экономикаға, содан кейін педагогикаға ауысып, білім беру және білім беру жүйесіндегі әртүрлі өзгерістерді, оқу орындарының практикалық немесе ғылыми қызметінде пайда болған оқыту әдістерін зерттеді.

Білім берудегі инновациялық процестің нәтижесі теориялық және практикалық инновацияларды қолдану болып табылады. Білім беру жүйесіндегі инновациялар, білім беру мақсатында инновацияларды еңгізуді, жаңа маңызды тәсілдер мен практикаларды және білім беру нысандарын трансформациялауды, жаңа білім беру жүйесін еңгізуді және таратуды, мектепті басқарудың жаңа технологияларын жасауды және дамытуды және мектеп жаңа білім беру бағытын ұстанған кезде оның мақсатын, мазмұнын, әдісін жаңа талаптарға сәйкестендіруді қамтиды [1].

Әдетте, инновациялар дәстүрлі мәселелерді жаңадан шешу, фактілерді түсіну және жалпылау процесінің ұзақтығы нәтижесінде туындайды. Қазіргі заманғы жаңалықтардың көпшілігі тарихи тәжірибемен тығыз байланысты және сипаты, өткенмен ұқсастығы бар. Бұл белгілі бір тұжырымдарға сәйкес келетін, белгілі бір жағдайларға сәйкес келетін инновациялық процесс белгілі бір мақсатқа бағытталғанын және қазіргі идеяны құру, шоғырландыру, қолдану және жоғалту үрдісі екенін түсінуге мүмкіндік береді. ол жаңалықтарды түсінетін жүйені сапалы жақсартуға, оның қатысушыларын ынталандыруға және жаңалықтар тұрғысынан көзқарастарын өзгертуге бағытталған. Инновациялық білім беру процесінің негізінде педагогиканың екі негізгі мәселесі жатыр: педагогикалық тәжірибені зерттеу; психология мен педагогикалық ғылымның жетістіктерін тәжірибеге енгізу.

«Технология» термині алғаш рет шет елдерде 1940-50 жылдары пайда болды және педагогикалық процесте технологиялық құралдар мен оқу бағдарламаларын қолданумен байланысты болды. Технология-бұл өндіріс процесінде шикізаттың, материалдардың немесе жартылай фабрикаттардың пішінін, қасиеттерін, қасиеттерін өңдеу, әзірлеу немесе өзгерту әдістерінің жиынтығы.

Қазақстан Республикасының Президенті: Ұлттық бәсекелестік білім деңгейімен айқындалады. Қазіргі әлемде жастарға ақпараттық технологиялар саласындағы әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жаңа білім беру өте маңызды» білім беру саласында еліміз бәсекеге қабілетті қоғамға енуге бағытталған нәтижелі ізденістерді бастан келеді. «Білім туралы заң» оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді компьютерлендіру, жаһандық халықаралық коммуникациялық желілерге қол жеткізу міндетін нақты айқындайды. осы мақсаттар тұрғысынан пәнді оқу процесінде инновациялық технологияларды қолданудың ең тиімді және ұтымды нұсқаларын таңдау өте маңызды.

Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың ерекше түрі. оқытудың бұл формасы нақты бағытталған мақсат қояды. Бұл мақсаттардың бірі-оқу процесінің өнімділігін арттыратын, оқушының ақыл-ой жетілуіне, өз жетістіктерін сезінуге ықпал ететін жағдай жасау. оқушы өз қызметін ұйымдастыра және басқара алуы үшін білім мазмұнын, даму тенденциялары мен оқу процесін инновациялық технологиялар, сабақтың формалары мен әдістері негізінде жетілдіру қажет. Инновация-бұл инновацияларды енгізу, инновацияларды енгізу, жаңа техника, жаңа технологиялар. Қазіргі педагогикадағы «инновациялық технологиялар» өрнегі-бұл білім беру процесінің нәтижелерін көрсететін ұғым. «Инновация-оқытушының оқу бағдарламасын әзірлеу кезінде оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын тиімді игеруі»,» инновациялық технологияларды қолданудың негізгі міндеті: сабақ барысында қойылған мақсатқа жетудің ең тиімді әдістерін таңдай білу».

Данный тип нестандартного урока был выбран неслучайно, так как основной целью было изучение технологий виртуальной и дополненной реальности и ещё интеграция с другими предметами. Виртуальные туры в нынешнее время часто используются для онлайн-экскурсий, демонстрации объектов различных сфер деятельности: в недвижимости при виртуальном показе жилых помещений, в культуре и туризме – для ознакомления с экспонатами музеев, выставок и виртуальных путешествий. Виртуальные туры, организованные с помощью дополненной и виртуальной реальности позволяют визуально погрузиться в иную атмосферу, создавая ощущения личного присутствия в другом пространстве или дополнения к существующей реальности, как с книгами, о которых идёт речь в нашей статье. В ходе урока учащиеся смогли применить на практике свои теоретические знания и максимально приблизиться к готовому продукту – виртуальному туру, результатом проектной деятельности в группе являются созданные ими на практической части урока видеоролики, снятые и смонтированные учащимися без участия учителя в современных различных жанрах.

Прошедшее занятие имело элементы интеграции дисциплины с предметами казахский язык и литература, история Казахстана в виде прослушанных от интерактивной ручки кюев, произведений из фольклора казахского народа, а также путешествовать по виртуальным страницам жизни и творчества поэта, писателя основоположника современной казахской письменной литературы Абая Кунанбаева.

Интеграция предметов, новые технологии в обучении способны повысить эффективность образовательного процесса. Сделать этот процесс направленным на развитие компетентного, функционально грамотного ученика, выпускника школы, обладающего навыками эффективной деятельности, тем самым школа с течением времени реализуя новшества в системе работы приобретает новые технологии, выполняя традиционные функции с помощью нетрадиционных методик и технологий.

Использование новых технологий и эффективных методик обучения плодотворно влияют на привлечение учащихся к созданию собственных проектов, позволяет значительно повысить ИТ-компетентность учащихся, расширить их кругозор и способствовать формированию функциональной грамотности учащихся.

Среди многообразия современных образовательных технологий в педагогической практике применяются те, которые, на мой взгляд, являются универсальными как для учащихся начального, среднего так и старшего звена. Например, технологии личностно-ориентированного, развивающего, проблемного обучения, а также игровые, проектные, здоровьесберегающие и информационно-коммуникативные.

Проблемное обучение или использование его элементов позволяет учителю неинтересный материал представить интересным, увлечь учащихся и активизировать их учебную деятельность. Решение учебных проблем оказывает положительное воздействие на эмоциональную сферу обучающихся, создаёт благоприятные условия для развития коммуникативных способностей детей, развития их индивидуальности и творческого мышления. Стремление к достижению образовательных результатов формирует способность к самостоятельной познавательной деятельности, умение быть успешным в быстро изменяющемся мире. Методы проблемного обучения применимы на уроках на любом его этапе. Проблемное обучение активизирует мыслительную деятельность учащегося, формирует положительную мотивацию к изучению предметов, направлено на эффективное развитие интеллектуальных и творческих способностей, позволяет рационально организовывать и воспитывать культуру умственного труда. Ученики участвуют в различных конкурсах «Русский медвежонок», «Человек и природа». Учащиеся в результате работы получают не только знания, обработанные и закрепленные с помощью ответов на поставленные вопросы, но и создание образовательного продукта. Работа с подобными краткосрочными проектами в рамках урока позволяет расширить зону ближайшего развития учащихся, а также развивать его потенциал в сфере саморегуляции, мета-познания и исследовательской компетентности.

Таким образом, применяемые стратегии обучения будут наиболее эффективными, когда приведут меня и, в первую очередь, моих обучающихся, в состояние потока, которое достигается в ситуациях, когда индивид может свободно направлять внимание на достижение своих целей (Михай Чиксентмихайи «Поток») и параллельно с этим находиться в состоянии полной поглощённости и увлечения этим процессом.

**Список литературы:**

1. Руководство для учителя. Второй (основной) уровень. Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012. – 77 с.
2. Сластенин В.А. Педагогика: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования / В. А.Сластенин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов; под ред. В.А.Сластенина. - 11-е изд., стер. - М.: Издательский центр «Академия», 2012. - 608 с.
3. Бизяева А.А. Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия. – Псков: ПГПИ им. С.М. Кирова, 2004. – 216 с.
4. Чиксентмихайи М. Поток: Психология оптимального переживания. - М.: Альпина нон-фикшн, 2021. – 464 с.

УДК 711.7

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗІ

**Кокишева Мейрамкуль Балгабаевна,**
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
**Ишманова Майра Жумагалиевна,**
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
**Брянова Айсэуле Есимжановна,**
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 22 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қ., Казахстан

**Аннотация**

Кәсіби құзыреттілік дамыту барысында педагогикалық шеберлікті жетілдіру негізгі мақсат болып саналады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Қазақ тілін оқытудағы педагогикалық қызметіміздің мақсаты бәсекеге қабілетті оқушыларды, мемлекеттік тілді жетік білетін дарынды және дара тұлға дайындау.

**Түйінді сөздер:** құзыреттілік,инновация, технология, тұлға,кәсіптік.

**Аннотация**

В процессе развития профессиональной компетенции основной целью является совершенствование педагогического мастерства. Инновации способствуют повышению уровня знаний. Целью нашей педагогической деятельности в обучении казахскому языку является подготовка конкурентоспособных учащихся, одаренных и индивидуальных личностей, владеющих государственным языком.

**Ключевые слова:** компетентность, инновация, технология, личность, профессиональный.

**Annotation**

In the process of developing professional competence, the main aim is to improve pedagogical skills. Innovation contributes to increasing the level of knowledge. The aim of our pedagogical activity in teaching the Kazakh language is to prepare competitive students, gifted and individual individuals who speak the state language.

**Keywords**: competence, innovation, technology, personality, professional.

*«Сабақ беру - үйреншікті жай шеберлік емес,*
*ол - үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер».*
*Жүсіпбек Аймауытов*

Ұстаздық жолды ұстанған түлға үшін кәсіби құзыреттілік дамыту барысында педагогикалық шеберлікті жетілдіру негізгі мақсат болып саналады. Себебі ұстаздың шеберлігі біріншіден, оқушыны қалай оқыту үшін оның психологиясын жетік білуі керек. Екіншіден, оқытып - тәрбиелеудің әдіс- тәсілдерінжан - жақты меңгеріп, оларды өз тәжірибесінде тиімді қолдана білу керек. Тәжірибеде осы қағиданы ұстанған мұғалімдер ғана шеберліктері қалыптасып кәсібінде үлкен жетістіктерге жете алады.

Қазіргі уақытта оқу-әдістемелік жұмыстың сапасын қамтамасыз ету дегеніміз нәтижелі білім берудің мақсатына жетуге оқу-тәрбиелік көмек беру болып табылады. Оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті-білім беру мақсатына жету болып табылады. «Инновация» термині латын тілінен аударғанда (innove – жаңа) -жаңаны еңгізу деген этимологиялық мағынаны білдіреді. Инновация бұл жаңа-

ны енгізу үрдісіболып табылады.Жаңашылдық - өн бойында жаңанын мазмұнын, технологияларын, әдістемесін, тәсілін, мәнін білдіруші құбылыс. Отандық ғалымдар Н.А.Асанов инновацияларды оқу үрдісін басқару аспектісінде қарастырса, А.К.Мынбаева., З.М.Садвакасова «Инновационные методы обучения» еңбегінде инновацияны оқытудың жаңа технологиялары аспектісінде қарастырды [1, 13б].

Әрбір инновациялық технологияның өзіндік ерекшеліктері болады. Педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе – оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болып саналады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып оқытудағы маңызды нәрсе - білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Инновациялық білім беру өз құрамына жеке тұлғалық көзқарасты, кәсіби шеберлікті, білім алудың мықты негіздерін, жаңа ақпараттық технологияларды қолдану деген ұғымдарды біріктіреді.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білімберудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктіруімен сипатталады.

Қазіргі таңда қазақ тілі - мемлекеттік тіл, қарым - қатынас тілі - орыстілі және ағылшын тілі - әлемдік кеңістікті тану тілі. Бұл тілдерді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану - заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс- тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы- заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарламасы.

Қай елдің, қай жердің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алу - оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы жаман болмайды» - дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің басты талабы.

Шындығында, мұғалімнің алдында оқушыларға білім беру мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесіне көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдер қажет болып отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектептегі жақсы оқуы ғана емес, өмірде табысты болуы- мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік.

Қазақ тілі мен әдебиет пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары - оқушылардан шынайы мәселелерді анықтап, зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі - құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ- ны қолдану, комммуникативті қарым- қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуге және оны жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс – тәсілдерді (бірлескен, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) игеруге үйретеді. Қазақстан мектептерінің алдындағы басты міндеттердің бірі - мұғалімнің кәсіптік білімі жоғары болуы. Ол үшін мұғалімдер кәсіби біліктілігін көтеріп, білім саласындағы әрдайым жаңалықтарға назар аударып, өз жұмысында тиімді пайдалану керек [2, 3б].

Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйелерінде жаңа адамды қалыптастыру бағытында сан алуан жұмыстар жүргізіліп келеді. Оның бастыларының бірі әрі бірегейі - білім мазмұнын ұлттық негізде жетілдіре түсіп, білім мен тәрбиені ұлттық рухта әлемдік жүйеге жақындастыру. Сол себепті оқу-ағарту саласының оқу үрдісінде көптеген өзгерістерді кең көлемде енгізу талап етіледі. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында*:* «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқудың инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу»,- деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және инновациялық педагогикалық технологияны меңгеру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылуда. Ғалым -зерттеуші Ф.Оразбаева өзінің «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» еңбегінде: «Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, адамзаттық және басқа да көптеген келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді дамытуына көмектеседі. Оқыту технологиясын таңдап, іріктеу - оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудың негізгі бір буыны», - деп нақтылап айтқан. [3, 11б] Әрбір технологияның өзіндік әдіс-тәсілдерінің тиімділігін мұғалім сыныптағы оқушылардың қабілетіне және қабылдау деңгейіне қарай қолдануға тиіс. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметін, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. Шығармашылық қабілет әр оқушының табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз - оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндік-

терін ашып көрсету. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады. Ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Мұғалім өзінің оқыту оқу тәжірибесін дамыту, өзгерту және жетілдіру әдістерін мұқият және үнемі ойластырып жүрсе, оқушылардың да білім деңгейі көтеріледі. Мұғалім оқушылардың жетістіктерін көре отырып, алға ұмтылуға бағыт-бағдар беру, дарындылықты даралау, әр оқушының жеке ерекшеліктеріне көңіл бөлу арқылы өзін-өзі реттейтін оқушыға айналдыру үшін сабақ барысында кері байланыс жасап отыру қажет.

Мемлекеттік тілдің жоғарғы деңгейде оқытылуы оқушы санасына сіңірлетін білімнің сапасымен өлшенеді. Әрбір мұғалім үнемі шығармашылық ізденісте болуы тиіс. Біз өз тәжірибиемізде үнемі оқушылармен ұйымдасып, бірлесіп, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлеміз. Оқушы бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда ортақ мәселелерді талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында белсенді жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды сызба арқылы көрсете алады. Олар өз мүмкідігінше жобаларын қорғап шығуға талпынады. Бірлесіп жұмыс жасағанда мына қағидаларды есте сақтаймыз:

1. Жауапкершілік;
2. Сыйластық ( бір – біріне бірдей бағынышта болу);
3. Топтың барлық мүшелерінің кезекпен сөйлеу дағдысын үйрету;
4. Тікелей сөйлеуде әлеуметтік қарым – қатынас жасау, дағдыларын қалыптастыру;
5. Топта ұтымды жұмыс істеп, жақсы нәтижеге жету.

Қазіргі кезде мектеп мұғалімнің алдында тұрған маңызды және жауапты міндеттердің бірі- оқушыларға тиянақты білім беру. Өскелең ұрпақты мәдениетті болуға, Отанын, мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу - әрбір ұстаздың борышы. Ол үшін мектеп мұғалімдері оқытудың тиімді әдістерін қолдануы керек. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану - оқыту мақсатына жетудің тиімді жолдарының бірі. Қазақстан Республикасының «Тілдерді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларының негізгі талабы-мемлекеттік тілді оқытудың саны мен санасына көңіл бөлу керек». Сондықтан орыс мектептерінде өтілетін қазақ тілі сабақтарының негізгі мақсаты – оқушылардың сөздік корын дамыту, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету,сөйлем құрылысын меңгеру, оқу техникасын қалыптастыру және қазақ тіліне тән дыбыстарын ажырата білуге үйрету.

Қазіргі ақпарат құралдары дамыған заманда жастардың дүниетаным кеңейту керек. Осыған орай мектепте қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды кең қолдануда. Оқытудың жаңа әдістерін пайдалану арқылы мұғалім оқушының белсінділгін, шығармашылық ізденісін арттырады, пәнге деген қызығушылығын оятады. [ 4, 26б]

Инновациялық технологиялардың ерекшелігі - тек білімді меңгеруге емес, жеке тұлғаның таным қабілеттері мен таным үрдістерін арнайы жасалған оқу және танымдық жайлар арқылы дамытуға, жеке тұлғаның өзін-өзі көрсетуін, маңыздылығын анықтауға, өзара қарым-қатынас, ойын арқылы шығармашылық қажеттіліктері мен белсенді сөздік қорын ауызша және жазбаша дамытуға зор мүмкіндік береді. Сабақ барысында топтық жұмыс жасай отырып, оқушы өзін-өзіеркін сезінеді, мұғалім мен окушының арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды және оқушылардың өзінің тұлғалық маңыздылығын сезінуі, өзін көрсете білуі мен өзіне деген сенімділігі артады.

Жаңартылған мазмұнының мұғалім мен оқушыға берері көп. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалім маманы болғандықтан кез келген сабақта ұлттық болмысымызды ескеруіміз керек. Мағжан Жұмабаев: «Ұлт тәрбиесі баяғыда сыналып жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті,» - деп жазған. Оқушыны мұғалімнің дәл өзіндей қылып тәрбиелеу емес, келешек заманына лайық қып шығару арқылы Мағжан Жұмабаевтыңтәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастыруға болады.Жаңартылған білім мазмұнының тағы бір ерекшелігі оқушының өзіне еркіндік бере отырып, белгілі бір сұраққа жауапты онын өзіне ойландыра отырып,көзін жеткізу. «Бала нашар істі өзі істемеуіне, нашар мінезден өзі қашуына тырыссын. Ешкім айтпай, қорқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінезден жиренетін болсын. Балаға махаббат, жылылық сезім, жұмсақ іс арқылы ғана болуға мүмкін», - дейді танымал педагог. Мұғалім қызметінің мақсаты оқушының басқаға ұқсамайтын қасиетін ашып, ықыласын оятып, қолынан келетініне сендіре білу. [5, 66б]

Мұғалім оқушының кемшілігін емес, жеңісін көру керек. Оқушыға сыйлы боламын десең, мұғалім оқушыны сыйла білу керек. Ұстаз әр оқушы табиғаттың ғажайып құбылысы дегенді естен шығармауы тиіс. Қазіргі заман талабының өзі оқушыны бірінші орынға қояды, ал мұғалім сабаққа тек бағыт беруші болады. Оқушыларға алдын-ала берілген тапсырмалар арқылы сабақ түсіндіріп, өздік, өзіндік талдау жасап, бірін-бірі бағалап, өз ойларын толық жеткізуге мүмкіндік беріледі. Білім беру ісінің өзекті мәселесіне оқушылардың бойында оқуға деген қызығушылықты, белсенділік пен өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін арттыру жатады. Жаңартылған білім мазмұны нәтижесі бойынша оқушылардың еркін, өзіндік дәлелдерін жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір- көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптастыруға болады.

Біз өз сабақтарымызда сыни тұрғыдан ойлау, пікірталас, ойын технологиясының элементтерін, интерактивті әрекеттер технологиясын, проблемалық оқыту, зерттеу, жобалау және дамыта оқыту, сатылай кешенді талдау технологияларын үнемі қолданып келеміз. Осы технологияларды пайдалану-

дың тиімді жақтарына оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын ояту, танымдық қабілеттілігін қалыптастыру, оқушыны шығармашылық жұмысқа баулу,оқытушының уақытын үнемдеу жатады. Сабақ түсіндірген кезде оқушыға көп күш түсірмей жеңілден ауырға қарай, тиянақты білім алуына мүмкіндіктер туғызамыз. Жаңа технологияларды үйрену кезінде әрбір педагог инновациялық технологияларды меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. Бұл технологиялар сабақтың сапалы, қызықты етуіне ықпал береді. Қазіргі таңда тиімді технологиялардың бірі топқа бөліп күрделі тапсырмаларды біріктіріп, ұжым болып орындауға мүмкіндік береді. Мәселен, оқушылар екі топқа бөлінеді. Осы екі топқа Ыбырай Алтынсариннің бір шығармасы бойынша бірінші топ берілген өлеңнің идеясын анықтайтын болса, екінші топтағы оқушылар көркемдеуіш құралдарын, әңгімелерінің мағынасын ашып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата біледі.

«Мағынаны тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап, оны «Куббизм» стратегиясы арқылы жүзеге асыруға тиімді болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындалған сұрақтарға оқушылар өз ойларымен жауап береді. Бұл сұрақтар оқушылардың деңгейіне сай топтастырылған немесе «Жуан және жіңішке сұрақтар» стратегиясы арқылы жузеге асыруға болады. Осы кезеңде «Түртіп алу кестесі» бойынша да жұмыс жасау арқылы қорытынды шығаруға болады. Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой толғаныс. Мұнда «Венн» диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге болады. «Венн диаграммасы» стратегия сабақтың әр кезеңінде енгізу арқылы оқушылардың сөздік қорларын байытуға болады. Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ тақырыбына байланысты «5 минуттық эссе» жаздыруға болады.Мұндағы мақсат – оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Сол эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың өзі 5-6 сөйлемнен тұратын ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгеніміз деп ойлаймыз.

Аталмыш айтылған технологиялар әдіс-тәсілдері мектеп оқушыларының сабаққа деген ынтасын, білім сапасын арттыруға үлкен үлесін қосады деген ойдамыз. Бұл әдістердің нәтижесінен мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың жақсарғанын, оқушының сабаққа деген қызығушылығының артқанын байқауға мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәніндегі жаңа технология талаптары оқушыларға көркем шығарманы, ондағы айтылған ойды, оның қоғамдық санамен байланысын, мақсатты түйсіне, ұғына, талдай білуге, сол арқылыөзіндік пікірін қалыптастыруға, әрбір әдеби құбылыс жөнінде өз ойын айта білуге, өздігінен оқыған шығармаларын сырттың көмегінсіз дұрыс саралай тануға жетелейді. [4, 29б] Ол белгілі бір жүйе арқылы әдеби шығармаларды оқыту, талдау, өзіндік дербес жұмыстарды жүргізу барысында ғана жүзеге асады. Іздендіруші, дамытушы, танымдық сауалдар мен тапсырмалар ғана көркем шығарманы жүйелі талдауға негіз болады және мәселелік жағдай туғызуға түрткі жасайды. Көркем шығарманың тіл байлығын оқыту мен талдауды, оның неғұрлым тиімді жолдарына даралап оқыту, саралап оқыту, мәселелік ізденіспен оқыту жатады. Даралап оқытуда оқушының жеке басының қабілетінің даму деңгейі ерекшеліктерін ескеріп, оқытудың әдістерін, тәсілдерін таңдап оқыту үрдістерін айтады. Проблемалық әдіспен оқытуда көзделетін мақсат-оқушылардың сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету.

Проблемалық оқыту – оқушының бұрыннан меңгерген біліміне сүйеніп, мәселені толық шешу үшін аздаған өзіндік ойды шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып келуі керек. Осы тұрғыдан келгенде, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдістемесі өте қолайлы. Мәселен, С.Мұқановтың «Саятша Ораз»әңгімесн алатын болсақ, «Кубизм» әдісі арқылы саятшы Ораздың образын ашуға болады. Кубиктің алты жағы бар. Қолданыңыз не жоққа шығарыңыз. Салыстырыңыз. Саралаңыз. Ойыңызбен байластырыңыз. Қолданыңыз.

1. Салыстыру (мәтіннен тауып алу керек): Ораз асқан мерген болған. Мысалы: Өзгелер «Ораздың қолы өмірді мүлт кеткен емес....» 2. Ораздың мейірімділігі мен жомарттылығы. Мысалы: «Ораз атқан құстарын не ілдірген аңдарын соларға үлестіріп, өзі үйіне бірер күнге ғана азық әкеледі екен...».

2. Саралау: Дарынды жазушы Ораздың мінезімен ішкі дүниесін жақсы сезіне біледі. С.Мұқанов өз шығармасында мерген, алғыр, аққөңіл, жомарт қоршаған ортасын бақылай алатын адам туралы жазылған. Алдына қойған мақсатына жеткен, қалың жұртын мұқтажын жақсы білген кейіпкер ретінде бейнеленген. Жазушы саятшы Ораз бейнесі ерекше көрсете білген.

3. Ойыңызбен байланыстыру: С.Мұқановтың «Саятшы Ораз», «Жылқышы» шығармалары қазақ әдебиетіндегі қайталанбас туындылар.

4. Қолданыңыз: шығармадағы саятшы Ораздың портретін бейнелеуде қолданылған сөздерді пайдаланып, сыныпта отырған бір оқушыны сипаттап беруге болады. Көркем шығарманы талдауда көзделетін негізгі мақсат - шығарманың идеялық - тақырыптық мазмұнын ашу, көркемдік ерекшеліктерін түсіне білу болып табылады. Мектепте көркем шығарманың тіл байлығын оқыту да бұл мақсаттан алшақ кетпейді. Керісінше, оқушылардың көркем әдебиетті оқып үйрену мен ана тілге деген көзқарасын, жалпы ой - өрісін, сөз өнеріне деген ынтасын қалыптастыруға қызмет етеді.

Мектепте көркем шығарманың тіл байлығын оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың тіл жұтаңдығын жою, қазақ тілінің бай қорымен сусындату, қаламгерлердің жазушылық шеберліктерінің сырын таныту, балалардың әдеби мәтінмен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру, сол негізде көркем сөздің ерекшелігін таныту болады. Мектепте көркем шығарманың тілін талдап оқыту үшін барынша

жаңа технологиялар мен әдістерді пайдаланған жөн. жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Біз өз сабағымызда оқушылардың мемлекеттік тілде дұрыс сөйлеуге, оқуға, сауатты жазуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақ тілінде еркін жеткізе алатындай болуын көздейміз. Қазақ тілінің асыл мұрасы - сөз байлығын, шебер сөйлеудің озық үлгілерін игерту, тілімізді құрметтеп,қастерлеуге шақыру - біздің басты міндетіміз.

Қорыта айтқанда, орыс мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін де аса маңызды. Осындай жүйелі жұмыстар нәтижесінде оқушының күннен-күнге білімге деген ынтасы артады, олар өз бетімен шығармашылықпен жұмыс істеуге тырысады, өз-өздерін бағалап, өз күшіне деген сенімділік пайда болады, оқудың мақсатын түсіне бастайды және осының бәрі оқушының жеке тұлға ретінде дамуына үлкен әсер етеді. Қазақ тілін оқытудағы педагогикалық қызметіміздің мақсаты-мемлекеттік тілді жетік білетін, бәсекеге қабілетті оқушыларды, дарынды және дара тұлға дайындау.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. «Педагог» журналы 2021. №2 -13-14б.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2018. №2 -3-9б.
3. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» 2019. №2 -11б
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2019. №7 -26-32б.
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2020. №3 -66-67б.


УДК 378.1

## ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ФАКТОР ДОСТИЖЕНИЯ ПЛАНИРУЕМЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ ОСНОВНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ

**Корчинская Евгения Петровна,**
учитель начальных классов
КГУ «Школа-гимназия города Тобыл
отдела образования Костанайского района»
г.Тобыл, Казахстан

**Аннотация**

Замануи білім соңғы жылдары жаңа өзгерістерге ұшырауда. Бұл мақалада «Шекарасыз оқыту» жобасы мұғалімге өз мүмкіндіктерінің әлеуетін ғана емес, сонымен бірге оқушыларын да ашуға көмектеседі делінген. Сондай-ақ, бұл мақалада «Мұғалімге арналған нұсқаулық» бағдарламасы мен оқу әдебиеті арқылы үшінші базалық деңгейде педагогикалық қайта даярлауға енгізілген жеті модульдің идеясы туралы аналитикалық пайымдау бар, ол осы мақалада негізгі және жалғыз әдебиет көзі болып табылады.

**Түйін сөздер:** оқыту, жобасы, метатаным, модуль, жақын арадағы даму аймағы.

**Аннотация**

Современное образование за последние годы претерпевает новые преобразования. В данной статье говорится о том, что проект «Обучение без границ» помогает учителю раскрыть не только потенциал своих возможностей, но своих учеников. Также в данной статье идет аналитическое рассуждение об идеи семи модулей, которые были внедрены в педагогическую переподготовку на третьем базовом уровне через программу и обучающую литературу «Руководство для учителя», которая в данной статье является основной и единственной как литературный источник.

**Ключевые слова:** проект, обучение, метопознание, модуль, зона ближайшего развития.

**Abstract**

Modern education has been undergoing new transformations in recent years. This article says that the project «Learning without Borders» helps a teacher to reveal not only the potential of their abilities, but also their students. Also in this article there is an analytical discussion about the ideas of seven modules that were introduced into pedagogical retraining at the third basic level through the programm and the teaching literature «Teacher's Guide», which in this article is the main and only literary source.

**Keywords:** Project, Learning, metacognition, modules, the zone of immediate development.

Впервые с понятием «метапознание» познакомилась тогда, когда стала участником проекта «Обучение без границ». Базовой компетенцией такого урока является учить учиться. При тщательном изучении модулей, первым вызвал интерес модуль «Новые подходы в преподавании и обучении».

Вникнув в идею модуля и осознав всю важность, без труда можно определить то, о чём идёт речь, и чем можно заниматься на практике. Внедряя идеи всех семи модулей, можно опираясь на данную «Обучение тому, как учиться» как базовую. Для того чтобы что-то внедрять надо изучить и обязательно использовать действие данного модуля в своей педагогической практике. В первый месяц обучения для того, чтобы понять, как люди учатся, обучающиеся вместе с тренерами отправились в теоретическую экспедицию. Благодаря методическому пособию «Руководство для учителя» и грамотному объяснению наших тренеров, стали понятны идеи всех модулей: «Обучение рассматривается как феномен, помогающий ученику понять реальный мир» [1, с.130]. Поэтому вопросы, возникшие в начале курсов, сами собой нашли ответ в сознании.

Обучение – это комплексный процесс, поэтому говоря об одном модуле, нельзя, не затронуть остальные. При составлении урока чётко видно, как один модуль вплетается в другой. Например, *обучение через диалог* тесно взаимодействует с *критическим мышлением***.** Н.Мерсер определил три формы аргумента при обсуждении в классе:

1) *Диспутивный разговор*, когда ученики конкурируют и не желают принимать точку зрения другого человека.

2) *Кумулятивный разговор*, при котором ученики основываются конструктивно и некритически на вкладах друг друга.

3) *Исследовательский разговор*, продолжающийся посредствам критического размышления и обоснованного аргументирования, когда предложения могут быть подвергнуты сомнению и встречному оспариванию. [1, с.156]

Все данные формы красной нитью прошли по урокам. На первом уроке высокомотивированные обучающиеся отстаивали свою точку зрения, не принимая во внимание мнения других одноклассников. На последующих уроках диалоги стали принимать конструктивную форму, они выслушивали доводы друг друга, подвергали сомнению ответы, исками истину вместе, учились составлять вопросы высокого и низкого порядка. В общем, было замечено на всех уроках, что критическое мышление помогает учащимся в оттачивании навыка общения на любом этапе урока об умы других ребят. Осталось только согласовать правила диалога, со всеми участниками процесса. Составить правила работы в группе, обговорить различные роли, например роль спикера следящим за временем, роль спикера, представляющего работу группы, роль спикера, который проводил в конце урока рефлективный отчет о работе каждого члена группы. Конечно, все роли не статичные и имеют сменный характер, так как каждый ученик должен побывать в различных ролях.

Немаловажный фактор в обучении тому, как учиться – предоставление возможности обучающимся учить друг друга. Такая цель может быть достигнута в ходе групповой или парной работы, когда ученик со слабой мотивацией обращается к более сильному ученику за помощью в решении образовательной задачи. Удачным является использование диалогового обучения, так как дает возможность некоторым ребятам проявить себя. Дети, которые боялись отвечать перед большой аудиторией, комфортно себя чувствовали при работе в малой группе.

Также удачным является использование на уроках информационно-коммуникационных технологий (ИКТ)**.** А именно ИКТ помогает на уроке продемонстрировать тот материал, который как говорится невозможно передать словами, можно только увидеть. Например, на первом уроке «Не рвите напрасно цветы» показанный видеоролик под названием «Земля болеет» заставил задуматься ребят о том, как мы относимся к природе, и что она чувствует. Детей потрясло то, что Земля оказывается тоже может страдать и теперь они точно знают, что обижать животных, ломать растения ни в кое случае нельзя. Очевидно, что без ролика не удалось бы передать всю боль, которую испытывает наша планета. Каждое слово, каждое движение, каждая нота прозвучали не в детских ушах, а в детских сердцах и оставили неизгладимый след надолго. Ещё один яркий момент, который был использован на уроке познание мира, по теме «Насекомые». Ребята, перед тем как приступить к 3 заданию, просматривали видео ролик «Процесс появления бабочки из кокона». Согласитесь ни один рисунок или рассказ не опишет того, что увидели ребята своими глазами. Ребята после просмотра еще долго обсуждали этот процесс появления.

При определении тем уроков, учитель тщательно подбирает задания в соответствии с учетом возрастных особенностей учеников. Это не секрет, что, у детей разных возрастов наблюдаются соответствующие уровни метасознания, поэтому все задания должны быть нацелены на то, чтобы каждый ребёнок чувствовал себя комфортно в своей зоне ближайшего развития. Особо успешно получается составить вопросы высокого и низкого порядка. Судя по технологическим картам, в которых работали обучающиеся, это является удачной находкой. У них есть перспектива роста в обучении. Если у ребенка будет отработан навык грамотного ответа с вопросами низкого порядка, то ему вполне возможно перейти к вопросам высокого порядка и тем самым показать свой рост в обучении.

Также было замечено, что обучающимся очень нравится проводить работу по оцениванию**.** Необходимо распланировать работу так, чтобы на всех уроках выполняя различные задания, учащиеся могли оценить себя (самооценка), оценить друг друга (взаимооценка). При этом дав понять, что они несут ответственность в этом случае не только за себя, но и за других, создавая климат доверия и доброжелательности. Для каждого задания создавались критерии оценивания, на которые

опирались ребята при оценивании выполненной работы. Также четко определенные критерии при оценивании исключают спорные вопросы, что значительно упрощает работу.

Современный учитель, работая над созданием поурочного плана, использует «Руководство для учителя» как настольную книгу. Все семь модулей имеют место быть в еже урочной работе современного педагога. Необходимо применять данные модули, так как они приводят работу учителя к педагогическому совершенствованию и разнообразному подбору заданий на уроке, которые вызывают у учащихся интерес к обучению. Нужно стараться продумать каждую деталь урока, учесть каждый момент. И вот с таким багажом знаний можно смело отправляться учеников во взрослую жизнь.Еще одной задачей учителя является помощь ученикам в обобщении знаний, не просто делая выводы по каждому этапу урока, но и стимулируя рефлексию и обдумывание собственных идей. А когда учитель видит даже самые малейшие достижения учащихся, важно именно в этот момент поощрять детей, допущенные ребенком ошибки корректно исправлять.

Возможно за данной стратегией обучения, будущее в образовании Казахстана, сегодня необходимо задуматься над тем, какие можно внести изменения. Что в наших силах? Что уже сегодня можно сделать?

На фоне изученного материала приходит глубокое убеждение в том, что, изучив все модули, и применив их на практике, было очень важно данное обучение. Каких результатов можно достигнуть сейчас, применяя свои знания. Чем заняться после обучения? Конечно, продолжить работу по внедрению всех идей 7 модулей, в будущем учебном году. А также можно предложить, чтобы в высших учебных заведениях расширили образовательную среду, заложив в программу изучение идеи семи модулей. Если начать это сейчас, то уже через пять лет по окончанию обучения в высших учебных заведениях к работе приступят молодые педагоги нового поколения с новыми идеями, продвигающие отечественное образование вперед.

**Список литературы:**

1. Руководство для учителя. Третий (базовый) уровень. Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012. – С. 109--212.

УДК 37.01

## ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТАРИХ ПӘНІН САПАЛЫ ОҚЫТУ

**Космаганбетова Гулим Бейсенбаевна,**
тарих пәні мұғалімі
Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің
Кейкі батыр атындағы №4 атындығы
білім беретін мектебі
Арқалық қ, Қостанай обл. Қазақстан

**Аннотация**

Сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» - деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

**Түйінді сездер:**Тарих, мұғалім, оқыту процесі, электронды оқулықтар, АКТ.

**Аннотация**

В процессе преподавания является интерактивной обучающей моделью современного дня, т.е. обучения инновационным методам. Я не сомневаюсь, что сегодняшнее будущее нашего независимого государства зависит от знаний, опыта, приобретенного подрастающим поколением, которого мы воспитываем. Обогащение познавательных установок учащихся совершенствование умственных способностей, формирование собственной мыслительной и жизненной позиции зависит от мастерства учителя, творческих способностей.

**Ключевые слова:**История, учитель, процесс обучения, электронные учебники, АКТ.

**Abstract**

It is an interactive learning model of modern teaching, i.e. teaching innovative methods in the teaching process. I have no doubt that the future of today's independent state depends on the knowledge and experience gained by the younger generation that we are raising. Enriching students' cognitive vision

depends on the teacher's skill, creativity, and ability to improve their mental abilities, form their own thinking and life position.

**Keywords:** History, teacher, learning process, electronic textbooks, ACT

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп қазақтын біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов айтқандай еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін білім мен ғылым саласына ерекше көңіл бөлуде. Әлемдік білім кеңістігінен орын алу үшін міндетті түрде саналы жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеуіміз керек «Мұғалім - мектептің жүрегі» деп халқының болашағы үшін білімнің даңғыл жолын салған Ыбырай Алтынсарин бекерден бекер айтпаған. Әрбір мұғалім өзін мектептің жүрегімін деп есептеп, мектептің жанын кіргізердей дәрежеде болуы тиіс. Өз ісіне аса ықыласпен ден қоя отырып, құзырлы мұғалім ретінде баланың жүрегіне білім нәрін себе білуі керек. Сындарлы оқыту туралы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім – біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір – көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым – түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай – ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсіну. Білімді және тәрбиелі, дүниетанымы кең, ұшқыр ойлы ұрпақ тәрбиелеу үшіні – сындарлы оқыту теориясын сабақ үдерісінің негізгі көзіне айналдыру қажет. Осы бағытта білім беру ұйымдарының алдындағы мақсат – мұғалімдер тәжірибесін үнемі жетілдіру және бағалау. Жаңа әдіс –тәсілдердің практикалық қолданысын кеңейту, дамыту болып табылады. Ол үшін жергілікті және облыстық білім беру ұйымдары педагог кадрлардың ізденісі бағытындағы тәжірибе алмасу шараларының формаларын жетілдіріп отыруы қажет. Ұстаздар қауымының республикалық және өңірлік тәжірибе алмасуы үнемі болуы шарт. Алдымызда тұрған міндеттеріміз мынадай: оқушының өзіндік және жеке ойлауын қалыптастыру оқушының шығармашылық таланттарын жан –жақты ашып көрсету оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту сабақ үдерісінде АКТ – ны тиімді пайдалану тарих сабағында оқушының белсенділігін арттыру оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру. оқушылардың ғылыми білім, іскерлік дағдыларды меңгеруіне керекті оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру. ақыл-ойды, ұғымталдықты, қабілетті, дарындылықты дамыту. Ұлы данышпан Әбу Насыр әл Фараби «Әрекетіміз дұрыс болу үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін анықтап алуға тиіспіз» - деп атап көрсеткендей, оқушы жүрегінен жол табам деген ұстаз мына қағидаттарды естен шығармауы тиіс: оқыту мазмұны мен әдіс икемділігінің маңыздылығы қағидаты Оқушылардың жас ерекшеліктері мен деңгейіне сай оқу мазмұны мен әдісін таңдау болып табылады. Жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың мақсаттылық қағидаты. Оқытуға жеке дара қарау яғни ғаламтор материалдарын тиімді пайдалана білу Оқушының жаңа тың материалдарды тауып, сұрыптауына мүмкіндік туады. Электронды оқулықтарды тиімді пайдалану. Білім алушының білім мазмұнын таңдау еркіндігі қағидаты Пәндер мазмұнының Қазақстан Республикасы білім стандартының нормативтік талаптарына сай болуы. Этикалық қағидаттар. Мұғалім мен оқушы арасындағы шынайылық және еркіндік, сыйластықтың орын алуы. Әл-Фараби: «оқыту дегеніміз – үйрету, дағдыландыру, әрекеттендіру»,- дейді. Оқыту – мұғалім мен оқушылардың белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған, реттелген, бірлескен іс-әрекеті, оқушылардың танымдық іс-әрекетін арнайы ұйымдастыру. Оқыту процесі – мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті. Оқыту процесі – екі жақты процесс болғандықтан, мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетін, мұғалім тарапынан оқушы іс-әрекетіне басшылық етуді, жоспарлауды, ұйымдастыруды, басқаруды талап етеді. Осы процесте оқушылар ғылыми білімдер алып, іс-әрекет жасауға үйреніп, жақсы мен жаман туралы көзқарастарын қалыптастырады. Оқыту баланы дамытады. Ол мынадай бөліктерден тұрады: мақсат, міндет, мазмұн, нәтижелері, оны бағалау. Нәтижелі оқытуға қол жеткізу жолында мынадай сұрақтар туындайтыны заңды деп ойлаймын. «Нені оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?: «Оқыту қалай жүргізіледі, оның заңдылықтары қандай?», «Кімдерді оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?» «Қайда оқыту керек?». Тәжірибеде оқытудың көптеген түрлері қолданылуда. Мұғалімдер барлық пайдалы оқыту түрлерінен бас тартпай, жақсыларын жаңа жүйеге бағыттап тәжірибеге енгізеді. Топтық оқыту, өзін-өзі оқыту – оқушы белгілі бір өздік жұмысты (оқылатын объектімен, оқулық, приборлармен жұмыс істейді, есеп шығарады, зерттеу жұмысы) орындап, оның нәтижелері туралы жазбаша есеп береді. Өзара оқыту (жұптық оқыту) – оқушылар тұрақты жүпта немесе құрамы өзгеретін жүпта жұмыс істейді де, қандай да бір мәселені бір-біріне түсіндіріп, өз тақырыптарын қорғап, жолдасының жұмысының нәтижесін бағалайды. Сындарлы оқытуда .оқушы өз бетінше білім алуды ұйымдастырады, сын тұрғысынан нақты ,мақсатты шешім қабылдауға үйренеді, оқушылар кез-келген сұраққа өмірден мысал келтіре отырып салыстырып жауап береді [1. 25б].

Тарих сабағында оқушылармен жұптық және топтық жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру Сындарлы оқытудағы негізгі білім беру бағыты топпен жұмыс жасау арқылы жүргізіледі. Мен ұлттық «Өрлеу «біліктілікті арттыру орталығынан Кембридж университеті мұғалімдерінің оқыту әдіс-тәсілінің екінші негізгі деңгейін оқып мектебімде сол жеті модульді өз сабақтарымда қолданып келемін. Осы

алған білімімді басшылыққа ала отырып 8 сыныптың Қазақстан тарихы пәні бойынша «1916 жылғы ұлт – азаттық көтерілістің алғышарты, сипаты, мақсаты, барысы мен нәтижелері» деген тақырып бойынша сабақ өтіп, оқушыларға топта жұмыс жасата отырып, жаңа білімді игеруіне бағыт бердім. Сабақтың ұйымдастыру сәтінде мен оқушы назарын сабаққа аудару мақсатында С.Мұқановтың «Ботакөз» романынан үзінді оқып, оқушыларға «Бұл үзіндіде қандай тарихи оқиға суреттелген?» деген сұрақ қойдым. Оқушылар І дүниежүзілік соғыс кезі деп жауап берді. Осыдан соң бүгінгі сабағымыздың сол соғыс кезінде қазақ даласында болған ұлт-азаттық көтерілісі жайлы екендігін хабарладым. Сабақты ілгері апару үшін шағын екі топқа бөліну керек екендігін ескерттім. Оқушыларды өздері ұнататын түстерге байланысты екі топқа бөлдім. Топтарға жаңа сабақтың мазмұнын ашу, түсіну мақсатында тапсырма бердім. 1-топқа көтерілістің болу себебі, мақсаты, сипаты, негізгі ошақтары жайлы оқып постер әзірлеуді тапсырдым. Ал екінші топқа интернет материалдарын пайдаланып көтерілістің басшылары, көтеріліс барысындағы ірі шайқастар, олардың нәтижелері мен тарихи маңызы жайлы деректер алуды тапсырдым және сол іздену жұмыстарын ортаға салып қорғау қажеттігін ескерттім. Екі топта өздеріне берілген тапсырмаларды зор қызығушылықпен орындады, постермен жұмыс жасап қорғады. Бұл сабақта әр топтың алдында ғаламтор жүйесіне қосылған компьютер және ұялы телефондар тиімді қолданылды. Мен бұрын ғаламтор материалдарын өзім таратып беретін едім. Осы сабақта оқушылар өздері оқулықта жоқ көтерілістің басшылары туралы мәліметтерді тауып, оқып үйренді, талдады. Осы тапқан мәліметтерін топ бойынша қорғады. Оқушылар топ бойынша жұмыс жасай отырып бір – бірін тыңдады, оқып үйренді. Тақырып мазмұнын ашты. Тақырып мазмұнын әр топ дөңгелек стол әдісі арқылы қорғады.Жаңа тақырыпты оқушылар өз бетімен меңгеруге бағытталып, жұптық әрі топтық талдау жасау арқылы түсінді. Сабақты бекіту кезеңінде оқушылар өздерінің нені меңгерді,нені меңгермегенін анықтау мақсатында «Жедел жауап» сайысы арқылы өз білімдерін тексерді. Сабақ соңында топтарға әр топтың сабақ барысындағы іс-әрекетіне «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы баға беруін сұрадым. Кері байланысқа түсе отырып сабақтың ұнаған жақтары мен ұсыныстарын оқушылардың өздері дәлелдейді, яғни бұл келесі сабақта алдыңғы сабақта кездескен қиындықтарды жеңуге мүмкіндік туғызады. Топпен жұмыс тәсілін өз сабағымда пайдалана отырып мен бұл әдістің тиімділігіне көз жеткіздім. Бұл тәсіл оқушылардың бір-бірін тыңдай білуіне, сөйлеу мәдениетіне, өздерін сенімді ұстауына, ұйымшыл болуға тәрбиелейтінін байқадым.

Сындарлы оқыту тәсілдері – оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын дамытудың көзі. Жаңа әдіс - тәсілдерді тиімді пайдалана білу - оқушы шығармашылығы мен дүниетанымын кеңейтудің негізі. Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс-әрекет талаптарын орындау мақсатында, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында бағдарламадағы мәтіндерге сәйкес деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды алып, практика жүзінде қолданып, мынадай тұжырымдар жасадым:

- оқушылардың шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;
- қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;
- қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;
- оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөліп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;
- қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу–танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады.

Тәжірибе көрсеткендей күнделікті сабағыма қарағанда жаңа-әдіс тәсілдерді пайдалана өткен сабағымдағы оқушының белсенді іс -әрекетін, қызығушылығын байқадым. Тарих сабағында оқушы шығармашылығын дамыту тарихи көркем Пайдаланған әдебиеттерге жол сілтеу болып табылады. Қазіргі таңда ғылыми негізде және жаңа зерттеушілік бағытта құрастырылған электронды оқулықтарды тиімді пайдалану оқушының пәнге қызығушылығына жол ашады. Мен осы бағытта өз қолданысымдағы тақырыптық бірнеше электронды оқулықтарды - «Таңбалы Тамғалы», «Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру», «Қазақстандағы индустрияландыру», «Зиялы қауымды жаппай қудалау», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан» тағы басқаларын атап көрсеткім келеді. «Робин раунд» әдісі бойынша сыныптағы оқушылар бір – бірін қайталамай сабақ мазмұнына сай пікірін айтып сабақты қорытындылай алады. «Елес жетелеу», «Автор орындығы», «Ассоциация» әдістері, диалогтік оқыту әдістері оқушылардың өз пікірін еркін айтуына мүмкіндік туғызары анық. Сонымен бірге тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға, олардың ой-пікірлеріне, көзқарастарына, атқарған еңбектеріне сын тұрғысынан баға беруге дағдыланады [2,17б].

Тарих сабағында АКТ – ны пайдаланудың тиімділігі мен практикалық қолданысы туралы. Қазір білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінде қажеттілігін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Сондықтан тарих сабақтарында көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдана білу мұғалім алдында тұрған бірден- бір міндет. Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан жақты қолдану, сабаққа керекті материалды

А.Маркованың құзыреттілікке деген жеке көзқарасы тек кәсіби құзыретті мұғалім еңбегінің нәтижесімен ғана емес, сондай-ақ белгілі жұмыстағы кәсіби білім мен дағдылардың және кәсіби ұстаным мен тұлғаның жеке психологиялық сапаларының арақатынасы арқылы көрінеді [7, 17б]. Оның пікірінше, келесі жүйелік сипаттамалар мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіннің басты блогы болып табылады:

- мотивация (жеке тұлғаның бағыты және оның түрлері);
- сапа (педагогикалық қабілеттер, мінез, психологиялық жай-күй);

– тұлғаның интегралдық сипаттамалары (педагогикалық өзіндік сана, жеке стиль, креативтілік); [8, 68б].

Осылайша, «кәсіби құзыреттілік» ұғымын педагогикалық қызметтегі білім синтезі немесе сан түрлі жетістіктерді анықтайтын педагогикалық дағдылар мен кәсіби қабілеттер ретінде қарастыруға болады [9, 106б].

Жаратылыстану пәні мұғалімінің құзыреттілігіне келесі функцияларды қосу:

1. табиғатты ғылыми тануда теориялық білім мен принциптер;
2. биологиялық құбылыстар мен процестердің пайда болуын, құрылымы мен тарихын білу және практикада қолдана алу;
3. жүйе құраушы бірліктер (биологиялық жүйелердің жұмыс істеуі мен даму ерекшеліктерін аңғара білу);
4. арнайы әдістемелік іскерліктер;
5. педагогикалық қызметте теориялық және практикалық білімді үйлесімді пайдалана алу [10, 506-513б].

Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігінің қалыптасуы, сол педагогикалық мамандықты таңдау кезіндегі әсер етуші факторлардан бастау алады. Яғни әрбір болашақ мамандық иелері, болашақ кәсіптерін таңдамас бұрын, «Мен болашақта кім болғым келеді?», «Қандай маман иесі сұранысқа ие?» немесе «Бұл мамандықпен болашақта жұмыс таба аламын ба?» деген сияқты сұрақтарға тап болады. Ал дәл осы секілді сұрақтарға жауап іздеу барысында, жас түлектің таңдауына қоршаған ортадағы түрлі факторлар әсер етеді. Мысалы: ата-ананың, достарының пікірі, оның жеке қызығушылықтары, болашақ маманның сұраныстағы орны немесе отбасының материалдық жағдайы тағысын тағы...

Дәл осы секілді факторлардың болашақ биология мұғалімдеріне қаншалықты әсер еткенін және де студенттердің қаншалықты болашақ педагог мамандығына өз қызығушылықтарымен келгенін анықтау мақсатында, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Жаратылыстану факультеті, Биология кафедрасының 1 курс студенттері арасынан қысқаша сауалнама (опрос) алынған болатын. Сауалнама «Мен және Биология» деп аталады. Сауалнама 1 сұрақтан және келесідей 5 жауаптық нұсқадан, яғни мамандық таңдауға әсер етуші 5 фактордан тұрады:

**«Сіздің болашақ биология мұғалімі мамандығын таңдауыңызға қандай фактор әсер етті?»**

A. Биология мамандығын ата-анамның, достарымның ұсыныс-пікірі бойынша таңдадым;

B. Негізі қалауым медициналық бағыт болатын, мемлекеттік грантқа ҰБТ балы жетпеуіне байланысты, педагогикалық бағытты таңдадым;

C. Мұғалім болу бала кезден бергі арманым, ал биология пәні қатты ұнайды;

D. Мұғалімдер қай уақытта да сұранысқа ие, ал Биология пәніне қызығушылығым болған емес;

E. Әлеуметтік статусы жоғары, жалақысы көңілімнен шығады;

Жалпы биология мамандығының 1 курс студенттерінің саны: 59;

Сауалнамаға қатысқан студенттердің саны: 57.

**Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау.**

Қысқаша сауалнамаға (опрос) қатысқан студенттердің жауап беру қорытындысы бойынша мынадай нәтижеге қол жеткіздік:

*Кесте 1. «Мен және Биология» сауалнамасының қорытындысы бойынша анықталды*

| | | |
|---|---|---|
| 1. A | Биология мамандығын ата-анамның, достарымның ұсыныс-пікірі бойынша таңдадым | 8 студент |
| 2. B | Негізі қалауым медициналық бағыт болатын, мемлекеттік грантқа ҰБТ балы жетпеуіне байланысты, педагогикалық бағытты таңдадым | 21 студент |
| 3. C | Мұғалім болу бала кезден бергі арманым, ал биология пәні қатты ұнайды; | 16 студент |
| 4. D | Мұғалімдер қай уақытта да сұранысқа ие, ал Биология пәніне қызығушылығым болған емес; | 5 студент |
| 5. E | Әлеуметтік статусы жоғары, жалақысы көңілімнен шығады; | студент |

Бұл қысқаша сауалнама арқылы біз студенттердің болашақ биолог мамандығына қаншалықты қызығушылықпен, қаншалықты басқа факторлардың әсер етуінен келгенін білдік. Яғни әр жеке тұлға өз мамандығын өз жүрек қалауымен, өзінің қызығушылығымен таңдаса, ол мамандықты игеру барысында алған әрбір жаңа ақпараттар, теориялық білім болашақ маман бойына тез еніп, оның одан әрі қызығушылығын оятып, одан әрі дамуына, алған білімін практикамен сондай жоғары сүйіспеншілікте ұштастыруға көмегін тигізеді. Ал өз-өзін үнемі дамытушы болашақ биология мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру анағұрлым нәтижелі болмақ. Бірақ, бұл жағдайда тек бір жақты қарау да орынсыз деп ойлаймын. Себебі болашақ мамандық туралы кәсіби ақпараттандырылмаған студенттер, көп жағдайда, сол мамандықты шын сезініп, түсіне бастаған да өзінің дұрыс таңдау жасағандығын түсінуі мүмкін.

Көп жағдайда болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі, кәсіби дамытушы білім беру ортасы болған жағдайда ғана қалыптасады. Бұл білім алушылардың (болашақ мұғалімдердің)

тек оқуға деген ықыласын ғана қалыптастыру емес, сонымен қатар басқаларға сабақ беру арқылы, шәкірттері үшін жаңа танымдық әлем ашу арқылы, олардың бейімділігі мен қабілеттерін дамытуға және болашақта педагог мамандарға жүктелетін міндеттерді толық сезініп, мамандыққа деген қызығушылықтарын айқын мақсатқа айналдыруына толық мүмкіндік беру. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіптік-дамытушы білім беру ортасының функцияларын бөліп көрсетейік:

*Ақпараттық оқыту:* болашақ биология мұғалімдерінің биология пәні бойынша теориялық білімдері мен әдістемелік оқыту дағдыларын заманауи және инновациялық білім беру жүйесі арқылы тереңдету. Білім алушылар кәсіби маңызы бар тың ақпараттарды тек пәндік дәрістерден ғана емес, кәсіби мамандандырылған ұйымдар мен клубтарға қатысу арқылы, жаратылыстану факультеті аясында өткізілетін әдістемелік-тәрбиелік іс-шараларына белсенді қатысу арқылы және цифрлық білім беру порталдарымен жұмыс жасау арқылы меңгеруге мүмкіндік беру.

*Консультациялық:* студент сабақтан тыс жатақханада болған жағдайда әрқашан оқытушыдан онлайн кеңес ала алады. Сондай ақ оқытушыдан көмекті сабақтан тыс арнайы тағайындалған уақытта алуға болады.

*Ұйымдастырушылық-коммуникативті:* ЖОО оқытушылар ұжымын, студент, магистранттар мен асперанттарын және обылыстық, қалалық жалпы білім беретін мекемелердің биология мұғалімдерін байланыстыратын кәсіби қоғамдастырылған ұйым құрылады. Студенттердің Биология оқулықтарының авторларымен, облыстық, қалалық деңгейдегі «Ең үздік биолог» мамандармен, пәндік олимпиадалар мен сайыстардың ең үздік қатысушыларымен және жеңімпаздарымен, басқа ЖОО өкілдерімен кездесуіне мүмкіндік беретін, Жаратылыстану бағытындағы конференциялар мен форумдар ұйымдастырылады. Осындай кәсіби қоғамдастықтар студенттердің жалпы білім беру ортасына қосылып, мамандықтың әлеуметтік-педагогикалық маңызы мен кәсіби құзіретті педагогтың сұранысқа ие екендігін сезінуіне ықпал етеді, болашақ мамандардың әлеуметтік-мәдени және кәсіби құзыреттілігін арттыруға көмектеседі.

*Мотивациялық-ынталандырушы:* студенттерді өзін-өзі танып мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыруды тек жалпы базалық білім беру мекемелерінде жүргізілетін педагогикалық практикаларда ғана емес, сонымен қатар оқу кезінде, мектеп өміріне белсенді араласу, студенттердің мектептегі әдістемелік нұсқаулықтармен танысу барысында, студенттердің республикалық деңгейде өткізілетін пәндік, кәсіби жарыстарға қатысуына мотивация беріп қолдау көрсету және студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналысуға баулып, дұрыс бағдар көрсету.

*Дамытушылық:* оқытуда әртүрлі формалар мен әдістерді қолдану, Өзін-өзі дамытушы студенттерді жан-жақты тәрбиелеуге бағытталған оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды толықтай қолданылу арқылы кәсіби ынталандыру, болашақ биология мұғалімдерінің – мотивациялық қажеттілігін, бағдарлары құндылықтарын, концептуалды ойлауы мен педагогикалық қызметте кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру.

Аталған барлық фунциялар болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби құзіреті қалыптасқан педагог болуына септігін тигізері анық.

Сонымен, кәсіби құзыреттілік - жалпы маманның өз кәсіби саласын толық меңгеруі, білім мен шеберліктер дағдысын практикалық түрде қолдана алуы және типтік міндеттерді шешу қабілеті болып табылады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тұлғаның әртүрлі қасиеттерінен, оның негізгі қайнар көзі оқу және субъективті тәжірибесі болып табылады. Кәсіби құзыреттілік үнемі ұмтылысты жетілдіруді талап етеді.Білім беру жүйесіндегі ең керемет идеялар мен бастамалар мұғалімнің кәсіпқойлығының, ізденісінің жоқтығынан жоғалуы мүмкін.

Адамдар үшін кәсіби қызметті игерудің объективті заңдылықтарын түсіну – осы саладағы ережелер мен анықтамаларды, тұжырымдарды жақсы біле отырып, оларды жете түсіну және кәсіби процестегі қарым-қатынасты ұйымдастырудың мақсатқа сай оңтайлы жолдарын іздестірумен ұштасады. Н.Ф.Талызинаның пікірі бойынша мұндай жол, ақыл-ой іс-әрекеті кезеңдерін қалыптастыру бойынша теориялар мен тұжырымдарды сай ұйымдастыру үрдісімен жүргізу болып табылады [11, 343б].

Жоғарыда айтылған мәселелерді қорытындылай келе, болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда мынадай ұстанымдарды бөліп қарастыру керек екендігін атап өткім келеді:

1. Болашақ биология мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың болашақ педагог дайындаумен сабақтастығы;

2. Теориялық білім берудің біртұтастығын оқытудың, тәрбиенің және дамытудың жиынтығы ретінде қарастыру;

3. Пәндік даярлаудың жүйелілігі, ол мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асады:

жалпы ғылыми –жалпы кәсіби – тереңдетілген кәсіби даярлау – біліктілік;

4. Оқытудың дамытушылық сипаты.

Осы айтылғандарға орай болашақ биология мұғалімінің кәсібиқұзыреттілігін қалыптастырудың өзіне тән ерекшеліктері жоғары білім беру жүйесіне қатысты нормативті құжаттарда тиісті орнын табуы керек деп есептеймін.

**Әдебиеттер тізімі**:
1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 102 с.
2. Смятских А.Л., Туркина Т.М. Формирование профессиональной компетентности студентов педколледжей. - М.: Издат. центр НОУ ИСОМ, 2003. - 98 с.
3. Пугачев В.П. Руководство персоналом организации. - М.: Асп. Пресс, 2000. - 54 с.
4. Сластенин В.А. и др. Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов; Под ред. В.А.Сластенина. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 576 с.
5. Рихтер Т.В. Выделение структуры профессиональной компетенции студентов вуза // Общество: социология, психология, педагогика. – 2015. – №. 6. – С. 99-101.
6. Барышникова Е.В. Профессиональная компетентность будущих педагогов-психологов: монография/ Е.В.Барышникова. – Челябинск: Изд-во Юж.-Урал. гос. гуман.-пед. ун-та, 2017. – 239 с.
7. Леонтьев Д.А. Методика изучения ценностных ориентаций. – М.: Смысл, 1992. – С.17
8. А.М.Утилова, Г.Т.Исабаева, Ж.С.Крыкпаева Компоненты профессиональной компетентности учителей биологии // Вестник Инновационного Евразийского университета. 2016. № 3 ISSN 1729-536X С.68
9. Недюрмагомедов, Г.Г. Основы общей педагогики [Текст]: учеб. пособие для студентов высш. учеб. заведений) / Г.Г.Недюрмагомедов. – Махачкала : ИПЦ ДГУ; АЛЕФ, 2016. – 106 с.
10. Логвина-Бык Т.А., Бык Н.В. Профессиональная компетентность учителябиологии // актуальные проблемы биологической и химической экологии Москва, 18–19 февраля 2021 года С. 506-513
11. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. – М.: МГУ, 1975. – 343 с

УДК 711.7

## ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Тлеуова Жанылсын Казтаевна,**
қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
**Дуспаева Гульмира Джамбуловна,**
бастауыш сынып мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Алтынсарин ауданы білім бөлімінің
Қарағайлы жалпы білім беретін мектебі» КММ
Шокай а., Алтынсарин ауданы
Қостанай облысы, Қазақстан

**Аннотация**

Өзектілігі және мақсаты: Даму кез-келген адам қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәжірибе жинақтап, іс-әрекеттің тәсілдерін, әдістерін жетілдіріп, ақыл-ой мүмкіндіктерін кеңейте отырып, адам үнемі дамып келеді. Инновацияның басты мақсаты - мұғалімді шығармашылық тұлға ретінде дамыту, оны репродуктивті қызмет түрінен әдістемелік шешімдерді өз бетінше іздеуге ауыстыру.

**Түйінді сөздер:** тәжірибе, ақыл-ой, инновация, педагогика, салыстыру, өзгерту, дамыту, зерттеу, технология.

**Аннотация**

Актуальность и цель: В данной статье актуализируются вопросы внедрения инновационных технологий в образовательный процесс учебных учреждений и изучения инновационной деятельности педагога как проявления его профессионального развития. Отметим, что профессиональное развитие педагога представляет собой непрерывный процесс на протяжении всей его жизни, что определяет возможность неограниченного развития человека.

**Ключевые слова:** опыт, интеллект, инновация, педагогика, сравнение, изменение, развитие, исследование, технология.

**Abstract**

Relevance: Development is an integral part of any human activity. By accumulating experience, improving methods, methods of action, expanding their mental capabilities, a person is constantly developing. Goal**:** Professional development of teachers in the context of the introduction of innovative learning technologies as an element of the development of the education system.

**Keywords:** experience, intelligence, innovation, pedagogy, comparison, change, development, research, technology.

«Инновация - дегеніміз не?». «Инновация» сөзі латын тілінен аударғанда «жаңалықты ендіру» деген мағынаны білдіреді. Ал инновациялық оқыту дегеніміз – жаңалықты, оны игеру және өмірге енгізу. «Технология» деген сөз грек тілінен алғанда «техне» - өнер, кәсіп, ғылым, «лагос» ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді. Яғни, өндірістік процестерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары жайындағы білімдердің жиынтығы. Инновацияларға дайындық - бұл белгілі бір жеке бағытты, ұмтылысты, кәсіби қызметтің жаңа тәсілдері мен формаларын енгізу қажеттілігін (психологиялық, теориялық және практикалық дайындықтың «үйлесімі») біріктіретін шығармашылық іс-әрекет стилінің жеке көрінісі.

Педагогтың инновациялық қызметі - бұл білім беру процесінің қажетті бөлігі. Үнемі өзгеріп отыратын қоғамға әсер ететін өзгерістер мектепті айналып өтпейді. Инновацияларды енгізу мұғалімдердің өз қызметін өзгеретін жағдайларға бейімдеу және сабақ барысында стандартты емес әдістерді қолдану қажеттілігін білдіреді. Педагогикалық инновация ғылым ретінде оқытудағы инновацияларды зерттейді. Мұғалімнің жұмысы тек ескі және дәлелденген әдістермен шектелмеуі керек, әр түрлі болуы керек. Педагогикалық іс-әрекет шығармашылық сипатта болуы керек және оқушыларды оқу процесіне тартуы керек, осылайша оқытудың мақсаты – білім беру және жас ұрпақты тәрбиелеу. Мұғалім балаларды оқуға үйретуге, оқушылардың танымдық қажеттіліктерін сақтауға және дамытуға, ғылым негіздерін игеруге қажетті танымдық құралдармен қамтамасыз етуге міндетті. Сондықтан негізгі мақсаттардың бірі – танымдық процестерді дамыту. Танымдық іс-әрекет танымдық процестерді, логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қиялды дамытады, оқуға деген қызығушылықты қолдайды. Барлық осы процестер өзара байланысты.

Сабақта жұмысты дұрыс ұйымдастыра білу, барлық оқушылардың жеңілдігі мен қызығушылығы үшін жағдай жасау мұғалімге әр баланың қабілеттерін дамыту үшін қосымша мүмкіндіктерді (мысалы, компьютерлік технологияларды қолдану) пайдалануға мүмкіндік береді. Мұндай сабақтарды ұйымдастыру қысқа мерзімде мектепке дейінгі жастағы балаларға белгілі әдістерді есте сақтауға және бекітуге, жаңадан көрсетілген мұғалімнің шеберлігін толық қамтамасыз етуге көмектеседі. [1, 3б].

Жас оқушының қабілеттерін дамыту үшін компьютерлік технологиялардың даму маңызы өте зор. Сабақта компьютерлерді қолдану эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады, бұл өз кезегінде балалардың дамуына оң әсер етеді. Бұл балаларда зерттелетін терминге немесе тұжырымдамаға үлкен қызығушылық тудырады, зейінді арттырады және сонымен бірге материалдар мен құралдардың, терминдердің бұрыннан белгілі атауларын қайталау болып табылады.

Пәнді қызықты етуге инновациялық педагогикалық әдістер мен тәсілдер көмектеседі. Осыған байланысты жаңа педагогикалық технологияларды игеретін мұғалімнің жеке басына қойылатын психологиялық талаптарға тоқталған жөн. Олар: ойлаудың өзгергіштігі, эмпатия (басқа адамның «толқынына» бейімделу қабілеті), толеранттылық (келіспеушілікке төзімділік), коммуникативтілік (диалог мәдениеті ретінде), рефлексивтілік, ынтымақтастық қабілеті және т.б.

Осы қасиеттерді дамыту педагогтың жалпы мәдениетінің жоғары деңгейін, психологиялық-педагогикалық және технологиялық құзыреттілігін, креативті (шығармашылық) қабілеттерін айқындайды. Мұның бәрі үрдіннің жоғарылауына ықпал етеді. Дәл осындай процесс кез-келген адамның іс-әрекетіне, соның ішінде педагогикалық қызметке де қолданылады. Қоғам өзінің дамуының әртүрлі кезеңдерінде жаңа стандарттарды, жұмыс күшіне қойылатын талаптарды қойды. Бұл білім беру жүйесін дамытуды қажет етті.

Мұндай даму құралдарының бірі инновациялық технологиялар болып табылады, яғни бұл педагогикалық қызмет нәтижесіне тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқытушылар мен оқушылардың өзара іс-қимылының түбегейлі жаңа тәсілдері, әдістері. Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі жетілдіру процесінде оның инновациялық қызметі ерекше рөл атқарады. Осыған байланысты мұғалімнің оған дайындығын қалыптастыру оның кәсіби дамуының маңызды шарты болып табылады

Егер дәстүрлі жүйеде жұмыс істейтін мұғалім педагогикалық техниканы, яғни оқу-тәрбие қызметін кәсіби деңгейде жүзеге асыруға және аз немесе аз табысты оқуға қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту дағдылары жүйесін игерсе, онда инновациялық режимге көшу үшін мұғалімнің инновацияға дайындығы шешуші болып табылады. Педагогикалық ғылымда инновациялық қызмет жоғары нәтижелерге қол жеткізу, жаңа білім алу, сапалы басқа педагогикалық практика мақсатында оқу процесін салыстыру және зерттеу, өзгерту және дамыту арқылы өзінің практикалық тәжірибесін түсінуге (рефлексияға) негізделген мақсатты педагогикалық қызмет ретінде түсініледі.

Инновациялық қызметтің негізгі функцияларына педагогикалық процесс компоненттерінің өзгеруі жатады: білім беру мақсаттары, мазмұны, формалары, әдістері, технологиялары, Оқыту құралдары, басқару жүйесі және тағы басқалары [2, 5б].

Егер мұғалімнің кәсіби қызметі тек бір рет үйренген жұмыс әдістерінің көбеюі ретінде құрылса, егер ол жоғары білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін объективті мүмкіндіктерді пайдаланбаса, егер ол мұғалімнің жеке басының дамуына ықпал етпесе. Шығармашылықсыз мұғалім-шебер жоқ. Инновацияның басты мақсаты - мұғалімді шығармашылық тұлға ретінде дамыту, оны репродуктивті қызмет түрінен әдістемелік шешімдерді өз бетінше іздеуге ауыстыру, Мұғалімді инновациялық

әдістердің әзірлеушісі мен авторына және оларды жүзеге асыратын оқыту, дамыту және тәрбиелеу құралдарына айналдыру.

Инновациялық қызметті басқару әртүрлі нысандарда жүзеге асырылады. Көшбасшылықтың негізгі қағидаты білім беру (педагогикалық оқу, консультациялар, семинарлар және тағы басқалар), сондай-ақ материалдық (қосымша ақылардың, сыйлықтардың әртүрлі нысандары және тағы басқалары) сияқты түрлі құралдармен педагогқа қолдау көрсету болып табылады.

Кез-келген инновация үшін нақты мұғалімнің инновациялық-педагогикалық қызметі болуы керек. Сондықтан педагогикалық шығармашылық үшін жағдай жасау, оқыту мен тәрбиелеудің нысандары мен әдістерін жетілдіру қажет, мазмұнды таңдауда өзгермелілікті қамтамасыз ету қажет.

Педагогикалық инновация - бұл педагогика саласындағы жаңалық, білім беру ортасына оның жеке компоненттерінің де, жалпы білім беру жүйесінің де сипаттамаларын жақсартатын тұрақты элементтерді (инновацияларды) енгізетін мақсатты прогрессивті өзгеріс [3, 18б].

Инновациялық технологиялардың даму тенденцияларының бірі оқу процесіне адамның танымдық ғана емес, сонымен бірге эмоционалды - жеке саласын да қосу болып табылады. Үздіксіз дамудың, педагогика әдістерін жетілдірудің нәтижесі инновациялық технологиялар болды, яғни білім берудегі жаңа идеялардың интегративті процесі жүретін технологиялар. Мектептерде инновациялық жобаларды енгізу оқушыларды уақыт рухында оқытуға және тәрбиелеуге көмектеседі. Бұл балаларды білім деңгейіне байланысты одан әрі қиындықтарға дайындауға көмектеседі, әр мұғалім өз оқушыларынан артта қалмау үшін уақытты ұстануы керек. Сондықтан ол үнемі оқытудың жаңа және қызықты тәсілдерін іздеуі керек. Оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолдану барлық жағынан көп уақытты қажет ететін процесс болса да, ол барлық шығындарды ақтайды, оқуды қызықты, қызықты және мазмұнды етеді. Мұғалім өзінің технологиясы мен жұмыс әдістерін таңдауға құқылы, бірақ әрқайсысы оқушының дамуы үшін жұмыс істеуге міндетті [4, 14б].

Заманауи технологияларды қолдану оқытуды мазмұнды және әсерлі етеді, оқушылардың тәуелсіздігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, тақырыптың қызықты және қызықты әлемін ашуға көмектеседі. Педагогикалық инновациялар педагогиканың дамуының ажырамас бөлігі екенін және олар білім беру жүйесін жетілдіру үшін қажет екенін түсіну маңызды.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Педагогика №4, 2004: Мерзімді басылым / В.С.Лазарев, Б.П.Мартиросян. - Педагогикалық инновация: объект, пән және негізгі ұғымдар – 3-14 б.
2. Кәсіби білім №1, 2006: Мерзімді басылым / В.Г. Казаков - жаңа уақыт-кәсіби дайындықтың жаңа технологиялары – 15 б.
3. Гуров В. Педагогтың инновациялық қызметі / Қосымша білім беру және тәрбиелеу. - 2008. - № 2. - 15-18 б.
4. Разина Н.А. Білім беру мекемесінің инновациялық қызметі жағдайында мұғалімнің кәсіби және жеке дамуы / Қазіргі заманғы ғылымды қажет ететін технологиялар. - 2008. - № 1. – 14 б.


**УДК 711.7**

## ЖАҢА БІЛІМ ЖАҢАЛЫҚҚА БАСТАДЫ

**Токжанова Айгерим Ермукановна,**
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
«Ы.Алтынсарин атындағы
мамандырылған мектеп интернаты» КММ
Қостанай қ., Қазақстан

**Андатпа**

Автор мақаласында ағылшын тілі сабағында инновациялық әдіс- тәсілдер оқу сауаттылығын арттыра түседі деп тұжырым жасаған. Оқушылардың ынтымақтастықпен бірігіп жұмыс жасауына, ойын еркін жеткізуіне дамытуына көп септігін тигізеді деп тәжірибесімен бөліседі. Сол себепті мен күнделікті әр сабағымда жаңа технология элементтерін тиімді қолданып отырамын деп түйін жасайды. Өз сабағындағы оңтайлы тәжірибені тиімді деп ұсынады. Жаңа технологияның ұтымды тұстарын ашып көрсетеді.

**Түйінді сөздер:**инновация, ұтымды, ағылшын, заманауи, көптілді.

**Аннотация**

В статье автор делает вывод, что инновационные методы на уроках английского языка повышают грамотность чтения. Она делится своим опытом работы, работа ученика в группе сверстников развивает интерес к изучаемому и пройденному материалу, а также хорошо развивает учебные

действия, необходимые для осмысления и систематизации знаний.Считает, что применение новых технологий в процессе обученияпомогает дальнейшей социализации учащихся.
**Ключевые слова**: инновация, рациональный, английский, современный, многоязычный.

**Abstract**

In this article, the author concludes that innovative methods in English classes improve reading literacy. Particular attention is given to share experience that it helps students work together and develop free play. That is why I conclude that I effectively use elements of new technology in every lesson. He assumes that the best practice in his class is effective. It is spoken in detail about new technology and reveals the benefits of new technologies.
**Key words:** innovation, rational, English, modern, multilingual.

Жаңа ғасыр дидактика мен оқыту әдістемесіне елеулі өзгерістер әкелді. XX ғасыр педагогикасы XXI ғасыр педагогикасынан ерекшеленеді. XXI ғасырдың басынан бастап ұлттық және әлемдік білім берудің дамуында көптеген өзгерістер болды. Қазіргі кездегі ең байқалатын құбылыс – қоғамның интернеттенуі және білім саласына цифрлық технологиялардың енуі. Мектеп оқушыларының қазіргі ұрпағы цифрлық, әлеуметтік цифрлық және «Z буыны» ретінде белгілі. Білім – оқу арқылы білімді меңгеруден мұғалімнің монологынан көрнекі қабылдауға немесе сыныпта талқылауға көшу. Сандық технологиялар біздің өмір сүру жолымызды, қарым-қатынасымызды, қалай ойлайтынымызды, қалай сезінетінімізді, басқаларға қалай әсер ететінімізді, әлеуметтік дағдылар мен әлеуметтік мінез-құлықты өзгертеді. Мамешеваның айтуынша, «жоғары технологиялық орта – компьютерлер, смартфондар, бейне ойындар, интернет іздеу жүйелері – адам миын өзгертеді». Инновациялар немесе инновациялар адамның кез келген кәсіптік қызметіне тән және сондықтан, әрине, зерттеу, талдау және енгізу пәніне айналады. Инновациялар өздігінен пайда болмайды, ол жекелеген мұғалімдердің, тұтас ұжымдардың ғылыми ізденістерінің, озық педагогикалық тәжірибесінің нәтижесі. Бұл процесс өздігінен болуы мүмкін емес, оны басқару керек.

Бүгінгі өркениетке бет бұрған ақпарат заманында терең білімді, білікті, бәсекеге қабілетті, ағылшын тілін меңгерген шығармашыл тұлға тәрбиелеу – ең өзекті мәселе. Демек, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру – XXI ғасырдың басты талабы. Қазіргі таңда «Әлем өзгергендіктен, мен де өзгеремін»деген даналық сөзді педагогикалық ұстанымым ретінде жаныма серік етіп ағылшын тілінен сабақ беріп келемін.Мені еңбек жолымда мынадай сұрақтар толғандырды: Оқытудың басқа формасы бар ма екен? Оқушыны ағылшын тіліне қызықтыру үшін не істеуге болады? Оларда тез үйренсем деген ой бірінші болып тұрмайды? Әрине, осындай сәтте менде жаңа әдіспен жұмыс істесем, бір ерекшелігі бар оқыту формасымен таныссам деген құштарлық пайда болды. Міне, осы сауалдарыма жауапты мен инновациялық технологиядан таптым десем артық айтқаным емес. Әрине, инновациялы технологияны мұғалімнің іс – тәжірибесіне өзгерістер енгізу – мектебіміздің басты талабына айналып, бүгінгі күні, алғашқы нәтижесін де бере бастады.Білім беру бағыттары әрбір оқушымен болатын жеке кері байланысты да есептен шығармауға жетеледі. Әріптестеріңмен пікірлесу, ой бөлісу, тәжірибе алмасу – жеткен табыстың бір бөлшегі.Ол үшін күнделікті оқыту тәжірибеме инновациялық жаңаша түрде құрылған сабағымды жоспарлап, оны өткізу барысында жаңа тәсілдерді, «Диалог арқылы оқыту»мен «Қалай оқу керектігінүйренуді»ғана қарастырамын, өйткені оларды әлеуметтік-сындарлылық көзқараспен тығыз байланыстырамын. Өзімнің тәжірибемде ағылшын тілін оқытудағы білімділік мақсаты – шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым – қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты – өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету. «Оқушылардың дүние тануын кеңейтетін, ойлау қабілетін дамытатын тартымды да, қызықты сабақты қалай ұйымдастыруға болады? –деген сұрақ шет тілі пәнінің мұғалімдерініңде алдында тұр. Оның бірден-бір жауабы – сабақты жүйелі түрде түрлендіріп әр-түрлі әдіс- тәсілдерді қолдану. «Ізденген жетер, мұратқа» дегендей шәкірттерім дәстүрлі кездегідей қонақ болып отырмай, нағыз кейіпкерге айналды. Әрбір сабағымда басты міндетім – білім алушыларды ойландыру, іздендіру сол арқылы өз беттерінше ізденіп оқуға баулу. Осы жылдар арасында қандай пікірге келдім? Жаңа білім мазмұнының тиімділігі неде? Осы орайда пікірімді тарқатып айтып кеткім келеді. Инновациялык білім берудің тиімділігі: мақсаттың нақтылығы, жоспарда бөлім, бөлімшелердің айқындылығы, сыни тұрғыда көзқарасының қалыптасуы, өздігінен білім алушы, кері байланыс деген пікірге келдім. Ағылшын тілін қалай тез үйренуге меңгеруге болады? Ол үшін, әрине жоспар мен мақсат керек.Берілген тапсырмалартүсінікті болуға тиіс, мұғалім аз сөйлеп, оқушы көп сөйлеп, көп жұмыс істейтіндей болу керек. Әділдік пен сыйластық атмосферасы болу керек. Тәжірибемде шет тілін меңгертуде қиыншылықтар кездесетіні рас. Өзім сабақ беретін сыныптарда көп кездесетін жағдайлардың бірі кейбір оқушылар ағылшын тіліндегі сөздерді, мәтіндерді оқуға қиналады. «Ересек адамдардың ісі, жұмысы, қызметі сияқты ойын да бала өмірінде маңызды болып саналады.Бала ойында қандай болса, өскенде жұмыста да сондай болады» деп А.С.Макаренко айтқандай, бұл қиындықтарды шешу үшін мен сабағымда ойын технологиясынан пайдаланамын. Ағылшын тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Оқушылардың ағылшынтілінде сөйлеуін, оқуға деген ынтасын

арттырып, белсенділігін көтеретін- ойын. Ойын балалар үшін әр уақытта ойын болғандықтан, ойын элементтері бар сабақ оларды қызықтырады. Ал мұғалім үшін ойын- дидактикалық әдіс, оқыту, білім беру. Ағылшын тілі сабағында ойын сол тілде қарым- қатынасты тудыратын үдеріс қана болып қоймай, оны барынша табиғи түрде жақындатады. Ойын оқушылардың белсенділігін арттырады, мұғалім мен оқушының арасындағы психологиялық кедергіні бұзып, теңдік сезіледі. Мысалы: «Spinner»ойыны, «Find letter», «Monster eats animals», «Right and left», «Shapes» т.б ойын түрлері. «Spinner»ойыны ағылшын тілі пәні сабағында қолданылатын ең қызықты ойын түрлерінің бірі. Бұл ойында мұғалім кез-келген тақырыпты пысықтау немесе қайталау мақсатында сол тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді қазақ тілінде жазып қояды, оқушылар спиннер айналып тоқтаған сөзді ағылшын тілінде айту керек. Мен өз сабағымда жоғарыда аталып өткен ойын түрлерін пайдаланып сабақтарымды өттім және нәтижеде оқушылар өтілген тақырыптарды пысықтап жаңа сөздерді есте сақтау қабілеті, ағылшын тілі пәніне деген қызығушылықтары артты. Және де ағылшын тілінде сөйлемдер айтып үйренді. Күнделікті сабағымды оқушыларға қызықты әрі түсінікті болу үшін инновациялы белсенді әдіс- тәсіл түрлерін пайдаландым. Белсенді әдіс- тәсілдер- оқушылардың ынтымақтастықпен бірігіп жұмыс жасауына, ойын еркін жеткізуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуына көп септігін тигізеді. Сол себепті мен күнделікті әр сабағымда жаңа технология элементтерінтиімді қолданып отырамын. Таратып айтсам, өткен тақырыпты пысықтау мақсатында «Ішкі және сыртқы шеңбер»әдісін қолданамын.Бұл әдісті қолданғаннан кейін «Пайыздық көрсеткіштер»арқылы бағалау жасайды, яғни оқушы өткен тақырыпты қаншалықты меңгергеніне өзіне-өзі бағалау жасайды. Ал, жаңа сабақтың тақырыбын ашуда проблемалық сұрақтар қоя отыра, «Миға шабуыл»әдісін қолданамын. Бұл әдістің тиімділігі оқушыға сұрақ қою арқылы, проблеманы зерттеу арқылы оқушының ой-өрісін дамытады және өз ойын еркін жеткізуге тырысады. Оқушы өз ойын еркін жеткізе отыра, басқалардың сұрақтарына өз бетімен жауап іздейді.Осылайша «Миға шабуыл»әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашуға болады. Жұптық жұмыс кезінде «Үштік әдісті»қолдану өте тиімді. Бұл әдісті қолдануда оқушылардың есте сақтау қабілеті сақталады, яғни тыңдалым дағдылары дамып, өз ойын ашық айта алады. Сонымен қатар айтылым, оқылым, жазылым дағдылары да қалыптасады. Оқушылар ойын барысында белсенді серік болуға мүмкіндік алады. Ойын әрекетінсіз ағылшын тілі лексикасын оқушының есінде қалдыру тиімділігі аз және ақыл ой күшін көп қажет етеді. Оқу үрдісіне енгізілген ойын ағылшын тілі сабағында оқытудың бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жанды болуы керек. Ойын оқу үрдісін жеңілдететінін ескеру қажет. Оқытушының сабаққа қойған мақсатына, міндетіне, шартына байланысты ойын түрі өзгертіліп отырылуы қажет. Ойын арқылы кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңіл-күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарын қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі. Сабақ барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі бағытталып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана мұғалімнің сабақ мақсатына жеткізуіне мүмкіндік береді. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалану біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын көтеру болып табылады. Қазіргі таңда қалыптастырушы бағалаудың тиімділігін назарда ұстағанымыз жөн. Мәселен, «Бес саусақ», «Бутерброд», «Тазалық» т.б тиімді десем, «Бағдаршам»бағалау сәтінде оқушылар тек жасыл, сары, қызыл түсін көрсетіп қана қоймай, кері байланыс жасап отыруы қажет. Үштілділік те сабақ та жаңа білімнің бір жетістігі. Тапсырма бойынша оқушы ізденіп, керек мәтіндерді ғаламтордан, кітаптан іздеп, аудармасына ағылшынша, орысша жасап келеді. Шығармашылықты тежейтін кедергілер «орындай алмаймын», «қолымнан келмейді» деп қорқынышқа бой алдырса, екіншісі өз талантын ашуға енжар болады, ал үшіншісі ұяңдыққа жеңдіреді. Осы орайда жантанушы ролінде шәкірттеріме «Жарайсың!»,«Керемет», «Тамаша», «Талпын» деген сөздер арқылы қанат бітіріп отырамын. «Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер», – деп Ж.Аймауытов айтқандай болашақта ой-өрісі кемелденген, жаңалыққа құмар, бәсекеге қабілетті, көптілді жеке тұлға тәрбиелеуде еңбегімізді еселей берейік!

Педагогикалық технологияны құрастырып, іс жүзінде жүзеге асыратын мұғалімнің алдында оқытылатын ғылымның логикасы бойынша ұйымдастырылған оқушыларға ақпаратты жай ғана беруден гөрі, өлшеусіз күрделі мәселе тұр. Мұғалімнің (сондай-ақ оқушының) өмірлік мақсаттары алуан түрлі, бірақ оның педагогикалық қызметінде оқушылардың рухани, әлеуметтік, интеллектуалдық және пәндік-кәсіби мәдениеттің тұқым қуалау және кеңейтілген молайту процесін қамтамасыз ету басты мақсат болып табылады. жоғары педагогикалық кәсібилік. Мұғалім белгілі білім, білік және дағды үлгілерін «берумен» шектелмейді («үлгілеу» ретінде білім беру), бірақ өзін-өзі дамыта отырып, оқушылардың шығармашылық тұлға ретінде дамуына жағдай жасауы керек.

Танымдық іс-әрекетті осылайша ұйымдастыру кезінде оқушы әу бастан-ақ педагогикалық айла-шарғылардың, ақпаратты беру мен бекітудің объектісі ретінде емес, толыққанды әрекет субъектісі, яғни мақсат қоюға қабілетті тұлға ретінде қарастырылады. және өмірлік, білім беру және кәсіби қызмет жағдайларындағы мақсатты жүзеге асыру. Сонда білім беруді «білімді, дағдыны және дағдыны беру» (тек ақпаратты беруге болады) емес, адамның әлеуметтік, интеллектуалды әлемде белсенді түрде позициялау арқылы өз ішінде әлемнің бейнесін жасауы деп түсіну керек, рухани және объективті (кәсіби) мәдениет. Әртүрлі өмірлік, ұлттық-мәдени, білім беру, кәсіптік және т.б. контекстердегі субъективтік басынан бастап болжамдар.

Сондай-ақ педагогикалық технологияның дидактикалық түрлендірілген ғылым саласы ретінде оқытылатын пәнге байланысты айтарлықтай ерекшеленетіні анық. Жаратылыстану ғылымдары немесе математика өзінің қатаң ғылыми аппаратымен, тәжірибе жүзінде тексерілген объективті фактілерімен және заңдылық мәртебесін алған зерттелетін табиғи объектілер арасындағы байланыспен, экспериментатордың байқалатын құбылыстарға араласпауы туралы сөз болғанда, бұл бір нәрсе, осы заңдардың нақты қайталануы және т.б. Және мүлдем басқа, «табиғи емес» оқытылатын кезде - гуманитарлық пән, айталық, психология жеткілікті анық емес ұғымдар, бір құбылыстарға көптеген субъективті көзқарастар, көптеген психикалық көріністердің шарттылығы. және экспериментатордың қатысуымен заңдылықтар және т.б. Сонымен, ғылымда «тұлға» түсінігінің 50-ге жуық анықтамасы бар және олардың қайсысы дұрыс екенін қарастыру оны кездестірген әрбір адамның таңдау мәселесі, егер тек оны негіздеу үшін дәлелдер жүйесі нанымды.

Констектілік білім беру теориясы тұрғысынан педагогикалық технологияның прототипі ғылымның құрғақ логикасы немесе адамның қандай да бір механикалық құрал ретіндегі идеясы емес, баланың немесе ересек адамның тірі әрекеті болып табылады. 2]. Осылайша, білім сапасын арттырудың сарқылмас ресурсы ретінде оқу үдерісіне «адамдық өлшем» енгізіледі; теориялық білімді меңгеру өз алдына мақсат емес, танымдық және болашақ кәсіби іс-әрекетті реттеу құралына айналады. Мәтінмәндік білім берудегі білім беру ақпаратын табиғи әлеуметтік кәсіптік-пәндік қызметтің кенептеріне таңу студенттердің бұл ақпаратты ғылымда бекітілген мағыналарды ғана емес, жеке мағыналар деңгейінде игеруіне әкеледі.

Қазақстанның және посткеңестік елдердің дидактикасы мен педагогикасындағы өзгерістердің екі негізгі бағыты бар. Біріншісі, идеологияның өзгеруі мен елдердің тәуелсіздік алуына байланысты. Екіншісі білім беруді дамытудың әлемдік тенденцияларымен байланысты: құзыреттілікке негізделген тәсілді енгізу, ақпараттандыру, интернационалдандыру, білім беруді жаһандандыру және әртараптандыру. Мұғалім, бір жағынан, оқытудың мазмұнын, әдістерін, стратегиялары мен технологияларын жобалауды субъективті түрде шешеді, бірақ білім беру реформасын жүзеге асыру оған байланысты. Екінші жағынан, мемлекет пен қоғам педагогикалық мәдениетті, педагогтардың ойлауының құндылық аспектілерін кәсіби, кәсіби даярлау және мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесі арқылы кеңінен таратады. Сана мен кәсіби іс-әрекеттің субъективтілігі қазіргі педагогика ғылымының принциптерінің бірі болып табылады. Яғни, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану немесе қолданбау мұғалімнің жеке басына, оның әдістемелік құзіреттілігіне, педагогикалық шеберлігіне байланысты. Мұғалімнің біліктілігін арттыру жүйесінің міндеті – осындай қажеттілікті өзекті ету, әдістемелік құзыреттілік қалыптастыру. Жоғары оқу орындарының міндеті – оқытушы мен студенттің шығармашылық әлеуетін дамытуды ынталандыру және ынталандыру. Мұғалімнің маңызды міндеті – оның педагогикалық мүмкіндіктерін үнемі қайта ойластыру және дамыту; сонда ұстаз үлгісінің ықпалындағы оқушы белсенді де сауатты тұлға болады.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Силова И. Глобализация на полях: образование и постсоциалистические трансформации в Центральной Азии. Шарлотта, Северная Каролина: Информационная эпоха издательства (IAP), Inc .; 2016; 12(6): 25-29
2. Штейнер-Хамси Г. Как реагируют НПО: глобализация и реформа образования на Кавказе, в Центральной Азии и Монголии. Кумарская пресса; 2018; 31(2): 25-36. DOI: 10.1111 / j. 1467-873X.2008.00426.x
3. Мямешева Г. Добродетель в современном умном мире. Вестник КазНУ. Серия «Педагогическая наука». 2015; 44 (1): 152-156«Білім шыңы»журналы 2020ж №2 5-7бет
4. «Білімді ел»республикалық газеті 2020ж №2 5- 7бет
5. «Жаңа білім»журналы 2020ж №56- 84бет
6. «Қазақстан мұғалімі»газеті 2020ж №42- 4 бет
7. «Қостанай таны газеті»журналы 2020ж №45- 6 бет
8. «Ол не?» энцоклопедия2021ж №17
9. «Инновациялық әдістер жинағы»журналы 2020ж №9 5-6бет

ӘОЖ 372

# БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Хамзина Кулшат Бакытжановна,**
педагогикалық ғылымдар магистрі
педагогика және психология кафедрасының
аға оқытушысы
**Әбдірашит Нұржамал Үсенқызы,**
мектепке дейінгі және бастауыш білім беру
кафедрасының БОПмӘ 4-курс студенті
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті
Қостанай қ., Қазақстан

**Аннотация**

Бұл мақалада бастауыш сыныпта сөйлеу мәдениетінің маңыздылығы, оны СТО технологиясы арқылы дамыту жолдары мен тиімділігі көрсетілген. Сөйлеу мәдениетінің тарихы баяндалған. Сөйлеу мәдениетін үйрену тілі шыққан бүлдіршіндер үшін қандай маңызды болса, бастауыш сыныпта оқушылардың өз ойын қорықпай, ашық, еркін баяндауы да өте маңызды. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларын сыни ойлауға үйретудің маңызы қарастырылады.
**Түйінді сөздер:** бастауыш сынып, сөйлеу мәдениеті, сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

**Аннотация**

В данной статье показана значимость культуры речи в начальной школе, пути и эффективность ее развития с помощью технологии СТО. Изложена история культуры речи. Как важно для детей, из которых вышел язык изучения культуры речи, так и в начальной школе очень важно, чтобы учащиеся выражали свои мысли открыто, непринужденно. Также рассматривается важность обучения младших школьников критическому мышлению.
**Ключевые слова:** начальная школы, культура речи, технология критического мышления.

**Abstract**

This article shows the importance of speech culture in primary school, ways and effectiveness of its development through the technology of critical thinking.The history of speech culture is described.No matter how important it is for children of language origin to learn the culture of speech, it is very important that in primary school students express their thoughts openly, freely, without fear. The importance of teaching critical thinking to younger schoolchildren is also considered.
**Keywords:** primary school, speechculture, reading and writing for critical thinking.

Адам баласы өмірге келген сәтте оның қоршаған ортамен қарым-қатынасы сөйлеу арқылы жүзеге асады. Тіл – адамдардың сөйлеу, ойлау деңгейін көрсетеді. Тіл – бұл күрделі процесс. Кез келген ұлтқа қарасақ олардың жеке тілдері бар. Қоғамда қанша ұлт болса, сонша тіл бар. Демек, ұлтардың тілі, діні, ділі, мәдениеті, наным-сенімі, салт-дәстүрі ғасырлар бойы қалыптасып бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда.

Алдымен «сөз дегеніміз – ойды білдірудің, сөйлем құраудың басты материалы. Құрылыс материалынсыз болмайтын сияқты, сөзсіз сөйлем құрауға болмайды. Сөйлем – адам ойын айтудың негізгі формасы. Сөйлемге қатынасты әрбір сөз – айтайын деген мақсатты ойдың қажетті бөлшегі» [1, 87б]. Сөз мәдениеті жақсы деңгейде болу үшін әуелі ана тіліміздің сөз байлығын көбірек білу қажет. Бастауыш сынып оқушыларын сөздік қормен жұмыс жасап, тіл байлықтарын арттыру маңызды. Осы орайда мәтінмен жұмыс жасап, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды орынды қолдану, оқиға желісін ауызша баяндауы, сұраққа жауап беру керек. Сонымен қатар өлеңді жатқа айтып, мәтінді түсінгенін айтудың да маңызы зор.

Сөйлеу мәдениеті – ауызша және жазбаша әдеби тілдің қалыптарын (сөздерді дыбыстап айту, екпін, сөз қолдану) меңгеру және тілдің мәнерлеу құралдарын қатынастың әр түрлі жағдайларында сәйкес қолдану біліктілігі.[2, 17б].

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мәңгілік ел» идеясын бекіте отыра, қазақ тілін мәңгілік тіл ретінде мәртебесін биіктетті. Елбасымыз өз сөзінде: «...Енді ешкім өзгерте алмайтын ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік Тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» - деп ақиқатын дөп көрсетті [3, 13б]. Мектепте тәрбие мен білім беруді қатар алып жүргенде оқушылардың бойына қажетті іскерліктер, дағдылар мен жан-жақты тәрбиелеу арқылы нәтиже көрсетеді. Оқушылар мектепте алған білімін өмірде пайдалана

білсе жетістікке жетері анық. Осы кезде сөйлеу мәдениетін бастауыш сынып оқушыларының бойына дамытсақ жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеміз. Жалпы шешен сөйлеу жұрт алдында көркем сөйлеу ғана емес, бұл ойын нақты, жүйелі, мәдениетті жеткізу. Сөйлеу комммуникацияның басты кілті. Себебі адамдармен қарым-қатынас орнатқанда сөйлеу арқылы тыңдаушыға әсер етеді. Тыңдаушы естіген жаңалығын ой елегіне өткізіп, жауап ретінде кері байланыс орнатады. Қарым-қатынасты бастауыш сынып оқушылары мұғаліммен, сыныптастарымен, достарымен, ата-анасымен, БАҚ арқылы, әлеуметтік желі бойынша да орната алады. Бұл балалардың жаңа дүниені танып білуіне, бір-бірімен ақпарат алмасуын, түсінбеген жерін сұрау, қызығушылықты оята алады. Адамның сөйлеген сөзінен оның қандай екенін білуге болады. Сөйлемнің айтылу мақсатына орай бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты деп жіктеледі. Адамның сөйлеуі – тілдік құбылыс. Оқушыларды сөйлеу мәдениетіне үйрету тек мұғалімдер ғана емес, сондай-ақ ата-аналар, мектеп ұжымы жалпы қоғам ықпал етеді.

«Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», - деген Абай атамыз. Расында қоғамдағы түрлі жағдай барысында сөйлеу мәдениетін орынды қолдануымыз қажет деп есептеймін. Жалпы кез келген адамды алып оның сөйлеген сөзінен, тұрған тұрысынан, жазған жазуынан оның болмысын тануға жол ашылады. Осы арада біз қазақ тілінің бай, сөз құдіреті шексіз екенін түсіндік. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қоры молайып, көбейген сайын, олардың қарым-қатынасы кеңейе береді. Бұл арада белсенді сөздік қорының үлесі жоғары.

Қазақ тіліне мәдениет сөзі араб тілінен («маданият» - қала, қалалық деген мағынаны білдіреді) енген. Ал, көне заманда «культура» сөзі «жерді өңдеу» деген мағынада қолданылған. Цицеронның еңбектерінде (б.з.д. 45 жыл) бұл сөздің мағынасы тереңдеп, «жанды жетілдіру» ұғымымен барабар пайдаланылды. Көне Грекияда ерте заманның өзінде-ақ өмірге икемді, қабілетті, жан-жақты қалыптасқан азаматтарды тәрбиелейтін сирек кездесетін білім беру жүйесі болғаны белгілі. «Адамзаттық» қасиеттерді жетілдіруге ерекше көңіл бөліп отырғандықтан, мұнда жастарды қоғамдық өмірге дайындауға басымдық берілген. Бұл бағыттағы мәдени білімнің мақсаты адамның ойлау, пікір айту, пайымдау қабілеттері мен эстетикалық сезімдерін дамыту болды. Әлемнің түрлі елдерінің қоғамдық даму жүйесінде бұл идеялар сан түрлі бағытта өрістей бастады. Мәселен, уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде «культура» сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие болды [4, 22б]. Мәдениет сөзі рухани мәдениет және материалдық мәдениет деп екіге бөлінеді. Соның ішінде сөйлеу мәдениеті рухани мәдениетке қатысты екені баршамызға түсінікті.

